

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ
ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ

Қалдыбек СЕЙДАНОВ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

(Көмекші оқу құралы)

ТАШКЕНТ — 2008

Пікір жазғандар: **Қыдырәлі САТТАРОВ**, Филология ғылымдарының докторы, профессор.
Ергеш АБДУВАЛИТОВ, Филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көмекші оқу құралында, жалпы түркі халықтары әдебиетінің бастау бұлақтары болған, VI—XIV ғасыр аралығындағы «Ежелгі дәуір әдеби мұралары», сондай-ақ, XV—XVIII ғасырдағы «Жыраулар поэзиясы» немесе «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет», XIX ғасырдағы «Ағартушылық-демократиялық бағыттағы» акын-жазушылар шығармашылығымен XX ғасыр «Кеңес дәуіріндегі» аса талантты, кейбір қаламгерлердің өмірі, көркем туындылары сөз болады.

Аталмыш көмекші оқу құралы — жоғарғы оқу орындарының филология факультеттері студенттеріне, магистранттар мен аспиранттарға, ғылыми қызметкерлерге, жалпы қазақ әдебиетінің даму тарихы мен өсу эволюциясына қызығушы оқырман жұртшылыққа арналған.

КІРІСПЕ

Әрбір халықтың әдебиет тарихы сол халықтың қоғамдық-әлеуметтік тарихымен тығыз байланыста дамып, кең өріс ала түседі. Себебі, кез келген көркем әдебиет ылғида халықтың тұрмыс-тіршілігін, өмірін, қарапайым еңбек адамдарының асқақ арманын, мақсат мұраттарын сипаттайды. Солай екен, қазақ әдебиетінің тарихы — қазақ халқының қоғамдық-әлеуметтік, саяси өмірінің, тірлік тыныстарының бірден-бір айнасы.

Ал әдебиет тарихы — әдебиеттану ғылымының ең негізгі саласының бірі. Өйткені, әдебиет тарихы — әрбір халықтың тарихи дамуындағы негізгі идеялық бағыт-бағдарларды, әдеби ағымдар мен әдістерді, көркемдік ерекшеліктерімен сол халықтың қоғамдық-экономикалық дамуымен тығыз байланыста кең қанат жайып, кең өріс алу мүмкіндігіне ие болады.

Қазақ әдебиеті тарихы — қазақ халқының ежелгі дәуірінен бастап, күні бүгінге дейінгі аралықта өмірге келген ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын, көркем әдебиетке қосқан үлестерімен туындыларын өз ішіне алады.

Сондықтан да, қазақ әдебиеті тарихында оқып үйренетін дәуірлері де, негізгі пән ретінде қамтитын мәселелері де, осы тұрғыдан зерттейтін объектілері де аса мол, әрі күрделі. Өйткені, қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихы тым ерте замандардан, ежелгі дәуірлерден бастау алып, барған сайын түрлене дамып, кең өріс ала түскендігін анық аңғарамыз.

Рас, қазақ халқы негізінен халық ретінде XV ғасырдың орта шенінде қалыптаса бастады десек те, бұған дейінгі әдеби рухани мұраларды қазақ халқына жат, қажетсіз деп қарау — орынсыз екендігін кез келген көзі ашық, көкірегі ояу жан дұрыс түсінер деген ойдамыз. Өйткені, қазақ халқының құрылуына негіз болған этникалық процестердің түп тамыры — ежелгі дәуірлерден бастау алып, алғашқы қауымдық құрылыс ыдырағаннан соң - ақ, таптық қатынастар туа бастаған заманадан басталғандығын көне тарихтан жақсы білеміз.

Егер тарихқа тереңірек үңілер болсақ, берірек те қазақ халқының халық болып құрылуына негіз болған ру-тайпалар, ерте замандардан-ақ қазіргі Қазақстан мемлекетінің территориясы мен Оңтүстік-Шығыс Сібірді, Орталық Азия мен Еділ өзені, Каспий жағалауларын мекен еткендіктерін байқау оншалық қиын емес. Сөйтіп, осы күнгі қазақ халқының негізін құрған ру-тайпалар, сонау көне замандардан-ақ азербайжан, башқұрт, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, татар, ұйғыр, хакас сияқты т.б. түркі тектес халықтардың этникалық құрамына енген ру-тайпалармен бірге, үнемі аралас-құралас жасағандығы да тарихи шындық.

Солай екен, бүгінгі таңда өз тағдырларын өздері шешіп жатқан түркі тілдес халықтардың экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени өмірлері де бір-бірімен тығыз байланыста кең өріс алып, дами түсуде. Сол үшін да түркі тектес халықтардың әдебиеті тарихын, оның ішінде ежелгі дәуірін (VI—XV ғ. аралығын) бір тұтас қарастыра отырып, оларды өзара ортақ әдеби мұра ретінде танып білуіміз қажет.

Рас, XX ғасырдың 60—70 жылдарына дейін кейбір әдебиет зерттеушілері «Рулық -ұлыстық дәуірлер де дүниеге келген әдеби көркем шығармалардың тілі қазақ халқына түсініксіз. Сондықтан ол қазаққа жат, қазақ халқының әдеби мүлкі бола алмайды» — деген жаңсақ пікірлерді де алға тартып келген болатын.

Міне оның аса қате пікір екендігі — соңғы зерттеулерге орай, бүгінгі таңда ол өзінің толық шешімін тапты. Нәтижеде, сонау VI — XV ғасыр аралығында өмірге келген ежелгі әдеби мұралардың барлығы да қазақ халқына да қатысты, ортақ әдеби мұрасы екендігін өмірдің өзі анық дәлелдеді. Ол жайлы кезінде аса зерделі әдебиет зерттеушілерімізден — Бейсенбай Кенжебаев, Мырзатай Жолдасбеков, Нәмет Келімбетов, Мұхтар Мағауин, Алма Қыраубаева, Құлмат Өмірәлиев секілді т.б. ғалымдар өздерінің жүйелі ойларын алға тартып, терең түйіндеуер жасады. Еңбектер жазды.

Солай екен, әдебиетіміздің бастау бұлақтарына, қайнар көздеріне тереңірек назар аударып, оның әр дәуір де, әрбір кезең де қалай дамып, қалай өркен жайғандығын жан-жақты аңғару — бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі. Оның үстіне бұл, әр дәуір алға тартқан өзекті мәселелер, әрбір қаламгерлердің көркем шығармаларында қандай шешім тапқандығын, әрі әрбір қаламгердің қай жанр да қалайша қалам тебіrentкендігін, қай жанрдың қалай дамығандығын анық байқауымызға да жан-жақты жағдайлар жасайды. Өйткені, шын мәніндегі ас талантты әрбір ақын-жазушы — өз заманының, өз дәуірінің күйшісі-жыршысы. Сондықтан да көркем шығарма — өз дәуірінің көркем шежіресі. Қоғамдық өмірдің бірден-бір айнасы. Дәуір тынысы.

Солай екен, VI—XIV ғасырлар арасындағы түркі тектес халықтарға ортақ әдеби мұра болып саналатын «Ежелгі дәуір әдебиетін» үш кезеңге бөліп назар аударған жөн.

Бірінші. VI—IX ғасыр аралығындағы көне жазба ескерткіштер. Міне оған Орхон-Енисей, Талас өзендері аңғарларынан табылған көне жазба мұралар мен ескерткіштерді, яғни Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жайлы құлпы тастарға қашап жазылған жырларды, қанатты сөздермен тәлімдік-тәрбиелік мәні бар өлеңдермен «Оғыз-нама» дастанын, сондай-ақ «Қорқыт ата кітабы»мен, ғұлама ғалым, әрі аса талантты ақын, зерделі зерттеуші энциклопедиялық білімге ие, философ Әбу Насыр әл-Фарабидің ақындық әлемі, әдебиет жайлы айтқан ой түйіндері, өлең құрылыстары жөніндегі пікірлері сөз болмақ.

Екінші. X—XII ғасырдағы әдебиет. Бұған — Қараханид түріктерінің тілінде өмірге келген, белгілі ғалым Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-турк» («Түркі тілдерінің сөздігі»), Жүсіп Баласағунидің тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие «Құдатғу-білік» («Құтты білім»), сопылық әдебиеттің ірі тұлғасы Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани хикмет» («Даналық кітабы»), сондай-ақ, аса талантты ақын Ахмет Иүгінекидің «Хибатул-хақайық» («Ақиқат сиы») сияқты тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие еңбектерімен бірге, Сүлеймен Бақырғанидің «Хакім ата», «Әулие Мария», «Жұбан ана» сияқты т.б. әдеби көркем шығармаларды жатқызуға болады.

Үшінші. XIII—XIV ғасыр аралығындағы әдебиет. Бұл кезеңді — «Алтын Орда» немесе «Хорезм дәуірі әдебиеті» деп атаймыз. Бұл дәуірдегі шығармалардың дені түркі әдеби тілінің ескі шағатай, қыпшақ диалектісі негізінде өмірге келген көркем шығармалар. Бұл орайда «Кодекс-Куманикус» («Қыпшақ тілінің сөздігі», Хорезмидің «Мұхаббат-наме» дастаны мен Насырадин Рабуғозидің «Қисса-сул Әнбия», немесе «Қиссауи Рабуғазы», сондай-ақ, Дүрбектің «Жүсіп — Зылиқасы» мен Сайфи Сараидың «Гүлістан бит-турк», Құтбтың «Қысырау — Шырын» атты дастандарын тілге аламыз.

Оның үстіне, бұл кезеңде белгілі қазақ тарихшысы Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-Рашиди», Қадырғали Қосын ұлы Жалаиридің «Жамиғат-ат тауарих», сондай-ақ белгілі мемлекет қайраткері, әрі ақын Захир ад-дин Мұхаммед Бабурдың «Бабур-нама» секілді туындылары — осы бір дәуірдің аса көрнекті көркем шығармалары болып саналады.

Мұнан кейінгі дәуірде, яғни XV ғасырдың орта шенінен бастап, қазақ халқының өз дербестігі, әлеуметтік-этникалық құрамы айқындала түседі де, енді оның төл тума әдебиеті өмірге келіп, ол қалыптаса бастайды. Нәтижеде, жорықшы жыраулар поэзиясы өмірге келеді де, ол кең өріс ала түседі. Солай екен, жалпы қазақ әдебиетінің даму

тарихын, өсу эволюцияларын мынандай дәуірлермен белгілі жүйелерге бөліп, оқып үйрену керектігін өмірдің өзі алға тартуда.

1. Ежелгі дәуір әдебиеті (VI—XIV ғасыр).

2. Қазақ халқының төл тума әдебиеті (XV—XVIII ғасыр). Бұл дәуірдегі әдебиетті «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» немесе «Жыраулар поэзиясы») деп үйренеміз.

3. XIX ғасыр әдебиеті. Бұл — «Ағартушылық-демократиялық бағыттағы әдебиет» делінеді.

4. XX ғасыр бас кезіндегі әдебиет.

5. XX ғасыр — Кеңес дәуіріндегі әдебиет (1920—1990).

6. Тәуелсіздік таңындағы әдебиет (Бұл — 1991 жылдан күні бүгінге дейінгі кезенді қамтиды).

Міне осылай, белгілі жүйелерге бөліп, кезеңдерін үйрену арқылы, әр дәуірде қайсы бір ақын-жазушы өз шоқтығын қалай танытып, қазақ әдебиетінің даму тарихына қандай үлестер қоса алғандығын жан-жақты аңғаруымызда мол мүмкіндіктер береді. Әрі бұл — әрбір ақын-жазушының дәуір шындығын, замана келбетін қай жанрда қалай сипаттағандығын білуімізге де жағдайлар жасайды. Себебі, әрбір ақын-жазушы өз дәуірінің, өз заманасының жаршысы, бірден-бір күйшісі. Сондықтан да көркем әдебиет — өмір айнасы, Тірлік-тынысымыздың көркемдік көрінісі.

VI—IX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

ТАРИХИ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЛАР

Егер тарих қойнауына тереңірек назар аударсақ, біздің заманымызға дейінгі бірінші мың жылдықтың алғашқы кездерінде-ақ, бүгінгі тандағы Қазақстан елді мекендерінде, оның ішінде Оңтүстік және Шығыс аймақтарында жасаған, тарихта «Сак», «Ғұн», «Үйсін» деп аталған тайпалардың мекен еткендігін анық аңғарамыз. Олар үнемі мал шарушылығымен, егіншілік кәсіптерімен шұғылданумен бірге, темір қорыту жұмысымен де жан-жақты айналысқан. Нәтижеде олар темір мен қоладан әр түрлі қару-жарақтар, атап айтар болсақ-садақ, семсер, айбалта, жебе, дулыға сияқты т.б. үйге қажетті зергерлік жұмыстарымен де шұғылданған.

Міне оған Алматы облысына қарасты Есік маңынан табылған сақ көсемінің киімінде көрініс тапқан алтын өрнектерді тілге алуға болады. Сондай-ақ, Қаратау өңірі мен Қырғыз республикасының Саймалташ жартасына ойып салынған аса үлкен суреттерденде сақтардың көркемдікке деген талғамдарымен, бейнелеу өнерін, металдарды өңдеу тәсілдерін анық аңғарамыз. Ол өрнектер де арқар, арыстан, бұғы, самрук суреттері көрініс табумен бірге, солардың бейнелерін алтыннан құя білген стилдік ерекшеліктерін де байқаймыз.

Қазақстан жерінде сақтардан соң — үйсіндер мен қандылардың жасағандығын да көне тарихтан айқын аңғарамыз. Олардың мекен еткен жерлері батыста Шу мен Талас өзендері жағалаулары болса, Шығысында Тянь-Шань тауының етектері, Солтстікте сонау Балқаш көлінен бастау алып, бүгінгі Қырғызстандағы Ыстық көлдің Оңтүстік жағалауларын мекен еткендігін көреміз. Үйсіндер негізінен Іле өзенінің бойын жайлағанымен, олардың өз ордасы Ыстық көл маңындағы «Қызыл алқап» қаласы болған екен. Ал Қандылар болса, Қаратау өңірі мен Сырдария өзенінің орта сағасында қоныс тепкен.

Оның үстіне, қазірге Қазақстан территориясында тарихта «Ғұндар» деп аталатын көшпелі тайпалар да жасағандығын екедгі дәуір тарихынан жақсы білеміз. Олар аса күшты, тым ықпалды болады. Ғұндар біздің дәуіріміздің бірінші ғасырларында Арал теңізі мен Каспи

маңына дейін барып, онда жасаған Аландар мен Асыларды бастысқа дейін ығыстырады. Тіптен Ғұндар кейін келе Шығыс пен Орталық Европаға да басып кіреді.

Сондай-ақ, сонау VI ғасырдың орта шенінде Жетісу өңірі мен Алтай, оның үстіне Орталық Азияны мекендеген әртүрлі ру-тайпалар өзара біріге отырып, «Түрік қағанаты» деп аталатын мемлекетті өмірге әкеледі. Осы бір феодалдық мемлекет ретінде танылған «Түрік қағандығы» 552—745 жылдар арлығында өмір сүреді. Олар алғашқы кездерде Алтай өңірі мен Жетісудің бір бөлігінде жасайды.

Ал «Түрік» деген термин сөз алғаш рет 542 жылы атала бастайды. «Түрік» сөзінің алғашқы мәні белгілі бір адамының ата-тегі ірі-шонжар топтан, немесе әскери ақсүйектерден шыққан деген мағананы білдірген болса, бертін келе «Билік жүргізуші», «Үстемдік жасаушы» деген мағана бере бастаған. «Түрік» сөзі негізінен «Ер жүрек», «Батыр», «Батыл» деген мағана береді. Өйткені олардың аса жауангер болғандығы тарихтан аян.

Міне сол ежелгі түріктердің ең алғашқы көсемдерінің бірі — Бумын қаған болса, оның інісі Истеми қаған VI ғасырдың орта шенінде Орта Азияны мекен еткен Эфалиттер мемлекетіне күйрете соққы береді. Нәтижеде, Түрік қағанатының территориясы әбден кеңейе түсіп, оның әскери күштері де артады. Бірақ олар, сол бір жаулап алған жерлерін жеке-жеке басқармақ болады да, өзара билікке таласып, екіге жарылып кетеді. Нәтижеде, бірі — Шығыс түрік қағандығы болып Орталық Азияны мекендесе, екіншісі Батыс түрік қағандығы болып, 603 жылы феодалдық мемлекет ретінде Орта Азия, Жетісу, Шығыс Түркістан елді мекендерінде жасайды. Олардың бірінші басшысы «Қаған» деп танылады да, ол аса жоғарғы әмірші, әрі ол әскер басшысы ретінде жан-жақты танылады. Бұл қағандықтың орталығы Шу өзені жағалауындағы Суяб қаласы болғандығын байқаймыз. Сөйтіп, Батыс түрік қағандығының негізін қалаған бірден-бір адам Бумын қағанның інісі Истеми қаған болады.

Бұл қағаннан кейін Жетісу өңірінде 704—766 жылдар аралығында «Түркеш қағандығы» атты феодалдық мемлекет өмірге келеді. Мұнан соң 766—940 жылдар да Қарлұқ қағанаты дүниеге келеді. Бұл сонау Жетісу мен Қашқардан бастап, Ферғана мен Сырдария өзенінің орта ағысына дейінгі аралықта өз биліктерін жүргізді. Соңра, Батыс Қазақстан өңірінде түркі халықтарының арғы аталарынан саналған Оғыз тайпаларының бірлестігі пайда болады. Сөйтіп, Оғыз мемлекеті өмірге келеді. Бұл мемлекет IX—XI ғасырларында өмір сүреді. Оның астанасы Сырдария өзені жағалауындағы Янгикент қаласы болады. Оғыздар негізінен қазіргі

Қазақстан жеріндегі Сығанақ, Сүткент, Қарнақ секілді елді мекендерде жасайды. Бырақ, кейін келе олар Қыпшақтардың зорлығына төтеп бере алмағандықтан Кіші Азия мен Шығыс Европа елдеріне қарай ығысады.

Реті келгенде ерекше ескере кетерлік жәйт, Түркі мұсылмандарының ең алғашқы феодалдық мемлекеті болған Қарақанид 940—1212 жылдар аралығында өмір сүреді. Олар Амудария мен Сырдария өзендерінің төменгі ағысынан бастап, Жетісу мен Қашқарға дейінгі аралықтағы елді мекендерде жасап, екі ғасыр бойы өз билігін жүргізеді. Оның астанасы Баласағұн қаласы болады. Дегенмен, Батыс түрік қағанаты ыдырай бастаған сәттерде, олардан кимақтар мен қыпшақтар бөлініп шыға бастайды. Сөйтіп, феодалдық мемлекет ретінде Қыпшақ бірлестігі дүниеге келеді. Олар негізінен сонау Ертіс өзенінен бастап, Дүнайға дейінгі аралықтағы ұланғайыр жерлерді мекендейді. Нәтижеде, қыпшақтарды Европалықтар «Кумандар» десе, орыстар оларды «Половецтер» деп атаған.

Міне бұлардың барлығы түркі тектес халықтардың ата-тегі. Сондақтан да осы дәуірлерде өмірге келген әдеби мұралар мен жазба ескерткіштер, жалпы түркі халықтарының бәріне тән ортақ мұра болып саналады.

ЕЖЕЛГІ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛІКТЕР

Түркі халықтарының әлеуметтік, саяси, қоғамдық тірлік-тыныстарын, өмірін сипаттайтын, алға қойған асқақ армандарынан хабар беретін Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк жайындағы ғажайып көркем туындылар, өзінің идеялық мазмұны жағынан да, көркемдік ерекшелігімен де, күні бүгінге дейін күллі жұртшылықты тамсандыра түсуде.

Жасыратыны жоқ, осы бір «Руна» жазуында өмірге келген көркем жәдігерліктердің жанры жайлы, XX ғасырдың 60-жылдарының орта шеніне дейін әрқилы пікірлер айтылып келді. Тек, кеңес дәуірінің белгілі ғалымы И.В. Стеблеваның «VI—VIII ғасырдағы түркі поэзиясы» деген еңбегінен соң ғана, бұл жәдігерліктердің нағыз поэзиялық туынды екендігіне нық сенім артты. Мәселен: «Күлтегін» жырындағы мына бір өлең жолдарына назар аударсақ, бұл пікір одан әрі айқындала түспек.

*Қаның судай ақты,
Сүйегің тау боп жатты.
Бек ұлдарың құл болды,
Пәк қыздарың күң болды.*

Міне осындай түркі халықтарының ерлігін, тәуелсіздігін, не-не қақтығыстары мен күрес-тартыстарының тамаша сырларын жан-

жақты аңғарта түсетін осы бір өлең жолдары, бұдан бір мың екі жүз сексен жылдан бұрын жазылған көрінеді.

Расында да, әрбір сөзі құлпы тастарға қашап жазылған, осындай бір өлең жолдары кез келген оқырмандардың жан жүйесін тебіrentіп, еріксіз өз жетегіне үйіре түседі де, сонау көне тарих қойнауына ой көзін қадата бастайды.

Міне бұлар негізінен ежелгі түркі мемлекетінің аса көрнекті әскер басшысы болған Күлтегін (684 — 731) мен, оның ағасы Білге қаған (683—734) және олардың бірден-бір кеңешісі, ақылшы қарт Тоныкөк жайлы тасқа қашап жазылған әдеби жәдігерліктер.

Орхон-Енесей өзендері аңғарларынан табылған бұл жәдігерліктер жайлы хабарды алғаш рет, XVIII ғасырдың бас кезінде Н.К.Видзен, С.У. Ремезов секілді зерттеушілермен бірге, Сибирьде айдауда жүрген швед офицері И.Т. Страленберг, сондай-ақ белгілі неміс ғалымы Д.Г. Мессершмидтің мақалалары мен хаттарынан білу мүмкіндігіне ие болдық. Мәселен: Табберт-Страленберг өзі тапқан осы бір құлпы тастар да жазылған жазулардың сырын түсіне алмағандықтан оны «Руна» жазуы деп атаған. Ал швед тілінде «Руна» деген сөздің мағанасын қазақ тіліне аударғанда «Сыры ашылмаған», «Құпия жазу» деген мағана береді.

Реті келгенде бір ескерте кетерлік жәйт, 1889 жылы орыс География қоғамының Шығыс-Сибирь бөлімі Монғолияға, белгілі орыс саяхатшысы Н.М. Ядринцев басшылығында арнайы экспедиция ұйымдастырады. Міне сонда ол Орхон өзені аңғарынан «құпия» жазуы бар үп үлкен екі ескерткіш табу мүмкіндігіне ие болады. Осы құлпы тастың сырын ашу үшін В.В. Радлов 1891 жылы сонда арнайы барып, бір жөн ғылыми зерттеу жұмысын жүргізе бастайды. Нәтижеде ол «Руна» жазуының он беске жуық әрпін анықтап, соңынан толық аудармасын жасау мүмкіндігіне ие болады.

Ал Солтүстік Монғолияның Орхон өзені аңғарынан Н.М. Ядринцев тапқан жазба ескерткіште, Шығыс Түрік қағанатының он жетінші қағаны Білге қаған мен оның інісі, әскер басшысы болған Күлтегін қабырына қойылған құлпы тастарға қашап жазылған ұзақ жыр жолдары екендігіне көз жеткізеді. Сөйтіп, Орхон-Енесей өзендері аңғарынан табылған әдеби жәдігерліктерді «Орхон-Енесей» жазулары деп те атай бастайды. Бұл жазба ескерткіштерді оқу, басқа тілдерге аудару, ғылым түсініктемелерін дайындау жұмысында В.В. Радлов, В.В. Томсон, Ю.Немет, Х.Н. Оркун сияқты т.б. орыс және шет ел ғалымдары көп еңбек сіңірді. Оның үстіне, кеңес дәуірінің ірі ғалымдарынан С.Е. Малов, В.И. Стеблева аса көп зерттеулер жүргізген болса, қазақ ғалымдарынан С. Аманжолов, Ғ. Мұсабаев, Ғ. Айдаров, А. Аманжолов, Е. Ағманов, А. Есенғұлов, Қ.Өмірә-

лиев, Нәмет Келімбетов, Мырзатай Жолдасбеков, Алма Қыраубаева сияқты т.б. аса мол еңбек сіңірді.

Қорыта айтқанда, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк секілді ұлы тұлғаларға қойылған құлпы тастарда қашап жазылған «руна» жазуы, VI—VIII ғасырдағы түрік поэзиясының, шешендік өнерінің алғашқы үлгілері екендігін дәлелдеді. Сондықтан да бұл жәдігерліктер жылнама — шежіре емес, өз дәуіріндегі Түркі халықтары әдебиетінің қайнар көзі, түркі поэзиясының бастау бұлақтары деуге болады.

Күлтегін жырының авторы Иоллығ тегін, өз шығармасында «Көк түркілерінің» тарихын жазуды мақсат етпесе де, Түркі халқының бұрынғы дәстүрлерін, ерлік күрестерін өз тұстастарына тереңірек жеткізуді ниет еткен сияқты. Әсіресе ол түрік қағандығының ерекше бір гүлденген дәуірі етіп, Бумын қаған өмір сүрген кезенді өз шығармасына арналы арқау, өрісті өзек ете білген. Күлтегін жазуының көрсетуіне қарағанда, Қапаған қаған өлгеннен соң, Елтеріс қағанның үлкен баласы Могилян, яғни Білге қаған ел бақару ісін өз қолына алуы қажет болады. Бірақ, Қапаған қаған ол жүйені өзінше өзгертіп, көзінің тірісінде өзінің үлкен ұлы Бегюді мұрагері ретінде танып, ел басқару ісін соған тапсырады да, оған «Кіші қаған» деген ресми атақ береді. Нәтижеде, Елтеріс қағанның перзенттері болған Могилян мен Күлтегін мемлекетті, елді басқару існен мүлдем шеттетіледі. Содан, Қапаған қаған қаза тапты деген хабарды есіткен сәттен бастап, Күлтегін әскери төңкеріс жасайды да, Қапаған қағанның балаларын, жақын адамдарын құртып жібереді. Сөйтіп, Күлтегін қаған ескі ата дәстүрді сақтай отырып, қаған тағына өз ағасы Билге қағанды, яғни Могилянды отырғызады да, өзі түрік елінің көсемі ретінде танылып, әскери қолбасшысы болады.

Күлтегін жыры көлемі жағынан 428 өлең жолын құраса, ол руналық жазу бойынша ұзыннан-ұзақ 53 қатар болатындығын байқаймыз. Бұл жыр негізінен алты әңгімеден тұрады. Оның **біріншісінде** түрік халқының ата-бабалары жөнінде әңгіме қозғалса, **екіншісінде** түріктерді табағаштардың бағындырулары, **үшіншісінде**, Елтеріс қағанды дәріптесе, **төртіншісінде**, Қапаған қаған туралы әңгіме қозғалады. Сондай-ақ, **бесіншісінде** Білге қағанды жырласа, **алтыншысында** Күлтегін жайы сөз болады.

Сөйтіп, VI—VIII ғасыр аралығында өмірге келген ежелгі жазба әдеби жәдігерліктер, түркі-ру тайпаларының әдет-ғұрпынан, наным-сенімдерінен, ерлік күрестерінен, тірлік-тыныстарынан аса мол мағлұмат беретін жыр үлгілері болып саналады. Әсіресе ол, сөз өнерінің түп төркінін, терең тамырын зерттеп үйренуде руна жазба ескерткіштерінің мәні аса зор.

ҚОРҚЫТ АТА

Қорқыт ата жайлы аңыз-әңгімелер VII—VIII ғасырлар да Сыр бойында жасаған Оғыз-қыпшақ тайпалары арасында дүниеге келіп, бірден-бірге ауызша тарап, бізге дейін жетіп келген. Кейбір деректерде Қорқыт атаны VIII ғасырда өмір сүрген асқан батыр, тамаша акын, керемет күйші болған деседі. Қалай дегенде де ол негізінен аңыз кейіпкері. Ел арасында айтылған аңыз - әңгімелерге қарағанда оның анасы Қыпшақ қызы делінсе, әкесі Қарақожа Оғыздардан шыққандығы тілге алынады.

Аса данышпан қарт ұзақ жылдар бойы ел басқарумен бірге, үш хандық тұсында жасап, оларға ылғида ақыл-кеңес айтушы, уәзірлік қызмет атқарған дарын иесі ретінде аңғарылады. Оның үстіне, оның аса тамаша күйші, асқан композитор болғандығын да халық арасында кең тараған «Қорқыт ата күйі», «Қорқыт сарыны» деген сияқты музыкалық шығармаларынан да анық байқауға болады. Халық арасынан шыққан бақсы-бәлгерлер, күйшілер мен кейбір акын-жыраулар, Қорқыт атаны өздеріне ұлағтты ұстаз ретінде танып, ылғида оған сиынап, оның есімін өздерінің жыр жолдарына қосып отырған. Мәселен, ел арасында:

*Жыраудың үлкен пірі Қорқыт ата,
Бата алған барлық бақсы асқан ата.
Таң қалып жұрттың бәрі тұрады екен,
Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда.*

деген өлең жолдарында айтылған пікірлерге қарағанда, Қорқыт ата қобыздің негізін салған, аса тамаша қобызшы, күйшы болғанына ешқандай күман келтіруге болмайды.

Ел арасында сақталған кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда, Қорқыт ата дүниеге келерде, Сыр бойы мен Қаратау өңірін қараңғылық басып, үш күн, үш түн бойы қатты сұрапыл дауыл тұрып, күллі жұртшылықты шошытып, әбден қорқытқан көрінеді. Сондықтан да ол дүниеге келген соң оның атын «Қорқыт» деп қойған деседі. Тіптен ол ана құрсағында үш жыл жатып, жыл сайын әбден толғақ қысады екен де, енді босанады-ау деген сәтте, толғақ ылғида қайтып кетеді екен. Содан үшінші жыл дегенде ғана Қорқыт өмірге келу мүмкіндігіне ие болыпты. Тіптен, кейбір аңыз-әңгімелер де Қорқыт өмірге келісімен-ақ сөйлеп кеткен деседі. Ел арасында оның өмірге келуі жайлы мынандай өлең жолдары да сақталған. Мәселен:

*Қорқыт туар кезінде,
Қар аспанды су алған.*

*Қара жерді күл алған
Ол туарда ел қорқып,
Туған соң әбден қуанған.*

дейді.

Міне осындай ұлы тұлға жөніндегі «Қорқыт ата кітабы» бізге дейін жетіп келген. Бұл еңбектің екі қолжазба нұсқасы ғана сақталған. Оның бірі Германиядағы «Дрезден» кітапханасындағы аса сирек кездесетін қолжазбалар қорында сақтаулы. Оның мұқабасында «Кітаби дедем Қоркут ғали лисани таифан у огузан» деп жазылған. Оның мәні «Қорқыт атаның оғыз тайпа тіліндегі кітабы» деген мағана береді. Бұл қолжазба негізінен 12 жырдан тұрса, «Қорқыт ата кітабының» екінші нұсқасы Италиядағы Аростолика кітапханасында сақтаулы. Бұл негізінен 6 жырдан тұрады. Бұл еңбек «Хикаят оғыз-наме Қазанбек уа ғайри» деп аталады.

Аталмыш еңбекті сол кітапханадан тауып алып, оны алғаш рет Италиян тіліне аударған, белгілі ғалым Росси Этторе деген адам болады.

Ал Дрезден кітапханасында сақталған «Қорқыт ата кітабын» зерттеу, әрі оны Европа тіліне аудару мәселесі ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында қолға алына бастайды. Мәселен: белгілі неміс ғалымы Г.Ф. Диц 1815 жылы кітаптағы 8-әңгімені неміс тіліне аударып, жарялау мүмкіндігіне ие болса, неміс ғалымы Теодор Нельдекс аталмыш еңбекті толық аудармақ болады. Бірақ оны аяғына жеткізе алмайды. Дегенмен, өз шәкіртті В.В. Бартольтке тапсырады. Ол бірнеше жыл шұғылдана жүріп, 1922 жылы орыс тіліне аударады. Бірақ ол да көзі тірісінде кітап етіп бастырып шығара алмайды. Тек ол, 1962 жылы ғана белгілі ғалымдар А.Н. Кононов пен В.М. Жирмунский редакциялауымен жарық көреді.

Ал «Қорқыт ата кітабын» зерттеу мен оны қазақ тіліне аудару ісіне Әлекей Марғұлан, Әуелбек Қоңратбаев, Бүркіт Ысқақов секілді ғұлама ғалымдар мен жазушылар атсалысады.

Иә, халық арасында оның асқан күйші, аса тамаша ақылгөй, данышпан қарт, атакты жырау екендігі айрықша қастерленгендіктен, оған арнап ІХ—ХІ ғасырлардақ күмбез салған. Бірақ, 1960 жылы Сырдария өзені тасыған кезде, оның қорымын су шайып кетеді. Нәтижеде, Қызылорда облысына қарасты Қармақшы ауданында 1980 жылы бұрынғы күмбезіне жақындау жерден, төрт кобызды бір-біріне сүйеп күмбез орнатады. Ол Сыр өңірінде тынымсыз есетін жел әсерімен, сондай жанға жайлы кобыз үні есітіліп, адамның өн бойын шымырлатып, қиялын көкке көтере түседі.

«ОҒЫЗ-НАМА»

«Оғыз-нама» негізінен түркі тектес халықтардың тірлік тыныстарын аса кең сипаттайтын көркем, тарихи эпостық, қара сөзбен өлең жолдары араластырыла жазылған көркем шығарма. Солай десекте, бұл көркем туынды белгілі бір ырғаққа, жүйелі сөз тіркестеріне құрылған. Онда Оғыз батырдың ерлік күрестері өз көрінісін тапқандықтан, кейде оны «Оғыз батыр» дастаны деп те атаған.

Расында да «Оғыз-нама» дастанында Оғыз қағанның жорықтары, соғыста көрсетілген ерлік істері кең көрініс табумен бірге, жыр да халықты ауыз бірлікке, ерлікке, батырлыққа үндеу идеясы ерекше орын алған.

Егер тарихқа тереңірек үңілер болсақ, Х ғасырда Оғыз мемлекеті өмірге келеді де, оның астанасы Сырдария өзенінің төменгі ағысында орналасқан Жаңакент қаласы болады.

Ал Оғыз батыр жайындаға аңыздар IX—X ғасырлар да қағаз бетіне түсірілгенімен оның ең алғашқы түп нұсқасы сақталмаған. Кейінірек ауызша тараған жыр үлгілерінің екі нұсқасы ғана бізге жетіп келген. Оның бірі ұйғыр әрпімен көшірілген нұсқасы, дәл қазіргі таңда Париж қаласындағы ұлттық кітапханада сақталса, араб әрпімен жазылған нұсқаның иесі, белгілі тарихшы, әрі өз заманында әскери қолбасы болған Хива ханы Әбілғазы деген кісі болған. Әбілғазы бин Араб Мұхаметжан 1603—1663 жылдар аралығында өмір сүрген болып, одан бізге «Шежере-й терекме», яғни «Түрікмен шежіресі», «Шежере-й түрк» — «Түріктер шежіресі» атты екі еңбегі жетіп келген.

Бірақ, ғұлама ғалымның «Түрікмен шежіресінің» де түпнұсқасы бізге жетіп келмеген. Тек оның әр түрлі хуснихатшылар тарапынан көшірілген 7 нұсқасы ғана бізге жетіп келген.

Ғұлама ғалым өзінің «Түрікмен шежіресі» атты еңбегінде бүкіл әлемде адам баласының пайда болуын сөз ете отырып, Оғыздардың өмірге келуін тілге алады. Әрі Оғыздардың патшалық жасап Иранға, Үндістанға, Египет пен Сирияға жасаған жорықтары жайлы аса мол мағлұматтар береді.

Ал «Оғыз-нама» дастанының ұйғыр тілінде жазылған нұсқасын тілдік тұрғыдан зерттеп, ғылыми түсініктемесін жазған, оны жолма-жол орыс тіліне аударған А.М. Шербек деген белгілі орыс ғалымы болады. Рас, жоғарыда тілге алынған «Оғыз-нама» дастанының екі нұсқасы да бір-біріне тым жақын болумен бірге, бір жөн өзндік айырмашылықтары да баршылық. Өйткені Оғыз қаған өзінің билігі мен байлығын бөліп беру мәселесін, екі нұсқада екі түрлі айтылады. Мәселен: Ұйғыр әрпімен жазылған нұсқада күміс жебелер мен алтын садақтың бар екендігін ұлы Түрік түсінде көрсе, «Түрікмен

шежіресінде» оның нөкерлері садақ пен жебені құмға көміп тастағандығы жайлы сөз болады. Бірақ, ұйғыр әрпінде өмірге келген «Оғыз-нама» дастанды көркем шығарма деуге болады. Бұл дастанды басқа тілдерге аудару ісі ХІХ ғасырдың бас кезінде қолға алына бастайды. Алғаш рет оны неміс тіліне Дитц аударған болса, кейіншелік оны орыс ғалымы В.В. Радлов жолма-жол орыс тіліне аударады.

Рас, Париждің ұлттық кітапханасында сақталған «Оғыз-нама» нұсқасының көлемі оншалық үлкен емес. Оның көлемі небәрі 42 бет. Оның үстіне, әрбір бетте тоғыз жолдан ғана бар. Бірақ, «Оғыз-нама» дастаны композициялық құрылысы жағынан «Күлтегін» жырымен үндесе, жымдасып кетеді. Дегенмен, «Оғыз-нама» 40 тан астам әңгімелерден тұрады. Оның үстіне, онда оқиғаның басталуы анық аңғарылса, соңра оқиға бірден-бірге ұлғайып, кең өріс ала түседі. Әрі, белгілі бір оқиғалар қортындыланып, түйіндеулер жасалып отырады.

Онан соң жыр да Оғыз батырдың үйленіп, үш перзент көргендігі сөз болады. Олардың атын Күн, Ай, Жұлдыз деп қояды. Соңра Оғыз қаған аң аулар жүріп, тағы бір аса сұлуді көреді де, оған да ғашық болып қалады. Бұл сұлуға үйленген соң одан да үш перзент көреді. Олардың есімін Көк, Тау, Теңіз деп қояды.

Міне осыдан соң жырдың негізгі оқиғасы басталады. Нәтижеде Оғыз қаған аса үлкен той жасайды да күллі жұртшылыққа қарата: «Әлемнің төрт бұрышы маған бағынуы қажет. Бізге өз еркімен бағынып, өздерінің салықтарын төлсін. Кімде кім бағынбаса, аса көп әскерлер жіберіп, құртып жоямыз» — дейді де, онан соң: «Біздің ұранымыз, жол басшымыз Көк қасқыр болсын!» деген ойды алға тартады. Содан, Алтын қаған басқарған ел оған арнайы елшісін жіберіп, аса мол алтын-күміс сияқты т.б. байлықтар әкеп береді. Бірақ, Үрім қаған басқарған ел Оғыз қағанның жарлығына мән бермей, көңіл де бөлмепті. Сосын ол Үрім қағанға арнайы соғыс ашады. Дегенмен, оның әскерлері әбден шаршаған соң, дем алуға бұйрық береді. Нәтижеде, таң сәріде Оғыз қаған жатқан шатырға күннің сәулесі түседі.

«Оғыз-нама» дастанында Оғыз батырмен соғыспақ болған Орыс бегі жайлы, әрі оның баласының Саклаб қаласын өз еркімен беруі, оның үстіне Қыпшақ бектің ақылдылығымен Еділ өзенінен Оғыз батыр ләшкерлерінің сал жасап өтуі, сонай-ақ, Калач пен Қағарлуқ бектер жөнінде де бір жөн мағлұматтар айтылады. Оның үстіне, Джурджит қағанмен болған қақтығыста Оғыз батырдың жеңіске жетуі, әрі Сирия мен Тибетке жасаған жорықтары да өзінің шынай шешімін таба түскен.

Жырда Оғыз батырдың жанында жүретін ұлы Түрік ақылгөй данышпан адам ретінде тілге алынады. Міне осы бір қарт түсінде үш күміс жебе мен бір алтын садақ көреді. Мәселен: алтын садақ күннің шығысынан батысына қарай жатқан болса, күміс жебелер солтүстікке қарай жатқан болады. Сонда ақылгөй қарт Оғыз батырға: «Басып алған жерлерінді балаларыңа бөліп бер» — деген ойды алға тартады. Содан Оғыз қаған 6 баласын шақырып алып, өзінің ақыл-кеңестерін береді.

Сонра Оғыз қаған бүкіл халқты жинап, келелі кеңес құрып, той жасайды.

Қорыта айтқанда, «Оғыз-наме» дастанының негізгі идеясы — бүкіл түркі жұртшылығын ынтымақ-бірлікке шақырумен бірге, ылғида достық пен нағыз адамгершілікті биікке көтеру болады. Сытқы жауларға қарсы білесе күресуге шақыру идеясы өзінің тамаша көрінісіп таба білген.

ӘБУ-НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ (870 — 950)

Өлемдік мәдениет пен білімнің Аристотельден кейінгі - екінші ұстаз атанған Әбу-Насыр Әл-Фараби, қазақ әдебиеті тарихында өшпес із қалдырған энциклопедиялық білімге ие ғұлама ғалым. Аса талантты әдебиет зерттеушісі, әрі көрнекті ақын.

Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырдария өзеніне құя беріс жеріндегі Отырар қаласында дүниеге келген. Кезінде бұл қаланы қыпшақтар «Қарашоқы» деп атаса, арабтар «Фароб» деп тілге алған. Ежелгі дәуірлерде бұл қалада Қоңрат, Қыпшақ, Қанды тайпалары жасаған. Олар көшіп-қонып жүріп мал шаруашылығымен, әрі егіншілікпен де шұғылданған.

Әл-Фарабидің толық есімі — Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн узлағ Тарахани. «Тарахан» сөзі негізінен екі түрлі мағана береді. Біріншіден ол, Әл-Фарабидің түркі тектес ру-тайпалардан шыққандығын аңғартса, екіншіден оның ата-бабалары аса дәулетті, ел арасында үлкен құрметке ие болған беделді жандар болғандығын ағартады.

Жастайынан-ақ аса зейінді болып өмірге келген Әл-Фараби, ғылым мен өнерге ерекше көңіл көзін қадайды. Алғашқы білімді Отырар қаласында қыпшақ тілінде алған Әл-Фараби, кейіншелік өсе келе Бағдат, Дамаск, Каир, Қорасан қалаларында оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. Аталмыш қалалар да өз дәуірінің аса көрнекті өкілдері болған ғұлама ғалымдар мен көркем сөз шеберлерімен танысып, қанатын кең жая түседі. Нәтижеде, өзінің түркі тілін шебер меңгерумен бірге, араб, парсы, латын, грек тілдерінде жан-

жақты үйренеді. Сөйтіп ғалым ғылымның түрлі салаларымен шұғылданады. Ғұлама ғалымның ғылыми еңбектері жайлы да әртүрлі пікірлер бар. Мәселен: Немістің белгілі ғалымы М. Штейшнейдер оның еңбектері 117 десе, түрік зерттеушісі А. Атеш 160 дейді. Ал белгілі кеңес дәуіріндегі тәжік ғалымы Б. Фафуров 200 деген ойды алға тартады. Қалай дегенде де, оның қаламынан өмірге келген 40 тан астам еңбектерінің өзі-ақ, ол шын мәніндегі энциклопедист-ғұлама ғалым екендігін анық аңғартқандай.

Бұл орайда оның «Ақылдың мәні туралы трактат», «Данышпандықтың інжу-маржандары», «Философияны оқу үшін алдымен нені білу керек», «Ғылымдардың шығуы», сондай-ақ, Аристотельдің еңбектеріне түсіндірме жасаған «Поэтика», «Софистика», «Риторика» сияқты т.б. еңбектерін ерекше атай аламыз.

Шынында да ұлы ғұламаның әлеуметтік-қоғамдық және эстетикалық көзқарастарын анық аңғара түсетін «Азаматтық саясат», «Бақыт жолына сілтеу», «Бақытқа жету жайында», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» секілді т.б. еңбектерінің ғылыми мәні аса зор.

Оның үстіне, Әл-Фараби әдебиет теориясымен де жан-жақты шұғылданған көрінеді. Мәселен: 1203—1270 жылдар аралығында жасаған араб ғалымы Ибн Аби Усайбаның айтуына қарағанда, ұлы ғұламаның өлең құрылысы жайлы жазған «Қалом фи аш шеър ва ал кавофий», яғни «Өлең және ұйқас туралы сөз» деген еңбегі бар екендігін аңғарамыз. Бірақ, ұлы ғалымның бұл еңбегі күні бүгінге дейін табылған емес.

Сондай-ақ, ғұлама ғалымның «Өлең ырғағы туралы», «Поэзия өнерінің негіздері туралы трактат», «Ырғақ пен өлең туралы сөз» секілді зерттеу еңбектері де болған. Ұлы ғалымның бір жөн еңбектері Чехословакиядағы Братислава университетінің кітапханасынан табылғандығын да қуынышпен атаған жөн. Ғалымның араб тілінде жазылған «Китаб аш-шеър», яғни «Өлең кітабы» еңбегі әдебиеттану ғылымында айрықша мәнге ие.

Бұл еңбекті белгілі өзбек ғылымы А. Ирисов «Шеър санъати» деген атпен аударып, 1979 жылы кітап етіп бастырып шығарды.

Көлемі жағынан аса шағындау болған бұл еңбек, бізге тек тезистік түрде ғана жетіп келген. Оның үстіне, ол жеке кітап күйінде де сақталмаған. Бізге ғалымның бұл еңбегі 12 бөлімнен тұратын логика саласында жазылған еңбегімен бірге жеткен. Ұлы ғұлама ғалым өзінің «Өлең кітабы» атты еңбегінде: «Біз поэзиямен хабардар болған көптеген халықтарға қарағанда, арабтар өз поэзиясында бәйттің соңғы жағына көбірек мән береді» — дейді де, одан әрі өз ойын тереңдей түсіп: «Сол үшін да араб бәйттері белгілі бір

өлшемдегі шектелген сөздермен толықтырылады. Әрі көркемделеді. Мұның өзі олар да сирек қолданылатын, яки көпшілікке мәшһүр болған сөздерді пайдалану арқылы іске асады» — деген ойды алға тартады.

Расында да ғалым өзінің «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлеңнің теориялық мәселелері жайында да өз ойларын ортаға салады. Әсіресе, өлең құрылысы мен шумағына, өлең ұйқасы мен ырғағына дейін айрықша мән береді.

Аса талантты ақындар тарапынан жазылған өлеңдерде де олпы-солпылық, басы артық сөздер, оғаш құрылған шумақтар болмайтындығын да тілге алады. Тіптен ол, аса дарынды ақындарды шебер ұста ретінде бағалайды. Олар жазған өлең өрнектерінде басы артық ешнәрсе болмайтындығын ескерте келіп, тармағы, буыны, бунағы, ырғағы — бәрі өзара жымдасып, дәлме-дәл үндесіп, ғажайып өлең өрнектері өмірге келетіндігін ашық айтады.

Ғұлама ғалымның өлең өрнектеріне арнап жазылған екінші бір еңбегі «Өлең өнерінің қағдалары туралы трактар» атты зерттеуі. Бұл еңбекті белгілі Шығыстанушы ғалым Артур Арбери деген адам, 1937 жылы Лондондағы Үнді диуаны («Хиндиан офис») кітапханасынан табу мүмкіндігіне ие болады.

Кейбір мәліметтерге қарағанда ғұлама ғалым бұл еңбегін Аристотельдің «Поэтика» атты еңбегінің ықпалы негізінде жазған көрінеді. Өйткені онда, Аристотельдің аталмыш еңбегіне сілтемелер жасай отырып, ақындық шеберлік пен өнер жайлы өз ойларын ортаға салады.

Әл-Фарабидің айтуына қарағанда поэтикада екі түрлі құбылыс өз шешімін табатын көрінеді. Оның біріншісі-софистика болса, екіншісі-еліктеу деп түсіндіреді. Бірақ, бұл екеуі бір-бірімен мәндес, сарындас емес, екі түрлі ұғым екендігін де ашық айтады. Мәселен ғалым: «Софист тыдаушы санасында болмыстан тыс, оған қайшы қайдағы бір елес туғызады. Сондықтан ол бар нәрсе жоқ, жоқ нәрсе бар деп ойлайды» — деген ойды алға тарта келіп: «ол оған қарама-қарсы еліктеуші тындаушысына үйлесімге орай ой түюге жетелейді» — дейді де, одан әрі: «Оған сезім шарапатын тигізеді» —деп, терең түйіндеулер жасайды.

Тіптен ғалым ақындық арын мен өлең өлшемі, мазмұны жайында да тамаша байламдар жасайды. Мәселен олң «Ақындық түйіндеуді өлшеміне, яки мазмұнына қарай топтау мүмкін» — дей отыра, онан соң: «Өлшеміне қарай топтау-әуенділікке, немесе екпінге» — десе, одан әрі: «Тұжырымдау — қай тілде екеніне байланысты, сонымен қатар музыканың деңгейіне де қатысты» — дейді.

Осылай өлең өрнектері, өнер жайлы тамаша пікірлер білдірген Әл-Фараби, ежелгі араб, парсы өлең-жырларын негізге ала отырып,

өз ойларын ортаға салады. Сөйтіп, олар араб поэзиясында айтыс, сатира, комедия, ғазал, рубай бар екендігін тілге алды. Оның үстіне ғұлама ғалым грек поэзиясына барлаулар жасай отырып, өлең түрлерінің әр біріне өз анықтамасын да беріп отырады. Мәселен ол: «Трагедия дегеніміз — арнайы өлшемі бар, тыңдаушыға да, айтушыға да ләззат беретін поэзия түрі» — деген ойды ұсына келіп: «Онда еліктеуге тұрарлық, үлгі алар орайлы оқиға бар» — дейді. Онан соң: «Онда ел билешілері мен шаһар манаптары марапатталады» — деген пікірді алға тартады. Соңра ғұлама ғалым: «Дифирамба — трагедиядан екі есе артық өлшемі бар поэзия түрі» — дейді де, одан әрі: «Онда да жалпы бекзаттар жайлы, марапаттарлық мінез, адамзатқа тән ізгі жайлар айтылады» — десе, іле: «...қайсыбір патшаларды мақтауға талпынады» — дейді. Соңра, комедия жайлы тоқтала келіп оны: «...өзіндік өлшемі бар поэзия түрі» — деп байлам жасайды да: «Оған кейіпсіз, келеңсіз жайлар арқау болып, жеке адам мінез-құлқының көлеңкелі көріністері шенеледі» — деген тұжырымға келеді.

Аса дарында ғалым эпос, риторика, сатира, поэма туралы да өз ойларын ортаға салады. Мәселен ол «Ямб»-ды ерекше өлшемі бар жыр түріне жатқызса, «Эпос — мейлінше көркем, немесе әдеттен тыс эмоциялық күшімен айрықша ләззат беретін поэзия түрі» — деген байлам жасаса: «Сатира дегеніміз — музыканттар ойлап тапқан поэзия түрі» — дейді де, онан соң: «Осы өлшемді олар өз әндеріне пайдаланып, сол арқылы жабайы хайуандарға әдеттегісіне ұқсамайтын сан алуан қимыл жасайды» — деген ойды алға тартса, поэма туралы айта келіп: «...ол сұлулық пен тұрпайылықты, жүйелілік пен бейберекеттікті жырлайтын поэзия түрі» — дейді.

Тіптен, ғалым өзінің «Өлең өнерінің қағидалары туралы трактат» атты еңбегінде ақындарды үш топқа бөліп назар аударады. Әрі, олардың әр біріне өз бағасын да беріп отырады. Мәселен ғалым **бірінші топқа** табиғи дарыны аса мол, тума таланттарды жатқызса, **екінші топтағыларға** өлең өрнегімен, теориясымен жан-жақты таныс, өлең жазу өлшемін терең меңгерген ақындарды кіргізсе, **үшінші топтағыларға** сол ақындарға еліктеп өлең жазатындарды жатқызған. Оларды өзіндік жазу мәнері, өз шеберлігі, өзінің қолтаңбасы жоқ ақындар деп бағалайды.

Әл-Фараби әдебиеттің теориясы, ақындық жайлы, өлең өрнектері туралы жан-жақты ой айтқан әдбиет зерттеушісі, ғұлама ғалым ғана емес, ол сонымен бірге кең тынысты кемел ақын да. Ол жайлы оның замандастары да, өзінен кейінірек өмір сүрген Шығыстың аса көрнекті ақындары да, әдебиет зерттеушілерімен тарихшылар да бір жөн пікірлер айтқан. Бұл орайда 1203—1270 жылдар

аралығында өмір сүрген, белгілі араб тарихшысы — Ибн Аби Усайба, сондай-ақ 1211—1282 жылдар аралығында жасаған Ибн Халликон ойларын, араб, парсы тілдерінде жазған жырларынан үзінділер келтіргендіктерін тілге алу орынды деп білеміз.

Ұлы ақын өлендерінің негізгі тақырыбы-қоғамдық өмір жайы. Өмірдің мәні мен мағанасы туралы. Күллі жұртшылықты адамгершілікке үндей отырып, ұлы гуманистік идеяларды алға тартады. Оқу мен өнерді, білімді дәріптей отырып, ел тағдыры, халық болашағын ойлайды.

Өз өлендерінде опасыз өмірде көп қиындықтар, зәбір-жапа шеккендігінде анық байқата келіп, бұл пәниде зиялы да зерек жандардың тым аз екендігіне налиды. Кез-келген жанның ел билеп, әкім болғысы келетіндігін де сын астына алады.

Ұлы ақын поэзиясында бұл өмірдің өткінші екендігі, бұл пәниде ешбір нәрсенің мәңгі еместігі де ашық тілге алынады. Сондықтан да жалынды жас жүректің балын да нәрін де қоғамдық өмірдің игі мәселелеріне жұмсау қажет екендігін ескертеді. Күйбің тірліктің құлына айланбай, әр бір жан жарқын өмірден өз орнын таба білу керектігін ескерте отырып, әрбір адамда мақсат-мұрат болу — игілікті іс екендігін ашық жыр жолдарына қосады.

Опасыз өмірде қанағат пен жақсылық жасау, өзара бір-біріне көмек қол созу — жұмыр басты пенденің бірден-бір міндеті деген ойды алға тартады.

Шынында да Әл-Фараби поэзиясына тереңірек үңілген сайын, оның шынайы талант иесі екендігін де анық аңғара түскендей боламыз.

*Өрге жүзгін өнегелі ісіңмен,
Таңда адал дос, өз теңіңнің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда сен қалма оған алданып.*

деп ақын, адалдық пен достықты биікке көтере отырып, өмірдің алға тартқан өзекті мәселелерін жан жүрегімен жан-жақты көтере түседі.

Қорыта айтқанда, аса талантты ақын, ғұлама ғалым — Әл-Фараби, ылғида зорлық-зомбылыққа, әділетсіздікке тікелей қасы тұрып, адалдық пен пәктіктің, тазалықтың жалынды жаршысы бола білді. Ақыл ой мен биік парасаттың, оқу-ағарту ісінің жалынды жыршысына айналды. Сөйтіп, ұлы тұлға, кемеңгер көсем дәрежесіне көтерілген ол, өнер мен білімнің бірден-бір қамқоршысы бола алды. Нәтижеде, өз қатарынан оқ бойы озық, асқан ойшыл, данышпан ғалым, ірі ақын, тамша әдебиет зерттеушісі ретінде жан-жақты таныла түсті.

Х—ХІІ ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

Егер көне тарих қойнауына көңіл көзін қадай түссек, Х—ХІІ ғасырлар да Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиеті мен мәдениетінде жаңаша сипат, жаңа бағыт-бағдарлар белең алғандығын аңғару оншылық қиын емес. Бұл уақытта арабтардың билігі бірте-бірте жойылып, ел басқару істері — жергілікті үстем тап иелерімен ақсүйектердің қолына өте бастаған кез болатын. Нәтижеде, араб тілі мемлекет басқару тілі болудан түбегейлі қала бастайды.

Сондықтан да Х—ХІІ ғасыр аралығында түркі тілі мейлінше дамып, жан-жақты жетіле түседі. Оның үстіне, осы кезеңде түркі тектес халықтардың этникалық құрамдары бірте-бірте қалыптасып, олардың әлеуметтік-қоғамдық өмірде өзіндік орны арта түседі. Нәтижеде, оғыз, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр тайпалары тілінде, араб графикасы негізінде түрік жазуы бірте-бірте өмірге ене бастайды. Бұл орайда Орта ғасырдың тамаша әдеби жәдігерліктері болған Жүсіп Баласағунидің «Құтадғу білік», Ахмет Иүгінекидің «Хибатул-хакайық», Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-турк», Қожа Ахмет Яссауидің «Диуани-хикмет» сияқты т.б. еңбектер түркі тілінде жазылып өмірге келгендігін тілге аламыз.

ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ

Қожа Ахмет Яссауи негізінен сопылық әдебиеттің негізін салушы, оны кең өріс алдырушы ұлы тұлға ретінде қалыптасады. Сондықтан да, кезінде ел арасында «Жахрия», немесе «Яссауишілік» деп аталатын сопылық ілім кең қанат жайған болатын. Онда жұмбақ өмірдің сырына тереңірек үңіліп, жалпы халықты ынсапқа, төзімділік пен тазалыққа, пәктік пен шынайылыққа баулу идеялары кең өріс алған болатын.

Халық арасында сақталған кейбір деректерге қарағанда Қожа Ахмет Яссауи, бүгінгі таңдағы Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Сайрам қаласында, бұрынғы Испиджабда дүниеге келген көрінеді. Бірақ, күні бүгінге дейін оның қай жылы туылып, қай жылы өмірден

өткендігі жайлы анық мағлұматқа ие емеспіз. Біреулер, 63 жастан өткен соң жер астына түсіп, қылеуетте 120 жасапты десе, енді біреулер 125, тіптен біреулер 130 жыл жасаған дейді де, сөйтіп, 1166 жылы қайтыс болған деседі.

Алғаш өз сауатын Испиджаб қаласында алған Яссауи, кейінірек Бұхара, Самарханға барып, Жүсіп Хамадани деген ұлы ғұламалардан сабақ алады. Жастайынан-ақ аза зерек, тым ұғымтал боп өмірге келген Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан бапты өзіне ұлағатты ұстаз ретінде танып, өзінің «Диуани-хикмет» атты «Даналық кітабында» күллі жұртшылықты адалдыққа, пәктік пен тазалыққа шақырады. Бірақ, бұл еңбектің ең алғашқы түп нұсқасы сақталып, бізге жетіп келмеген. Тек бізге, XV ғасырдың орта шенінде араб емілесімен көшірілген нұсқасы ғана жетіп келген. Бұл нұсқа 1887, 1901 жылдары Қазан қаласында жарық көрсе, 1901 жылы Стамбулда, сондай-ақ, 1902, 1911 жылдары «Диуани хикмет» деген атпен Ташкентте басылып шығады.

Дегенмен, ақын еңбегінің толық нұсқасы Қазанда жарық көргені деуге болады. Онда 149 хикмет өз шешімін тапса, оның 109 хикметі Қожа Ахмет Яссауидің өзінікі болса, қалғандары оның шәкірттері тарапынан хатқа түсірілген жыр жолдары.

Ақынның «Диуани хикмет» еңбегінде негізінен төрт нәрсе барынша дәріптеліп, мадақталады. Ол да болса — Ислам дінінің заңдылықтары арқылы Алланы танып, білу. Сопылық идеясы арқылы адамдарды пәктікке, тазалыққа, адалдыққа баулу. Ұлы ақын ойынша, шарихатсыз тарихат, ал тарихатсыз марифат болмайтындығын ашық айтады.

Рас ақын шарифатты мактап, дәріптеумен ғана шектелмейді. Сол шарифат арқылы өмір сырын тану жолдарын алға тартады. Нәтижеде, сопылықты биікке көтере отырып, әр бір адам өлмей тұрып, өзіне арғы дүниенің шапағатын, қызығын көруге жұмылдырады. Бұл дүниенің ләззатынан гөрі, арғы дүниенің жаннаты мәндірек, жақсырақ деп ойлаған жөн деген ойды алға тартады. Адамдарға «Дүние үшін кам жеме, Құдайдан өзгені бар деме» — дей отырып, сабырлы, ынсапты, тақуа болуға үндейді. «Ешнәрсеге налып, қайғырма, қанағатшыл, рахым діл бол, кісі ақысын жеме, ешкімге зәбір-зұлымдық көрсетпе» деген ойды өзінің өлең жолдарында, хикметтерінде ашық тілге алады.

Ақын өзінің «Диуани хикмет» атты еңбегінде өзінің өмірге келген күнінен бастап, алпыс үшке келгенге дейінгі өмірден көрген білгендерін, көкейге түйгендерін, дін жолында не істеп, не қойғандарын терең түйіндеулер жасайды. Мәселен ақын:

Он бірімде жалған дүние толып-тасты.

«Алла» дедім, шайтан меннен жырақ қашты....

*Отыз төртте Ғалым болып, дана болдым,
«Хикмет» айт деп әмір етті, Құдай қостап.
Шілтенменен шарап іштім, дос болдым.
Іші-тысым хақ нұрына сонда толды, Ей достар!
Отыз жеті жасқа толдым-оянбадым.
Ынсап етіп, Алладан басқа нәрсе тілемедім.*

деп, ақын Алланың барлығын, соған құлшылық студің жолдарын алға тартады. Сөйтіп, өз хикметтерінде кісі ақысын жемеуге, біреуге зәбір, зұлым өткізбеуге үндей түседі.

Оның үстіне ұлы ғұлама мал-мүлік жиған әкімдерді, өз үстемдігін жүргізіп, қарапайым еңбек адамдарын езгендерді де сын астына алады. Мәселен ол:

*Дүйе малын жиғандар, жақын малын алғандар,
Ақты қара қылғандар, ол тамуққа кірісәр.
Харам жеген әкімдер, дүние өліп жиғандар,
Өз бармағын тістеніп, қор боп құрып қалмақлар...*

деген өлең жолдары күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпақ емес.

Өзіне дейінгі араб поэзиясынан рухани нәр алған Қожа Ахмет Яссауи өз шығармаларында өмірлік мәні бар ұлы идеяларды алға тарта отырып, күллі жұртшылықты ынсапқа шақырады.

Сопы ақын өз өлең жолдарында діни идеяларды кең насихаттаумен бірге, өз дәуіріндегі зорлық-зомбылыққа, сарандық пен дүние-қоңыздыққа, қатыкездік пен әділетсіздікке тікелей қарсы шығып, үстем тап иелерінің, кейбір адамдардың қанағатсыздығын сын асытына алады. Достық пен ынтымақ, бірлікке айрықша мән беріп, зәбір-зұлымдыққа тікелей қарсы шығады. Дінді тазалық құралы ретінде танып, «Дін жолы — Құдай жолы», «Тазалық пен әділдік жолы» деп түсінеді. Дүмше молдалар мен көрсе қызар, арамзалдарды, өз пайдасын ойлайтын пасықтарды сынай отырып, кедей-кепшік, жарлы-жақыбайларды қолдап-қуаттайды.

Мұнан соң Қожа Ахмет Яссауидің сопылық идеяларын оның шәкірті болған Сүлеймен Бақырғани одан әрі жалғастыра түседі. Ол ақынның «Ақыр заман» атты еңбегі мен «Әулие Мария», «Жұбан ана» сияқты шығармаларында өз шешімі тапқан.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰНИ

XI ғасырда жасап, өз соңына «Құтадғу білік» атта аса тамаша тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие дастан қалдырған Жүсіп Хас Хажиб Баласағуни, күллі Шығыс жұртшылығына кеңінен танылған ірі ақын. Әрі, ол энциклопедиялық білімге ие ғұлама ғалым болумен бірге,

кемел қоғам қайраткері де. Өйткені ол, өз кезінде Орта ғасыр дәуіріндегі аса дарынды ғалымы ретінде астрономия, математика, табиғаттану, тарих сияқты т.б. ғылым салаларымен кеңінен шұғылданып, аса таланттылығын жан-жақты таныта түскен ірі тұлға.

Дегенменде, аса талантты ғұлама ғалым, кең тынысты кемел ақынның өмірі жайлы мағлұмат жоқтың қасы. Тек, оның «Құтадғу білік», яғни «Құтты білім» атты дидактикалық сарында жазылған дастанынан, сондай-ақ, қара сөзбен, кейде өлеңмен жазылған «Алғы сөздерінде» кездесетін бірен-саран мағлұматтар алу мүмкіндігіне ие боламыз. Ол жайындағы мағлұматтарды да Жүсіп Баласағунидің өзі емес, дастанды қолма-қол көшірушілер жазған болу керек. Өйткені, ақын өз өмірі жайлы, ақындығы туралы аз ғана деректерді, өз дастанының соңғы үш бөлімінде аса қысқа, тым үстірттеу сөз етеді. Онан біз Жүсіп Баласағунидің Орта ғасыр да Қарахан әулеттері билік жүргізген шақта, оның астанасы болған Баласағун қаласында дүниеге келгендігін аңғарамыз.

Белгілі ғалым В.В. Бартольдтің берген мәліметіне қарағанда, Баласағун шаһары Жетісу өңірінде, Шу өзені бойындағы Тоқмақ қаласына жақындау жерде орналасқан көрінеді.

Егер көне тарих қойнауына тереңірек үңілсек, кезінде түркі тектес тайпалардың мәдени өмірінде Қашқария қаласының да алатын орны ерекше болған. Сондықтан да Жүсіп Баласағуни де өзінің «Құтадғу білік» дастанын Баласағуни қаласында бастап, Қашқария шаһарында аяқтау мүмкіндігіне ие болады. Ол өз дастанының «Алғы сөзінде»: «Бұл кітапты жазған кісі Баласағунда туылған.... Осы кітапты Қашқарда жазып бітіріп, Шығыстың әміршісі Табғаш Қара Бограханға тарту еттім» — дейді.

Мазмұны жағынан да, көлемі жағынан да аса бай бұл дастанды Жүсіп Баласағуни, хижра жыл есебі бойынша 462 жылы, ал біздің жанаша жыл санауымыз бойынша 1070 жылы, не бәрі 18 айда жазып бітірген көрінеді. Өзінің ескертуіне қарағанда, ақын өзінің «Құтадғу білік» дастанын есейген, әбден ақыл тоқтатқан шағында жазған сияқты. Мәселен ақын өзі жайлы тоқтала түсіп: «Елуге де кеп қалдық.... Бір кезде қара қарға едік, енді әппақ аққуға айналдық» — дейді.

Рас, кейбір деректерге қарағанда Жүсіп Баласағуни өз дастанын 54 жасында жазып бітірген деседі. Міне бұған қарағанда ақынды 1015, немесе 1016 жылдары туылған деп шамалауға болады. Өйткені ол «Құтадғу білік» дастанын 1070 жылы жазып бітіреді де, оны Бограханға тарту етеді. Бограхан оған ерекше құрмет көрсетіп «Ұлы хас Хажиб», яғни «Бас кеңесшіміз», «Ұлы мәртебеліміз» деген аса ірі атақ береді.

Тіптен ақынның өзі де өз шығармасында қандай адамның «Ұлы хас Хажиб» болатындығын тілге алып, ол жәйлі өзінің ойында алға тартады. Ақын ойынша «Ұлы хас Хажиб» әмірші, не патшаның бірден-бір көрер көзі, тіптен есітер құлағы. Оның үстіне, мемлекет заңдары мен халықтың әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері қандай амалға асып жатқандығын қадағалайтын адам ретінде тілге алынып, солай бағаланады. Әрі, жарлы-жақыбайлардың арыздарын тындайтын, оны ханға, ел басшыларына жеткізіп отыратын адам ретінде ерекше бағаланады.

Ақын өзінің «Құтдғу білік» дастанын қай тілде жазғандығын да жасырмай ашық айтады. Мәселен ол:

Арабша, тәжікше кітаптар көп.

Ал, бұл - біздің тіліміздегі тұңғыш даналық жинақ.

деп, ақын «Құтдғу білік» дастанын түркі тілінде жазғандығын ескертеді.

Дегенменде, кейбір турколог ғалымдар «Құтдғу білік» дастанының қай тілде жазылғандығы жайлы әртүрлі ойлар, пікірлер айтқан болатын. Мәселен: С.Е. Малов бұл дастанды көне ұйғыр тілінде жазылған десе, белгілі ғалым А.М. Шербак оны қарлұқ тілінде жазылған деген ойды алға тартады. Ал, Г.Ф. Благова болса «Құтдғу білік» дастанын қарлұқ-қыпшақ тілінде жазылған деген байлам жасайды. Қалай дегенде де, аталмыш дастан сол кездері сонау Қашқардан бастап, Амударияға дейінгі ұланғайыр өлкелерді өзіне қарата білген Қарахан мемлекетінің қоластында жасаған түркі тайпаларының бәріне түсінікті тілде жазылған көркем шығарма. Өйткені, X ғасырдың орта шенінде Жетісу мен Шығыс Түркістан аймағында өмірге келген Қарахан мемлекеті барған сайын кең өріс алып, XI ғасырдың екінші жартысында іргелі мемлекетке айналғандығын тарихтан жақсы білеміз.

Бірақ, Қарахан мемлекеті Сырдария мен Амудария аралығындағы Мауараннахр өңірін жаулап алған соң, Шығыс және Батыс қағанаты болып, екіге бөлініп кетеді. Нәтижеде, Жетісу өңірі мен Шығыс Түркістан — Шығыс қағанаты құрамына енеді де, оның астанасы Баласағұн қаласы маңындағы Қара орда, Күз орда қалалары болады да, кейіншелік ол — Қашқар қаласы болып қалыптасады.

Ал Батыс қағанатына Мауараннахр аралығы кіреді де, оның астанасы алғаш Үзкент болса, кейінірек Самарқан шаһары болады. Нәтижеде, XI ғасырдың орта шенінде олар арасында қақтығыстар, күрес-тартыстар кең өріс ала түседі.

Міне осындай сәттер де, қиын-қыстау кезеңдер де мемлекетті, елді қалай басқару керек, оның ішкі-тысқы саясаттарын сақтап

қалу үшін не істеу қажет? Ел басқаратын патша мен сарай қызметкерлері, оларға бағынышты жарлы-жақыбайлар, малшы, диқандар арасында қарым-қатынастар қалай болуы керек? деген мәселелер туындай бастайды. Міне осы жәйттерге жауап ретінде Жүсіп Баласағұни өзінің «Құтадғу білік» дастанын жазу мүмкіндігіне ие болады. Онда, мемлекет басқару әдістері — негізінен адамилық принципке негізделеді. Әрі, қоғамдық-саяси мәні бар ережелер мен заңдар халық үшін қызмет ету керектігін тілге ала отырып, оның бәрі әдет-ғұрыптарға сай етіп алынады.

Тәлімдік-тәрбиелік сарында жазылған «Құтадғу білік» дастанында қарапайым халықтан бастап, Боғраханға дейінгі аралықтағы түрлі әлеуметтік топтардың, әр түрлі кәсіп иелерінің мінезі, құлқы қалай болу керектігіне шейін сөз болады. Әрбірінің қоғамда алатын орнына дейін анық тілге алынады. Онда «Әкімдердің әдептілігі», «Мемлекет тәртібі», «Әмірлердің сән-салтанаты», «Түркілердің шаһнамасы» деген сяқты адамгершілік-мораль мәселелері жан-жанқты өзінің шынайы шешімін табады.

Ғұлама ақынның «Құтадғу білік» дастанының үш нұсқасы бізге жетіп келген. Оның бірінші нұсқасы саналған «Вена», немесе «Герат» нұсқасы, қазіргі таңда Вена қаласындағы Королдік кітапханада сақтаулы. Оның «Герат» нұсқасы деп аталуының бірден-бір себебі, бұл қолжазба 1439 жылы Герат қаласында, ұйғыр әрпімен Хасан Қара Сейіл деген адам көшірген екен. Тіптен бұл қолжазба Гераттан әлде кімдер тарапынан Түркияға жеткізіледі. Нәтижеде, 1474 жылы оны біреу сатып алып, Стамбулға алып барады.

Ең қызығы, арадан үш жүз жыл өткеннен соң, 1796 жылы Австрияның белгілі ғалымы Иосиф фон Хаммер-Пуршалль деген адам, Стамбулда дипломатиялық қызмет атқарып жүрген кезінде, осы қолжазбаны біреулерден сатып алады да, оны Венаның Корольдік кітапханасына сиға тартады.

«Құтадғу білік» дастанының екінші нұсқасы, араб әрпімен көшірілген «Каир нұсқасы» деп аталады. Бұл нұсқаны Каир кітапханасының сирек кездесетін қолжазбалар қорынан 1896 жылы белгілі неміс ғалымы Б. Мориц тапқан екен. Міне оны белгілі орыс ғалымы В.В. Радлов Петербург Ғылым Академиясының Азия музейі үшін фото көшірмесін алады. Нәтижеде, бұл қолжазба қазіргі таңда Кеңес дәуіріндегі СССР Ғылым Академиясы Шығыстану институтінің Ленинград бөлімінде сақтаулы.

Ал еңбектің үшінші нұсқасы «Наманган нұсқасы» деп аталады. Оны белгілі өзбек ғалымы 1913 жылы Өзбекстан республикасының Наманган шаһарынан табу мүмкіндігіне ие болады.

Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» атты дастаны негізінен төрт принципті негіз етіп алады. Біріншіден, мемлекетті дұрыс бас-

кару үшін барынша әділ патша керек деген идеяны алға тартады. Сондықтан да әділ патша ретінде Күнтудыны алса, екінші бақ-дәулет, құтты қонысқа Айтолды бейнесі арқылы бермек болады. Сондай-ақ, ақыл-парасат етіп уәзірдің баласы — Ұғдырмыш бейнесінде берсе, төртінші — қанағат, ынсап, рахым ретінде уәзірдің туысы, диуана-дәуіріш Оғдүрміш бейнесі арқылы береді.

Дастан негізінен 6520 бәйттен, екі жол өлең тармақтары арқылы берілген. Бұл сонда — 13 мың өлең жолы деген сөз. Оның бәрі негізінен 85 тарау арқылы бөліп-бөліп берілген. Шығармада Күнтуды патша өзінің аса әділдігімен бүкіл дүние жүзіне белгілі болады. Оның әділдігіне ерекше сүйсінген Айтолды деген данышпан адам, оны арнайы іздеп жолға шығады. Көп қиындықтармен сарсылы іздеп, ақиры табу мүмкіндігіне ие болады. Күнтуды патша да оны әбден сынып, сенім артқан соң өзіне уәзір етіп тағайындайды. Мемлекеттің барлық жұмысын оған үлкен сеніммен табыс етеді. Нәтижеде, Айтолды патшаға уәзір болған соң елдің жағдайы жақсарып, олардың бақ-дәулеттері барған сайын арта түседі.

Нешара, жазылмас дертке тап болған Айтолды, быраз жылдардан соң дүние салады. Өлер алдында Күнтуды патшаға, жас қалып баражатқан балсы Ұғдырмышқа өзінің өсиеттерін айтады. Арадан талай жылдар өткеннен соң, Ұғдырмышта ер жетеді де, оны Күнтуды патша өз қарамағына қызметке алады. Ол жаста болса өзінің адалдығымен, іскерлігімен, барынша әділдігімен көзге түсіп, патшаның ең сенімді серігіне айналады. Енді Күнтолды барлық ел басқару ісін соған үлкен сеніммен тапырады. Мұның тұсында да елге бақ-дәулет орнығып, мемлекеті гүлстанға айналады.

Күндердің күнінде Күнтолды онымен әңгіме-дүкен құрып отырған шағында, оның өзіне көмекші бола алатын аса білгер, ақыл-парасаты мол адам керек екендігі тілге алынады. Сонда Ұғдырмыш, сондай іске лайықты, аса әділ, өзінің жақын туысы болған Оғдүрміш деген адам бар екендігін ескертеді. Сонда патша Күнтолды, қалайда сол адамды тауып, алып келуін өтінеді. Ол оны аса көп іздеп, ақиры табады. Бірақ, Оғдүрміш бұл дүниенің қызығынан түгелдей безіп, дәуіріштік жолға түскен кезі екен. Сондықтан ол бес күндік жалғанда, күйбең тіршілікке оралғысы келмейтіндігін ескертіп, патша сарайында өзіне берілмек болған жоғары мәртебелерден, дүние-мүліктен, абырой-атақтан бас тартады. Оның бәрін қажетсіз деп біледі.

Солай болса да Күнтолды патша, өз уәзірі болған Ұғдүрмішті үш рет жұмсап, Оғдүрмішті өз сарайына әлденеше рет шақыртады. Бірақ, бір өмір тәркі дүние болған Оғдүрмыш патша сарайына келмейді. Патша үшінші рет шақыртқанда: «Ол маған қызметке емес, жәй әңгімелесуге, сұхбат жасауға келсін. Бізге өсиет. Ақыл-

кеңес айтсын» — деген ойын алға тартады. Сол үшін Оғдырмыш патша сарайына келіп, Күнтолдымен сұхбат жасайды. Бір-біріне өзара сұрақтар қойып, сұхбаттасып, бірін-бірі байытады. Дегенмен Оғдырмыш сұхбаттан соң патша сарайында қалмай, өзінің дәуіршіт дорбасын асынады да кері қайтып кетеді де, тауға қарай бет алады.

Барынша ақыл-парасаты аса мол дәуіршіт — Оғдырмыштің бұл істері Ұғдырмышті қатты ойландырады. «Ең қызығы, адам баласы қартайған шағында бұл дүниенің қызығынан безіп, арғы дүниеге бет бұруы қалай?. Одан да, өзіне берілген жұмысын өле-өлгенше атқара бермейме?» — деген ойда қалады.

Дастанның соңында Ұғдырмыш, тәркі диние болып, тау үңгірінде жатқан Оғдырмышке ат басын тіреп, арнайы барады. Ол Ұғдырмышке: «Бұл жарық дүниеде адамдар үшін адал еңбек ету сауап іс. Сондықтан да өз міндетінді бұрынғыдан да адал атқара бер» — деген кеңесін айтады. Оған Ұғдырмыш дән риза болады.

Арадан талай жылдар өткенен соң, күндердің күнінде Оғдырмыш ауыр науқасқа шалдығады да, Ұғдырмышті шақыртады. Жазылмас дертке шалдыққанын байқаған Ұғдырмыш қатты күйзеліп, қайғырады. Не амал? Оғдырмыш дүние салады. Бірақ Ұғдырмыш өзінің ел басқару ісін одан әрі жалғастыра түседі. Дастан осымен аяқталады.

Жүсіп Баласағунидің «Құдатғу білік» дастанда бастанаяқ тәлімдік-тәрбиелік идеялар өзінің шынайы шешімін тапқан. Ұлы ақын барлық нәрседен ғылымды аса жоғары қоя біледі. Шығармада оқу-білім, ғылым мәселелеріне арнайы тараулар берген. Білімнің күш-құдіретін ардақтап, ғылымды көкке көтере дәріптей түскен. Мәселен ақын:

*Парасат қайда болса, ұлылық сонда,
Білім қайда болса, биіктік сонда.*

*Өнерді азырқанба, айласы көп,
Білімді азырқанба, пайдасы көп.*

*Білім қадірін оқыған білер.
Зер қадірін тоқыған білер.*

*Қылыштан қан тамады,
Қалам мал табады.*

*Қылыш елді түзейді,
Қалам ерді түзейді.*

деген тамаша ойларды алға тартады.

Сөйтіп ақын ғылымды, ғалымды мадақтап-марапаттай келіп, ғалымның орны ылғида төрде болу керектігін ескертеді. Надан, білімсіз, қараңғы жандардың төрден алған орнының өзі, босаға сияقتанып қалатындығында ашық айтады. Мәселен ақын:

*Наданға төрден орын тисе, қор етеді,
Данышпанға босағадан орын тисе, төр етеді.*

*Екі түрлі адамды — нағыз адам деуге болады.
Бірі — үйретуші, бірі — үйренуші.*

деп, шәкірт пен ұстаз арасындағы ұлы сипаттың мәнін терең аша түседі.

Тіптен дастанда, патша ел-жұртты қылыштың күшімен, қатал тәртіп арқылы басқарса, ғалымдар күллі жұртшылықты ақыл-парасатымен, теңіздей терең білімімен басқару мүмкіндігіне ие екендігін ескертеді. Адам баласы бойындағы зұлымдық, қатыкездік, сарандық, опасыздық — бәрі-бәрі, түптеп келгенде білімсіздіктен, надандықтан туындайтын жәйттер екендігін де ашық тілге алады.

Дастанда жақсы мінез, тамаша әдеп, кішібейілділік мәселелері жан-жақты көтеріліп, оның бәрі тәлім-тәрбиеге байланысты кең қанат жайатындығында анық айтады. Әсіресе ақын, жастарды көр көкірек, қуыс кеуде болудан сақтандырады. Мәселен:

*Кісілік қымбат емес, кішілік қымбат.
Ұлық болсаң, кішік бол.*

дей отырып, өз оқырмандарын кішібейілділікке, қарапайымдылыққа жұмылдыра түседі.

Оның үстіне ақын, тіл тазалығы мен діл тазалығын биікке көтереді. Ақын өз дастанының жетінші бөлімінде, түгелдей тіл мәдениетіне, тіл әдебіне арнайды. Мәселен ақын:

*Басыңа саулық тілесен,
Тіліңе мықтап кісен сал.*

*Адамды екі нәрсе қартайтпайды
Бірі — жақсы мінез, бірі — жақсы сөз.*

*Тіл мен нәпсіні тия білген,
Қасиетті бойына жия білген.*

*Тіл босағада жатқан арыстан,
Байқамасаң басыңды жейді.*

деп, терең түйіндеулер жасайды.

Өке-шешеден дұрыс тәлім-тәрбие ала білген жан, ылғида ынсапты, мінезге бай, жаны жайсаң, жайдары болып келеді. Мал-мүлікке тоймайтын ашкөзділік, сарандық, мейрімсіздік, қатыкездік — адам баласы бойындағы жат қылықтар екенін де ашық ескертеді. Мәселен ақын:

*Жақсы менен жаман туыспас,
Түзу мен қисық жуыспас.*

*Бойың қисық болса да,
Ойың түзу болсын.*

деп, жастарды әдептілікке, кішібейілділікке баулиды.

Расында да ғұлама ақынның «Құтадғу білік» дастаны, түркі тілінде өмірге келумен бірге, жазба әдебиет әлі де болса, өз бойына бай тәжірибе жинамаған шақта жазылған. Солай болса да, өз дәуірінің тыныс-тіршілігін кеңірек сипаттаумен бірге, оның тәлімдік-тәрбиелік мәні ерекше көркем шығарма.

Тіптен, дастаннан біз Жүсіп Баласағунидің түркі тектес халықтардың ауыз әдебиеті үлгілерінен, каусар бұлақтарынан аса мол сусындағандығында анық аңғарамыз. Дастанда көрініс тапқан бас қаһармандардың есімінің өзі Күнтуды, Айтолды болып келуінің өзі, халықтың ежелгі наным-сенімдеріне орай туындағандығын да анық байқатқандай.

Жүсіп Баласағұни шын мәніндегі ойшыл ақын. Табиғаттың тамаша құбылыстарын да жандандыра, серпіле астарлай жырлап, тамаша байламдар жасайды. Мал шаруашылығына байланысты, рутайпалардың тірлік-тыныстарына орай, бейнелі сөздер мен афоризмдерді, қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді, тенеулерді де өнімді пайдалана білген.

Қорыта айтқанда, Орта ғасырдың аса көрнекті ірі ақындарының бірі — Жүсіп Баласағұни, белгілі сөз зергері болумен бірге, өрен білімге ие энциклопедист-ғалым. Әрі ірі мемлекет және қоғам қайраткері. Сондықтан да оның «Құтадғу білік» еңбегінің тарихи да, тағлымдықта мәні аса зор көркем шығарма.

МАХМҰД ҚАШҒАРИ

XI ғасырда жасап, өз соңына «Диуани лұғат-ат турк» атты, әлемге әйгілі ғылыми зерттеу еңбек қалдырған ұлы лингвист ғалымның бір егейі — Махмұд Қашқари. Ол халық ауыз әдебиеті үлгілерін жинап, хатқа түсірген, әрі оны ғылыми тұрғыдан зерттеп үйренген аса талантты ғалым. Оның үстіне ол, белгілі сахатшы да.

Махмұд Қашғари өзінің «Диуани лұғат-ат турк», яғни «Түркі тілдерінің сөздігі» деген тамаша еңбегін жазып, өз дәуірінде бірінші

болып түркі тілдерінің ғылыми грамматикасын жазу мүмкіндігіне ие болды. Дегенмен, ұлы ғұлама ғалымның бұл еңбегі түркіше-арабша түсіндірме сөздік қана емес, ол түркі тілін зерттеудегі ең алғашқы еңбек екендігімен де аса құнды дүние.

Ғұлама ғалым өзінің аталмыш еңбегінде ауыз әдебиеті үлгілерінен аса мол мағлұматтар берумен бірге, Орта ғасырдағы өлең-жырлардан, аңыз-әңгімелер мен ертегілерден, мақал-мәтелдер мен канатты сөздерден өнімді пайдаланып, көркем сөз үлгілерін ғылыми тұрғыдан зерттеулер жүргізеді. Нәтижеде, алғашқы қауым адамдарының тірлік-тыныстарынан, өмірінен, еңбек жемістерімен сана-сезімдерінен аса мол мағлұматтар береді.

Махмұд Қашғари ел арасында кеңінен тарап кеткен лақап есімі. Оның шын атты — Махмұд ибн-ул Хұсайын ибн Мұхаммаділ Қашғари. Ол кезінде Орта ғасырда мәдени орталықтардың бірі болған — Баласағұн қаласында дүниеге келген. Оның балалық, жастық шағы сол маңайдағы «Үбіл» және «Әзін» деп аталатын елді мекендерде өткен. Бірақ, күні бүгінге дейін оның қашан туылып, қашан дүниеден өткендігі жайлы анық мағлұматқа ие еіспіз. Дегенменде, кейбір деректерге сүйене отырып, ұлы ғұлама ғалымның XI ғасырдың бас кезінде дүниеге келіп, сол ғасырдың аяғына таяу өмірден өткендігіне сенім артамыз. Ал оның «Қашғари» деп аталып кетуінің бірден-бір себебі, оның ата-бабалары ертеректе Қашқардан Баласағұнға көшіп келгендіктен солай айтылып кеткен көрінеді.

Алғаш ол білімін Баласағұн мен Қашқарда алған болса, кейінірек өсіп, ержеткен соң Самарқан мен Бұхараға, Нишапур мен Марвқа, Бағдат қалаларына барып, өз білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Ғұлама ғалымның бір өмір зерттегені — түркі тектес ру-тайпалардың тіл ерекшеліктерімен әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, ауыз әдебиеті үлгілерімен өткен өмірі, тарихи тағлымдары. Нәтижеде ол, сонау Қашқардан бастап, одан бергі жағы Жетісу өңірімен Мауараннахр аралығындағы, сондай-ақ, Хорезм мен екінші жағы Римге дейінгі ұлан байтақ елді мекендерді иелеп жатқан түркі тектес ру-тайпалардың жерін аралап, елді мекендерінде болып, олардың тірлік-тыныстарын өз көзмен көреді. Олардың ауыз әдебиеті үлгілерін хатқа түсіріп, ол жайлы өз ойларын отаға салады. Ол туралы ғұлама ғалымның өзі де: «Мен түріктер, түрікмендер, оғыздар, шігілдер, яғмалар, қырғыздардың шаһарларын, қыстақ пен жайлауларын көп жылдар кезіп шықтым. Лұғаттарын жинадым, түрлі сөз қасиеттерін үйреніп, анықтап шықтым» — дейді де, одан әрі: «Мен бұл істерді тіл білмегенім үшін емес, қайта бұл тілдердегі әрбір кіші-гірім айырмашылықтарды да анықтау үшін істедім» — дейді.

Расында да, Орта ғасырдың аса көрнекті ғұлама ғалымы болған Махмұд Қашғари, тіл білімі мен әдебиетке байланысты бір жөн еңбектер жазған ұлы тұлға. Бұл ретте оның «Жавохирун-нахв фи луғотит турк», яғни «Түркі тілдерінің синтаксистік қағидалары» атты еңбегі мен «Диуани луғат-ат турк» («Түркі тілдерінің сөздігі») атты еңбектерін атай аламыз. Бірақ, ұлы ғалымның бірінші еңбегі күні бгінге дейін бізге жетіп келген емес. Ал екінші еңбегі болған «Түркі тілдерінің сөздігі» атты, 1074 жылы жазылған еңбегі ғана бізге жетіп келген.

Міне бұл енек бүгінгі тандағы түркі халықтарының бөріне ортақ ірі әдеби-мәдени мұрасы болып саналады. Онда 6 мыңнан астам төл сөз бен жеке тайпаларға қатысы бар қаншама диалекті сөздер енген.

Ғалымның бұл еңбегін шын мәніндегі энциклопедиялық туынды деп қарауға әбден болады. Өйткені онда, тек тіл мен әдебиетке қатысты ой-түйіндер ғана емес, сол дәуірдегі түрлі ру-тайпалардың қоғамдық-экономикалық жай-күйі, олардың көне тарихы мен өздеріне ғана тән әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, наным-сенімдері де өзінің шынайы шешімін таба түскен.

Дегенмен де, бұл еңбектің көшірме қолжазбасы тек XX ғасырдың бас кезінде табылғандығы да ешкімге сыр емес. Бірақ, автордың өз қолымен жазылған нұсқасынан көшірілген бір нұсқа еңбегі, дәл қазіргі таңда Стамбулдағы «Фатих» атты кітапханада сақтаулы. Бұл қолжазбаны көшірген хұснихатшының, яғни коллеграфистің аты-жөні — Әбу Бакир бин Абдульфаттах деген, биік парасат иесі болған.

Ғұлама ғалымның «Диуани луғат-ат турк» еңбегі ең алғаш рет 1915—1917 жылдары, Стамбул қаласындағы Ахмет Рифат баспасында үш том болып жарқ көрген болатын. Міне осы жылдардан бастап ғалым еңбегін мұқият зерттеу ісі, оны басқа тілдерге аудару мәселесі қолға алына бастайды. Нәтижеде, белгілі неміс ғалымы Броккельман аталмыш еңбекті неміс тіліне аударып, оны 1928 жылы Лейпциг қаласында бастырып шығарған болса, онан соң тағы бір неміс ғалымы Фриц Хаммел деген адам «Диуани луғат-ат турк» еңбегінде кездесетін мақал-мәтелдерді аударып, жеке кітап етіп неміс тілінде бастырып шығарады. Соңра, белгілі түрік ғалымы Басым Аталай, аталмыш еңбекті 1939—1941 жылдары осман түрік тіліне аударып, үш том етіп Анкара қаласында бастыру мүмкіндігіне ие болады.

Сөйтіп, ғұлама ғалымның «Диуани луғат-ат турк» еңбегін басқа тілдерге аудару, оны зерттеу мәселелеріне Кеңес дәуірінің ғұлама ғалымдары да айрықша мән бере бастайды. Бұл ретте белгілі өзбек ғалымы Сабыржан Муталибовтың 1960—1963 жылдары аралығында

өзбек тіліне аударып, Өзбекстан Ғылым Академиясының «Фан» баспасында үш том етіп бастырып шығарғандығын тілге алумен бірге, белгілі Шығыстанушы лингвист ғалымдардан Н.А. Баскаков, А.К. Боровков, В.В. Решетов сияқты т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерін атай аламыз.

Махмұд Қашғаридің «Диуани луғат-ат турк» атты еңбегінде 200 ден астам өлең, 300 ге тарта мақалдар мен мәтелдер, бір жөн қанатты сөздер мен афоризмдер орын алғандығын тілге алуға болады. Ғалымның өзі де: «Мен бұл кітапты арнайы әліппе тәртібі бойынша парасатты-ғибрат сөздер, ақ өлең үлгісімен жазылған — сажьдар, мақалдар, өлеңдер, ражаз (батырлық жырлар) және наср (проза) деп аталатын әдеби үзінділермен көркемдедім» — деп, тілге алады.

Рас, аталмыш еңбекке енген өлең-жырлардың, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздердің қай кезде, қалай жазылғанын кесіп айту қиын болғанымен, олардың мазмұнына, мәніне қарай отырып, олардың қай дәуірдің әдеби көркем шығармалары екендігін аңғару оншалық қиын емес. Мәселен: еңбекке енген өлең-жырлардың ерте дәуір туындысы, тіптен алғашқы қауым кезіндегі шығармалар екендігінде анық байқауға болады. Тіптен еңбекте, кейінгі дәуірлерде өмірге келген көркем шығармалардан да, оның тәлімдік-тәрбиелік мәнін жан-жақты аңғаруға болады. Онда ауыз әдебиеті үлгілері, табиғат тылысымдары, қар мен жаңбырдың сипаттары, жыл мерзімдерің қыс пен жаз, күз бен көктем көріністері де өзінің шынайы шешімін таба білген.

Тіптен, таудағы мүз еріген соң дала гүлденіп, гүл майсаға айланғандығы да, жап-жасыл гүл-бәйшешектер шешек атқандары да шығармасына арналы арқау, өрісті өзек болған.

Сөздікте еңбек, аңшылық тақырыбы. Адамдардың күнкөріс келбеті, тіршілік тыныстары да, құс салу, киік аулау, асауларды үйрету мәселелері де сөз болады. Оның үстіне, бұл еңбекте тұрмыс-салт жырларының алуан түрлерінде кездестіруге болады. Әсіресе онда жоқтау, жұбату өлеңдері де аса мол. Ел үшін ерен еңбек еткен батырлар мен аяулы азаматтарын жоқтап, олардың ерлік істерін дәріптеу, шексіз батырлығын айтып жоқтау мәселелері де өз шешімін таба түскен. Бұл орайда Алып Ер Тонға өлгенде айтылған жоқтау өлеңді еске алуға болады.

Махмұт Қашғаридың «Диуни луғат ат-турк» атты еңбегінде мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің саналуан түрлерін аңғару да оншалық қиын емес. Мәселен:

*Кеңесті іс келісе береді,
Кеңессіз іс кері кетеді.*

*Құс қанатымен,
Ер атымен.*

*Көрікті тоның өзіңе болсын,
Шырын асың өзгеге болсын.*

*Алымшы — арыстан,
Берімші — тышқан.*

*Кісі аласы ішінде,
Жылқы аласы сыртында.
Ұлық болсаң, кішік бол.*

Инген ыңранса, бота боздайды.

деген сияқты өмірлік мәні мақал-мәтелдер мен қанатты сөздер аса мол орын алған.

Тіптен, ұлы ғұламаның сөздігінде берілген бір жөн өлең үзінділерінде қазақ халқының жер су аттары да кездесіп отырады. Мәселен:

*Елдің суы ағады,
Дарияға құяды.
Жайықты жайлап,
Ұлыстар малын бағады.*

десе, тағы бір өлең жолдарында:

*Ойларға қақ тұрады,
Көлшік болып қалады.
Балық пенен бақалар,
Өсіп-өніп көп болады.*

дейді.

Қорыта айтқанда, Махмұд Қашғаридің «Диуани лұғат ат-турк», яғни «Түркі тілдерінің сөздігі» атты еңбегі күллі түркі халықтарының бәріне отақ, аса құнды еңбек. Онда тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие мақалдар мен мәтелдер, қанатты сөздер мен афоризмдер аса мол орын алу мен бірге, «Қыс пен жаздың айтысы» да көрініс тапқан. Бұл еңбекте тәлімдік-тәрбиелік мәселелер кең көрініс табумен бірге, ауыз әдебиетінің алуан түрлері үлгілері де аса мол қамтыған. Сондықтан да ол бүкіл түркі халықтарының асыл қазынасы, мол байлығы. Оның үстіне, әдеби, тарихи, этнографиялық, тілдік мәні тұрғысынан теңдесі жоқ, аса қымбат лингвистикалық кең тынысты, кемел дүние.

АХМЕД ИҮГІНЕКИ

XII ғасырдың орта шенімен XIII ғасырдың бас кезінде жасаған аса талантты ақын, әрі ғұлама ғалымдардың бірі — Ахмед Иүгінеки. Оның есімі бүкіл Қарахан мемлекеті түркілерінің арасына кең тараған аса машһүр ғұлама ғалымдардың бір егейі десек, ол артық айтқандық бола қоймас. Өйткені кезінде оның «Ақындардың ақыны, даналардың көш басы» — деп, еркеше құрметпен бекерге тілге алмаған болар. Тіптен оның «Гауһардан сөз теретін, ғұлама ақын» — дей отырып, одан әрі: «Одан ешкім озбаған» деген ойларды алға тарту, кездейсоқ айтылы салған бос сөздер емес, ол бірден-бір шынайы шындық.

Кейбір тарихи деректерге қарағанда Ахмед Иүгінеки, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысына қарасты Түркістан ауданындағы Жүйенек деген елді мекенде дүниеге келген көрінеді. Одан бізге жеткен бір ғана еңбегі «Хибатул-хақайық», яғни «Ақиқат сиы», немес «Шындық сиы» атты әйгілі дастаны ғана.

Дастан негізінен Орта ғасырдағы түркі тектес ру-тайпалардың бәріне түсінікті тілмен жазылған көркем шығарма. Аталмыш көркем шығарманың аты «Хибатул-хақайық» деп, арабша аталғанымен, ол негізінен Қараханид түркілері тілінде жазылған көркем туынды.

Бірақ, Ахмет Иүгінекидің өмірімен ақындығы жайлы мағлұмат, тіптен жоқтың қасы. Дегенмен ақын өзінің дастанында өзі туралы бір жөн деректер бере кеткен. Орайы келгенде бір айта кетерлік жәйт, оның еңбегін көшірген кейбір хуснихатшылар, яғни каллиграфистер, Ахмет Иүгінеки жайлы бір жөн мәліметтерді өз жандарынан қосы жазғандықтары да анық аңғарылады. Мәселен: еңбектің XV ғасырда көшірілген ең алғашқы нұсқасының бірінде ол жайлы мынандай бір өлең жолдары келтірілген.

*Әкесінің аты — Махмуд Иүгінеки,
Әдіб (қаламгер) Ахмед оның ұлы екеніне шүбә жоқ.*

десе, тағы бір өлең жолдарында:

*Әдіптің (туылған) жері — Жүйенек деп аталады,
Ауасы сондай ғажайып, таза, көңілді сергітін жібереді.*

дейді.

Міне осы өлең жолдарынан біз ақынның есімі Ахмед екенін, ал әкесінің аты Махмұд екендігін, оның Жүйенекте туылғандығын анық аңғарамыз.

Кейбір деректерде ұлы ақын анадан туылғанда екі көзі бірдей соқыр болып өмірге келген деседі. Ақын еңбегінің қолжазба нұсқасы-

ның алғашқы табылуы жайлы ойды, белгілі түрік ғалымы Нәжіп Асым 1906 жылы айтқан болатын. Бірақ бізге ақын еңбегінің бірнеше нұсқасы жетіп келген. Оның ең алғашқы, әрі толық нұсқасы «Самарқан нұсқасы» делінеді. Ол Стамбул қаласындағы Сафия-Айя кітапханасында сақтаулы. Бұл нұсқаны Зейнул-Абидин Джураний деген адам 1444 жылы Самарқан қаласында ұйғыр әрпімен көшірген екен. Соңыра, 1480 жылы көшірген Шейх-заде Әбдіразақ бақшы дегеннің қолжазба нұсқасын, Нәжіп Асым түрік тіліне аударып, 1916 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарады.

Сондай-ақ, ұлы ақынның араб әрпімен көшірілген еңбегінің тағы бір нұсқасы, бүгінгі таңда Берлиндегі қалалық кітапханады сақтаулы.

«Хибатул-хакайық» дастанының барлық нұсқаларын өзара салыстырып, оның толық текстің белгілі түрік ғалымы Рашид Арат Рахмат деген адам, 1951 жылы оны латын тіліне аударып бастырып шығарады.

Дегенмен, Кеңес дәуірінде аталмыш еңбек жайлы өз ойларын ортаға салып, бір жөн зерттеулер жүргізген Е.Ә. Бертельс, С.Е. Малов, Қ. Махмудов сияқты т.б. ғалымдар еңбегін ерекше қуанышпен тілге аламыз. Кезінде бұл еңбекті зерттеу ісіне В.В. Радлов, Т. Ковалевский, Ж. Дени сияқты т.б. ғалымдар да өз үлестерін қосқан болатын.

Ғұлама ғалымның «Ақиқат сиы» дастанының негізгі идеясы — «Адам баласы қалай өмір сүруі керек? деген ойды алға тарта отырып, ақын оған өзінше жауап іздеп, өз ойларын ортаға салады. Сөйтіп, тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор ойларды алға тарта отырып, өз оқырмандарына ақыл-өсиет, кеңес айтады.

Дастанда ең алғаш Алла мен Мұхаммед пайғамбарымызды, оның төрт сахабасы болған Әбу Бәкір әс-Сыддық пен Омар, Оспанды, Әзіреті Әліні мадқтап-марапаттап, ерекше дәріптейді. Әрі ол бұл дастанын Ыспаһа деген бекке арнап жазғандығында тілге алады. «Ақиқат сиы» дастанында білімнің пайдасы мен надандықтың зиянын ашық айтады. Мәселен ақын:

*Айтайын білім жайын, құнты бол,
Ей достым, білімдіге ынтызар бол.
Ашылар білімменен бақыт жолы,
Білім ал жолға түсіп бақыт толы.*

*Білімді — алтын көзі ашылатын,
Надан жан - қара бақыр шашылатын.
Білімсіз тең бола ма білімдімен,
Азамат — білікті әйел, ез — ер қатын.*

*Сүйекте жілік болар, ерде — білік,
Ақыл ғой ердің көркі, етте — жілік.
Жіліксіз ет секілді білімсіздік,
Қол созбас сүйексізге бұл тіршілік.*

деген тамаша ойларды алға тартады.

Ақын өзінің «Ақиқат сиы» атты еңбегінде одан әрі «Тіл жайында», «Тілді тыйып ұстау-әдептілік шарты», «Жомарттық пен сарандық жайында», «Дүниенің өзгеріп тұратындығы жайында», «Игі мінез бен жарамсыз қылық жайында» деген сияқты өмірдің өзекті мәселелерін көтереді.

Тіптен ақын, өз дастанының соңында адам баласы бойында кең өріс алуы қажет болған игі қасиеттерді де тілге ала келіп, оқырман жұрышылыққа қарата:

*Ахмет әдиб — атым, үлгі — сөзім.
Қалады мұнда сөзім, кетем өзім.
Күз келер, жаз да өтер, өмір де өтер,
Сонымен жұмылар соң екі көзім.*

дейді де, одан әрі:

*Ей достым, жаздым кітап түркішелеп,
Мейлің сөк, мейлің қала ерекше елеп.
Артымда ат қалсын деп жаздым мұны,
Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп.*

дейді ақын, шындық бетін шынайы аша түсіп.

Рас, ақынның «Ақиқат сиы» дастанында негізгі көтерілген бірегей мәселенің бірі — оқу-ағарту, білім, тәлім-тәрбие мәселесі. Дінде қарадүрсінділік белең алып тұрған қара түнек заманда, оқу-білімді, ғалым адамдарды көкке көтере дәріптеп, марапаттайды. Адам баласының көкірек көзін ашатын, ойға бөлеп, сана-сезімін оятатын жандар, ол нағыз білімді, аса сауатты адамдар деп ұғындырады. Мәселен ақын:

*Білікті білім жинап кәсіп етер,
Білімнің дәмін татып өсіп өтер.
Білдірер білім елге білім сырын,
Біліксіз білімді аттап, бөсіп өтер.*

деп, білімді мен білімсіз арасындағы айырмашылықтарды дәп басып, оны өрнекті өлең жолдарында әдемі жеткізеді.

Шынында да Ахмед Иүгінекейдің «Ақиқат сыйы» атты дастаны, шын мәніндегі тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор көркем шығарма. Онда негізінен адам баласының мінез-құлқы, пайым-парасаты,

адамгершілік қасиеттері, этика, әдеп мәселелері жан-жақты өзінің шынайы шешімін тапқан.

Ақынның пайымдауынша әдептіліктің ең басты шарты-тілге сақ болу деп ұғындырады. Өйткені ақын:

*Білімдіден қалған бір сөз тағы бар:
Әдептіге «үндемес» ат тағылар.
Тіліңді тый сонда тісің сынбайды,
Жөнсіз шыққан тілден тісің қағылар.*

*Сөз есепсіз — тіліңді тый, тарт, ұста,
Тыймаған тіл басыңа сор әр тұста.
Есепті сөз — ер сөзінің асылы,
Мылжың тілді «жау» — деп ұғын тартыста.*

*Ақылды ма көп сөйлеген күбіне,
Талай бастың тілі жетті түбіне.
Оқ жарасы жазылады, бірақ та,
Тіл жарасы жазылмайды — түбінде.*

дейді ақын, тілдің мәні мен мазмұнын ұғындыра түсіп.

Ақын поэмасында тағы бір ерекше көзге түсерлік жәйт — әділдік пен шындықты шыңғырта айту мәселесі. Шын сөзді — балға балай отырып, оның жанға жайлы, дертке шипа болатындығын да шебер жеткізеді. Оның үстіне ақын, сыр сақтай білу, құпияны ешкімге айтпау, ауызға абай болу мәселелерін көтере отырып, жомраттық пен сарандық жайын да жан-жақты жыр жолына қосады. Мәселен ақын:

*Өмірде жақсы мінез — «жомарт» деген,
Жаман ат — «сараң», тәуір сөз ермеген.
Берген қол бәрінен де құтты болар,
Сол жаман — ала біліп, түк бермеген.*

*Жазылмас сараң — ауру емдегенде,
Қарысар қолы тастай «бер?» — дегенде.
Көзінің сұғы тоймай тіміскілеп,
Болады малдың құлы ерлегенде.*

деп, тамаша байлам жасайды.

Рас ақын, адам баласы бойындағы сарандық пен жомарттықтың сырларын жан-жақты аша келіп, өр көкіректікті, тәккәппарлықты қатты сын астына алады. Оны адам баласы бойындағы ең жаман қасиет ретінде таниды. Қарапайымдылықты, кішібейілділікті, адал-

дықты, пәктікті киелі қасиет ретінде бағалай келіп, оны биікке көтере дәріптейді.

Қорыта айтқанда, Ахмед Иүгінекидің «Ақиқат сыйы» атты дастаны, Қараханидтер мемлекетінде жасаған түркі ру-тайларының тілінде өмірге келген, тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор көркем шығарма. Оның идеялық-тақырыптық бағытына сай композициялық құрылысы да аса тартымды, өз оқырмандарын пәктік пен адалдыққа, жақсы мінез бен биік парасатқа жұмылдыра түсетін кең тынысты, кемел дастан.

ХІІІ—ХІV ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ

ТАРИХИ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙ

Бұл кезде монғолдардың шапқыншылығына байланысты Орта Азия мен Қазақстанның экономикасы мен мәдениеті тым құлдырап кетеді. Нәтижеде, кең жазықтықтағы өлкелерде талай-талай өндіргіш күштері қиратылып, мәдени қазыналар жойылып, жайқалған егістік алқаптар өртеліп, бейбіт ел өмірінде үлкен қолайсыздықтар белең алған кезең болатын.

Жергілікті қарапайым еңбек адамдары өз жерін, өз елін қорғау үшін Шыңғыс хан әскерлеріне қарсы әлденеше рет аттанып, өз бостандығы жолында қарсы күреседі. Әсіресе, Отырар қаласының басшысы болған Ғайыр хан, не бәрі жиырма мыңдай ғана әскерімен алты ай бойы шайқасып, монғол аристократтарының басқыншылығына қарсы күресе түседі. Сондықтан да Шағатай мен Үгедейдің ләшкерлері қалалар мен қамалдарды қиратып, жергілікті халықтың берекесін әбден ала бастайды. Оның үстіне, Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы, Сығанақ қаласын қоршап алып, жеті күн бойы дүркін-дүркін шабуыл жасап отырады. Тіптен олар Үзкент, Баршынкент, Жент қалаларын қоршап алып, ол елді мекендегі халықты тонап, зар еңретіп, сәулетті сарайларын қиратады.

Кезінде қыпшақ даласына өз үстемдігін жүргізген Шыңғыс ханның үлкен баласы Жошы, дербес мемлекет құруды мақсат етеді. Дегенмен, 1227 жылы кенеттен қайтыс болуына байланысты, оның бұл ойы іске аспай қалды. Ол өлген соң Жошы ұлысын оның баласы Батый билей бастайды. Ол сонау Алтай тауынан бастап, Дұнай өзеніне дейінгі аралықтағы елді мекендерге өз билігін жүргізеді.

Міне ол тарихта «Алтын Орда мемлекеті» деп аталады. Ол келекеле Күші Азия, Қытай, Үндістан, Мысыр, Батыс Европа елдерімен экономикалық және мәден қарым-қатынастар жасай бастайды. Нәтижеде, Алтын Орда мемлекетінде Батый, Берке сарайларымен Хорезм, Сығанақ, Үргеніш сияқты кенттер өмірге келіп, олар да қолөнер кәсібі, сәулетшілік, зергерлік, өнер, ғылым, әдебиет пен мәдениет бір шама кең өріс алады. Оның астанасы ХІІІ ғасырдың

орта шенінен бастап, XV ғасырдың аяғына дейін Еділ өзені сағасындағы Сарайшық қаласы болады.

Сөйтіп, Алтын Орда мемлекетінің күш-қуаты, беделі — Батый, Берке, Мөңке-Темір, Туда - Мөңке, Төле-Бұқа, Токты, Өзбек секілді хандар тұсында кең өріс ала түседі. Дегенмен, феодалдық қатынастар өркен жайған сайын ел басқару ісіне таласу, күрес-тартыстар, өзара қақтығыстар дендей түседі. Сондықтан да Алтын Орда мемлекеті дәуіріндегі әдеби мұралар онша көп сақталмағандықтан, олардың бірен-сарандары ғана бізге жетіп келген. Бұл орайда — Сайф Сарайдың «Гүлистан», Хорземидің «Мұхаббат-нама», Құтбтың «Хұсырау — Шырын», Дүрбек, Лутфий, Атаи сияқты т.б. ақын-қаламгерлердің шығармаларымен бірге, Рабуғазидің «Қисса-сул әнбия», сондай-ақ, «Кодекс-куманикус», яғни «Қыпшақ тілінің сөздігі» секілді еңбектерді ғана атай аламыз.

Әрі, тарихи тақырыптарда жазылған Мұхаммед Салихтың «Шайбани-наме», Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарихи-и Рашиди», Усман Кухистанидың «Тарихи-и Әбіл-хайыр ханы», Әбілғазидың «Шежіре-и тур», Бабырдың «Бабырнама» сияқты т.б. шежірелерді еске алуға болады.

РАБУҒАЗИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

«Қисса-сул әнбия» негізінен Рабуғазидің діни-мистикалық сарында жазған прозалық, поэтикалық көркем шығармасы. Кейде оны «Қисса-и Рабуғазидің» деп те тілге алады. Онда әулие-әнибилер жайы жан-жақты сөз болады да, пайғамбарлар жөнінде де бір жөн аңыз-әңгімелер, қисса-хикаялар өз орнын тапқан.

Бұл еңбек алғаш рет 1914 жылы Қазан қаласында «Қисса-сул әнбия» деген атпен жарық көрген болса, кейінірек Ташкент қаласында бернеше рет кітап болып басылып шығады.

Дегенмен бұл еңбекте дін, тариғат-шариғат мәселесі ғана кең көтеріліп қалмастан, онда сонымен бірге кезінде түркі тектес ру-тайпалар арасында кең тараған аңыз-әңгімелер, қиял-ғажайып ертегілер, кейбір хасса-дастандар мен бір жөн өлең-жырлар, мақал - мәтелдер мен қанатты сөздер де кездесіп отырады.

«Қисса-сул әнбия» да көтерілген мәселерді негізінен үш топқа бөліп назар аударуға болады. **Біріншіден** онда — Адам ата, жер, көк, жын-шайтан, от, топырақ, хайуанат жайында сөз қозғалса, **екіншіден** онда әулие-әнибилер, пайғамбарлар мен оның сахабалары, олардың өмір жолдары, іс-әрекеттері жайындағы ертектер, аңыз-әңгімелер енген. Ал **үшіншіден**, мұсылман жыл санауының алғашқы он жылы ішінде болған тарихи оқиғаларды, жыл, ай, күн атарын атай отырып, бір жөн назым өлеңдерді енгізген.

Мәселен шығармада Дәуіт, Мұса, Сұлеймен сияқты т.б. пайғамбарлар әулие, көріпкел ретінде ғана тілге алынып қоймастан, олардың кейбіреулерін ел билеген әділ патша ретінде де сөз етеді. Оны біз Дәуіт пайғамбарды күндіз ел басқарған патша ретінде айтып, кешкілік оның диуана-дәруіш киімін киіп алып, ел аралағандығы, сөйтіп халықтың жағдайымен танысу сырларын ұғынамыз. Ол дәруіш киімін киіп алып, халық арасында жүргенде олардан: «Ел басқарған әкімдерде зорлық-зомбылық, әділетсіздік барма, жоқ па?» — деп сұрауы, оқырмандарға үлкен ой салады.

Күндердің күнінде Дәуіт пайғамбар өзінің патшалығы туралы сұрап: «Патшаларың қалай?» — деген де, оған қарапайым халқын «Патшамыз Дәуіт жақсы адам, бірақ жұрттың ақысын жейді» — деген екен. Міне сол күннен бастап Дәуіт патшалықтан бас тартып, темір соғушы-ұста болып кеткен деседі. Сөйтіп, бұл шығарасында Рабуғазы адамдарды, патшаларды ынсапқа, әділдікке, пайым-парасатқа жұмылдыра түседі.

«Қисса-сул әнбия» да Дәуіт жайлы тағы бір аңыз-әңгіме бар. Ол өз еліндегі бір адамның асқан сұлу әйелін көріпті де, соған ғашық болып қалыпты. Сол әйелді алу үшін Дәуіт, оның күйеуін дереу соғысқа аттандырыпты. Дәл сол күні патша Дәуітке арыз айтып, екі ағалы-інілі адам келіпті. Сонда інісі: «Ағамның тоқсан тоғыз қойы бар. Солай бола тұрса да, менің жалғыз қойымды тартып алмақшы» — депті. Сонда Дәуіт патша қатты ашуланып: «Бұл недеген масқаралық, недеген әділетсіздік!» — деп, әлігі адамға дүрсе қоя беріпті. Сонда әлігі адам аспай-саспай, жәйімен ғана: «Несі бар тақсыр! Сіздің тоқсан тоғыз әйеліңіз бар екендігін күллі жұрт жақсы біледі. Солай болса да, біреудің жалғыз әйелін тартып алмақшы ойыңыз бар. Сонда бұл қалай? Әділдікпе?, әлде зорлық па?» — деген де, Дәуіт пайғамбар өз қателігін дұрыс түсініп, біреудің жалғыз әйеліне сұқтана қарауын қойған екен. Міне мұнда адамдарды ынсапқа шақыра отырып, барлық мәселе әділдікте деген ойды алға тартады.

Рабуғазидің «Қисса-сул әнбия» атты еңбегінде Мұса пайғамбар жайлы да бір жөн аңыз-әңгімелер енгізілген. Мәселен оның аса құнды, тым киелі аса таяғы бар екен. Оны қай жерге шанышса, сол жер көк майсаға, бау-бақшаға айналып, түрлене түседі. Кейде оның аса таяғы не-не асау дариялар да көпірлік қызметін де атқара салады екен. Тіптен, қарсы келген жауларға айдаһар болып шыға келеді де, жаудың бетін кері қайтаратын боп тілге алынады.

Оның үстіне, бұл көркем туындыға енген Ануқ жайлы аңыз - әңгімеде енген. Мәселен: оның екі аяғының арасы бір күншілік жол екен. Тіптен, дариядан таудай балықтарды қолымен ұстап алады екен де, оны қолымен ұстаған бойда аспанға созып, күннің

ыстығына пісіріп жейді екен. Дариядан су ішуге барғанда, оның бір аяғы дарияның бір жағалауында тұрса, екінші аяғы дарияның екінші жағалауында тұрады екен. Ол өмірден солай өткен де деседі.

Сондай-ақ, «Қисса-сул әнбия» атты еңбекте Байғыз құс туралы да аңыз-әңгіме бар. Онда біреу Байғыз құстан: «Неге сен үнемі ел жоқ, адам жоқ, ескі жұртта, қираған елді мекенде жүресін? Мұның мәнісі не?» — деп, сұрағанда ол: «Мен, адам баласының қатыгездігімен зұлымдығынан қорқамын. Гүл жайнаған шаһарларды да күл-талқан ететіндер де осы адамдар. Солардың зұлымдығын, қатыгездігін, зорлық-зомбылығын естен шығармау үшін да — осындай ескі жұрттарды мекен етемін» — деп, жауап берген екен деседі.

Міне сөйтіп, Насраддин Рабуғазидің «Қисса-сул әнбия» еңбегінде діни аңыз-әңгімелермен бірге, ауыз әдебиетінің тамаша үлгілері, адамдарды ынсапқа, әділділік пен береке, бірлікке үндейтін, зорлық пен зомбылықты, қатыгездік пен зұлымдықты сын астына алатын көркем туынды екендігімен де құнды шығарма.

«ҚЫПШАҚ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ» ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

XIII—XV ғасыр аралығында Алтын Орда мемлекеті бүкіл қыпшақ даласында, Орта Азия мен Шығыс Еуропаның быраз жерлерінде өз үстемдіктерін кең өріс алдырады. Сөйтіп, өз биліктерін жүргізіп тұрған кездерінде қыпшақ тілі дами түсіп, үстем тілге айналған болатын. Нәтижеде, сонау Жоңғар қақпасынан бастап, Дунай өзеніне дейінгі аралықтардағы елі мекендерде жасаған халықтар қыпшақ тілін жете меңгеріп, сол тілде сөйлеп, қарым-қатынас жасаған. Тіптен, осы бір кезендер де Еуропа өңірінен қыпшақ даласына келетін, сөйтіп Дешті қыпшақ арқылы Азия елдеріне барып сауда-саттық жасайтындар, саяхатшылар, елшілер мен әскер адамдар да қыпшақ тілін игеруге, білуге міндетті болған.

Сондықтан да, Батыс Еуропа жұртшылығы қыпшақтарды «Кумандар» деп тілге алған болса, орыстар қыпшақтарды «Половецтер» деп, кей ретте «Печенгтер» деп те атаған. Бірақ ол кезде, Еуропа елдерінде латын тілі өз үстемдігін жүргізген болса, ислам діні кең өріс алған Азия елдерінде парсы тілі ресми, әрі әдеби тіл ролын атқарған болатын.

Міне осы кезде «Кодекус-куманикус» өмірге келу мүмкіндігіне ие болады. Ол негізінен латын сөзі болып «Қыпшақ тілінің сөздігі», немесе «Қыпшақ тілі туралы жинақ» деген мағына береді.

Сөздік негізінен екі бөлімнен тұрады. Еңбектің бірінші бөлімінде, үш бағана етіп жазылған латынша, парысша, куманша сөздіктер

берілгендігін анық аңғарамыз. Олай берудің ғылыми да, практикалық та мәні аса зор. Өйткені қыпшақ даласына келетін латын тілін білгендер үшін да, парыс тілін білгендер үшін да аса қолайлықтар тудырыу үшін, әдейі солай жасаған.

Ал «Қыпшақ тілі сөздігінің» екінші бөлімінде әр түрлі аңыз-әңгімелер мен ертегілер орын алған. Онда христиан діні жайлы мол мағлұматтар, өсиет сөздер, хиристостың өмірі, Марияның әулиелігі жайлы да аңыз-әңгімелер аса мол кездеседі.

Қазіргі таңда бұл еңбектің түпнұсқа-қолжазбасы Италияның Венеция қаласында орналасқан әулие Марк шіркеуінің кітапханасында сақтаулы. Оның бірінші бөлімін алғаш рет француз тіліне аударып, 1828 жылы Генрих Юлий Клапрот Парижда бастырып шығарған болса, белгілі ориенталист ғалым Г. Кун, қолжазбаның екі бөлімін де латын тіліне аударып, 1880 жылы Будапешт қаласында бастырып шығарады. Кейіншелік бұл еңбек 1884 жылы В. Радлов неміс тіліне аударып Санкт-Петербургте бастырып шығарса, аса талантты Дания ғалымы К. Гренбек қолжазбаның түпнұсқасын аударып, 1936 жылы жеке кітап етіп бастырады.

Оны тұңғыш рет қазақ тілі тұрғысынан жүйелі зерттеулер жүргізіп, талдаулар жасаған Әбжан Құрышжанов деген қазақ ғалымы болды. Ол еңбекте қазақ әдеби тілінде жиы қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері аса мол екендігіне көз жеткізеді. Онда «А» әрпімен басталатын «Ат», «Ата ұлы», «Азамат», «Ай басы», «Айна», «Ақ қой», «Ақ», «Айыл» сөздердің кездесетіндігін анықтай түскен болатын.

Аталмыш еңбектің екінші бөлімінде сан алуан жұмбақтар, өлең-жырлар, діни кітаптардан әр түрлі үзінділер бар екендігін де тілге алған. Мәселен:

Ішер, жер, ініне кірер — (пышақ).

Буы бар да, ізі жоқ — (кеме)

Аузын ашса, өңмені көрінеді — (үй ортасындағы от)

Ұзын ағаш басында,

Ұлы бітіс бітірдім — (көсеу).

Ақ үй, аузы мұрны жоқ үй — (жұмыртқа).

Ерта тұрдым, алып ұрдым — (есік).

сияқты т.б. жұмбақтарды ескеруге болады.

Қорыта айтқанда, Алтын Орда дәуіріндегі әдебиетіміз тарихында ерекше орын иелейтін «Кодекус-қуманикус», яғни «Қыпшақ тілінің сөздігі» XI—XIII ғасыр аралығында жазылған, сол кездердегі қып-

шақ тілі мет әдебиетін жүйелі зерттеу үшін аса мол мағлұматтар беретін жаза ескерткіштердің бірі деуге болады.

ХОРЕЗМИДІҢ АҚЫНДЫҒЫ

Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің дамуыны бір жөн үлес қосқан талантты ақындардың бірі — Хорезми. Ақынның өмірі, шығармашылығы жайлы мағлұмат бізге жетіп келген емес. Тіптен, оның шын аты-жөні, кім екендігі жайлы да анық мағлұматқа ие емеспіз. Хорезми — оның халық арасына кең тарап кеткен лақап ісімі. Тек, кейбір тарихи деректер де ғана оның Алтын Орда мемлекетінің ханы — Жәнібек тұсында өмір сүргендігін аңғарамыз. Әрі, Жаныбектің Сыр бойында жасаған әкімдерінің бірі — Мұхамед Қожабектің тапсыруы бойынша, ол өзінің «Мұхаббат-нама» дастанын 1353 жылы жазғандығын байқаймыз. Аталмыш дастанды Хорезми жазғанынан кейін, яғни 80 жыл өткеннен соң ғана, 1432 жылы ұйғыр әрпімен көшірілген көрінеді.

Бұл дастанның екі қолжазба нұсқасы бізге жетіп келген. Олар күні бүгінге дейін Лондондағы Британия музейінде сақтаулы. Нәтижеде, бұл қолжазбалардың фото көшірмесін 1952 жылы Кеңес дәуіріндегі СССР Ғылым Академиясына қарасты Азия халықтары институты көшіртіп алдырады. Оның үстіне, бұл еңбектің араб әрпімен жазлған нұсқасы, арадан 166 жыл өткеннен соң, 1509 жылы көшірілген екен.

Араб жазуында жазылған нұсқа, ұйғыр жазуындағы нұсқадан 77 жыл кейін көшірілген болса да, ол аса толық, әрі мол мағлұматтар береді. Қолжазбаның ұйғыр әрпімен жазылған нұсқасын белгілі Кеңес дәуірінің аса талантты ғалымы А.М. Щербак тілдік тұрғыдан зерттеген болса, жалпы «Мұхаббатнама» дастанын алғаш рет зерттеп, ғылым сарабына салған ғалым А.Н. Смайлович болатын.

Аталмыш еңбектің екі нұсқасын да өзара салыстыра назар аударып, соңра араб әрпімен жазылған нұсқаны қазіргі әріпке транскрипция жасап, орыс тіліне аударған белгілі түрколог ғалым Әмир Наджип деген адам болды. Бұл еңбекті Салық Қасимов, Вали Валиходжаев, Натан Маллаев секілді өзбек ғалымдары да зерттеп, өз ойларын ортыға сала білді.

Араб әрпімен жазылған нұсқа 11 хат, 473 бәйттен құралған. Өзінің сүйген қызына жазған жігіттің он бір хаты шығармаға арналы арқау, өрісті өзек болған. Олардың ішінде 4, 8, 11-хаттары тек парыс тілінде жазылған. Ал басқалары Алтын Орда түріктерінің бәріне бірдей түсінікті — 317 бәйті шағатай тілінде жазылған болса, 156 бәйті парыс-тәжік тілінде жазылғандығын анық аңғарамыз.

Ақынның өзі де дастанының «Кіріспесін» де: «Мен де ұлы тәңірге жалбарынып, «Мұхаббат-наманы жаздым» — деген ойды алға тартады. Дастанды сол кездегі дәстүрге байланысты, алғаш бүкіл әлемді жаратқан Аллаға сиынса, онан соң пайғамбарлар мен сахабаларға дәріптеу сөздерін айтады. Онан соң ғана дастанның жазылу себаптеріне ой көзін қадайды.

Алтын Орда ханы Жәнібектің Сыр өңірі әкімдерінің бірі болған Мұхаммед Қожабектің тапсырмасы бойынша жазғандығын:

*Мейрам кешінде, аспанда ай көрінгенде,
Мұхаммед Қожабек — мемлекет әміршісі:
«Төбеге шатыр тігілсін» деп әмір етті.
Шарап әкелді, мәжіліс құрылды.
Асап пернесін «Хұсайын» сазына келтіріп,
Әнші осы ғазалды әуендетіп айтты.
... Ол (Мұхаммед Қожабек) күлімсіреп сөйлей:
«Ақыным, бізге лайықты тарту жаса», — деді.
«— Тілегім, өз тілімізде жыр жазсаң,
Ол кітабыңды осы қыста, жанымда жүріп жазсаң».
Тілегін қабылдадым. Жер сүйіп айттым
Ей шах, сенің босағаңда болу — мен үшін бақыт.*

Онан соң ақын өз дастанында әкім Мұхаммед Қожабекті одан әрі таныстырады. Әсіресе ол өз дастанының «Кіріспесі» мен «Қортынды» бөлімінде Қожабекті көбірек тілге алады. Оны аса батыр, текті жерден шыққан мырза, көреген, жаны жомарт, аса сұлу адам ретінде ерекше мақтап-марапаттайды.

Оның үстіне Қожабектің Қонрат руынан шыққандығы, Жәнібек хан мен көңілдері жақын екендігін де тілге ала сөйлейді. Ал дастанның басқа жерлерінде ол туралы ешнәрсе айтпайды.

Ақын өз дастанның негізгі бөлімінде бір жігіттің сүйген сұлу қызына деген саф махаббатын, інкәрлік көңілін күйін айта отырып, оны Айға, Күнге балайды. Тіптен, ондай сұлу жер дүниеде жоқ деп, оның аса тамаша бейнесін жасауға ұмтылады. Өз сүйгені жолында ешнәрседен қаймықпайтындығын да сездіреді. Тіптен жігіт «Сүйіктім қасымда болсаң, жұмақтың маған керегі жоқ» деген ойды алға тартады. Мәселен ол:

*Мың қор қызы — сенің бір тал шашыңа жетпес,
Жүзіңнің жарқ еткен бір нұрына мың нұр жетпес.
Егер Тәңір тілегімді қабыл етсе,
Сенсіз маған жұмақтың қажеті жоқ.*

дей келе, одан әрі жігіт:

*Сен жоқ жерде кісінің жаны бола ма?!
Сен жоқ жерде өмірдің сәні бола ма?!*

деп, тіл қатады.

Оның үстіне, жігіт қызға жазған бірінші хатының өзінде-ақ:

*Сұлулық әлемнің патшасы өзін,
Көркіңмен күлі әлемді жеңіп алдың.
Наз күлкің де шекер ұялар,
Инжудай тісің де гауһар ұялар.*

дейді, емірене үн қатып.

Тіптен ақын, қыздың аса тамаша сұлулығынан ұялған Күн де, өз-өзінен не істерін білмей, кей ретте абыржып, түн бойы өз бетіне перде жамылып жатады деген ойды алға тартады.

Дастанда қыз асқан сұлу ғана емес, оның ақыл-парасаты, тіптен Аплотынды да қайран қалдыратын асқан данышпан ретінде сипаттайды. Әрі ол өз сүйгеніне барынша адал, пәк сезімді, аса инабаты жан ретінде тілге алынады. Сөйте отырып ақын, зұлымдықты, опасыздықты, әдепсіздікті, надандықты қатты сын астына ала түседі.

Өзінің ғашықтық дертіне ем таппаған жігіт, жырақта жүрсе де, қыздың бақытты болуын арман етеді. Нәтижеде жігіт, өз махаббатына берік, қыз бен бір жола қоштасса да, өз сүйіктісінен ешқашан айнымайтындығын де тілге алады. Тек, қыздың өмірден өз орнын тауып, бақытты болуын ғана қалайды. Сондықтан да дастанның негізгі қаһарманы, аңыз-әңгімелердегі, ертектегі кейіпкерлерді еске түсіреді. Әрі дастанда қоғамда көрініс табатын кейбір көкейтесті мәселелер де көтеріледі. Мәселен оны ақын:

Егер өзің көңілді болсаң, қайғылы жанға қарайлас,
Егер сен бек-сұлтан болсаң, кедей жанға қарайлас.

деген тамаша ойларды да алға тартады.

Қорыта айтқанда, ақын өз дастанында қыз бен жігіттің өзара ғашықтары туралы терең ойлар айта келіп, сол арқылы өзінің өмірге деген көзқарастарын анық аңғартады. Сөйтіп ақын, гуманистік ой-пікірлерін оқырман жұртшылыққа әдемі жеткізеді. Шынайы сүйіспеншіліктің мәнін жан-жақты жырлай отырып, өзі өмір сүрген дәуірдің кейбір кемшіліктерін де сын астына алады.

Оның үстіне ақын, сұлулықты айрықша ардақтай отырып, өз өлең жолдарында теңеу сөздерді де өнімді қолдана біледі. Мәселен дастанда: «Ай жүз», «Шекер сөз», «Нәркес көз», «Қылдай бел», «Лағыл ерін» сияқты т.б. аса тамаша теңеу сөздерді өте өнімді, әрі оларды жиы - жиы пайдаланады. Тіптен ақын сұлудың тісін — гауһарға, екі бетін —

ал қызыл гүлге, тілін — інжу-маржанға, қабағын — туған айға, аузын, ернін — шекер-балға, шашын — сүмбілге теңеп, өзінің кемел ақын екендігін таныта түседі.

Тіптен ақын: «Қара менің ақ жүзіне жарасар» десе, тағы бір өлең жолдарында: «Сен сұлтансың, ал мен — бақытсыз тұтқын-мын» да дейді. Солай екен, ақынның «Мұхаббат-нама» дастаны Алтын Орда дәуірінде өмірге келген, ғашықтық жайындағы бірден бір әдеби көркем шығарма дей аламыз. Ақын осы дастанының өзімен-ақ, аса дарынды талант иесі екендігін жан-жақты таныта білген. Оның тарихи да тағлымдық та мәні аса зор.

ҚҰТБТЫҢ АҚЫНДЫҚ ӘЛЕМІ

XIV ғасырдың орта шенінде жасап, өз соңына «Хұсрау — Шырын» атты ғажайып көркем дастан қалдырған аса алантты ақындардың бірі — Құтб. Бірақ, оның аты-жөні, шығармашылығы жайлы мәлімет жоқтың қасы. Оны қыпшақтар «Құтб ақын» десе, кей ретте «Құтб шайыр» деп те тілге алған көрінеді. Құтб — оның лақап есімі. Шын аты күні бүгінге дейін беймәлім. Кейбір тарихи деректерге қарағанда Құтб, Алтын Орда мемлекетінің Сырдария өзені жағалауындағы мәдени орталықтарының бірі болған Сығынақ қаласында жасап, быраз уақыт сонда өмір сүрген көрінеді.

Дегенмен, Тыныбек Алтын Орда мемлекетінің тағына отырған шақта Құтб, сол елдің астанасы болған Сарай қаласына қоныс аударады. Кейінірек Египетке барып, сонда тұрақтап қалады. Одан бізге жеткен шығармасы «Хұсрау — Шырын» дастаны ғана. Ол негізінен азербайжан халқының кеменгер ақыны Низамидің «Хамсасына» енген бес дастанының бірі болған «Хұсрау — Шырын» дастанының аудармасы.

Бұл астанды ақын парыс тілінен, оғыз-қыпшақ тіліне 1341—1342 жылдары еркін аударған деуге болады. Өйткені, осы жылдары Тыныбек Алтын Орда мемлекетінде билік жүргізген шағы болатын. Сондықтан да Құтб өзінің аударма дастанын Тыныбек пен оның әйелі Малика Хатунға арнайды.

Аса талантты ақынның «Хұсрау — Шырын» дастаны көлемі жағынан — 120 парақ, 240 бет қана. Дастан негізінен 4740 бәйіттен құралған болса, ол Низамидің «Хұсырау — Шырын» дастаны 700 бәйіт тұрады. Егер дастанның мәні мен мазмұнына тереңірек назар аударсақ, оның 4685 бәйітін ақынның өзі жазғандығын байқау оншалық қиын емес. Қалғандарын көшірушілер өз жандарынан қосқан сияқты. Дастан негізінен 91 тараудан тұрады.

Ерекше ұқтыра кетерлік жәйт, дастанның бізге жеткен жалғыз нұсқасы, қазіргі таңда Париж қаласындағы ұлттық кітапханада

сақтаулы. Міне соның фото көшірмелері негізінде әдеби, тілдік сипаттары жайлы зерттеулер жүргізілді. Дастанды ең алғаш рет поляк ғалымы А. Зайончковский зерттеу жүргізе келіп, шығарманың түркі тілінің қыпшақ диалектісінде жазылғандығын анықтады. Оның айтуына қарағанда, бұл дастан Низами шығармасының тікелей аудармасы емес, өзінше өндеп жазылған көркем әдеби туынды деген пікірді алға тартса, белгілі ғалым Е.Э. Бертельс оны Низами дастанының толық көркем аудармасы деген ойды ашық айтады. Соңра, белгілі түрколог ғалым Әмир Нәжіп болса, парыс тіліндегі «Хұсрау уа Шырын» мен оғыз-қыпшақ тіліндегі «Хұсрау — Шырын» дастандарының негізі бір деген ойды тілге алады. Тіптен бұл дастанды роман ретінде бағалайды.

Дегенмен Құтбтың «Хұсрау — Шырын» дастанының көркемдік сипаттарымен тілдік ерекшеліктері жайлы Г.Ю. Алиев, А.Н. Самойлович, Э.Р. Тенишев, А.М. Шербақ сияқты ғалымдар жүйелі зерттеулер жүргізген болатын. Ал оны қазақ тілі тұрғысынан жан-жақты зерттеп, ғылыми сөздігін жасаған А. Ибатов болды.

Егер «Хұсрау — Шырын» дастанының мазмұнына жүгінер болса, онда Иран елінің қарт падишасы болады. Оның жалғыз Хұсрау есімді ұлы болыпты. Ол аса көп оқып, тәп-тәуір білімге ие, тым әдепті жігіт болып қалыптасыпты. Оның Шапур есімді бір суретші досы болады. Күндердің күнінде ол Хұсрауға, аса әділ падиша Мехинбану мен оның жиені, асқан сұлу қыз — Шырын жәйлі әңгіме айтып береді. Нәтижеде Хұсрау, сол Шырын қызға бірден ғашық болып қалады да, суретші Шапурды тым ұзақ жердегі Арменияға елшілікке жібереді. Ол Арменияға барғаннан соң, Шырын серуендейтін бактың бір тұп ағашына Хұсраудың суретін салып іліп қояды. Ол суетті көрген Шырын да, бірден оған ғашық болып қалады. Бір күні Шапур Шырынмен кездеседі де, Хұсрауды әбден мақтап-марапаттайды. Хұсраудің беріп жіберген жүзігін ұсынады. Сөйтіп, екі ғашық күндердің күнінде екі елдің шегерасында кездесу мүмкіндігіне ие болады.

Осындай сәтте Хұсраудың әкесі өмірден өткендігі жайлы хабар келеді. Сондықтан да ол дереу еліне кері қайтуға мәжбүр болады. Елге келген соң, әкесі өлгеннен кейін оның дұшпандары опасыздық жасап, Хұсрауға қарсы шығады да, оны таққа отырғызбай қояды. Нәй-лаж Шырын қыздың еліне барады.

Аса ақылды, тым парасатты Шырын қыз, Хұсрауға әзірше неке-лесуге асықпау керектігін ескете отырып, Иран тағын иелеу керектігін де тілге алады. Содан Хұсрау көмек алу үшін Византияға барып, Рум патшасынан әскери көмек алады. Әрі оның қызы — Мариямға бірден ғашық боп қалады да соған үйленеді.

Сөйтіп, Хұсрау көп әскерлер жиып, көп қақтығыстардан соң өз әкесінің тағына отырады. Міне осы кезде Мехинбану да дүние сала-

ды да, оның тағына Шырын қызы отырады. Шырын елін асқан әділдігі мен аса биік пайым-парасатымен басқарып, оны ерекше гүлдендіріп жібереді. Атақты Фархад деген ұста жігітті еліне шақыртып алып, шөл-далаларын суландырмақ болып, талай-талай каналдар қаздырады. Осындай бір кездерде Шырын қызды көрген Фархад, оған ғашық болып қалады. Одан қатты налыған Хұсрау енді Фархадтың көзін жоймақ болады.

Ақиры болмаған соң Хұсрау патша Фархадқа шарт қояды.

«Ей, Фархад! Сен сонау көк тіреген Бесотын тауын қақ жарып, әскерім өте алатын жол сал. Сонда ғана Шырын сенікі болады» — дейді.

Оның айтқан сертін Фархад орындайды. Одан зәресі қалмаған Хұсрау, жалмауыз кемпірді жұмсап, Шырын өлген деген хабарды айтқызады. Оған шыдамаған Фархад өзін-өзі өлтіреді. Осы кезеңдер де Хұсраудың әйелі Мариям да дүние салады. Осы кездің өзінде-ақ Хұсрау Шекер есімді қызға үйленеді. Көп өтпей ол да дүние салады. Соңра Хұсрау, Шырынға барып одан кешірім өтінеді. Өлі де ғашық екендігін тілге алады. Дегенмен, аса ақылды, пайым - парасаты тым мол Шырын өзара некелесуге асықпайды. Қайта Хұсрауға көптеген ақыл-кеңестер айтып, оның сабыр сақтауын өтінеді. Нәтижеде, Шырынның кеңесімен құлдырап баражатқан мемлекетін гүлдендіруге бет бұрып, әділдік жолына түсе бастайды.

Бірақ, Хұсраудың Мариямнан туғын баласы Шеруя, сарай әкімдерімен тіл біріктіріп, өз әкесі Хұсрауды өлтіртеді. Әкесі өлгеннен соң ол Шырынға үйленбек болады. Бірақ Шырын оның әкесіне деген сүйіспеншілігін ерекше қадір тұтып, өз қоластындағы құлдарының бәрін босатады да, мал-мүлүктерін жарлы-жақыбайларға бөліп береді. Сосын Хұсрау қабырына барып, өз-өзіне қанжар салып, бұл пәниден көз жұмады.

Қорыта айтқанда, Хұтбтың Низамиден аударған «Хұсрау — Шырын» дастаны, Алтын Орда дәуіріндегі аса құнды әдеби туынды екендігімен де бағалы. Дастанда сыр шерткен Шырын қыз, тек асқан сұлулығымен ғана емес, барынша адал жар, ақыл-есі аса мол, әділ патша, халықтың бірден-бір қамқоршысы ретінде көрініс табады. Әрі, Хұсрауды әділдікке баулыған мейрімді жан ретінде жан-жақты танылады.

Дастанда Хұсрау екі түрлі қырынан аңғарылады. Оның бірі — сүйіспеншілікке опасыз, көрсе қызар, ойын-сауыққа аса құмар, тым жеңіл мінезді жан болып көрінсе, екінші жағынан елге қайырымды, әділ патша болып қалыптасқандығымен де аңғарылады. Оның үстіне дастанда, XIV ғасырдағы Алтын Орда мемлекетінің ішкі- тысқы саясатымен қоғамдық-әлеуметтік мәселелері де өз көрінісін жан-жақты таба түскен.

САЙФ САРАИ

XIV ғасырдағы Алтын Орда дәуірі әдебиетінің дамуына бір жөн үлес қосқан, аса талантты ақындардың бірі — Сайф Сараи. Ол аса талантты лирик, әрі эпик ақын ретінде танылумен бірге, шебер жазушы және тамаша аудармашы екендігін де байқаймыз. Нәтижеде ол, түркі тектес халықтардың әдебиеті мен тілінің дамуына елеулі ықпал жасай білген қаламгерлер дәрежесіне көтерілген сөз зергерлерінің бірі бола алды.

Ақын шығармашылығын көп жылдар бойы мұқият зерттеп, ғылым сарабына салған Кеңес дәуірінің белгілі ғалымы Әмир Нәжіп болды. Ол Сайф Сарайдың өз шығармаларын қыпшақ тілінде жазғандығын тілге ала келіп, оның қазақ халқының негізін құраған ру-тайпалардан дүниеге келгендігін де ескертеді. Дегенмен, ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер бізге жетіп келмеген. Тек қана ақынның «Гулистан бит-турки», яғни «Түркі тіліндегі Гулистан» атты еңбегі ғана бізге жетіп келген.

Кейбір тарихи деректерге қарағанда ол өзінің осы бір еңбегін, Еділ сағасындағы Сарай қаласында бастап, Египеттегі Ніл өзені жағалауында аяқтаған көрінеді. Оның үстіне ақынның бұл еңбегі, парсы-тәжік әдебиетінің классигі — Сағди Шеразидің «Гулистан» атты дастанының аудармасы.

Аталмыш дастанды қашан қыпшақ тіліне аударғандығы жәйлі, ақын өз еңбегінің соңында мынандай мәліметті келтіреді. Мәселен ол:

*Біз баян еттік сіздерге насихат сөзін,
Жетпістің жетегіне ерген кезім.
Хижра бойынша жеті жүз тоқсан үш,
Бойдан қуат қашып, азайды күш.
О, қадірлім, тамылжыған тамыз еді,
«Гулстан» жырын жазып, бітірдік іс.*

дейді.

Сөйтіп, ақынның айтуына қарағанда хижра жыл санауы бойынша «Гулстан» дастанын 793 жылдың тамыз айында, 70 жасында жазып бітірген болса, ол біздің жаңаша жыл санауымыз бойынша 1391 жылдың тамыз айы болады. Сонда ақын 1321 жылы дүниеге келген деуімізге толық мүмкіндіктер береді.

Бұл кезде Алтын Орда мемлекетін Өзбек хан билік жүргізіп тұрған шақ болатын. Нәтижеде, ақын Алтын Орда мемлекетінің күш-қуаты әбден нығайған, елде тыныштық орнаған сәттерде Сарай қаласында жасайды. Бірақ, кейін келе хан ұрпақтары арасында такқа талас күшейе түседі де, Дешті қыпшақ жерінде әппербақандық кең өріс ағандық-

тан, ақын Египетке бет алады. Сөйтіп, ондағы Мысыр қаласына барып, 1396 жылы сол қалада дүние салады.

Орайы келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, 1915 жылы Туркияның Анкара қаласында шығатын бір журналда, түркі тіліне аударылған «Гүлстан» дастанының Голландиядан табылғандығы жайлы хабар басылады. Дегенмен оған ешкім оншалық мән бере қоймайды. Бірақ, 1950 жылы белгілі ғалым Феридун Нафиз Узлук Голландиядағы Лейден университетінің кітапханасынан дастанның фото көшірмесін алады. Сөйтіп оны, 1954 жылы шағын ғана «Алғысөзін» жазып, Анкара қаласында бастырып шығарады.

Бірақ, Орта ғасыр туындысы болған «Гүлистан бит-турк» атты дастанды жан-жақты зерттеп, жүйелі пікір айтқан, әрі орыс графикасы негізінде транскрипциясын жасаған, жолма-жол орыс тіліне аударған — Әмир Нәжіп болды.

Ол дастанның жазылу тарихына ерекше мән бере отырып, аударманың өзіндік ерекшеліктерін жан-жақты ашу мен бірге, шығарманың қыпшақ тілінде жазылғандығын да толық дәлелдейді. Әрі, бұл дастанның түркі тілдері ішінде қазақ тіліне тым жақын екендігін де ашып айта алды.

Ақын Сайф Сараи өзіне ұлағатты ұстаз тұтынған Сағди Шеразидің «Гүлистан» дастанын аударуда, оның композициялық құрылысын бұзбай, дәл өзін жеткізуге айрықша мән бергендігі анық аңғарылды. Өйткені, парсы тілінде жазылған Сағди Шеразидің «Гүлистан» дастаны сегіз бөлімнен тұрса, Сайф Сараидің аударған «Гүлистан бит-турк» дастаны да сегіз тараудан тұрады. Мәселен: **Бірінші тарауы** — Ел билеушілер туралы болса, **екінші тарауы** — Қалың халқ бұқарасы жайлы. Ал, **үшінші тарауы** — Қанағат-ынсап жөнінде болса, **төртінші тарауы** — Тілге сақ болудың пайдасы жайлы болады. **Бесінші тарауында** — Жігіттік жайлы айтылса, **алтыншы тарауында** — Кәріліктің сыр-сипатын аша түседі де, **жетінші тарауда** — Тәлім-тәрбиенің мәнін ашады да, **сегізінші тарауда** — өзара сұхбат жасаудағы әдеп мәселесіне жан-жақты тоқталады.

Тіптен, Сағди Шерози өз шығармасын белгілі бір ұйқасқа құрылған проза үлгісімен жаза отырып, кейбір тұстарда өз ойларын өлең жолдармен түйіндеп, қортындылап отырған болса, Сайф Сарай да соны негізге алған. Кей ретте өз өлеңдерінің де жымын білдірмей, аталмыш дастанға қосып та отырған. Оны шебер пайдалана білгендігі сонша, көркем туындының идеялық мәніне де, көркемдік ерекшеліктеріне де ешқандай нұқсан келмеген. Нәтижеде, ақын Сағди Шеразиді Дешті қыпшақтарға жақындата түскен. Рас, аудармада Сағдидің кейбір әңгімелерін, өлеңдерін аудармай тастап кеткен тұстары да баршылық. Дегенмен оны, қыпшақ еліне жақын келетін эпизоттармен толықтыра түскен.

Сайф Сараи аударған дастанының алғашқы беттерінде, Сағди Шеразидің «Гулстанын» түркі тіліне аударуға себепші болған жәйттерге тоқтала келіп: «Бір жолы мен роза гүлдері жайқалған бақ ішінде, аса ойға жүйрік ғұлама ғалымдармен әңгімелесіп отыр едім. Онда біз сөз саптау, сөйлем құру мәселесін талқылап жатқан болатынбыз» — дейді де, одан әрі: «Мен ғажайып бәйттер мен тамаша өлеңдер оқыдым. Сол сәтте әлігі ғалымдардың ішіндегі ақсакалы аруз өлшемімен жазылған бір қиын бәйттің құрылысы туралы маған сауал қойды. Мен дереу жауап бердім. Сонда әлігі ғұлама: «О, жат жұрттық қаламгер, мен саған бір жақсы кеңес бермекпін, егер сол кеңесімді қабыл алсаң жақсы болар еді» — дегендігін тілге алаы да, онан соң: «Егер Шейх Сағдидің «Гулстанын» түркі тіліне аударп, оны бір бақытты жанға арнасаң жақсы болар еді» — деген ойды алға тартқандығын тілге алады.

Міне содан «Гулстанды» аударуға ден қойғандығын ескетеді. Бірақ, «Гулистан бит-турк» тұтас бір сюжетке құрылмаған көркем шығарма. Онда әр түрлі қысқа-қысқа әңгімелер, аңыздар, ертегілер, күлкілі әңгімелер мен бір жөн өлеңдер енгізілген. Олар да белгілі бір тақырыптар негізінде жүйеленіп берлген. Онда сыр шерткен қаһармандар қоғамды өмірдегі әр түрлі топтың өкілдері болып келеді.

Егер тарихи деректерге тереңірек назар аударар болсақ, Сағди Шерази ғұмыр бойы ел аралап, саяхат жасаған — жиһангез адам болған. Сондықтан да ол әр түрлі адамдарды өз көзімен көріп, қарым-қатынас жасаған. Мәселен олар: ақындар, әкімдер, бектер, қолөнершілер, саудагерлер, дихандар, малшылар, хандар. Міне солармен болған қарым-қатынасы барысында есіткен аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді жазып алып, соларды «Гулстан» кітабына арналы арқау еткен.

Ол әрбір әңгімесін бастаудан бұрын ақын Сағди Шеразига мактау, марапаттау сөздер айтып, онан соң ғана оның не айтпақ болған ойларын баяндай түседі. Ақын ойынша барынша қатыкез, зұлым ел басшыларын, әкімдерді бауырмал, инабатты етуге болады деп те ұғындырады. Сондықтан да шығармада — әділдік пен ізгілік, мейрімділік пен шапағат, жомарттық мәселелерді мадақтай түсетін аңыз-әңгімелерді көбірек сөз етеді. Нәтижеде, шығармада қатыкездік пен мейрімділік, жақсылық пен жамандық, шындық пен өтірік, күйеуі мен әйелі, патша мен дихан, әке мен бала, ағасы мен інісі араларындағы қарым-қатынас, ізгі байланыстар сөз болады. Мәселен соның бір-екеуін мысал ретінде келтіре кетейік. Мәселен: «Бір сұлтанның үш баласы бар еді. Екеуі ұзын бойлы, келбетті, ал біреуі қысқа бойлы еді. Бір күні сұлтан сол қысқа бойлы ұлына ашу-ызалы көзімен қарады. Баласы бәрін ақылмен ұқты да, әкесіне айтты: «Ей, әке! Ұзын бойлы ақмақтан қысқа бойлы ақылды жақсы».

Тағы бір әңгімесінде, ел билеуші бір сұлтан өз халқына тізесін қатты батырып, зорлық-зомбылық көрсете беріпті. Сосын адамдар ел-жұртын тастап басқа жақа көшіп кетіпті. Нәтижеде босап қалған елді мекенді басқа біреулер — жау адамдары иемделіпті.

Ақшаға, дүние-мүлікке құрылған феодалдық қоғамның құлқын жақсы білген ақын, олардың бейілдерін ашып, сын астына ала түскен. Оның үстіне ақын «Жақсыдан — жақсы туылады, жаманнан — жаман» деген ойды да алға тартады. Мәселен ол:

*Бөрінің бөлтірігі түбінде
Әкесіндей жыртқыш аң болып шығады.
Қанша бақсаң да, күндердің күнінде
Захым келтірер, одан сақ бол.*

дейді.

Сайф Сараи аударған «Гүлстан бит-турк» шығармасында негізінен әдептілік мәселесі көтерілген болып, онда тілге сақ болу керектігі, өсек айтпау, аса сипайы, биазы мінез болу керектігін ескертті.

Ақын парсы тілінде жазылған Сағди Шеразидің «Гүлстан» атты еңбегін қыпшақ тіліне аса шебер аударып білген. Негізгі айтайын деген ойы өзінің қан-сөлін жоғалтпай өте әдемі жеткен. Ондағы теңеу, метафора, эпитеттер де сәтті шешімін тапқан.

Қорыта айтқанда, өз дәуірінің аса таланты ақыны болған Сайф Сараи, Шығыстың ұлы ақыны Сағди Шеразидің «Гүлстан» атты еңбегін қыпшақ тіліне аударып, бүкіл Дешті қыпшақ халқының мәдени байлығына, рухани игілігіне айландырған ұлы тұлғалардың бірі деуімізге толық мүмкіндіктер береді.

ТАРИХИ ТАҚЫРЫПҚА ЖАЗЫЛҒАН КӨРКЕМ ШЕЖІРЕЛЕР

Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін оқып-үйренуде, тарихи тақырыпта жазылған шежірелермен тарихи шығармалардың алатын орны айрықша. Себебі, сан ғасырлар бойында атадан балаға ауызша, кей ретте жазбаша жетіп келген шежірелермен тарихи көркем шығармаларды, халқымыздың көзі ашық, көкірегі ояу аса тамаша ойшыл ұлдары мен ақын-жыраулары бізге дейін жеткізіп отырған.

Рас, шежірені — тарих ғылымының аса қажетті бір тармағы ретінде қарап, солай бағалаған жөн. Өйткені, қазақ халқы шежірені негізінен тарихи фактілер негізінде алмай, оны тарихи тақырыпта жазылған көркем шығарма ретінде назар аударған. Сол тарихи шежірелердің өзін көптеген жыршы-жыраулар, тіптен оларға көркем теңеулер де қосып, бара-бара оларды тарихи тақырыпта жазылған жырларға да айландырып отырған. Бірақ, шежіренің негізі, тарихи фактілері еш-

қандай өзгертусіз, сол қалпында сақтап қалуға ұмтылған. Оның үстіне, шежіре жазушылардың көбі өз дәуіріндегі саяси күрестердің де бел ортасында жүрген адамдар деуге де болады. Сондықтан да оларды өз дәуірінің ғұлама ғалымы, бірден-бір саяси қайраткері ретінде бағалау қажет.

Бұл орайда сонау көне замандарда қағаз бетіне түсірілген, сөйтіп, түркі тілдес халықтардың ежелгі дәуірдегі тарихынан аса мол мағлұмат беретін Бабырдың «Бабыр-нама», Мұхаммед Салихтың «Шайбани-наме», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-и Рашиди», Усман Қухистанидің «Тарих-и Әбіл-хайыр хани», Әбілғазидың «Шежіре-и турк», Бейбарыс пен Халдун тарапынан жазылған «Қыпшақ шежіресі», Ұлықбектің «Сұлтандар шежіресі» сияқты т.б. шежірелерді еске аламыз.

Егер «Шежіре» деген сөздің мәніне көңіл көзін қадар болсақ, ол негізінен арабтың «Шаджарат» деген сөзінен шыққан көрінеді. Ол «Бұтақ», «Тармақ» деген мағана береді. Өткені шежірелер де белгілі бір ру-тайпалардың, кейде бүкіл бір халықтың шығу тегін, өркен жайып, өсіп-өрбуін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырған. Шежіре жазу ұлттық мәдениеті дамыған елдерде аса мол кездеседі. Бұл ретте Англия, Германия, Россия, Франция сияқты т.б. елдерімен, Шығыс елдерінде көрініс тапқан тарихи мәні бар шежірелерді тілге алуға болады. Мәселен: Орыс халқы арасында мол тараған «Повесть временных лет» атты жылнама-шежірені 1113 жылы Нестор деген адам Киев-Печорск монастырінде отырып жазғандығын жақсы біліміз. Бұл еңбек бірнеше рет өңделіп, қайта жазылып отырған. Тіптен, орыс халқы арасына кең тараған «Игорь жорығы туралы жырды» да шежіре деуге де әбден болады. Бірақ оны, орыс жазба әдебиетінің бастау бұлағы ретінде танылып, ол көркем шығарма ретінде бағалануда.

Соңғы жылдары қазақ шежірелері де жинақталып, хатқа түсіріліп, бір ізге түсіп, әрбір рулардың шежірелері да жарық көріп жатыр. Бірақ, күні кешеге дейін өзге халықтың еншісіне телініп келген кейбір шежірелердің қазақ халқына қатысты екендігін жан - жақты аңғарып, олардан мол мағлұматтарға кеніге түсудеміз. Бұл ретте Шайбани әулетінен болған, белгілі өзбек ханы Абдулла хан ибн Искандер (1533—1598) жайлы Хафиз Таныш ақынның жазған «Абдулла-наме» атты дастанын тілге алуға болады.

Міне осы дастанда XVI ғасырдағы қазақ даласының Оңтүстік өңірі, оның ішінде Келес алқабының құлпырған бау-бақшалары ерекше сүйіспеншілік пен тілге алынады. Әрі онда қазақ халқының тұрмыс-салтына, әдет-ғұрыптарына байланысты мағлұматтар да өз шешімін таба түскен. Қазақ халқының аңыз-әңгімелері, өлең-жырлары мен бірге, Ақназар, Тәуекел, Шығай сияқты хандар жайлы да бір жөн деректер мен мағлұматтарды да анық аңғарамыз.

Сондай-ақ, қазақ халқының ежелгі тарихына, әдебиеті мен мәдениетіне тікелей қатысы бар шежіренің бірі — Әбілғазы Баһадүр ханның «Шежіре-и түрік», яғни «Түріктер шежіресі» атты еңбекті бөліп айтуға болады. Аталмыш еңбек негізінен тоғыз бөлімнен тұрады. Оның бірінші және екінші бөлімдерінде — сонау Адам атадан бастап, Шыңғыс ханға дейінгі аралықтағы оқиғалар сөз болса, үшінші және бесінші бөлімдерінде — әлем әміршісінің Шағатай, Төле сияқты ұлдарының Мауараннахр, Монғолстан, Иран және Қашқария жерлерінде жүргізген үстемдігі сыр шертсе, жетінші және сегізінші бөлімдерінде — Жошы балаларының Дешті Қыпшақта жүргізген саясаты, қазақ хандары туралы, шешендер мен қазақ ақындары жөнінде бір жөн ой-пікірлер қозғалады.

Рас, Әбілғазы Баһадүр ханның «Түріктер шежіресі» атты еңбегі негізінен прозалық туынды болса да, онда кейбір бәйтеректер мен ғазалдар де кездесіп отырады.

Бұл еңбек жайлы кезінде белгілі ғалымдардан А.Н. Кононов, С.Н. Иванов зерттеулер жүргізіп, өз бағаларын берген болса, қазақ ғалымдарынан Ғ. Айдаров пен Б. Әбілқасимов та зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Қазақ әдебиеті тарихы мен тіл тарихында ерекше орын иелейтін еңбектің бірі — Қадырғали Қосын ұлы Жалайыридің «Жамиғ-ат-тауарих», яғни «Шежірелер жинағы» атты еңбегінің алатын орны айрықша. Бұл еңбек негізінен 1602 жылы Россияда жазылған.

Түркі тілінде өмірге келген бұл еңбекте қазақ елінің XIV—XVI ғасыр аралығындағы ішкі және сыртқы жағдайы, бөгде елдермен болған қарым-қатынастары, кейбір қазақ хандарының шығу тегі, қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік жағдайлар өзінің сәтті шешімін тапқан. Онда қазақ халқының сөз байлығы аса мол пайдаланылған. Өйткені еңбекте тамаша теңеу сөздер, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер аса мол кездеседі.

Расында да, Орта ғасырда өз заманасының әдеби тілі саналған шағатай тілінде жазылған бұл еңбектің қазақ тіліне тым жақын екендігін, белгілі ғалым Рабиға Сыздықова ғылыми тұрғыдан зерттеп, өз ойларын ортағы салған болатын. Оның үстіне, Мұхаммед Хайдар Дулатидің (1499—1551) «Тарих-и Рашиди», яғни «Рашидтің тарихы» атты еңбегіне назар аударсақ, оның да қазақ халқына тән көркем шежіре екендігін анық аңғара түсеміз. Тіптен еңбектің авторы өз кезінде аса талантты ақын, белгілі сөз зергері болғандығын жан-жақты аңғара түсеміз.

Бұл еңбекте XIV—XVI ғасыр аралығында Қашқария мен Монғолстанда болған тарихи оқиғалар аса мол сыр шертеді. Еңбек негізінен екі дәптерден тұрады. Бірінші дәптерде Монғолстанда билік жүргізген хандар, халқтар жайлы айтылса, екіншісінде естеліктерін енгізген. Онда

қазақ халқының көрші елдермен болған қарым-қатынастары да сөз болған. Әрі, аталмыш еңбекте XV— XVI ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Түркістанда, Ауғанстан мен Үндістанда болған аса маңызды тарихи оқиғалар да өз орнын тапқан.

«Тарих-и Рашиди» атты еңбекті аударып, ғылыми тұрғыдан зерттеген Англияның көрнекті ғалымы Э. Дернисон Росс (1871—1940), оны алғаш рет ағылшын тіліне аударып, 1895 жылы Лондонда бастрып шығарған болатын. Әрі ол бұл еңбекті тарихи мұра ретінде ғана емес, тамаша көркем шығарма ретінде де аса жоғары бағалаған. Кейінірек, белгілі қазақ ғалымы Санжар Аспандияров (1889—1938) шежіренің кейбір бөлімдерін қазақ тіліне аударып, өз ойларын да ортаға салған болатын. Ал 1969 жылы оның қазақ халқына қатысты деген жерлері орыс тіліне аударылып, кітап болып жарық көрді.

Міне осындай тарихи шежірелер мен әдеби мұралар халқымыздың ежелгі әдеби мұрасы, тамаша шежіресі ретінде аса құнды тарихи мәні аса зор көркем дүниелер деуге болады.

ЗАХИРИДИН МҰХАММЕД БАБЫР (1483—1530)

Бабыр аса талантты лирик ақын, ғұлама ғалым, жазушы, тамаша тарихшы болумен бірге, ол аса көрнекті мемлекет қайраткері. Әрі даңқты қолбасы. Ол негізінен 1483 жылдың 14 ақпанында қазіргі Өзбекстан республикасына қарасты Әндіжан қаласында дүниеге келеді. Ал оның әкесі — Омар Шейх әлемге әйгілі болған Әмір Темірге туысқан болып келсе, шешесі — Шағатай әулетінен шыққан белгілі Жүніс ханның бәйбішесінен өмірге келген, екінші қызы — Құтлық Нигар ханум.

Тарихи деректерге қарағанда Жүніс ханның үш қызы болған көрінеді. Оның бірінші қызы — Михр Нигар ханум болса, ал кенже қызы — Хуб Нигар ханум. Ол белгілі қазақ халқының тарихшысы, әрі ақыны — Мұхаммед Хайдар Дулатидің анасы. Оның үстіне, белгілі қазақ ханы Сұлтан Ахмет, яғни Алаша хан осы Жүніс ханның екінші әйелі — Шаһ бегімен дүниеге келген.

Расында да, жастайынан-ақ өнерге, білімге ерекше құштар болып өскен Бабыр, түркі тілімен бірге араб, парсы тілдерінде жете игереді. Нәтижеде, Шығыс әдебиетінің ұлы тұлғаларның шығармаларынан рухани нәр алып, әдебиет әлеміне еркін кіріп келеді. Оның үстіне ол тарих, философия, табиғаттану ғылымдарымен де шұғылданып, сәулет өнерін, соғыс өнерін еркін меңгереді. Оның ер жүрек, аса батылдығы үшін, күллі жұртшылық оны «Бабыр» деп атап кетеді. Арапша «Бабур» сөзі — арыстан деген мағана береді.

Ең қызығы әкесі Омар Шейх кептер аулап жүріп, жардан құлап мерт болып, бұл пәниден көз жұмғанда, небәрі 12 жастағы Бабыр, Ферғана уәлиятынің әмірі болып, таққа отырады. Бұл кезде қылыштың күшімен Әмір Темір орнатқан мемлекет іштей іріп, өзара таққа талас кең өріс алған кез болатын. Сондықтан да Бабырдың ендігі мақсаты — Амудария мен Сырдария өзендері аралығында, яғни Мауараннахрда бір орталыққа бағынатын іргелі ел ету болды. Бірақ оның бұл әркетінен түкте шықпады. Ұрыс-керіс, қантөгіс, өзара қақтығыс кең өріс ала түседі. Нәтижеде, Шайбани хан бастаған ру-тайпалардың озбырлығына төтеп бере алмаған Бабыр, өзіне қарасты бір топ нөкерлерімен Ауғанстанға өтіп кетуге мажбүр болады. Онан соң Үндістанға қарай бет алып, 1525 жылы Дели сұлтаны Ибрагим Лодидің әскерлерін жеңіп, өзі Үндістан билеушісі болады. Нәтижеде, Үндістанды ағылшындар басып алғанға дейін, үш жүз жыл бойы Бабыр династиясы Үндістанда өз билігін жүргізеді.

Рас Бабыр, Үндістанды жаулап алу барысында үлкен қақтығыстар жасау нәтижесінде, талай-талай қантөгістер де жасайды. Дегенмен, Үнді елін жаулап алғаннан соң ол елді гүлдендіру ісіне ерекше көңіл бөлді. Халық бейбіт өмірге көшіп, жаңа-жаңа каналдар қазады. Нәтижеде, шөлдерге су шығарылады. Бабыр әмірі мен жаңа-жаңа қалалар, ғылым мен мәдениет орталықтары салынады. Сөйтіп ел, бара-бара гүлденіп көркейе түседі. Сондықтан да Үндістан елінің ұлы басшысы болған қайраткер, әрі публицист Жавахарлал Неру кезінде өзінің «Индияны ашу» атты кітабында Бабыр жайлы пікір айта келіп: «Жылы жүзді, батыл, іскер жан, өнер мен әдебиетті бағалай білген қайраткер» — деп, ерекше құрметпен тілге алған болатын.

Міне осындай ұлы тұлға — Бабыр, 1530 жылдың 26 желтоқсанында Индияның сол кездегі астанасы болған Агра қаласы маңында салдырған «Зарафшан» деп аталатын бау-бақшалы мекен жайда дүние салады. Оның өсиеті бойынша мүрдесі Қабул қаласына жақындау жердегі «Шердарваза» деген таудың етегіне жерленеді. Кейінірек оған арнап ескерткішін орнатылады. Қазір ол жер «Бағы-Бабыр» деп аталады.

Бабыр аса тамаша лирик ақын ретінде өз оқырмандарын өз жетегіне үйіре түскен қаламгер. Тіптен, белгілі өзбек ақыны Әлішер Науаи оны өзінің аса талантты шәкірттерінің бірі ретінде ерекше қадір тұтқан. Кейбір деректерге қарағанда Бабыр 14-15 жасында - ақ Герат қаласында тұрған Әлішер Науаиға әлденеше рет өлеңмен хат жазып, өлеңмен талай рет жауап алған деседі. Бірақ олар бірін-бірі көрмеген. Бірақ, көруді өзара арман еткен.

Бабыр өлеңдері Шығыс класикалық поэзиясына тән-ғазал, рубайи, маснави үлгілерімен жазылған. Оның үстіне Бабыр, сопылық -

мистикалық ақындар секілді жұмақтың рахатын емес, осы өмірдің рахатын, махабатын, адам бойындағы ізгіліктерді жыр жолдарына қосады. Тазалықты, пәктікті, адалдық пен әділдікті биікке көтере дәріптейді. Мәселен ақын:

*Әрқашанда таза болсын ар-ожданың, жүрегің,
Өзгелер де саған адал, әділ болар білемін.
Зорлық қылсаң өзгелерге-өзің жәбір көресің,
Қиянаттың құрбаны боп қорлықпенен өлерсің.*

дейді ақын.

Бізге ақынның қолжазба түрінегі өлеңдер жинағының екі нұскасы жетіп келген. Оның бірі дәл қазіргі таңда Париж кітапханасында сақталса, екіншісі Индияның Рампур атты кітапханасында сақтаулы.

Белгілі ғалым А. Самойлович осы екі нұсқа мен ақынның «Бабыр-нама» атты еңбегінде өлеңдерін алып, 1917 жылы Петроградта ақын өлеңдерінің жинағын бастырып шығарады. Рас, ақын өлеңдері өзбек тіліне аударылып, бірнеше рет жарық көрді. Дегенмен, оның өлеңдер жинағы 1943, 1957 жылдары орыс тілінде жеке кітап болып басылып шықты.

Орайы келгенде ерекше ұқтыра кетерлік жәйт, Бабыр соғыс өнері жайлы, өлең құрылысы, музыка теориясы туралы да бір жөн еңбектер жазған ғұлама ғалым да. Тіптен ол, жаңа жазу таңбаларын, яғни жаңа графика ойлап шығарып, оны халық арасына таратқан. Оны жұртшылық «Хати Бабыр», яғни «Бабыр жазуы» деген болатын. Міне бұл жазу да, кезінде Қыпшақ елінің мәдени-саяси, әрі сауда орталығының бірі болған — Сырдария өзені бойындағы Сығанақ қаласында дүниеге келгендігі де көне тарихтан аян. Дегенмен, кезінде құран жазуын — араб әрпін киелі деп бағалаған жұртшылық «Бабыр жазуына» тікелей қарсы шығып, оны құртып жібереді. Сондықтан да ол жайлы:

*Түркілерге өз әрпі де бұйырмады-ау, киелі,
Бабыр хаты бөтен емес, Сығанақтың сиы еді.*

деген өлең жолдары да бар болатын.

Расында да, Шығыс әдебиеттануына қатысты зерттеулерінің ішінде, мазмұн жағынан да аса биік зерттеу еңбегі оның «Аруз туралы трактат» атты еңбегі деуге болады. Онда көне түркі, ескі шағатай, араб-парсы тілдерінде жазылған өлеңдердің терең табиғатын жан-жақты зерттей түскен Бабыр, өлең-жырлардағы әр түрлі буындар мен бунақтарды, өлең құрылыстары туралы теориялық ойлар айтады.

Бабыр аталмыш еңбегінде X—XV ғасыр аралығында жасаған 60 тан астам ақындарың өлең-жырларынан үзінділер келтіре отырып, на-

ғыз поэзиялық шығарманы араб-парсы тілдерінде жазуға болатындығын дәлелдей түседі. Әсіресе, түркі тіліндегі поэзиялық туындылар да созылыңқы және қысқа буындардың белгілі бір заңдылық пен кезектесіп келетін — аруз өлең өлшемі жайлы терең пікір қозғайды.

Міне мұның бәрі Бабырдың көп қырлы, терең сырлы ғұлама ғалымдығын жан-жақты аңғарта түскендей. Дегенмен оның есімін әлемге танытқан бірден-бір еңбегі «Бабыр-нама» атты ғұмырнамалық шығармасы деуге болады. Бұл еңбекті қазақ тіліне аударып, қазақ халқының мәдени байлығына, рухани игілігіне айландырған Байұзақ Қожабек ұлы болды. Соңғы рет ол «Бабырнама»ны 1993 жылы қазақ тіліне аударып, Алматыдағы «Ататек» баспасында бастырып шығарады.

«БАБЫР-НАМА»

Расында да, Бабырдың есімін әлемге танытқан бірден-бір көркем шығармасы, оның «Бабыр-нама» атты ғұмырнамалық еңбегі. Бұл еңбек оның аса дарынды тарихшы, этнограф және географ, көркем сөз шебері екендігін жан-жақты аңғарта түседі.

Өз дәуірінде бүкіл түркі халықтарының ортақ тілі болған — «Шағатай» тілінде жазылған бұл көркем туынды, негізінен үш бөлімнен тұрады. Еңбектің **бірінші бөлімінде** — XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың бас кезіндегі Орта Азияда болған саяси оқиғалар барынша кең, әрі аса мазмұнды сыр шертсе, **екінші бөлімінде** кезінде «Қабул уәлияты» деп аталған, қазіргі Ауғанстан елді мекендерінде болған тарихи оқиғалар өз шешімін тапқын. Ал **үшінші бөлімінде** — Солтүстік Индиядағы саяси оқиғалар, ол елдің географиясы, табиғаты, халқының әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі ерекше көркем тілмен сипатталған.

Бабыр өзі үстем тап өкілі бола тұрса да, өз шығармасында билеушілердің тақ пен тәжіге таласып, мағанасыз қантөгіс жасаған шайқастарды сын астына ала сипаттайды. Сөйтіп, қанрап қалған қалалар мен сусыз қурап қалған бау-бақшаларды, алым-салықтың тым көп болғанын жасырмай ашық жазады. Қаламгердің өзі де: «Мұнда жазылғанның бәрі ақиқат. Мен өзіме-өзім мынандай шарт қойдым: «Әрбір оқиға қалай болған болса дәл солай етіп жазамын. Мен жазған әрбір сөз шындық болсын. Сондықтан өзімнің туған-туысқандарымның жақсы жақтарын да, жаман жақтарында жасырмай аттым. Өзіме жақын жандардың да, жат кісілердің де кемшіліктері мен игі қасиеттерін баян еттім» — дейді ағынан жарыла.

Аса құнарлы, көркем тілмен жазылған бұл еңбекте қанатты сөздер, табиғаттың тамша көріністермен тамаша теңеулерді анық аңғара түсеміз. Оның үстіне, ғұмырнамалық сипатқа ие болған бұл еңбекте қазақ халқына, оның тарихына қатысты ғажайып мағлұматтарға да кеніге түсеміз. Онда қазақ хандары, батырлары, сұлтандары, қоғам

қайраткерлері мен ақындары жайлы да қызықты деректерді көреміз. Оның үстіне, «Бабыр-нама» да қазақ халқының Түркістан, Отырар, Сайрам секілді қалалары жайлы, сондай-ақ, Сырдария, Арыс өзендері жөнінде де қызғылықты деректерге тап боламыз.

Тіптен «Бабыр-намада» 300 мыңға жуық атты әскері болған қазақ халқының белгілі ханы болған Қасымхан, Жәнібек хан, ұлы жүздің Дулат руынан шыққан Мұхаммед Хайдар Дулати, жалайыр руының ірі тұлғаларының бірі, әрі аса талантты ақын Хасен Әли жайлы да аса маңызды тарихи мағлұматтар да берген. Әр біріне мінездеме, кей ретте оларға баға да беріп отырған. Мәселен: солар жайлы бірер мағлұмат бере кетсек, ол артықтық ете қоймас. Бабыр өзінің «Бабыр-нама»-сында Жұныс ханның аса сұлу, тым көрікті қызы жайлы тоқтала келіп, Әдік Сұлтан өлгеннен соң «Қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды» — дейді де, одан әрі: «Қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-біреуі, бұл ұлысты Қасым хандай нығайтқан емес» — дейді де, онан соң: «Оның әскерінде үш жүз мыңға жуық адамы болды» — деген ойды алға тартады. Сондай-ақ, белгілі ғалым Мұхаммед Хайдар Дулати жайлы да тоқтала келіп: «...ол менің қарамағыма келіп үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұхсат сұрап Қашқарға, ханға кетті» — дейді де, онан кейін: «Жұрттың айтуы бойынша, ол енді бұрынғыдан да байсалды болып, дұрыс жолға түсіпті» — дей келе, одан әрі: «Қолы әрбір іске епшіл-ақ; жазуға да, сурет салуға да, жебе жасауға да ұста» — дейді де, іле: «Өлең сөзге дарыны бар. Маған жазған өтініші келген едің сөз саптауы жаман емес» — деп, терең түйіндеу жасайды.

Оның үстіне «Бабыр-нама»-да мақтау, дәріптеу өлең жазу да өзінің алдына жан салмаған Хасен Әли жайлы да ауқымды ой айта келіп: «Хасен Әли-жалайыр еді. Шын аты Құайын Жалайыр. Бірақ ол Хасен Әли деген атпен көбірек мәлім болды» — дейді де, онан соң: «Әкесі Әли Жалайырға Бабыр мырза құрмет көрсетіп, оны бек етті. Соңра Жәдігер Мұхаммед Гератты алғанда, Әли Жалайырдан мәртебесі биік кісі болған емес» — дейді де, одан кейін: «Хасен Әли жалайыр — Сұлтан Құсайын мырзаның құсбегі болды. Ол ақын еді. «Туфейли» деген бүркеншек атты пайдаланды. Ол қасиданы өте жақсы жазатын, өз дәуірінде қасида жазу жағынан ақындардың көсемі еді» — дей келе, онан соң: «Бес-алты жыл менің қолымда болды. Маған да ол бірнеше қасидалар арнады» — дейді.

Қорыта айтқанда, Бабырдың «Бабыр-нама» атты еңбегі негізінен тарихи, ғылыми еңбек болумен бірге, түркі-шағатай тілінің аса мол мүмкіндіктерін жан-жақты пайдалана білген, ғұмырнамалық көркем шығарма. Онда түркі тектес халықтардың ертегі-аңыздары, мақал-мәтелдер мен қанатты сөздері мол орын алған. Оның үстіне Бабыр, өз шығармасында батырлықты, ерлікті биікке көтере дәріптеп, қорқақтарды, опасыздарды жеріне жеткізе әшкерелейді.

АСАН ҚАЙҒЫ

Асан қайғының аты, өмірі аңыз-әңгімеге айналып, бізге дейін бір жөн мәліметтермен жетіп келген. Бірақ, халық арасында кең таралған аңыз-әңгімелердің бірде-бірінде Асан қайғы Сәбит ұлы «жырау», немес «ақын» деп аталмайды. Оның негізгі бір себебі, ел арасында айтылып жүрген аңыз-әңгімелерге қарағанда, Асан ата ылғида халық үшін қайғырып, жел маясына мініп алып, жайлы қоныс, шұрайлы мекен іздеген көрінеді. Яғни ол, қазақ халқы үшін қой үстінде боз торғай жұмыртқалайтын замананы аңсағандық - тан, халық оны «Асан қайғы» деп атап кеткен. Екіншіден оның есіміне «қайғы» деген сөз қосылып айтылғандықтан, оған тағы бір «жырау», немесе «ақын» деген сөзді қосып айту, оншалық орынды бола бермейтіндігі де өз-өзінен түсінікті.

Бірақ, Шоқан Уәлиханов өз жазбаларында Асан қайғыны «Дала данышпаны» деп, аса жоғары бағалаған болатын. Асан қайғы жөнінде айтылған аңыз-әңгімелердің қай-қайсында да, тіптен өзге халық аңыз-әңгімелерінде де, ол негізінен Жәнібек ханның тұсында жасаған, оның ақылгөй адамы ретінде ерекше құрметпен тілге алынады.

Міне бұл — қазақ халқының халық болып қалыптасу жолына енді-енді ғана бет бұра бастаған кезі болатын. Әрі бұл, кезде қазақ халқының бір жөн ру-тайпалары «ноғайлы» деген атпен өмір сүргендігін де көне тарихтан жақсы білеміз. Ал олардың қазақ халқына қосылуы XVI ғасырдың орта шеніне, тіптен аяғына дейін созылған деуге болады. Сондықтан да, кей ретте Асанның ноғайлы адамы ретінде тілге алынуы ешкімді де тандандырмауы қажет. Тіптен, белгілі тарихшы Құрбанғали Халит ұлы өзінің «Тауарих хамса» атты еңбегінде Асан қайғы жайлы өз ойын айта келіп: «Асан қайғы асылы ноғай емеш, Шыңғыс ханның мұғасары ұлан Майқы бидің алтыншы небересі дейділер» — десе, тағы бір ұлағатты ойында оның ноғайлыдан шыққандығын анық дәлелдей түседі. Әрі, «Найман Құдабай ақыннан жазып алдым» деген мына бір өлең жолдарын да келтіреді. Мәселен ол:

*Асанның асыл түбі ноғай деймін,
Үлкендердің айтуы солай деймін.
Бұл сөзге анық қанық емес едім,
Естігенім тақсыр-ау солай деймін.
Түбінде ноғай, қазақ тұбүміз бір,
Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір.
Ормамбет хан ордадан шыққан күнде,
Асан ата қайғырып айтыпты жыр.*

Міне Құдабай ақын бұл өлең жолдарын Құрбанғали Халит ұлына 1885 жылы, 18 жастағы жігіт шағындаң «Әкем Қойшаннан есіттім» деп айтқан көрінеді. Солай екен, Асан қайғы Майқы бидің алтыншы ұрпағы болса, ал Майқы би — Шыңғыс ханның (1155—1227) замандасы. Әрі, үйсін руының басшыларының бірі болған.

Сөйтіп, кейбір тарихи деректер де Асан қайғы Жәнібек хан тұсында өмір сүрген, белгілі бір халық қайраткері болған, ел қамқоршысы ретінде тілге алынады. Оның үстіне, Жәнібек ханға айтқан бір жөн толғаулары да оны анық дәлелдей түскендей. Мәселен ол:

*Ей хан, мен айтпасам білмейсің,
Айтқаныма көнбейсің.
Жайылып жатқан халқың бар,
Аймағын көздеп көрмейсің.*

дейді ақын, өктем үн қата.

Қазақ халқының сол кездегі жайлы қонысы болған Ойыл мен Жем жағалауындағы елді Жәнібек басқа жақа көшірмек болғанда, оған тікелей қарсы шыққан Асан Қайғы өктем үн қата:

*Қырында киік жайлаған,
Суында балық ойнаған,
Оймауыттай тоғай елінің
Ойына келген асын жейтұғын,
Жемде кеңес қылмадың.
Жемкенде елді көшірдің!
Ойыл деген ойыңды
Отын тапсаң тойыңды.
Ойыл көздің жасы еді,
Ойылдан елді көшірдің!*

деп, өзінің наразылығын бүкпей, ашық айтады.

Тіптен ақын ханға қарата:

*Мен айтпасам, білмейсің.
Айтқаныма көнбейсің.*

*Шабылып жатқан халқың бар.
Аймағын көздеп көрмейсің.
Қымыз ішіп қызарып,
Мастанып, қызып терлейсің.
Өзіңнен басқа хан жоқтай,
Елеуреп неге сөйлейсің?!*

деп, ханның мысын баса түседі.

Расында да, Асан қайғының замана, өмір жайлы айтқан толғауларына тереңірек назар аударсақ, онда оның аса өзекті, көкейтесті мәселелерді жан-жақты көтере түскендігін анық аңғарамыз. Мәселен ол өзінің «Бұ заманда не ғарып», «Көлде жүрген қоңыр қаз» деген толғауларында өмірдің, табиғаттың тамаша құбылыстарын, адам мінез-құлқының әр алуан сырларын терең аша түседі.

Егер Асан қайғыға байланысты туған аңыз-әңгімелерге ой көзін қадар болсақ, ондағы негізгі өзекті ой — жақсы қоныс іздеу, қазақ халқына қой үстіне боз торай жұмртқалайтындай жақсы заманды, тамаша өмірді аңсау идеялары кең орын ала түскендігін байқаймыз.

Асан қайғы ел қадірін, жер қадірін білу — кез келген жанның қолынан келе бермейтінін де ашық айтады. Ол өзінің «Тақырлауға қонған қаз, тырна» деп басталатын өлеңінде:

*Тақырлауға қонған қаз, тырна,
Таң маңында ұшар ол.
Тауық неше шақырса,
Таң болжалдан атар ол.
Қызыл изен, боз жусан,
Сарыарқаға бітер ол.*

деп, терең түйіндеу жасайды.

Асан қайғы жайлы айтылған аңыз-әңгімелер де ол, ылғида жанға жайлы, малға сая-салқын, көк майса елді мекен іздейді. Соны дәріптейді. Халық қамын, халық мүдесін ойлайды. Сондықтан да Мұхтар Әуезов: «Қазақ халқы өзінің тарихи жолында Асан есімін өктемдікке қарсылықтың символындай сезді. Ел мұнын жоқтаған ақындардың Асан есімін ауызға ең алдымен алынытыны да осыдан» — деп, тамаша байлам жасайды.

Асан қайғы жөнінде халық арасында кең таралған бір жөн аңыз-әңгімелер де, оның XV ғасырда өмір сүргендігі, нағыз халық қамқоршысы бола тұрып, ел бірлігін сақтаған дала философы екендігі анық аңғарылады. Тіптен, оның баласы жайында да айтылған аңыз-әңгімелер күні бүгінге дейін ел арасында әдемі сақ-

талған. Мәселен: Халық арасында айтылған аңыз-әңгімелерде оның баласының есімі — Абат делінеді. Дегенмен, Асан қайғының туған жері, өлген жылы туралы аңыз-әңгімелер бізге жетіп келмеген болса да, баласы Абаттың өлген жері жайлы мәліметтер аңыз-әңгімелер де кездеседі.

Кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда Асан қайғының баласы Абат, Ақтөбе облысы Қобда ауданына қарасты Байтақ деген елді мекенде өткен үлкен жиында мерт болған көрінеді. Сол жиында Абат мінген жел мая үркіп, ойнақтап кеткендіктен, содан құлап өлген деседі. Әрі оның денесі сол Байтақ елді мекеніне жерленгендігі тілге алынады.

Рас, Асанның өлең-толғаулары делініп жүрген шағын өлендерімен кейбір толғау шумақтары, сан ғасырлардан бері ауыздан-ауызға өтіп бізге дейін жетіп келген. Сөйтіп оның халық үшін қайғырып, күллі жұртшылық үшін жел маясына мініп алып, жақсы қоныс іздеуі — оның данышпандық тұлғасын халық арасында биіктете түскен.

Асан қайғының кейбір өлең-толғауларына назар аударсақ, онда оның параллелизм тәсілін орынды қолдана білгендігін де анық аңғара түсеміз. Өйткені, жоғары да келтірілген толғау өлең — синтаксистік параллелизмнің тамаша үлгісімен жазылғандығын аңғару оншалық қиын емес. Аталмыш толғау — өлең өзінің бүкіл рухымен толғау жанрының тамаша сипаттарын анық таныта түскендей.

Асан Сәбит ұлы өз толғауларында өмір көріністерін бір-бірімен салыстыра сипаттау арқылы, ылғида өзінше қортынды жасап отырады. Бұл әрине, сол кездегі жыраулар поэзиясына тән сипат деуге болады. Оның үстіне, дыбыс үндестігіне сүйене отырып, өлең-толғау айту тәсіле де, Асан қайғы шығармашылығында анық байқалады. Әсіресе, жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен айтылған толғаулары, өзінің ойлы да ойнақылығымен оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі.

Шынында да Асан қайғы өлең-толғаулары біздің заманымызға көп өзгерістерге ұшырап, аздап қана жетіп келген. Мәселен оның «Құйрығы жоқ, жалы жоқ» деп басталатын өлең-толғауына өй көзін қадасақ, онда үлкен бір әлеуметтік мәні бар, өмірдің терең сырлары, тіршілік-тылысым сипаттары жатқандығын байқау оншалық қиын емес.

Сөйтіп, қазақ әдебиетінің алғашқы өкілі ретінде Асан қайғы өлең-толғауларынан XV ғасырдағы қазақ халқы басынан өткізген елеулі тарихи оқиғалардың тамаша елестерін анық аңғарамыз. Оның есімі қазақ сахарасының қай түкпіріне барсаңда бірдей, ерекше құрметпен тілге алынады. Халық оны әулие тұтып, ерекше жаратылған жан ретінде

тілге алады. Ел арасына тараған кейбір аңыз-әңгімелер де Асанның әкесінің есімі Саятшы Сәбит болған деседі.

Асан қайғы жайлы айтылған аңыз-әңгімелер де ылғида оны жаңадан ел болып, етек жимақ болған әз-Жәнібек ханның маңынан көреміз. Дегенмен оны сарай ақыны деуге болмайды. Өйткені ол өзінің толғау өлендерінде хандарға үнемі өктем үн катып, оларды халық қамын ойлауға жұмылдырып отырады. Ылғида әділін айтып, ешкімнен қаймықпай олардың кемшілігін бетіне басып отырған. Сондықтан да «Дала уалияты» газетінің 1897 жылғы 41 санында: «Бұл қария қашан да ханға жағымбай, жарамсақтанбай тура сөйлеуші еді» — деп, жазылған болатын.

Шынында да Асан қайғы хандардың, үстем тапп иелерінің халық қамын ойламайтындығын, құр құлқынның құлы болатындығын ашық айтып, кейде оларды кінәлап та отырады. Сөйтіп ол, үнемі халық тілегінің жоқтаушысы болып көзге түседі. Сондықтан да, Асан есіміне «қайғы» деген сөзді халық қоса айту арқылы, оның халық қамын жеген, олардың келешегін ойлаған даланың дана данышпаны екендігін де анық аңарамыз. Асан қайғы үнемі халық бақытын, ел тыныштығын ойлайды, мамыра жай замананы аңсайды.

Енді бір айтылған аңыз-әңгімелер де Асанның қайғы атану себебін, халық былайша тілге алады. Асан жастық шағында бір балгерге барып бал аштырған көрінеді. Сонда ол: «Сенің талабыңа су перісі әмірінің, су сұлтанының қызы нәсіп болғалы тұр» — дейді де, одан әрі: «Төрт үлкен өзен бар. Күн батыста — Еділ, Жайық. Оңтүстікте ұзын аққан Сырдария. Шығыста өр Ертіс. Бәріне де қармақ сал, бірінен болмаса бірінен, сол су перісінің қызы ілінір» — деген ойды алға тартыпты-мыс. Содан, балгер айтқан перінің қызы Асанның қармағына Ертіс өзенінің бас жағынан ілініпті. Аса сұлу қызды көрген Асан ата, оның көркіне көңлі толып, онымен некелесіпті. Қыздың сұлулықтан міні жоқ болса да, тілдесуге тілі жоқ екен. Некелесіп, бас косып біраз уақыт бірге болғаннан соң, өзара түсінбеушіліктің салдарынан, бір-бірінің шарттарын орындай алмапты. Содан, әлігі су перісінің асқан сұлу қызы, Асан атаны бір түнде тастап, көкке ұшып кетіпті.

Міне содан Асан ата қатты қайғырып, әбден өкініп, ренжіпті. Міне содан оны халық «Асан қайғы» атап кеткен деседі.

Әрине, халық ұғымындағы Асанның қайғысы ода емес, күнделікті өмірдің күйбені тудырған, халық үшін жақсы заманды аңсаудан туған қайғы-қасірет деуге болады. Рас, Асан қайғы жайындағы тамаша аңыздың бірі, оның «Жер үйекті» іздеуі деген болар ек. Асан қайғы халықтың, елдің көріп отырған тұрмыс-тіршілігіне қанағаттанбайды. Мекен еткен қоныстарын жерсінбейді.

Халық болашағын көп ойлап қамығып, қайғырады. Оның ойынша жер үстінде адам баласы жасау үшін тамаша ұжымақ бар деп ойлайды. Оны ол «Жер үйек» деген жер деп түсінеді. Ол жерде адам баласы жүзге келмей өлмейтін, малы бір жылда екі рет төлдейтін, елді жау алмайтын, малға жұт келмейтін берекелі жер деп ұғынады. Ол жердің шөбі шүйгін, суы бал, шаруаға жайлы қоныс деп пайымдайды. Онда адамдар қайғы-қасірет дегенді білмейді, қастандық деген болмайды, шат-шадман тұрмыс кешеді деп ойлалап, соны армандайды.

Қорыта айтқанда, Асан ата халық үшін қайғырып, жел маясына мінеді де, сондай жанға жайлы, берекелі жерлерді іздей бастайды. Айдан ай, жылдан жыл өтеді. Содан Асан бармаған төбе, ол түстенбеген бұлақ болмайды. Әр жерге, әр елді мекенге барғанда ол жерлерге өзінің бағасын беріп отырады. Мәселен, Алматы өңіріне келгенде: «Сарымсағы сабаудай, бүлдіргені бүйректей, алмасы бар жүректей. Осы бір жерді қимадым» — десе, Шымкент пен Сайрам маңын көргенде: «Екі басса бір базар, малда береке болмайтын, базары жақын — байымас, мазары жақын — көбеймес жер екен» — деп, баға берген деседі.

Сөйтіп Асан қайғы қазақ халқы үшін шұрайлы жер, тамаша қоныс іздеп талай жерді, елді мекендерді аралапты. Әр жерге келгенде өз бағасын беріп кете беріпті. Әрі, Жәнібек ханды ынсапқа, әділдікке шақыра жүріп, елдің мұңын-мұндап, жырын жырлаған дала данышпаны, тамаша философы дей аламыз.

ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ

XV ғасырда жасап өз соңына бір жөн өлең-толғаулар қалдырған, аса талантты жыраулардың бірі — Қазтуған жырау. Оның толғауларына тереңірек үнілер болсақ, онда да Асан қайғы аңыз - әңгімелері, өлең-толғаулары секілді қазақ халқының халық боп құрыла бастау тұсындағы жайлы қоныс, жақсы мекенді іздеу мәселелері де сөз болады. Қазтуған да өмірге ерекше сүйіспеншілік пен қарап, ел арасында болып жатқан өзгерістерге өз ойын білдіріп отырған жырау. Мәселен оның «Бұдырайған екі шекелі» атты шағын ғана толғауына назар аударсақ, сырттай қарағанда онда өзін таныстыру сияқты болып көзге түскенімен, оның көркемдік ерекшелігіне мән берсек, өзін таныстыру барысында-ақ адам бейнесін, ақын тұлғасын, сыртқы көрінісін әдемі сипаттай алғандығын анық байқаймыз.

Оның үстіне, бұл жыр-толғаудан біз батырлар жырының әсерін де анық аңғарғандай боламыз. Дегенмен де, жырау толғауларында өзіндік сөз өнерін танытарлық өткір де уытты жолдарды да байқауға болады. Өйткені жырау «Бұдырайған екі шекелі, мұздай үлкен көбелі»

дей отырып, метафора бөлшектерін ұтымды пайдаланады. Оның үстіне жырау:

*Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл жайқаған жалғызы.
Бұлт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан.*

деп, өткен дәуірдің көркемдік сөз үлгісін әдемі пайдаланады.

Қазтуған жырау өз толғауларында батыр мен жырау бейнесін бір адам бойына жинақтап береді. Сондықтан да оның ноғайлының батыры — жырауы аталуы, осы себептерден де болса керек.

Қазтуған жырау толғаулары көлемі жағынан шағын болып келсе де, оның ішкі мәні, мазмұны жағынан толғау түрінің өзгеше бір қырын аңғарта түскендей. Ел арасында сақталған кейбір аңыз - әңгімелерге қарағанда, Қазтуғанды ноғайлы — қазақтың батыры, жорықшы жырауы деп тілге алады. Өйткені, оның толғауларында ерлік рухы, батырлық лебі анық есе түседі де, өз оқырмандарін жетегіне үйіре жөнөйді. Әрі, толғауда ерлік лебі анық аңғарылумен бірге, өжеттілік әуендірі аса мол. Осыған қарағанда Қазтуған толғаулары батырлар жырының жеке бір жырау атымен сақталған, оның шағын бір жалғасы деуге де болады. Сондықтан Қазтуған толғаулары әдебиетімізде кейін қылаң берген ерлік толғаулардың басы, бастау бұлағы десек те болғандай.

Жыраудан бізге жеткен екі жыр толғауының өзінде-ақ, оның өзіндік жыраулық ерекшеліктерін, жыраулық арынын анық байқауға болады. Мәселен ол:

*Бұдырайған екі шекелі,
Мұздай үлкен көбелі.
Қара ұнымы сұлтандайын жүрісті.
Адырнасы шайы жібек оқа кірісті,
Айдаса қойдың көсемі,
Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы.*

дейді жырау.

Міне бұл сырттай қарағанда төкпе жыр шырайын аңғартқанымен, ерікті, аралас ұйқас арқылы берілген. Әрі оның көркемдік бітімі де тым өзгешелеу жыр шумақтары деуге болады. Яғни жырау өзін таныстыру барысында, өз қолына қару ұстаған батырдың, ел бастаған басшының, аузына киелі сөз сала алған шешеннің бейнесін анық көргендей боламыз. Сөйтіп, осы бір жыр толғау-

дың өзінен-ақ, оның бір сырлы, сегіз қырлы жырау болған тамаша тұлғасын анық аңғара түсеміз. Толғауда көрініс берген теңеу, метафора, эпитеттер ауыз әдебиетіміздегі байырғы дәстүрлерді анық аңғартқандай. Мәселен Қазтуғанның «Алаң да алаң, алаң жұрт» деп басталатын толғауына назар аударсақ, онан тікелей ауыз әдебиетінің тамаша үлгілерін байқаймыз. Мәселен:

*Алаң да алаң, алаң жұрт,
Ағала ордам қонған жұрт.
Атамыз біздің бұ Сүйініш,
Күйеу болып барған жұрт.
Анамыз біздің Бозтуған,
Келіншек болып туған жұрт.*

Міне мұның батырлар жырындағы дәстүрлі суреттеу тәсілдерімен іштей сабақтасып, үндесіп жатқандығын аңғару оншалық қиын емес.

Рас, ауыз әдебиетінде табиғаттың белгілі бір құбылыстарын төрт түлік мал арқылы салыстыра айту, теней сөйлеу — тұрақты көркемдік тәсілдердің бір болатын. Оны Қазтуған жырау өз толғауларында өнімді пайдалана білген. Оның үстіне, Қазтуған жырау толғауларының негізі, шығып келу жанрлық төркіні — ауыз әдебиеті үлгілерінде, оның ішінде батырлар жырында жатқандығы байқалады. Әрі, көркемдік тәсілдері де сол арнадан туындай түскендігінде байқау оншалық қиын емес.

Сөйтіп, Қазтуған жырау толғаулары сыртқы пішіні, өзндік түрі, ұйқастарымен ғана емес, бүкіл рухымен толғау жанрының жалынды сипаттарын анық аңғартады. Онда толғауға тән елдік пен ерлік мәселесі ерекше асқақ шабыт пен нөсерлене жырланады.

Солай екен, қазақ поэзиясының төл сипаттарының бірі болып табылатын суырып салма (импровизация) дәстүрінің алғашқы арнасы, бастау бұлақтары, осы Қазтуған жырау толғауларында жатыр деуге болады. Өйткені, Қазтуған толғауларында ерлік пен елдік ерекше дәріптеліп, ол ылғида кең өріс алып отырады.

ШӘЛГЕЗ ЖЫРАУ (1465—1560)

Тарихи аңыздарға қарағанда Шәлгез жырау ноғайлының ұлы биі Мұсаның қызынан туған деседі. Сөйтіп ол Алшын руының Қиясынан шыққан көрінеді. Оның ата мекені Батыс Қазақстан облысы. Шәлгез үш айлығында анадан тым жетім қалып, нағашы атасының қолында тәрбиеленіпті. Кейбір деректерге қарағанда ол, жастайынан-

ақ аса тәкәппарлау, билікке жақындау, атақ пен данққа құмарлау болып өскен көрінеді.

Жыраудың ол мінезі Шөлгез жайлы айтылған аңыз-әңгімелерден ғана емес, тіпті оның шығарған толғауларынан да анық аңғарылады. Жырау өмірінің біраз уақыты ноғай ордасының әміршісі — Би Темір төңерегінде өткізгендігін де аңғару оншалық қиын емес.

Мәселен ақын:

*Темір еді биіміз,
Темір еді халқымыз,
Тебірлерге қалғанда,
Теңселер ауыр санды ноғай жұртымыз.*

деген болатын.

Оның үстіне, атақты Едіге батырдың шөбересі болған Темір би, Батыс тарихшыларына да, Шығыс тарихшыларына да белгілі адам екендігін де көне тарихтан жақсы біліміз. Рас, Шөлгез толғауларының дені — Би Темірге арналған. Онда ол өзінің Би Темірден қуғын көрген сәттерін жыр-толғауларына қосса, екіншіден Би Темірді қажы сапарынан тоқтату мақсатында айтқан толғаулары да бар. Оның толғауларында осы екі тақырып анық байқалады.

Кейбір деректерде Би Темір өлгеннен соң Шөлгез, Мамай мен оның інісі Жүсіп айналасында болады. Бұл негізінен XVI ғасырдың 40—50 жылдар шамасы. Яғни ол, Жүсіп пен Ысмайылдың билікке таласу дәуірін өз ішіне алады. Ал Шөлгез жырау Жүсіп төңерегіндегілерді қолдап-қуаттайды. Дегенмен де, Ысмайылдың ықпалымен Жүсіп, Шөлгез жырауға қыр көрсетіп оны ығыстыра бастайды. Одан ренжіген қарт жырау — өз несібесін басқа жұрттан іздеу мақсатында, Жүсіптен іргесін аулақ ұстай бастайды.

Одан бізге жеткен жыр-толғаулары небәрі 600 жол шамасындай. Жырау толғауларына тереңірек үңілер болсақ, онда оның ешкімнің бет жүзіне қарамай кемшіліктерін ашық айтып, үстем тап иелерін ылғи да сын астына алып отырғандығын анық байқай аламыз. Мәселен Шөлгез:

*Жақсыңнан мені кем көрсең,
Жаманыңмен тең көрсең,
Ұялы берікке қос артып,
Сен есенде, мен сауда,
Ырысымды сындайын,
Сегіз қиыр шартараптан іздермін.*

деп, ешкімнен тайсалмай ашық айтады.

Жырау өзінің «Шағырмақ бұлт жай тастар» деп басталатын толғауында, Мамай мен Орақ тарапынан қуғын көргендігін аңғару оншалық қиын емес. Өйткені Шәлгез жырау, үстем тап иелерінің кемшіліктерін үнемі бетіне басып, ашық айтып отырғандықтан ылғида ол қуғынға тап болып отырған. Бірақ ол ешкімнен қаймықпайтын, бас сағалауды білмейтін барынша батыл айта білетін аса қайсар, азулы жырау болған.

Сондықтан жырау:

*Шығармақ бұлт жай тастар,
Ағытқан қойды жол бастар.
Ақ желкенді жел бастар,
Әділ төре ел бастар.
Батыр жігіт қол бастар,
Аға жігіт ел бастар.
Шешен адам сөз бастар.*

дей отырып, достардың да өзіндік ерекшеліктерін дөп баса келе, одан әрі:

*Құсты жисаң бүркіт жи,
Қыстауыңда түлкі етер.
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас, тозбас мүлк етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Күндердің күні болғанда
Жұмыла ғаламға күлкі етер.*

деп, өте орынды байлам жасайды.

Шынында да өмірде алуан түрлі достар болады. Біреу шын дос болса, енді біреуі — күні үшін дос болады. Есеппен дос болатындар да аса көп. Пайда үшін, мал-мүлік, ірі лауазым үшін дос болатындар аз емес.

Оның үстіне, халық арасында сақталған кейбір аңыз-әңгімелер де, Шәлгез жырау ноғайлы елінің батыры, әрі бес-алты ханның тұсында өмір сүрген жырау ретінде тілге алынады. Хандардың көбімен келісе алмағандықтан, өмірінің соңғы кездерінде Мамай ханның жанына келеді. Бірақ ол да, оның маңлайын сипай қоймайды. Мамай ханның да кемшіліктерін бетіне басып, ашық айтатындықтан, ол да оны жақтыра қоймайды. Тіптен, жақтырмаған ноғайлының біраз билері Шәлгезді күндеп, өлтірмек те болады. Сонда Маман би оларға: «Сендер өлтірмей-ақ қойыңдар. Күні ертең елге жау тигенде, оны жалғыз өзін жаман торымен жауға қарсы жібереміз. Сонда өзі-ақ жау қолынан қаза болады» — деп, ашық пікір айтқан көрінеді.

Рас, елге жау шапқанда Маман би Шалғез жыраудың жалғыз өзін қарсы аттандырады. Бірақ, аса батыр, асқан ер жүрек жырау олардан ығыспай, жау бетін кері қайтарып, өзі аман қалады. Сонда анадайдан одағайлап қарап тұрған Маман би жанына келген Шәлғез, өзінің жоғарыдағы толғауын айтып, өз жөніне жүріп кете беріпті. Бұл да — жыраудың батылдығы мен батырлығын анық аңғарта түскендей.

Тарихқа көңіл көзін қадар болсақ, Маман би XVI ғасырдың бірінші жартысында жасаған ноғайлы елінің ру басы, биі, әрі батыры болғандығын анық аңғарамыз.

Шәлғез жырау толғауларының ішінде «Балпаң, балпаң басқан күн» толғауы ерекше мәнге ие. Өйткені онда, Ормамбет би өлген кездегі Ноғайлы елінің қайғы қасіретін ашық жыр жолына қосады. Кейбір деректерге қарағанда, Тінахмет баласы Ормамбет 1597 жылы, не 1598 жылы дүниеден өткенде, Шәлғез жыраудың жасы 150 лер шамасында екен. Әрине бұл, оншалық шындыққа жанаса бермейді. Бірақ, халық өзінің аса талантты сөз зергерін ұзақ жасатып, ұзақ өмір сүргіздіріп отыруды басты мақсат еткен болуы керек.

Сондай-ақ, Шәлғез жырау толғауларында елдік пен ерлік ығыда дәріптеліп отырады. Олар да көне дәуірдің көркем көріністері, олардың дүние танымдары, өмірді түсіне білудегі бейнелеу тәсілдері анық аңғарылыды. Ең негізгісі, ол кездегі жыраулар өз ойларын қарадүрсін баяндау жолымен емес, оны бейнелі түрде, образдылықпен жеткізіп отырған. Өмірдің әр алуан көріністерін, құбылыстарын салыстыра өз толғауларында баса сипаттаған. Мәселен: Шәлғез жырау толғауларында табиғат пен адам егіз құбылыс ретінде суреттеледі. Екеуінің арасындағы ұқсас жәйттерді ашық айта отырып, жырлағалы отырған тақырыптарының ішкі мәнін жан-жақты аша түседі. Оны біз ақынның «Шағырмақ бұлт жай тастар», «Жапырағы жасыл жау терек, шайқалмағы оның желдендүр», «Жапалақ ұшпас жасыл тау, жақсылардың өзі өлсе де, сөзі сау», «Аспан-ды бұлт құрсайды, күн жауарға ұқсайды», «Қоғалы көлдер, құм сулар», «Арқаның құба жонында, арыстан ойнар шарқ ұрып» сияқты т.б. жыр-толғауларынан анық аңғарамыз.

Шәлғездің жыр толғауларында адалдық пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық арасындағы кереғар мәселелер де жан - жақты көтеріле түскен. Тіптен жырау: «Ақылсыз достан, ақылды дұспан артық», «Бір жақсымен дос болсаң, азбас, тозбас мүлк етер, бір жаманмен дос болсаң, күндердің күні болғанда жұміле ғаламға күлкі етер», «Дұспанға белінді шешіп инанба, инатып тұрып өлтірер» — деп, өмірлік мәні бар әлеуметтік мәселелерді ашып айтады.

Шәлғездің Би Темірге арнаған толғауларында феодалдық-рулық қоғамның шындығы өз шешімін анық таба білген. Жырау толғаула-

рын да өмірдің өзекті мәселелері көрініс табумен бірге, тәлімдік-тәрбиесі аса мол мәселелер де көтеріліп отырғандығын анық аңғарамыз.

Шөлгез жырау толғауларында сөз қолдану, оны көркемдік тәсілмен сипаттау жағынан да, ұйқасы, ырғағы жағынан да халық ауыз әдебиеті үлгілерінің сарыны анық аңғарылады.

Шөлгез жырау өз толғауларында өмірінің кейінгі кездерінде көрген қиыншылықтарын да, аянышты халін де жасырмай ашық айтқан. Әсіресе, Би Темірге: «Жау көрген күні жүрегіңнің басында едім, көз үстінде қасы едім» — дей отырып, оған деген өзінің наразылығын білдіре түседі. Би Темір керек кезінде оны қадір-құрмет тұтқан болса, қартайып егде тартқан шағында оған мән бермей, оны ренжіткен тұстары да жиі-жиі болған көрінеді. Оны біз жыраудың «Жақсысынан кем көрді, жаманымен тең көрді» — деген толғауынан анық аңғарамыз. Сөйтіп жырау, егде тарқан шағында Темір биге ренжіп, оның төңірегінен кетуге мәжбүр болады. Өзі батыр, орақ ауызды, өткір сөзді жырау, салт басы сабау қамшылы болып, өз ырысымды «Сегіз қиыр шартараптан іздермін» — деп, би Темірге ренжіп кетіп қалады.

Жыраудың Темір ханға айтқан жыр-толғаулары, Ғабдолла Мұштак ұлы тарапынан құрастырылған «Көкселдір» атты Орынборда жарық көрген еңбектен де орын алған.

Жырау өлеңдерінде тәлімдік тәрбиелік мән аса мол екендігін байқау оншалық қиын емес. Мәселен жырау:

*Жақсыға қоссаң басыңды,
Отырар орның төр болар.
Жаманға қоссаң басыңды,
Саз балшыққа аунаған
Бөрімен орның тең болар.*

дейді де, одан әрі:

*Жаманды құдай алар ма?
Жақсыны құдай қояр ма.
Жақсы алдында сөз айтсаң
Жақсылар сөзге тояр ма.
Жаманға жақсы болсаңыз,
Күнінде бір күн болғанда,
Оның залалы тиер басыңа.
Жақсы туған қарындас,
Ғәм қарындас, ғәм жолдас...*

деп, өмірлік мәні бар мәселелерді орны-орнымен әдемі жеткізеді.

Қорыта айтқанда, Шөлгез жырау толғаулары өз дәуіріндегі шындықты шынайы сипатайтын, аса құнды поэтикалық көркем шығарма екендігімен де, күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтпақ емес.

ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ

XV ғасырдың соңымен XVI ғасырдың алғашқы ширегінде жасаған жорықшы жыраудың бірі — Доспамбет жырау. Оның да шығып келу тегі — ноғайлы. Ал оның туып-өскен жері Дон дариясының құйылысындағы Азов қаласы. Кейде оны — «Азау қаласы» деп те тілге алады. Тарихта оны — Азағ, кейде «Азаулы» деп те атайды.

Доспамбет — шын мәніндегі жорықшы жырау. Өйткені, бізге жеткен толғауларының ішкі мәніне тереңірек үңіле түссек, онда жыраудың талай-талай ұрыстар мен қақтығыстардың куәсі болғандығын анық аңғарамыз. Талай-талай айқастарға қатысып, онда үлкен ерлік көрсеткендігінде байқау мүмкіндігіне ие боламыз.

Жырау үлкен бір шайқаста ауыр жарақаттанып, әбден қиналып жатқан сәтінде, өлер алдында былай деген екен. Мәселен жырау:

*Ер Мамайдың алдында,
Шаһид кештім, өкінбен.*

Ал егер көне тарих бетіне назар аударсақ, Мамай 1549 жылы дүние салады. Бірақ, Доспамбет жыраудың өлімі одан көп жыл бұрын болған сияқты. Өйткені, ұлы Ноғай ордасының биі Мамай мен оның әміршісі — Қырым ханның бірігіп қимыл көрсетуі — 1523 жылы екендігін тарихтан жақсы біліміз. Міне, дәл осы жолы Қырым ханы Махмед-Герей, Мамай бидің көмегімен Жәнібек ханның ұлы Үсейінді жеңіп, Астраханды өз қоластына алған болатын. Оның үстіне, тарихта Қырым хандығы мен Ноғай ордасы ылғида жауласып отырған. Олардың ауыз бірліктері бұл жолы да ұзаққа созылмайды. Тіптен Мамай, өзінің небере інісі Жаңбыршы ұлы Ағастың (кейде ол «Телағыс» деп те аталады) үгіт-насихатымен Махмед-Герейді Астраханнан алдап алып шығады да, баласы Батырхан екеуін сондарына ерген адамдарымен бірге қырып тастайды. Міне, бұдан соң Ұлы Ноғай ордасы мен Қырым хандығы арасында қақтығыстар өрши түседі.

Сондықтан да жырау толғауларына назар аударсақ, онда Доспамбеттің Мамай би мен Махмед-Герей тату болған сәттерінде дүниеден өткен-ау деген пікір туады. Жорықшы жырау жарақаттанып, әбден қансырап, әлі азайып бара жатқанда да мойымайды. Жырау рухының күштілігі ерекше көз тартады. Мәселен жырау:

*Арғымаққа оқ тиді,
Қыл майқанның түбінен,*

*Аймадетке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан.
Зырлап аққан қара қан,
Тиылмайды жонның уақ тамырдан.*

деп, әбден нали түседі де, одан әрі:

*Сақ етер тиді саныма,
Сақсырым толды қаныма.
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты.
Жарақшылар жоқ не екен,
Жармай білте саларға.
Жағдайсыз жаман қалып барамын,
Жанымда бір туғанның жоғынан.*

деп, берекесіздене түседі.

Доспамбет жырау шын мәніндегі өр мінезді, аса батыр адам болған. Мәселен: Белгілі ғалым В. Радлов ел аузынан Доспамбет жайындағы бір әңгімені жазып алады. Онда жорықшы жыраудың батылдығы мен батырлығы анық аңғарылады. Мәселен ол, бір күні жорыққа атанады. Бірнеше күннен соң аса көп әскерлерге тап болады. Басқалар жан сағалап «кері қашайық» дегенде, Доспамбет: «Жоқ, қашпаймыз. Алла, мандайымызға нені жазса соны көрерміз» — деп, өзінің асқан батырлығын жан-жақты таныта түседі.

Бірақ, Доспамбет жайлы айтылған аңыз-әңгімелер де оның қалай, қандай жағдайлар да жарадар болғандығы жөнінде ешнәрсе айтылмайды. Тек, өзінің ұзақ толғауында ғана жарақаттанғандығы жөйлі пікір білдіріледі. Тіптен ол, өз соңына қамшысының қалып баражатқандығына да қатты қайғырады.

Онан соң жырау сөзінің соңында қалып баражатқан зайыбын, Қосақай, Қосай, Ер Досай атты балаларын да емірене тілге алады. Бірақ, олармен сырттай қоштасуға, бел шешіп өзінің иманын үйіруге аузы бармайды.

Өмірден түңіліп, үмітсізденбеген жырау, ескі дәуренін ойлап, одан әрі алты құлаш ақ найзасын, бората ататын садағын, Еділ бойын жайлаған бейбіт тұрмыс кешкен заманын қимайды. Сөйтіп жырау, өз толғауында өзінің көңіл күйін дәл бере отырып, толғауларына тым әсерлі сөздерді орынды қолдана біледі. Мәселен ақын:

*Айналайын ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда.
Еңсесі биік боз орда,
Еміне кірер күн қайда.*

*Қара бұлан терісін,
Етік қылар күн қайда.*

деп, өз армандарын оқырман жұртшылыққа әдемі жеткізеді.

Сондықтан да жорықшы жырау толғауларында, Доспамбет о дүниеге бет бұрса да, өзін-өзі жұбатып, өмірге белін бекем бұғандығын аңғарамыз. Әрі, өз өмірін бекерге өткізбеген ерлік күрестерінің сыр-сипатымен де таныс боламыз. Мәселен Доспамбет:

*Тоғай, тоғай, тоғай су,
Тоғай қондым өкінбен.
Толғамалы ала балта қолға алып,
Топ бастадым өкінбен.
Тобыршығы биік жай салып,
Дұспан аттым өкінбен.*

дейді ақын.

Қорыта айтқанда, жорықшы жырау Доспамбет — қазақ әдебиеті тарихында ереулі орын иелейтін, аса талантты жыраулардың бір егейі дей аламыз. Жырау толғауларының игі әсерлерін біз, өзінен кейінгі Бұхар жырау, Махамбет Өтеміс ұлы сияқты тарлан талант шығармаларынан да анық аңғарғандай боламыз. Оның үстіне, кейбір эпикалық жырлардан да Доспамбет жыраудың бір жөн тәлім алғандығын аңғару да оншалық қиын еме емес.

Бірақ, аса талантты жорықшы жыраудың шығармалары бізге дейін толық жетіп келмеген. Дегенмен де, оның қолда бар бір жөн толғауларынан, оның қазақ әдебиеті дамуына қосқан үлестерін анық аңғарғандай боламыз.

ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ

Жиембет жырау негізінен Алшын руынның көшпенді әскери аристократтарынан шыққан, Есім ханның әскер басшыларының бірі болған. Егер көне тарихқа барлай назар аударсақ, кезінде Алшындар тек қазақ хандығында ғана емес, Орта Азия хандықтары арасында да үлкен беделге ие болған көрінеді. Олар арасынан мемлекеттің белгілі бір тірегі, әскери қолбасшылар шыққандығында тарихтан жақсы білеміз. Мәселен: Самарқанд регистанындағы Шері — Дар медіресесі мен Тіллә Қары мешітін де салдырған адам, осы Алшын руынан шыққан Жалаңтөс баһадур болғандығын тарихтан анық аңғарамыз.

Жиембет жырау XVII ғасырда — Есімхан тұсында жасап, сол ханның әскер басыларының бірі, әрі батыры, жорықшы жырауы болған адам. Ел аузында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда, ол өз зама-

насының ірі феодалы, мемлекет істерінде үлкен роль атқарған, қабырғалы би де болған көрінеді. Оны біз ақынның «Еңсегей бойлы, ер Есім» атты жыр — толғауынан да анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Бірақ, күні бүгінге дейін Жиёмбет жыраудың қай жылы туылып, қай жылы дүниеден өткендігі жайлы мағлұматқа ие емеспіз. Тек, бізге жеткен кейбір жыр-толғауларынан ғана, оның үстіне халық арасында сақталған аңыз-әңгімелер мен кейбір шежірелерден жырау жайында быраз мәліметке ие боламыз. Мәселен: Еңсегей бойлы ер Есім-жырау толғауының бас кейіпкерлерінің бірі болған. Кейбір шежірелер де Жиёмбетті «Кіші жүздің аузы дуалы биі болған» деп те тілге алынады. Оның үстіне, Тама руының ұраны да — Жиёмбет. Тіптен, Сырым батыр да жауға шапқанда, Жиёмбеттің атын атап: «Е, аруағыңнан айналайын Жиёмбет! Мені қолда. Мені қолдай көр» — деп, жауға атой салады екен.

Бірақ, Жиёмбет жырау Есім ханның қабырғалы билерінің бірі болғандығы тарихтан белгілі. Кейбір деректерге қарағанда, Жиёмбеттің арғы атасы Ноғайлыдан шыққан Алау батыр деседі.

Ал Алау батыр XVI ғасырдың алғашқы жартысында жасағандығы да көне тарихтан аян. Дегенмен, Жиёмбеттен бізге жеткен аса елеулі мұрасы, оның Есім ханға айтқан толғауы. Бұл толғаудың туу себебін, былайша таратуға болады. Мәселен: Қалмақ ел басшыларының бірі — Есімханға бір сұлу қызын сиға тарту еткен көрінеді. Бірақ, қыздың сұлулығына қызыққан Жиёмбеттің інісі Жолымбет, барар жерге жеткізбей жолай тартып әкетіпті. Міне содан Есімхан Жиёмбетке, оның інісі — Жолымбетке қатты наразы болады. Бірақ, Жолымбеттің тентегтігін білген Есімхан, оны кешірім жасайды. Жиёмбетпен кейінірек татуласады.

Дегенмен жырау өзінің жыр-толғауларында Есімханға ақыл-көнес айтумен бірге, оның кемшіліктерін де қаймықпай, бетіне баса ашық айтып отырған. Мәселен жырау:

*Есім сені есірткен,
Есіл де менің кеңесім.
Ес білгенде, Есім хан,
Қолыңа болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін.*

дей отырып, жау жағадан алған сәттерде, жансағалап, жаудан сатыла қашқан кездерінде жасырмай, бүкпей баса айтады. Оны біз жыраудың:

*Қалмақтың Бөрі ханы келгенде,
Соқыр, бурыл байталға*

*Сонда бір жайдың мінгенсің,
Қаланың қасы бүлгенде,
Қаз мойынды ханыша
Қалада тұрып жылаған...*

деген толғау өлеңінен анық аңғара түсеміз.

Дегенмен Есімхан ағайынды екеуіне қысым жасау жолдарын қарастыра түседі. Оны білген Жиёмбет «Қайратым қанша қайтса да» деп өктем үн қатады. Жиёмбет бұл толғауын жасы ұлғайған шағында шығарған көрінеді. Толғау негізінен 7-8 буынды жыр үлгісімен жазылған. Көркемдік жағы оншалық көз тартпағанымен, бір жөн теңеулерді өнімді пайдалана білгендігінде байқау оншлық қиын емес. Толғаудан біз Жиёмбеттің ешнәрседен именбейтін, талай-талай көксөктыны нықырта түсетін кәрі тарлан ретінде тани аламыз. Ол Есімханға аса батыл сөйлейді. Мәселен:

*Еңсегей бойлы ер Есім,
Есім, сені есірткен
Есіл де менім кеңесім!
Ес білгеннен Есім хан
Қолыңда болдым сүйесін,
Қолтығыңа болдым демесін!*

дейді жырау.

Тіптен одан әрі, өз ойын ашық айта келіп:

*Мен жоқ болсам, Есім хан,
Ит тұрткіні көресің.
Жиёмбет қайда дегенде,
Не деп жауап бересің.*

деп, өктем үн қатады.

Тарихтан біз Есім ханның аса беделді, абыройлы хан болғандығын жақсы біліміз. Сондықтан да, күні бүгінге дейін халқымыз арасындан «Есім ханның ескі жолы, Қасым ханның қасқа жолы» — деген қанатты сөз бар. Сол үшін да Есімханға өктем сөз айту, оның кемшіліктерін бетіне басу — екінің бірінің қолынан келе бермейтін жәйт. Ондай батыл сөзді, тек халық қадірлейтін, асқан беделді адамдардың ғана айтуы мүмкін.

Ел арасында сақталған кейбір аңыз-әңгімелерге қарағанда, Есімханды ақ кигізге отырғызып, хан көтерушілердің біріде — осы Жиёмбет жырау болған деседі. Әрі, Есімханның бар жеңісінің табысы, соның белгілі қаһарманы, батыры болған да Жиёмбет жырау екен. Тіптен Жиёмбет жыраудың өзі де:

*Менім ер екенімді көргенсің,
Әуелден бірге жүргенсің,
Дегенімді қылғансың,
Қайратымды білгенсің...*

деп, Есімханға өктем үн қатып, ашық айта да біледі. Оның үстіне жырау өзінің ерлігін, батырлығын жасырмай, ағынан жарыла ашығын айтады.

Жырау толғауларында шалқып, тасу жоқ. Сол үшін да жыр жолдары әсерлі, әрі тартымды шыққан. Жиёмбет жыраудың Есімханға батына сөйлеуінің тағы бір себебі, оның жалғыз емістігінде жатқан сияқты. Өйткені, оның артында күшті елі, жұрты баршылық. Халқы жырауды ерекше қадір тұтады. Сондықтан да ол Есімге: «Мен өлсе құнсыз кетер деме сен» — деп, өз соңында іздеушісі, сұраушысы бар екендігін де тілге алады. Тіптен інісі Жолымбет батырға арнаған жырында: «Хан жалғыз да біз үшеу» — деген ойды алға тартады. Ал оның сүйеніш көріп отырған тағы бір небере інісі — Байбақты батыр. Ол атақты Сырым батырдың алтыншы атасы. Ол кезінде Торғауыттарға қарсы болған соғыста айрықша көзге түскен ірі тұлға.

Рас, Жиёмбет жырау өмір сүрген дәуір — қазақ халқының сыртқы жаулармен кескілесе күрескен кезеңі болатын. Осы кездегі қазақ халқының басты дұшпаны — Жоңғар қалмақтары болған. Есімхан тұсында қалмақтармен шайқас 1620, 1627, 1628, 1635 жылдары болғандығын тарихтан жақсы білеміз. Оны Жиёмбет өзінің жыр толғауында әдемі-ақ сипаттайды.

Жиёмбет жыраудың халық алдында беделі аса жоғары болғанымен, оның Есімханмен болған тартысының соңы насырға шаба түседі. Олар арасындағы кереғарлық, тентек інісі Жолымбеттің істеген ісінен ғана емес, жырау өзін еркін сезініп, ханға тәуелді болмау жағына ерекше мән берген. Өйткені жырау, Есімхан кемшіліктерін ылғида қаймықпай бетіне басып ашық айтып отырған. Ел бірлігін сақтау мәселесіне айрықша көңіл бөлген. Дегенмен, Жиёмбеттің Есімханмен тартысы жеңілумен тынады.

Сөйтіп Жиёмбет жырау, Есімхан заманында қазақ хандарының ордасы болған Түркістанды тастап, самал желі ескен мидай сахараға ығысып кетуге мәжбүр болады.

Сондықтан да Есімханға қатты ренжіген жырау:

*Арқаға қарай көшермін,
Алашыма ұран десермін.
Ат құйрығын кесермін,
Ат саурысып берермін.*

*Алыста дәурен сүрермін.
Қарамасаң, ханым, қарама,
Сенсіз де күнімді көрермін.*

Ханға деген наразылығын қаймықпай батыл айтады.

Қорыта айтқанда, XVII ғасырда жасаған Жиёмбет жырау Бортоташ ұлы қазақ әдебиеті тарихында өзінің жыр - толғаударымен ерекше көзге түскен жорықшы жырау ретінде үлкен орын иелейтін ірі талант иесі.

АҚТАНБЕРДІ ЖЫРАУ (1662—1752)

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың алғашқы жартысында жасаған аса талантты жыраулардың бірі — Ақтанберді Сары ұлы. Кейбір деректерге қарағанда ол — атақты Қара Керей Қабанбай батырмен бірге болған Найман елінің басшысы, әскери қолбасшысы болған көрінеді. Әрі ол, Найман руының Сыбан тобынан шыққан екен. Әсіресе ол жонғарларға қарсы күрес кезінде қолбасы батыр ретінде, әрі халықтың ақылгөй көсемі ретінде ерекше көзге түсіпті. Ол әкесі Сары мен шешесі Сырбикеден дүниеге келген жалғыз ұл болған көрінеді.

Әке-шешесі де орта шаруалы дәулеті ғана бар, онша алды қаштымен жұмысы жоқ қарапайым, аса момын еңбек адамы болыпты. Сондықтан да ол, кейде өз малын өз қызығына жұмсай алмай, кейбір ағайын-туғандарының зорлығын, қиянеттерін жиі-жиі көріп отырады екен.

Міне бұл — жанашыры, сүйеніші болмаған балаң жас — Ақтанбердінің қабырғасына қатты батады. Бірақ, жүрегінде оты бар жалынды жас Ақтанберді оған жаси қоймайды. Өзіне, ата-анасына тепершін көрсетпек болғандардан именбей, керекті жерлер де өзіне тиесілі сөздерін батыл айтып, кей ретте ұстасып қалып та жүреді екен.

Ол өзінің алғашқы өлең-жырларын 11 жасында шығара бастапты. Бала жыраудың алғашқы шығарған өлендерінде мұң-зар, қайғы-қасірет, жалғыздыққа налу сырлары анық ағарыла түседі. Мәселен ақын:

*Жағалбай деген ел болар,
Жағалтай деген көл болар.
Жағалтайдың жағасы,
Жасыл да байтақ ну болар.
Атадан алтау туғанның,
Жүрегінің бастары.*

*Алтын менен бу болар.
Атадан жалғыз туғанның,
Жүрегiнiң бастары,
Сары да жалқын су болар.*

дейдi ақын.

Бiрақ ол, күнi ертең жасы 15 ке толған соң-ақ, ер жетiп есейе түсетiндiгiн, болашақтан аса зор үмiт күтетiндiгiн де жыр жолдарына коса бастайды.

Мiне сол өлендерiн естiген Жангөбек Ботақара деген қара жүрек, тас бауыр туысының құлағы шалып қалады да, бiр күнi оны қамшының астына алыпты. Тiптен, Ақтанбердiнi найзаның ұшына iлмекшi де болады. Бiрақ, жазықсыз жас балаға туысы Бердiке батыр араға түседi. Мiне содан бұғанасы бекiп, қанаты қатаймаған жас Ақтанберды, сол күннен Бердiке батырды паналай бастайды.

Өмiрден, туған-туысқандарынан көп тепершiн, зорлы-зомбылық көрген Ақтанбердi аса палуан болып, батыл да батыр болып жетiле бастайды. Әрi, ақындық арыны да кең өрiс ала түседi. Бiрақ ол, күнi кеше өзiне күн көрсетпей тепершiн көрсеткен туысқандарына қарсы күш жұмсауды ар санап, бүкiл ел мүдесiн көздейтiн батыл тұлға ретiнде көзге түседi. Тiптен, рудың, ата-ананың намысын емес, бүкiл халық намысын ойлайтын, пайым-парасаты аса мол азамат болып қалыпта-са бастайды. Сондықтан да ол өз өлең жолдарында:

*Дұшпаннан көрген қорлығым
Сары су болды жүрекке.
Он жетi де құрсанып,
Қылыш iлдiм бiлекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткiз деп, құдай тiлекке, —*

дейдi жырау.

Ақтанбердi өмiр сүрген кезде қазақ халқы қалмақтармен үздіксіз соғысып, әбден тайталасып жүрген сәттер болатын. Мiне сондай қанды ұрыстардың талайына қатысып, өзiнiң батырлығымен айрықша көзге түседi.

Сондықтан да оның жыр-толғауларында ылғида халықты басқыншылармен аянбай күресуге шақыру сарыны басым болады. Әрi, оның жыр жолдарында дұшпанға соққы беретiн, жеңiс күнi туатын сәттер боларын армандау сарыны да анық аңғарылады. Сол үшiн да Ақтанбердiнiң жыр-толғауларында ерлiк пен азаттық үшiн күрес сырлары кең орын алған.

Талай соғыстарға қатысып, өзiнiң ерлiгiмен көзге түскен Ақтанбердi жырау, әрi ұйымдастырушылық, қолбасылық қабiлеттерiн де жан-жақты танытады.

Ақтанберді жырау қырықтың қырқасынан асқан шағында, үш жүздің тізгінін өз қолына ұстап отырған Әз-Тәуке дүние салады. Ол дүниеден өтісімен-ақ, қазақ сұлтандары арасында өзара келіспеушілік кең өріс алып, ашықтан-ашық жауласа бастайды. Нәтижеде, үш жүздің ара жігі ыдырап, өзара күрес-тартыстар белең ала түседі. Міне, осы бір кезеңде жоңғарлықтар баса көктеп, қазақ халқына тиісіп, елін, жерін тартып алып, өздеріне қаратпақ болады. Қатты қақтығыс, үлкен шайқас басталады. Дәл осы сәттер де Ақтанберді өзінің жауангерлік, батырлық, қолбасшылық сипаттарын анық танытады.

Рас, Ақтанберді жырау өз жыр жолдарын 11 жасында бастағанымен, түбегейлі жыраулық жолын қуаламай, окта-текте бет бұрып отырған секілді. Дегенмен, одан бізге жеткен поэтикалық жыр туындылары мазмұны, мәні жағынан да аса ауқымдылығын анық аңғарта түскендей. Оның жыр жолдарына назар аударсақ, өзінен бұрын өткен Доспамбет пен Шәлгез дәстүрлерін одан әрі дамыта түскен сияқты. Оның үстіне, жырау туындылары негізінен байырғы қазақ поэзиясының үлгісімен жырланғандығы анық байқау оншалық қиын емес.

Жырау өмірлік мәні бар мәселелерді дөп басып, поэзия тілімен әдемі жеткізеді.

Өлеңдерінде ақыл, насихат, афористік толғаныстар да өзінің шынайы шешімін анық тапқандығы байқалады. Ақтанберді жырларында көшпелі қазақ халқының ой-арманы, мақсат-мұраттары, тілек-мүделері өз көрінісін жан-жақты таба түскен. Олар да сахара халқының өмірі, тыныс-тіршіліктері, тұрмыс-жай күйі өзіндік ерекшеліктерімен әдемі сипатталған деуге болады. Оның үстіне жыраудың кейбір толғауларында қазақ халқының мінез-құлықтары, болмыс-бітімдері, сол кездегі өмірге деген көз қарастары ап айқын өз көрінісін тапқан. Мәселен: Ақтанбері жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп» деп басталатын ұзақ жыр-толғауына мән берсек, онда халқымыздың өзіндік өмір сырлары анық аңғарылады. Халқымыздың мейман достығы мен қонақ жайлылығы қашаннан-ақ белгілі. Міне бұл да жырау поэзиясында сырт қалмаған.

Қашан да қазақ халқы үшін бірден-бір байлығы — төрт түлік малы. Малдың егі, сүті — тамақ та, жүні, терісі — киімі, көшсе — көлігі, мінсе — жүйрік аты, жесе — тамағы болған. Міне бұл да Ақтанберді жыраудың толғауларында өз шешіміп тапқан. Ылғида көшпенділер үшін өмірінің қуанышы, тіршілігінің бірден-бір көзі болған осы бір келелі тақырыпқа Ақтанберді жырау ылғида қайта-қайта оралып отырған.

*Арудан асқан жан бар ма,
Жылқыдан асқан мал бар ма,*

*Биенің сүті сары бал,
Қымыздан асқан дәм бар ма.*

деп, терең түйіндеу жасайды.

Әрине, Ақтанберді жыраудың жылқы малын айрықша қадір тұтіп қастарлауінің тағы бір сыры, ол қолбасы, батыр болған адам. Сондықтан да ол сайгүлік тұлпардың ержігіттің бірден-бір қанаты, жан серігі болатындығын жақсы түсінген. Ең жақын досы ретінде таныған.

Ақтанберді жырау қазақ халқы басына ауыр күндер туған дәуірде жасады. Халықтың ауыр жеңілістерін де, дұшпаннан дүркірей қашқан босқыншылықтарын да өз көзімен көрген. Бірақ асқан батыр, ержүрек Ақтанберді жырау одан мойып, берекесізденбейді. Жауға қарсы атой салып, елін, жерін қорғауға атсалысады. Сондықтан да өзінің жыр-толғауларында халықты ерлікке, бірлікке үндей отырып күреске шақырады. Дұшпаннан шошып именбеуге, оларға қарсы тайсалмай күресуге жұмылдырып жігерлендіре түседі.

Сақал-шашын ақ қырау басып, қартая түскен шағында Жиенбет жырау, талай ұрыстарға қатысып, неше түрлі жеңістердің де, жеңілістердің де куәсі болады. Жау колына түскен жерін, елін қайтарып алғандығын да өз көзімен көреді. Сөйтіп, азат болған елін, жерін көрген қарт жырау елді отырықшылыққа айландыру мақсатымен егін ектіреді. Тіптен, кейбір деректерге қарағанда, Қазақстанның Шыңғыс, Аякөз, Қарақол өңірлерінде Ақтамберді қаздырған тоғандардың орны күні бүгінге дейін бар көрінеді.

Ақтамберді жырау әбден қартайған шағында — 93 жасында дүние салыпты. Өлер алдында, туған топырағын мәңгі жастанар кезінде айтқан бір толғауында жырау: «Батырларша оққа ұшпай, төсекте жатап тек өлгендігіне» налып, сан соққан да көрінеді.

Оның сүйегі — бұрынғы Семей облысы Абай ауданына қарасты Шет өзенінің бойындағы Құндызды Қос елді мекеніндегі Жүрек жота деген төбенің басына қойылыпты.

Қорыта айтқанда, Ақтанберді жыраудың өзі өлсе де, өз соңына қалдырған жыр-толғауларымен ол ешқашан өлмек емес. Оның жыр-толғауларынан өз дәуірінің жыршысы, ел қорғаны бола білген жауангері, батыры екендігінде анық аңғарамыз.

ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ (1706—1778)

XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың бас кезінде жасаған аса талантты жыраулардың бірі — Үмбетей Тілеу ұлы. Ел арасында сақталған аңыз-әңгімелерге қарағанда Үмбетей, өмір бойы жоқшылықтың тауқыметін көп тартып, аса көп қиындықтарға тап болыпты. Ол жырау толғауларынан да анық байқалады. Бірақ, тұрмыс талқы-

сының қатандығана қарамастан, ешкімнен жасқанбай, тіптен «кедеймін» деп налып, берекесізденбей, біреулерге қол созбай, жалынбай өткен қайсар жырау болған деседі.

Оның үстіне, қартайған шағында аурушаң да болыпты. Содан, өзі тым кедей, мінерге аты жоқ, сырқаттау болған Үмбетей, кейде күллі жұртшылық көшіп жатқан шақтар да, ол көше алмай жұртта қалып қоятын кездері де жиі-жиі боп тұрады екен. Сөйтіп, бір өмір кедейшілік-жоқшылықпен өмір кешкен жырау, өз толғау жырларында ел тыныштығын, бейбіт өмірді ансап, ерлік пен батырлықты дәріптейді.

Әсіресе ол, жоңғар басқыншылығына қарсы күресте айрықша көзге түскен Бөгембай батырды жоқтайды. Ол осы толғауымен халық арасына кеңінен танылған. Оның ерлік істерін ардақтап, жоңғарларға қарсы күрес майданында қаза болғандығына қатты қайғырып, оған өкініш білдіреді. Жырау өз жоқтауын Абылай ханның алдына келіп, бір жағы оған естірттірсе, екіншіден көңіл айтып, оны жұбатқан болады.

Жырау өз жоқтауында Бөгембай батырдың тарихи тұлғасын дұрыс танып, оның жоңғарлардың бетін қайыруда көрсеткен ерлігін, батылдығын, қаһармандық іс-әрекеттерін дәріптеп, оның батырлық тұлғасын терең аша түседі. Өз толғау жолдарында батыр өліміне деген халық қайғысын әдемі жеткізеді. Мәселен ол:

*Уа, Абылай, Абылай
Абылай ханым бұл қалай?
Дұшпаныңды мұқатқан,
Жауыңа қарсы оқ атқан,
Аруағына табысқан,
Батырың өтті Бөгенбай.*

дей отырып, Абылай ханға ердің ері боп көзге түскен Бөгембай батырды естіртеді. Оны дәріптеп, мадақтайды. Мәселен акын:

*Уа, Алатаудай Ақшадан,
Асып тұрған Бөгенбай.
Болмашыдай анадан,
Болат туған Бөгенбай...
Құбыла көшкен байтақтың
Ордасындай Бөгенбай!
Темір жұмсап оқ атқан,
Қорғасындай Бөгенбай!
Қолтығы ала бұғының
Пәйкесіндей Бөгенбай!*

деп, батырды мадақтай түседі.

Үмбетей жырау да Бұхар жырау сияқты Абылайдың хан болғанға дейінгі жоқшылықта өткен өмірін, жалшылықта жүрген жайын ашық тілге алады. Әрі, Абылай ханның атын шығарған батырлардың бірі — Бөгембай екендігін де баса айтады.

Сонра Үмбетей жырау өз толғауында бас көтерген қазақ батырлары мен билерін санамалап, жоңғарларға қарсы күресте көрсеткен ерлік істерін дәріптейді. Тіптен, әрбірінің кескін келбетін, түр-тұлғасын, ерлік мінездеріне дейін даралай сипаттайды. Бөгембай өліміне қатта қайғыра отырып, бөгде батырлармен салыстыра жыр толғауына қосады.

Одан әрі жырау, билер мен батырларды дәріптей келіп, Бөгембайдың ерекше тұлғасын, болмыс бітімін айрықша даралап былай сипаттайды.

*Жалаң қия жерлерден,
Жазбай түсіп тұлкі алған.
Білегі жуан бүркіттің
Тегеуріндей Бөгенбай...*

деп, одан әрі Шақшақ ұлы Жәнібекті, Қаракерей Қабанбайды, Қанжығалы Бөгенбайды айрықша құрметпен тілге алады.

Міне бұлардың бәрі де тарихи адамдар, ірі тұлғалар. Жыраудың өз тұстастары болған ел биі, әрі батыры — Ақтамберді, Қабанбай, Қазыбек ұлы Бекболатқа арнаған жыр толғауларында да, бейбіт өмірді, мамыражай заманды аңсау сарыны анық аңғарылады. Ел арасында етек алған барымташылар мен сотқарларды, зорлық-зомбылықшыларды өзінің «Бәкеге» деген толғауында қатты сын астына алады.

Жырау ел арасындағы өзімшілдікті, әпбербақандық пен қыңырқисық істерді барынша жек көріп, ондай адамдарды сын семсерімен түйрей түседі. Мәселен: Жауқашар деген адамның қыңырлығын, қисық мінездерін ешнәрседен тайсалмай бетіне басады. Мәселен ол:

*Бұрала біткен емендей,
Қисық туған адамсың.
Бұндай мінез-құлықпен,
Қайда аброй табарсың,*

деп ашықтан-ашық айтады.

Үмбетей жырау жоңғар басқыншылығында ерлік көрсеткен талай қолбасы батырлар туралы да өзінің жыр толғауларын қалдырған шын мәніндегі жалынды жырау. Оның үстіне Үмбетей, халық аузында сақталған әр түрлі ерлік, батырлық жырларды жұртшылық алдында жырлап, халықтың қалмаққа деген өшпенділігін кең өріс

алдыра түскен. Оларды елін, жерін, Отанын қорғауға жұмылдырып отырған.

Жыраудың ел арасында кең тараған «Бәкеге», «Жауқашарға», «Бұхарға», «Бекболат биге», «Ақтамбердіге» сияқты т.б. жыр толғауларында халық қамын ойлайтын, ел мүдесін көздейтін ерлерді дәріптеу сипаттары анық байқалады.

Өмір сырларын терең түсінген жырау, өз жыр толғауларында өмірден көрген-білгендерін тұспалдап, қорыта ой айта келіп, мақал - мәтелдерді, қанатты сөздерді де әдемі қолдана білген. Олардан өнімді пайдаланған.

Үмбетей жырау толғауларында тәлімдік-тәрбиелік, ғибрат, үлгі, өнеге аларлық жолдар да мол кездеседі. Мәселе ол: «Үйіндегі ұлын жаман болса, есіктегі құлмен тең», «Қойнындағы қатының жаман болса, қантардағы мұзбен тең» деп, нақыл сөздермен де өмірлік мәні бар мәселелерді әдемі өрнектей түседі. Мәселен жырау:

*Бай болмаған бай болса,
Жайламаған сай қалмас,
Би болмаған би болса,
Айтылмаған сөз қалмас,
Хан болмаған хан болса,
Қансыратпай ел қоймас.*

деп, мәселенің бар мәнін ашық айтады.

Жыраудың жыр толғауларынан оның аса талантты ақын екендігін аңғару оншалық қиын емес. Мәселен ол батырлардың ерлік күресі нәтижесінде, қалмақтардың кері шегінгендігін:

*Баянаула, Қызылтау,
Абралы, Шыңғастау,
Қозымаңырақ, Қоймаңырақ,
Арасы толған көп қалмақ
Қалмақты қуып қашырдың.
Қара Ертістен өткізіп,
Алтай тауға асырдың.*

дей отырып, қалмақ басқыншылығын азат болған өңірлерін санамай тілге ала келіп, сондағы батырлардың ерлік күрестерін шабытта-на жыр жолдарына қосады.

Қорыта айтқанда, Үмбетей Тілеу ұлының жыр толғаулары қазақ әдебиеті тарихында өзіндік көркемдік ерекшелігімен жан - жақты тыныла түскен, сөйтіп қазақ поэзиясын байытқан жыр шумақтар деуге болады. Сондықтан да ол аса жалынды, күрескер ақын ретінде әдебиет тарихынан бекем орын алған жорықшы жыраулардың бірі дей аламыз.

ТӘТІҚАРА ЖЫРАУ (1705—1785)

Тәтіқара жырау да Абылай ханның тұсында жасаған, қалмақтарға қарсы күрес жорықтарына қатысып, оны өзінің жыр жолдарына қосқан аса дарынды жыраулардың бірі болған. Ол бұрынғы Қостанай облысына қарасты Урицкий ауданындағы Сарыкөл маңайын мекендеген Уақ руының ішіндегі Қалмақ деген атадан тараған көрінеді. Кезінде Шоқан Уәлиханов Тәтіқара жыраудың ірі ақын болғандығын ескерте келіп, оның Абылай ханның жыршысы екендігін де тілге алады.

Оның үстіне Тәтіқара жырау, Бөгенбай батыр қолымен бірге қалмаққа қарсы күрес шабуылдарына қатысып, өзінің жалынды жырларымен көзге түскен кең тынысты кемел жырау болған. Өйткені ол, шайқастың нағыз ортасында жүріп, ылғида жауангерлерді күреске үндеп, оларды өзінің жауангерлік жырларымен жігерлендіріп отырған. Мәселен ол өзінің «Қамыстың басы майда, түбі сайда» деп басталатын жыр толғауында:

*Қамыстың басы майда, түбі сайда,
Жәнібек Шақшақ ұлы болат найза.
Алдыңнан су, артыңнан жау қысқанда,
Ер жігіттің ерлігі осындайда.*

*Бекейді айт Сағыр менен Дулаттағы,
Дербісәлі, Маңдайды айт қыпшақтағы.
Өзге батыр қайтса да бір қайтпайтын,
Сары мен Баянды айт уақтағы.*

дей отырып, тұсындағы батарлардың ерлік күрестерін дәріптей түседі.

Сөйтіп жырау, қолдарына найза ұстап жаумен айқасқан батырлардың ерлік күрестерін халыққа үлгі ете сөйлеп, қалың қолды, күллі жұртшылықты жауға қарай жұмылдыра түседі. Ешнәрседен тайсалма шабуылға үндеп, оларды жігерлендіре бастайды.

Расында да Тәтіқара жырау кезінде шындықты жасырмай, барынша ашық айтып, анық жырлаған дарын иесі. Сондықтан да ол Абылай бастаған қолдың кей ретте солқылдақтық жасап, айқаста табансыздық білдірген тұстарында жасырмай ашық тілге алған. Мәселен ол:

*Жау жағадан алғанда,
Ит етекпен шалғанда,
Ұрыстан ерлер ығысты,
Абылай да жылысты...*

деп, шындық бетін жасырмай ашық айтады.

Міне бұдан біз оның нағыз реалист-шыншыл жырау екендігін анық аңғарғандай боламыз.

Оның үстіне жырау, Абылай ханның жеңістері тек оның өзіне ғана байланысты емес екендігін де ескерте келіп, ол жеңістің негізінде халық батырларының ерлік күрестері жатқандығында ханнан қаймықпай ағынан жарыла, ашығын айтады. Абылайдың ұлы жеңістері Баян, Олжабай батырлар сияқты ел азаматарының батылдығынан екендігін баса көрсетеді. Мәселен жырау:

*Жау жағадан алғанда,
Ит етектен шалғанда.
Ұрыстан ерлер ығысты,
Абылай да жылысты*

дей келе, одан әрі:

*Береке қалмас қашқанда,
Ақыл келмес сасқанда,
Баяндай ерді көрмесең,
Бұрылып жауды шанышқанда...*

деп, батырлардың ерлік істерін дәріптейді.

Кейбір деректер де Тәттіқара жырауды Абылай ханға қарсы батыл сөз айта білген ақын ретінде де тілге алынады. Міне бұған қарағанда Тәттіқара жырау да Абылай хан асып-тасып кеткен кездерінде, оған басу айта білген батыл жырау ретінде тани аламыз. Сөйтіп жырау, кей тұста Абылай ханды сынап-мінеуші ретінде де танылады. Оның кейбір келеңсіз іс-әрекеттерін бетіне баса айтып, халықты ханға қарсы күреске шарлап та отырады. Оның асып-тасып кеткен тұстарында кәдімгідей басу айтып, оны ынсапқа, адамгершілікке үндей түскен тұстары да аса мол болған. Бұл да жыраудың биіктігімен кемеңгерлігін анық танытқандай. Мәселен Абылай ханға қарата:

*Үш жүздің баласы,
Ақылдасып қолдасып,
Хан көтеріп еді —
Үш жүздің баласын
Бір ұлындай көрмесе,
Ат құйрығын күзеңдер,
Аллалап атқа мініңдер,
Ханталау қылып алыңдар!*

деп, халықты ханға қарсы күреске шарлайды.

Өйткені жырау ылғида әділеттілікті, теңдікті арман етеді. Міне содан да болар Абылай хан мен Тәттіқара арасы барған сайын алшақ-

тай бастайды. Нәтижеде, Тәтіқара сарай маңынан бір жолата қуылып, жасы ұлғайған шағында жоқшылықтың тақсіретін көп тартыпты. Сөйтіп ол, 1780 жылдары 75 жасында өмірден өткен көрінеді.

Қартайған шағында мұқтаждықты көп көрген жырау, оны да жасырмай ашық айтады. Мәселен ол:

*Ассалаумағалейкум «Жайсаң» менен «жақсылар»
Адам көңілін жоқтың шіркін басқылар.
Түзде шешен, батыр болсақ та,
Үйге келсем пақырмын.*

*Қара өзен шақтың көжесі,
Қарында емес, қуықта,
Қара торсық жерде емес,
Лулі тұр ұйықта.*

*Би-мырзаны көп көрдім,
Шіренбей-ақ, аттан түс,
Айран-шалап болса да,
Ойнап-күліп бөліп іш!*

дейді ақын.

Қартайған шағында көп қиындықтарға тап болған жырау, өз басында болған ауыртпалықтарында жасырмай, ашық айтады. Мәселен оны жырау өз толғауында былайша өрбіте түседі:

*Түзде шешен, батыр болсақ та.
Үйге келсем пақырмын,
Қара өзек шақтың көжесі,
Қарында емес, қуықта.*

Расында да, өмірінің сөңғы сәттерінде ішер ас, киер киімге жарымаған Тәтіқара жырау, өз енбегі, пешене терімен ғана күн көре бастайды. Сөйтіп қара лашықта жатса да, өзінің барынша шыншыл, шынайы жыр термелерімен бізге дейін жетіп келген ірі, кең тынысты, жорықшы жыраулардың бірі деуге болады.

БҰХАР ЖЫРАУ (1693—1791)

Тарихи мәліметтерге қарағанда Бұхар жыраудың әкесі Арғын руынан шыққан, белгілі Қалқаман деген батыр адам болған екен. Ал Бұхар жыраудың өзі 1693 жылы Баянауылда туылып, 1791 жылы Далба тауының етегінде 98 жасында дүниеден өткен көрінеді. Оның ұрпақтары күні бүгінге дейін сол таудың етегін қоныс етеді екен.

Бұхар жырау негізінен XVIII ғасырдың екінші жартысында хандық құрған Абылай ханның тұсында жасаған ірі тұлға. Абылайдан жасы үлкен болғандықтан оған ылғида өктем үн қатып, өз пікірлерін батыл айтып отырған. Мәселен ол өзінің «Ей, Абылай» атты өлеңінен

*Ей, Абылай, Абылай!
Сені мен тұңғыш көргенде,
Тұрымтайдай ұл едің.
Түркістанда жүр едің.
Әбілмәмбет хандарға,
Қызметші болып тұр едің, —*

дейді.

Жырау осы бір толғау өлеңінде Абылай ханды он бір жасынан, өмірінің соңғы сәттеріне дейін жақсы білетіндігін ашып айтады. Тіптен ақын:

*Тоқсан бес деген тор екен,
Дүйім жанның қоры екен, —*

деп, өзінің қанша жас жасаағанына дейін жыр жолдарына қосады.

Ал Абылай, тарихи мәліметтерге қарағанда 1781 жылы 71 жасында дүниеден өткендігі белгілі. Оның үстіне Бұхар жырау, Абылай ханның бірден-бір ақылшысы, аса ірі қабырғалы билерінің бірі болған.

Абылай хан айналасында қандай мәселе болса да, Бұхар жырау оған ылғида қатысып, өз пікірін айтып отырған. Ел арасында болатын дау-жанжалдар, кереғарлық, күрес-тарыстар — Бұхар жыраусыз шешілмеген.

XVIII ғасырдың екінші жартысында жасаған ақындар арасында, әлеуметтік мәселелерді кен, әрі аса ауқымды жыр еткен ақындардың бірі — осы Бұхар жырау болатын. Өйткені ол, өз кезіндегі әлеуметтік мәселелердің бәріне араласа отырып, әр алуан қоғамдық мәні аса зор жәйттерге үн қосып, өзінің көз қарастарын білдіріп отырған. Халық арасында айтылған әңгімелерге қарағанда, оның тәп-тәуір сауаты бар, хат танитын адам болғанын да аңғарамыз. Бірақ, Бұхар жыраудың «Асқар таудың өлгені», «Айналасын жер тұтқан», «Ей, Абылай, Абылай», «Керей, қайда барасың», «Сен он бір жасында», «Бірінші тілек тілеңіз», «Қалданменен ұрысып», «Жал-құйрығы қаба деп», «Көрілік» деген сияқты т.б. өлеңдерінің бәрі ауызша жеткен.

Жыраудың аталмыш толғаулары ауызша жетсе де, ешқандай өзгеріссіз, Қазақстанның барлық жерінде бірдей айтылады. Оның өлеңдерін жеткізуші ақын-жыраулар оны қатты бағалағандықтан, бірде-бір сөзін өзгертпей, сөз қоспай орынды айта білген. Көбі Бұхар жыраудың өлеңдерін ақыл, насихат ретінде танып, оны қаз - қалпында жеткізуге айрықша мән берген.

Осы арада бір ескете кетерлік жәйт, Бұхар — жыршы емес, әйгілі жырау. Әрі сөзге дес бермейтін шешен болған. Кез келген жыршы, ақын бола алмайды. Ал, «Жыршы» — деген сөз негізінен **«Жырла»**, **«Жырлап жіберші»** деген сөздерден шыққан. Яғни жыршы, біреулердің айтқан жыр толғауларын жаттап алып, оны халық арасына жеткізуші, бір сөбен айтқанда ол орындаушы. Рас, олардың кейбіреулері өз жандарынан бір жөн өлең шығарып айтқанмен, көбіне олар екінші бір ақындардың өлеңдерін жаттап алып, оны хаық арасында көңінен жырлап отыратын жырлаушы болып келеді. Тіптен, олардың кейбіреулері өз жанынан ешнәрсе шығармай-ақ, басқа біреулердің үлгі-өнеге боларлық жыр-толғауларын жатап айту арқылы да жыршы атануы мүмкін. Ал **«жырау»** өз жанынан өлең-толғаулар шығаратын, әрі біреулердің өлең-жырларын жаттап айтуға да мүмкіндігі аса мол өнер адамдарына айтылған. Көп ретте жырау өз жанынан өлең-толғаулар шығарып, қоғамдық мәні бар әлеуметтік мәселелерді көтере білген жыр дүлдүлдері деуге болады.

Сондықтан да Бұхар жырауды «жыршы» деуге болмайды. Бұл шын мәніндегі кең тынысты кемел ақын, сөзге дес бермейтін тым шешен, ділмәр, тапқыр жырау. Өйткені оның жыр-толғауларында өзі жасаған қоғамдағы әлеуметтік мәні бар, аса күрделі, өзекті мәселелерді дер кезінде көтере білген жырау ретінде танимыз. Сөйтіп ол, халықтың мұңын-мұңдап, жырын-жырлаған, аса таланты жырау ретінде халық көкейінде сақталатын ірі тұлға.

Бұл кез келген жыраудың қолынан келе бермейтін кемеңгерлік қасиет. Рас, өзіне дейінгі жыраулар сияқты Бұхар жырау да өз өлеңдерін ылғида толғау түрінде айтып, үнемі халықтың көкейінен шығып отырған. Ал **толғау** дегеніміз — өз дәуіріндегі ірі әлеуміттік мәселелерді дер кезінде көтере білген, үгіт-насихаттық сарында айтылған дидактикалық өлеңдер деуге болады. Мәселен жырау Абылай ханға айтқан өсиеттерінің бірінде:

*Жаулық жолын сүймеңіз,
Мынау жалған сұм дүние.
Өтпей қалмас демеңіз...
Сырдария суынан
Көлденең кесіп өтіңіз
Кісісі жүзге келмей өлмеген.
Қойлары екі рет қоздаған,
Қатын-бала қамы үшін,
Солай таман кетіңіз, —*

деп, Жиделі байсын жерінің құнарлылығын тілге алады.

Өйткені аса талантты жыраулар қоғамдық мәні бар ірі тақырыптарды алады да, аз сөзге аса көп мағына сиғыза отырып, өмір құбы-

лыстарын барынша кеңінен қамти түседі. Онда титтей де жаңсақ ой болмайды. Бәрінде халықтың асқақ арманы, алға қойған мақсат-мұраттары жатады. Оның үстіне, толғауда ой жүйесі үзілмей, бір жүйемен, бір тұтас пікір, бір қазық айналасында жиындықталып, ол барған сайын үдей түседі. Әрі онда бірде - бір шашыранды ой болмайды. Жырау оның дауын да, шешілуін де өзі айтып, өзі пікірін ылғида ашық айтып отырады.

Сондықтан да, Бұхар жырау жырларында тарихи-әлеуметтік жағдай өзінің шынайы шешімін тауып отырған.

Жалпы, Бұхар жырау толғаулары өзінің ой тереңдігімен, аса ауқымды-парасаттылығымен ерекше назар аудартады. Әрі, тым аз сөзбен көп мәселенің бетін аша алатындығымен де ажыралып тұрады. Бұхар жырау — көргені аса көп, өмірден түйгені аса мол, ол құбылыстарды ой елегінен екши өкізіп, өз ұрпақтарына үлгі-өнеге етерліктей етіп қалдыра білген жырау. Оның толғаулары афоризмдер мен нақылға, мақал - мәтелдерге аса бай. Сондықтан да, жырау поэзиясы — қазақ әдбиеті тарихындағы дидактикалық поэзияның тамаша үлгісі деуге болады.

Ақын толғауларындағы өзіне ғана тән тағы бір ерекшелік — адам өмірімен табиғат құбылыстарын жарыстыра сипаттау арқылы, өмірге терең кіріп бара алғандығы. Әрі оған жан-жақты философиялық түйіндеулер жасай білгендігі деуге болады. Оны біз ақынның «Жал - құйрығы қаба деп», «Айналасын жер тұтқан», «Ай не болар күннен соң», «Ақсаңнан биік тау болмас» деген сияқты өлең жолдарының анық байқай аламыз.

Әсіресе Бұхар жыраудың «Асқар таудың өлгені» атты өлеңінде тәлімдік-тәрбиелік, өнеге аларлық, ғибрат, үлгі-өнеге аса мол. Онда замана, өмір жайлы ой толғай отырып, терең ой, байсалды пікір білдіреді. Мәселен ақын: «Өлмгенде не өлмейді?» — деп, сұрау қоя отырып: «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» — деп, тамаша байлам жасайды.

Ылғида Абылай ханның тасыған көңіліне басу айта отырып, оған қарсы өзінің ойын батыл айтады. Мәселен жырау:

*Ашуланба, Абылай,
Көтерермін көрермін,
Көтеріп қазаға салармын,
Өтіңменен жарылма,
Өкпеңменен қабынба.
Орыспенен соғысып,
Басына моншақ көтерген,
Жұртыңа жаулық саған ба!*

деп ханды ынсапқа шақыра түседі.

Тіптен жырау:

*Ханның жақсы болмағы,
Қарашаның елдігі.
Қараша халқы силаса,
Алтыннан болар белдігі.
Жақы жігіт ұл туса,
Патшадан болмас кемдігі, —*

деп, тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор толғауларды ағылта жөнелді.

Оның үстіне, Бұхар жыраудың адам өмірінің кезең-кезендері жайында айтқан толғауында да гибрат-өнеге аса мол. Тіптен, бұл мәселеге бірнеше өлеңін арнап, тамаша ойларын ілгері тартады. Мәселен ақын: «Жиырма деген жасыңыз», «Сен он бір жасында», «Ей, Абылай, Абылай», «Атан болған жиырма бес» деген бірнеше өлеңдерін де адам өмірін кезең-кезендерге бөліп, әр кезеңде болатын өзгерістердің мәнін әдемі ашады.

Сөйтіп Бұхар жырау жастық пен кәрілікті бір-біріне қарама-қарсы қойып жырлау арқылы, жастықтың өзіне тән артықшылығын ұтымды сипаттай келе, оларға: «Уақтыңды құр басқа өткізбе», ол кейін «Іздесең де таптырмас» — деп, тамаша байлам жасап, жастарды ойландыра түседі.

Бұхар жырау өзінің жыр толғауларында достық пен адалдық, жақсылық пен жамандық жайлы де терең ой толғайды. Ылғида құсұмдардан, залым жандардан бойды аулақ ұстауға үндейді. Тіптен ақын «Пиғылы жаман залымдардың тіліне еріп азбасқа», «Кісі ақысын көп жеген адамдардан» бойды аулақ ұстауға шақырады. Ақын өз толғауында «Ежелгі жау дос болмас» дей отырып, одан әрі «Екі жақсы дос болса, санат емей немене» — деп, достықтың мәнін аша үн қатады. Оның «Ер жігітке жарасар қолына алған найзасы», — деген өлеңінде жастарды ерлікке, Отанын, елін қорғай білуге жұмылдыру сарыны байқалады. Әрі жырау өз толғауларында жақсы дос пен жаман достың сипатын да ашып, жыр жолдарына қосады.

Қорыта айтқанда, Бұхар жырау өзінің жыр толғауларымен XVIII ғасырдың екінші жаротысындағы қазақ поэзиясын тақырыптық жағынан байытып, оны одан әрі дамыта түскен ірі жыраудың бірі ғана емес, бір егейі деуге тұрарлық кемел тұлға.

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІНЕН

МАХАМБЕТ ӨТЕМІС ҰЛЫ (1804—1846)

Күрескер акын Махамбет Өтеміс ұлы 1804 жылы бұрынғы Батыс Қазақстан облысы, Орда ауданындағы (қазіргі Жәнібек) Нарын өңіріне қарасты Бекетай құмында өмірге келген. Әкісі Өтемістен он бала дүниеге келіпті. Олар ішінде ең үлкені — Баймағамбеттен кейінгі, екіншісі — Махамбет болыпты. Ол жәйлі акынның өзі де «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа мінгенде, жер қайысқан қол едік» — деп, өз өлең жолдарында еміріне тілге алады.

Махамбет жас кезінде Жәңгір хан ордасында болып, онда болып жатқан әділетсіздіктерді өз көзімен көреді. Жастайын - ақ аса зерек, әрі тым қайсар боп өскен Махамбет, арабша, орысша хат танып, ерте есейеді.

Кейбір мәліметтерге қарағанда Махамбеттің хан ордасында болуының екі түрлі себебі болған көрінеді. **Біріншіден**, Махамбеттің ағасы Баймағамбет хан Жәңгірдің он екі биінің бір болған болса, ол өзінің жастық шағын ағасының қолында өткізуі мүмкін. **Екіншіден**, ол кездегі хан-сұлтандар ордаларында өз мақсаттарына пайдаланбақ болып, өздерін мақтасын, дәріптесін деп, аса талантты акын-жырауларды сарайларында ұстап, оларға шенді шекпен жауып отырған. Сондықтан да, кезінде Байтоқ пен Жанұзақ акын хан Жәңгірдің сарай ақыны ретінде танылған болатын.

Сол үшін да, жастайынан-ақ өзінің шешендігімен көзге түскен, өткір тілді, аса азулы Махамбетті Жәңгір хан баулып, «сөзімді сөйлеп, сойылымды соқсын» деп өз ордасына алған болуы да мүмкін. Бірақ Махамбет Жәңгір ханның ол ойынан шықпайды. Хан сарайында болып жатқан әділетсіздікке шыдамай, халық қамын ойлап, хан Жәңгірді өзінің отты да уытты өлендерімен түйрей түседі.

Халық намысы аяққа басылғандығын анық аңғарған акын, ханның зорлық-зомбылығымен үстемдігіне наразы болады. Ханның жауыздық іс-әрекеттерін өз көзімен көрген соң, оның өктемдігіне шыдай алмай, барынша оны жеріне жеткізе әшкерелейді.

Сондықтан да Жәңгір хан оны өз ордасынан қуып жіберуге мажбүр болады. Ол жәйлі Жәңгір ханның өзі де орыс губернаторға

жазған бір хатында: «...Ол мүлде бұзылған адам болғандықтан мен оны қуып жібердім» — деп те жазған болатын.

Махамбет хан Жәңгірмен ат құйрығын кесісіп, түгелдей халық жағында болады. Сөйтіп, Жәңгір ханмен ашық күресуге бел байлап, оның халыққа көрсеткен озбырлық іс-әрекеттерін сынауды үдете түседі. Өйткені ол, Жәңгір ханның халықты сүліктей сорып, әбден езіп отырғандығын анық аңғарады. Халық та ешқандай еркіндік, бостандық жоқтығын байқаған көзі ашық, көкірегі ояу, барынша қайсар ақын, елді ханға қарсы үгіттеп, өзінің жыр жолдарын соған арнайды.

Жәңгір хан шаруаларға зорлық-зомбылық көрсетіп, олардың жерлерін тартып алып, өзінің би-сұлтандарына бөліп береді. Нәтижеде, ішкі Бөкей ордасының кейбір жерлері түгелдей үстем тап иелері болған — феодалдардың қол астына өтеді. Содан, 1836—1837 жылдары Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі бұрық ете қалады. Оның үстіне, хан Жәңгір халықтан алатын алым - салықтарын тым көбейтіп жіберген де болатын. Сөйтіп ел, халық өз еркінен айрылып, әбден күйзелген үстіне күйзеле түседі. Ат төбеліндей үстем тап иелері болған қанды қол — жауыз Жәңгір хан айналасындағы оның би-сұлтандары күнәсіз қарапайым халықты езіп, оларды титықта та түседі.

Жәңгір ханның бірден-бір ақа сүйер сүйеніші — патша үкіметі. Мұның екеуі де халық қамын емес, өздерінің құр құлқындарын ғана ойлайтын үстем тап иелері. Халық күйзеліп, әбден қиналып тұрған сәттерінде бұл золыққа Исатай Тайманов пен Махамбет Өтеміс ұлы бас болып, тікелей қарсы күреске шығады. Сол көтерілістің басшысы және жаршысы болған Махамбет, Баймағамбет сұлтанға айтқан өз өлең жолдарында, көтерілістің негізгі мәнін жан - жақты ашып, ашына тіл қатады.

Сөйтіп, Исатай мен Махамбет қарапайым халықты қарны жуан билерге, хан-сұлтандарға қарсы көтеріліске жұмылдыра түседі. Халық кегін алу үшін қолдарына қару алып, тікелей кескілескен күреске шығады.

Оны ақын «Қара қазан, сары бала қамы үшін қылыш сермедік» — дей отырып, өз айналасына халықты топтап, күреске шақырады. Сөйтіп қарапайым халықты күреске шарлаған ақын, ешнәрседен қаймықпай батыл күреседі. Күрестерінің басты себебі, **біріншіден** шаруалардың шұрайлы жерлерінен, қонысынан, жер-суынан, еркінен айрылуы болса, **екіншіден**, хан-сұлтандар мен патша үкіметінің аяусыз езгісі, қыспағы болды.

Содан үлкен бір айқас 1836 жылдың 14 көкегінде Қиялы мола деген жерде болады да, Жәңгір хан мен Исатай бастаған қол дәл сол жерде кездеседі. Онда хан жасағын Қарауыл қожа Бабажан ұлы бас-

қаған болса, қарапайым халық қолын Исатай Тайманов пен Махамбет Өтеміс ұлы басқарады. Бірақ, жау жағының қолы аса басым болады. Исатай қол астындағы адамдар тым аз болса да, олардан титтей де қаймықпай кескілескен күрес, үлкен айқас болады. Екі жақ та тым ашулы, өліспей беріспейтіндігін жан-жақты аңғартады. Бірақ, амал не?... Көп қол Исатай жағын ығыстыра түседі.

Халық жігерін қайрап, күреске қаһарлана аттанған Махамбет, жауға оқтай атылып оларды ығыстыра бастайды. Нәтижеде, Исатай Тайманов бір топ жігіттер Жәңгір хан билерінің бірі — Талқы Құдайберген ұлының ауылын шауып, Қарауыл жожа аулын да ойрандайды.

Сонра, 1837 жылдың 2 қарашасында Исатай мен Махамбет бастаған 3 мыңдай қол хан ордасына қарай бет алып, орданы түгелдей қоршап алады. Ал Жәгір ханның не бәрі 200 дей төре төлеңгіттерінен құралған қолы тым аз болғандықтан, енді олар айла ойлай бастайды. Дегенмен, Исатай бастаған қалың қол атоылап ұран сала, лап етуге сай тұрады. Ашық күресуге дәрмені жетпейтіндігін байқаған хан, тек айлаға көшеді. Әбден құты қашып, үрейлеген хан Жәңгір, Исатайға елші жіберіп: «Бар тілегін орындаймыз. Тек, он күнге мұрсат берсін» — деген хабар айтқызады.

Ылғида батыр аңғал, сенгіш болатындықтан Исатай да хан сөзіне сеніп, оның арбауына түсіп қалады. Бірақ оған Махамбет сенбеу керектігін ескертіп: «Көк бедеуді бауырлап, шабамын деп» — ұмтылады.

Дегенмен, орынсыз қан төккісі келмеген Исатай, Махамбетке тоқтау айтып, максаттарын бейбіт жолмен шешпек болады. Жәңгір ханның зымияндық әрекетін байқамаған аңғал Исатай батыр хан сөзіне сеніп, алданып қалады. Хан айлсын байқаған Махамбет:

Атаңа нәлет хан ұлы-ай
Тілегін сұрап алған соң,
Ойлағаны болған соң,
Патшаға хабар салдырып,
Патшадан солдат алдырып,

ерекше налып, өктем үн қатады.

Сөйтіп, патша үкіметінің Гекке бастаған үш полк әскерлері келіп, Исатай — Махамбет бастаған қолдармен шайқасқа түседі. Міне бұл шайқас Бөкей ордасындағы Бекетай құмында болып өтеді.

Көз алдында болған қанды майданды, қырғын өлімді, өрттей лаулаған жауды өз көзімен көрген қайсар ақын, өз ойын ашық айта келіп: «Мылтығын қардай боратып» — деп, найзағайдай атыла үн қатады. Сөйтіп, Гекке бастаған орыс әскерлерімен үлкен шайқаста 1838 жылдың 12-шілдесінде Исатай қаза болады. Махамбет бірнеше

жігіттерімен әскердің шебін әрең бұзып, кері шегінуге мәжбүр болады. Не амал? Махамбет ләшкерлері Гекке бастаған патша әскерлеріне төтеп бере алмайды. Өйткені Геккенің қол астында 500 ден астам әскері болумен бірге, соғыс техникасы да жеткілікті болады.

Исатай өлімінен соң Махамбет қатты күйзеліп, жалғызсырай бастайды. Оның үстіне, қол астындағы жігіттерінің быразы, қатты соққы алып жеңіске жете алмағаннан соң тарап кетеді. Ел қатты күйзеліп, әбден үрейленеді. Халыққа деген зорлық-зомбылық, қиянат бұрынғыдан да күшейе түседі. Махамбет те налып: «Қаумалаған қасымда, қарындастың кемі үшін» — деп, әбден берекесізденеді. Тіптен ақын:

*Қайтейін енді дүние-ай
Жағдайсыз кетіп барамын
Қасымда көмектің кемінен, —*

деп, қатты күйзеледі.

Бірақ, барынша қайсар, ерен батыр, әрі от ауызды, өткір тілді, алуын ақын еңсесін тез-ақ көтеріп алады. Күрес туын қайта көтермек болып, қайратына қайта міне бастайды. Өзін де, жолдастарын да жауға қарсы күресуге жұмылдыра түседі.

Сөйтіп, Махамбет тағы да қол жинау мақсатымен Хорезм өңірі — Хиуаға қарай бет алып, Хиуа ханынан әскери көмек сұрамақ болады. Ол ақынның «Айныман» атты өлеңінде өз шешімін тапқан. Барынша қайсар, өжет ақын қандай қиын-қыстау күндерді басынан өткізсе де, тіптен «Әділ жанынан түңілсе де» Махамбет күрес жолынан, алға қойған мақсатынан кері шегінбейді. Содан ол Әлім, Шөмен, Адай елдерінен жігіттер жинап, оларды өз жанына топтастыра бастайды. Сол елдерде жүрген кезінде ақын, ардақты ағалары болған — Бабайға, Надырқұлға, Сәли мен Жармұхамбет, Жамантайға сәлем жолдайды. Өзінің Хиуадан аман-есен қайтқандығын, оларды сағынғандығын, көргісі келетіндігін тілге алады. Тіптен, Хиуа хандығының алдағы жазда әскер беретіндігін ескерте отырып, жағдай дұрыс болса старшин Сәлиді жіберулерін өтінеді.

Міне ақынның осы бір хаты қас жауларының қолына түседі. Содан олар: «Махамбет елдің тыныштығын бұзуда, дегенмен ел әлі оны ұстап бермей жатыр» — деп, оның үстінен шекара комиссиясына шағым хат жолдайды.

Содан Махамбет тағы да қуғын-сүргінге тап бола бастайды. Жәңгір хан да, Орынбор генерал губернаторы да соңына қуғыншылар жіберіп, ақиры өз үйінде қаннен-қаперсіз отырған ақынды, ойда жоқта патша әскерлері қоршап алады. Жалғыз отырған Махамбет өлмей беріскісі келмейді. Қолында ататын қаруы болмай, тек қана қанжары болады. Кіріп келген әскердің біреуін ғана жайратып салады да, қалғандары-

на шамасы келмейді. Патша ләшкерлері бас салып, қол - аяғын байлайды да, Орынбор түрмесіне қарай ала жөнеледі.

Сөйтіп Махамбетті Орынбор түрмесіне қамап, одан тергеу алады. Қайсар ақын ағайын-туыстарын, ел-жұртын әбден сағынады. Оларды бір көруге зар болады. Тұтқын азабын, ұрып-соғуын көріп, соншалық қиналса да, жүнжіп жоғалып кетпейді. Қайта үстем тап иелеріне деген кегімен қарсылығы күшейе түседі.

Содан Махамбет ісі әскери сотқа беріледі. Дегенмен батыр одан да ақталып шығады. Оның бірден-бір себебі, 1837 жылғы қатты қақтығыс-соғыс барысында, Исатайдың үй іші патша әскерлерінің қолына түскен болады. Міне осы кезде патша офицері Шустиков деген, қол астындағы әскерлерімен батыр Есет Көтібаровтың қоршауында қалып қояды. Сонда, екі арадағы келіссөзге Махамбет Өтеміс ұлы араласып, патша әскерлерін босатауға көмек қол созған көрінеді. Осы мәселені тілге тиек еткен Орынбордың генерал-губернаторы: «Орал сыртындағы Орда да болған кезде, үкіметке жақсылық еткенін ескеріп, сотқа тартылған Махамбет Өтеміс ұлы жазадан құтқарылып, шекарадан өткізіп салынсын! Бірақ оның бұдан былай шекараға жақындауына тыйым жасалсын! Егер де бұл тыйымды бұзса, немесе ішкі Ордаға өтсе, ол қатал жазаға тартылсын!» — деген үкім шығарады.

Сөйтіп, шекара комиссиясының бұйрығымен Махамбет Өтеміс ұлын Кіші жүздің аға сұлтаны Арыстан Жанториннің қарамағына, оның байқауына жібереді.

Бірақ, аса жауыз, әрі көр көкірек Жәңгір хан Махамбеттің қыр соңынан қалмайды. Оның көзін құрту жолдарын іздестіре бастайды. Талай рет генерал-губернаторға үстінен шағым хат жазып, оны соттатпақ та болады. Дегенмен, атдан аруақты боп туылған батырды, елім деп еңреген азамат ұлды ешкім ұстап бере қоймайды. Бірақ, ел ішінде жасырынып жүреді. Бәрі бір халық үшін туылған хас батыр ханға, төрелер мен сұлтандарға, патша әкімдеріне деген өшпенділігін қоймайды.

Тіптен, Баймағамбет сұлтан Махамбетті талай рет ұстап бермек болып, әрекет жасап, алдап-арбайды да. Бірақ одан түк шықпайды. Әлденеше рет ат жіберіп, шақыртып та көреді. Олардың ойын, арамзалық ниеттерін дұрыс түсінген Махамбет алдана қоймайды.

Міне осылай андысып жүрген сәттерінің бірінде Махамбет, ойламаған жерде Баймағамбет сұлтанмен кездесіп қалады. Көне көз кәри-ялардың айтуына қарағанда, Махамбет жиі-жиі барып тұратын, өзіне жақындау санайтын аулына бара қалса, сол ауылдың бір үйінде отырған Баймағамбет сұлтанның дәл үстінен шыққан көрінеді. Бұл ауылға да Баймағамбет өз шаруасымен келген екен. Оның да жанында жасағы жоқ, тек бірер билерімен төре-төленгіттерімен келген сияқты. «Қарау-жарағы бар Махамет келді» дегенді естіген Баймағамбет, дереу айла-

ға көшіп, ауыл байларының біріне: «Мұнда алып келіндер, сөйлесейік. Бірақ, оғаш сөз сөйлемендер. Не десе де, көне беріндер. Біз бұл ауылға қонақпыз. Жай отырған біздерге тиісе қоймас. Ал шалыс келсек қару-жарағы бар, өлтіріп кетуі мүмкін. Дегенмен сақтанып отырындар» — деген көрінеді.

Аса батыл, ер жүрек Махамбет, әрі азулы ақын бірден кіріп келгенде, сұлтан да, оның нөкерлері де, жиылған жұртшылық та бірден шошып түседі. Дегенмен, сыр білдірмеуге тырысады. Бірақ Махамбет, Баймағамбет сұлтанмен де, оның нөкерлерімен де амандаспай бірден отыра кетіпті. Екі жақ та бір-бірімен арбаса, сақ отыра бастайды. Содан әңгіме барысында сұлтан Махамбетке бұрыла қарап: » Исатай екеуің не істемекші едіңдер, соны айтшы?» — деп, өтіне түседі. Міне осы арада, табан астында ол өзінің «Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны» деген әйгілі өлеңін шығарған деседі. Сонда Баймағамбет көлгірсіп: «Бұлай айтпаса, ол Махамбет бола ма, ондай сөзді көтермесе, мен хан боламын ба?» — деп, жалпақтай үн қатыпты.

Тым қайсар, от жүрек ақынның сұсты басқан Баймағамбет, одан әрі ешнәрсе дей алмапты. Әрине Махамбет силас досының үйінде Баймағамбет сұлтанмен кездескеніне қатты өкінеді. Сонра Махамбат ауылдан жалғыз шыға Баймағамбет жолын ториды. Барынша әккі сұлтан оны іштей сезініп, басқа жолмен кетуге мажбүр болады. Махамбетте оны қолға түсіре алмағанына өкінеді. Баймағамбет: «Махамбетті кім ұстап берсе 1000 сом беремін» деп, күллі жұртшылыққа жар сала бастайды.

Бірақ, халық үшін туылған ардақты азаматын ешкім де ұстап бергісі келмейді. Дегенмен, кейбір ел арасында болатын алаяқ, қу-сұмдар ғана опасыздық жасайды емес пе? Кезінде өзіне «дос» боп жүрген Ықлас деген жандайшап, өз үйінде отырған шағында, байқаусызда сырт жағынан келіп, басын шауып алады. Сөйтіп, құр құлқынның құлы болған, дүниепарас, қуыс кеуделер Махамбеттің басын Баймағамбет сұлтанға ала жөнейді.

Өксіп, жылап-сықтап батырдың асыл жары, аяулы перзенттері қалады. Міне сөйтіп, елім деп енреп жүрген батыр 1846 жылы 42 жасында, абайсызда мерт болып бұл пәниден көз жұмады. Оның сүйегі Дендер жағалауындағы Қорай деген жерге қойылады. Дәл қазір ол жер «Махамбет ойы» деп аталады. 1959 жылы Қазақстан республикасы Жоғарғы Кеңесінің шешімімен ұлы ақынның басына ескерткіш орнатылады.

Қорыта айтқанда, халық үшін қасық қанын аямаған күрескер ақын Махамбет Өтеміс ұлының ерлік істерімен азаматтық тұлғасы, ақындық арыны халық жүргінде мәңгі сақтала бермек. Ол шын мәніндегі шынайы талант иесі, әрі халық қаһарманы деуге тұрарлық ірі тұлға.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ (1835—1865)

XIX ғасырдың екінші жартысында жасаған ірі тұлғалардың бірі — Шоқан Уәлиханов. Ол ағартушылық-демократиялық идеяларды кең өріс алдырған, ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы, әрі зерттеуші аса талантты ғалым. Оның есімі — Мұхаммед Қанапия. Оны ата-аналары еркелете тіл қатып «Шоқан» деп атап кеткен екен.

Небәрі 30 ақ жас ғұмыр кешкен Шоқан Шыңғыс ұлы Уәлиханов — негізінен ауыз әдебиеті, әдебиет теориясы, тарих, құқық, жағрафия, философия және этнография салаларында зерделі зерттеулер жүргізіп, терең ойлар, тамаша пікірлер айтқан ғұлама ғалым.

Ол 1835 жылдың қараша айында қазіргі Қостанай уәлиатына қарасты Құсмұрын деген елді мекенде дүниеге келген. Ол оның әкесі — Шыңғыс Уәлихан ұлы сол өңірдің аға сұлтаны ретінде халық қадір тұтқан беделді кісілердің бірі болған.

Шоқан 1847—1853 жылдар аралығында Омбы қаласындаы Кадет корпусында оқып тәлім-тәрбие алады. Оқуға түскенде орыс тілін түк білмейтін Шоқан, көп өтпей-ақ орыс достарының көмегімен тез үйреніп кетеді. Жастайынан-ақ аса зерек болып өмірге келген Шоқан, өз достары арасында оқ бойы озық тұра бастайды. Сондықтан да, Кадет корпусында бірге оқыған досы, кейіншелік үлкен этнограф ғылым болған Г.Н. Патанин ол туралы: «Өзінің орыс жолдастарын басып озып, Шоқан тез жетілді» — дейді де, одан әрі: «Ол сондай қабілетті еді және оқу орнына түспей тұрып-ақ сурет сала білетін» — деген ойын алға тартады.

Шоқан 2-курста оқып жүрген шағында - ақ, өз ұстаздарымен тым жақын қарым-қатынаста болады. Әсіресе оған «Орыс тілі мен әдебиет» пәнінің оқытушысы болған Костылецкий мен «Тарих» пәнінің мұғалімі Гонсевский өзінің көмек қолдарын созады. Сол арада ол А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, М.Ю. Лермонтов, В.Г. Белинский, Герцен шығармаларынан рухани нәр ала түседі. Тіптен, батыс әдебиетінен Руссо, Теккерей, Диккенс шығармаларын, оның үстіне «Современник» журналын да үзбей оқып, саналы азаматтар қатарынан орын ала бастайды.

Шоқан 1852 жылы Костылецкийдің көмегімен Шығысты зерттеуші ғалым, Петербург университетінің профессоры И.Н. Березинмен танысу мүмкіндігіне ие болады. Нәтижеде ол, Шоқан жинаған ауыз әдебиеті үлгілерімен «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырын жазып алып, оны тікелей зерттеу жұмысын қолға алады.

Кадет корпусын 1853 жылы не бәрі 18 жасында бітірген Шоқанды Омбыда әскери қызметке қалдырады. Арадан бір жыл өткеннен соң ол, Батыс Сібір және Қазақстанның солтүстік шығыс ауданда-

рын басқаратын генерал - губернатор Гасфорттың адыютанты қызметін атқара жүріп, Орта Азия халықтарының тарихын, этнографиясын, жағрафиясын зерттеу жұмысына ат салысады. Нәтижеде ол, 1855 жылы Орталық Қазақстан мен Жетісу өңірін, Тарбағатай елді мекендерін аралайды. Сөйтіп ол өзінің «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегін жазады. Оның үстіне, 1856 жылы қырғыз елін зерттеу экспедициясына да қатысады. Онда қырғыздар мен ұлы жүз қазақтарының тарихына, этнографиясына байланысты мағлұматтар жинау мен бірге, ауыз әдебиеті үлгілерін де хатқа түсіреді. Осы сапарында ол Құлжа қаласында болып, Жоңғария тарихымен де шұылданады. Онан соң 1857 жылы тағы да қырғыз елінде болып, олардан жинаған материалдарын «Жоңғария очерктері», «Қырғыздар туралы жазбалар», «Ыстық көл сапарының күнделіктері», «Қазақтың халық поэзиясының түрлер туралы», «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы» атты еңбектер жазу мүмкіндігіне ие болады.

Шоқан қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинай жүріп, олардың орыс және славян халықтарының әдебиетімен байланысатын тұстарын, үндестік, сарындастық сипаттарын да жан-жақты аша түседі. Тіптен ол қазақ, араб поэзиясында өзара салыстыра келіп: «Дала өмірін жырлаған поэзия болғандықтан, бұл екі елдің поэзиясы да бір-біріне өте ұқсас. Екеуінің сюжеті де дала өмірі тәрізді, үнемі бір келкі болып келеді. Екеуінде де көшпелі тұрмыс, сұлу табиғат, рулардың қарым-қатынасы, талас-тартысы суреттеледі» — деп, терең түйіндеулер жасайды.

Әсіресе Шоқан Уәлиханов көшпелі халықтар да өленді табан астында суырып сала айта беретін таланттылығына аса үлкен баға береді. Оның үстіне, туысқан қырғыз халқының «Семетей» дастаны туралы терең ой қорыта келіп, көлемі жағынан «Манас»тың дүние жүзінде теңдесі жоқ туынды екендігін де тілге алады. Мәселен, «Манас» эпосы жайлы тоқтала келіп: «Манас» қырғыздардың ескі мифтерінен, аңыздарынан, ертегілерінен жиналып, бір адам — Манас төңерегіне топталған энциклопедия» — деп, аса жоғары баға бере келіп «Бұл аса зор эпопеяда қырғыз халқының өмірі, әдет-ғұрпы, жағрафиясы, діни, дәрігерлік ұғымдары, шетелдермен қарым-қатынасы түгел қамтылған» — дей келе, одан әрі: «Екінші эпос — «Семетей», «Манастың» жалғасы. Бұл — қырғыздың «Одиссеясы» — деген тұжырым жасайды.

Сондай-ақ, «Манасты» Бұл жағынан ол: даланың «Иллиадасы» — деп аса жоғары баға береді.

Шоқан Уәлиханов «Манас» эпосын алғаш рет орыс ғалымдарына таныстырып, оны тұңғыш рет баспаға ұсынан ғалым. Оның үстіне Шоқан Уәлиханов, әдебиет теориясының кейбір мәселелерімен де шұғылданған. Әсіресе, қазақ поэзиясының жанры, түрі, өлең құрылы-

стары жайлы өз ойларын да ортаға салады. Нәтижеде, Шоқан казак өлендерін «жыр», «кара өлең», «қайым өлең», «жөктау», «өлең» деп бес түрге бөліп назар аударады.

Тіптен ол, осы өлең түрлерінің қайсы бірі ескі, қайсысы жаңа түр екендігін де түсіндіре келіп, қайсы өленді кім қалай айтатындығына дейін ашып сөз ете білген. Онда казак жыршы-жырауларының қобызға, не домбыраға қосып айтуына орай жүйелей пікір қозғаған.

Әсіресе Шоқан Уәлихановтың гуманистік-демократиялық көз қарастарының қалыптаса түсуінде, өз бетінше ізденіп оқыған кітаптарымен бірге, Омбыға жер ауып келген орыс ойшылдары мен жазушыларының бір жөн ықпал еткендігі де шындық. Бұл ретте белгілі саяхатшы П.П. Семенов — Тянь-Шанский, атақты петрашевшіл С.Ф. Дуров, аса таланты қаламгер Ф.М. Достоевский есімдерін ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз. Мәселен: Ф.М. Достоевский өзінің Шоқанға жазған бір хатында: «Сіз мені жақсы көремін деп жазыпсыз» — дейді де, онан соң: «Ендеше мен туралап-ақ айтайын. Мен сізге ғашықпын. Мен сізді жақсы көргендей ешуақытта да, ешкім де, керек десе, туған бауырымды да жақсы көрген емеспін» — дейді.

Тіптен, П.П. Тянь-Шанский Жетісу өңіріне зерттеулер жүргізген сәттерінде, ылғида Шоқан Уәлихановпен кеңесіп отырған. Оның үстіне, Ыстық көл сапарында быраз жерлерді бірге аралаған. Әрі ол Шоқан Уәлиханов еңбектеріне аса зор баға берген. Сондықтан да оның ұсынысымен Шоқан Уәлиханов 1857 жылдың 27 ақпанында Орыс жағрафиялық қоғамының толық мүшелігіне өтеді.

Шоқан Уәлиханов 1858—1859 жылдары Қашқария өлкесіне саяхат жасайды. Онда ол сол өлкенің тарихы, этнографиясы, жаратылысы жайлы мол мағлұматтар, Шығыс тарихына байланысты жаңа-жаңа деректер табады. Ол 1859 жылы Петербургке ат басын тіреп, онда 1861 жылдың көктеміне дейін сонда болады. Бұл кезде революциялық ой-пікірлер мен патша саясатының әбден шиеленіскен кезеңі болатын.

Әрі ол, өз білімін одан әрі жетілдіре түсу үшін Петербург университетінде дәрістер тындайды. Онда Шығысты зерттеуші — И.И. Захаров, А. Майков, Ф.Р. Остен, Я. Полонский, К. Курочкин сияқты белгілі ғалымдармен танысып, олармен жиі-жиі араласады.

Бірақ, Петербургта денсаулығы нашарлап, берекесі кете бастағаннан соң, 1861—1863 жылдары өз еліне оралады. Ел арасында болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктер мен зорлық-зомбылықтарды өз көзімен көріп, үстем тап иелерінің әділетсіздігіне қатты қынжылады. Тіптен ол, әділ басшы болу мақсатында Атбасар уезіне аға сұлтан болуды да ойлайды. Оны біз Шоканның 1862 жылы досы Потанинге: «Мұндағы мақсатым — өз халқымды әкімдер мен зор-

лықшыл бай қазақтардан қорғау еді» — деп, жазған хатынан анық аңғарамыз.

Оның үстіне Шоқан, 1863—1864 жылдың қыс айында Омбыға барып, Сібір қазақтары үшін сот реформасын әзірлеу ісіне қатысады. Нәтижеде ол «Сот реформасы туралы» атты еңбегін жазады. Аталмыш еңбегінде ол: «Біздің заманымызда халықтың нағыз мұң - мұқтажына тікелей қатысы бар, халыққа ең маңызды, ең керекті реформа-экономикалық және әлеуметтік реформа» — дей отырып, одан әрі: «Бізге, қазақтарға, облыстық бастықтар үстірт қарауды әдтке айландырған» — деп, ашық айтады.

Шоқан Уәлиханов 1864 жылы генерал Черняевтің тікелей шақыруымен Әулиеатаға (қазіргі Тараз қаласына) келеді. Кезінде Қазақстан мен Орта Азияны Ресейге қосуды жөн көрген ол, Черняев отрядында быраз болады. Бірақ, патша генералының халыққа көрсеткен зорлық - зомбылығын өз көзімен көргеннен соң, оған қатты ренжіп кері кетуге мажбүр болады. Содан ол Верный (қазіргі Алмапты қаласы) келіп, онан соң Талдықорған облысындағы Тезек төре аулына барып, сонда шаңырақ көтереді.

Сөйтіп жүрген шағында ескі өкпе ауруы қозып, ұзақ төсек тартып жатып қалады да, 1865 жылдың сәуір айында, не бәрі отыз жасында бақилыққа аттанады. Бірақ, оның ғылыми зерттеу еңбектерімен ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы, қырғыздың әлемге әйгілі «Манас» эпосы жайлы айтқан пікірлері, өлең құрылыстары туралы ойлары, жазба очерктері халқымыз арасында мәңгі жасайтын құнды дүниелері.

ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

(1841—1889)

XIX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына бір жөн үлес қосқан, қазақ халқы арасында оқу-ағарту ісінің жандануына сүбелі еңбек сіңірген ағартушы, ақын, әрі аудармашы — Ыбырай Алтынсарин. Ол қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулық жазған ұлы тұлға. Ол 1841 жылдың 20 қазанында Қостанай облысының Затобол ауданында дүниеге келген. Әкесі Алтынсарин ертерек дүние салғаннан соң, атасы Балқожа бидің тәлім - тәрбиесінде өніп - өсіп, қазақ қоғамында оқу-ағарту жұмысын жандандыруға үлкен үлес қоса білген кең тынысты кемел ағартушы.

Атасы Балқожа оқу-өнердің мәні мен маңызын терең түсінгендіктен, не бәрі бес жастағы небересі — Ыбырайды, Орынборда ашылмақ болған орыс-қазақ мектебіне жаздырып та қояды. Нәтижеде, 1850 жылы сол мектепке оқуға түскен Ыбырай, сонда оқыған отыз баланың бірі болады. Сабакқа ерекше ықласпен кіріскен ол, 1857 жылы «өте жақсы» деген бағалармен бітіріп шығады. Онан соң Ыбы-

рай өз елінде екі жылға жуық тылмаштық қызмет атқара жүріп, қазақ қоғамында болып жатқан қайшылықтарды, әлеуметтік теңсіздіктерді өз көзімен көріп, оның негізгі мәнін тереңірек түсіне түседі де, қазақ жастарының болашағын ойлай бастайды.

1859 жылы Орынбордағы Шекарлық комиссияға тілмаш болып орналасқан Ыбырай, сол комиссияның төрағасы болған, Шығысты зерттеуші белгілі ғалым, профессор В.В. Григорьев пен танысып, жақсы қарым-қатынас жасайды. Атасы Балқожаны жақсы білетін ол, Ыбырайға ерекше көңіл бөліп, өзінің аса бай кітапханасынан пайдалануға мол мүмкіндіктер береді. Нәтижеде Ыбырай, орыс және дүние жүзі ағартушыларының озық ойларымен жан-жақты танысып, ой-өрісін кең өріс алдыра бастайды.

Сөйтіп, өз бетінше оқып іздене түскен Ыбрай Алтынсарин, өз болашағын енді тілмаштықтан емес, халқына пайдалы қызмет ету де деп түсінеді. Нәтижеде, оқу-ағарту жұмысына деген ынтасы күннен-күнге арта түседі. 1860 жылы Орал төңірегінде жасаушы қазақтар үшін Торғай, Қазалы, Троицк, Ырғыз қалаларында төрт бастауыш мектеп ашылмақ болады. Содан Ыбырай Алтынсарин Торғайда ашылған мектепке өз өтініші бойынша оқытушы болып барады. Ондағы бірден-бір мақсаты қазақ жастары үшін мектеп ашу. Бірақ, Ыбырайдың бұл ойы жуыр арады іске аспай, ұзаққа созылып кетеді. Солай болса да ел ішінде мектептің мәнін, алатын орнын жан-жақты түсіндіре жүріп, енді өз үйінде бала оқыту ісін жолға қояды.

Дегенмен Ыбырай Алтынсарин арман еткен мектеп 1864 жылы ғана Торғайда ашылады. Ол жайлы ағартушының өзі де: «Осы жылы қаңтардың 8 күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды» - дейді де, одан әрі: «Оған 14 қазақ баласы қабылданды. Бәрі де жақсы, есті балалар. Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім» — деп жазады, ол өзінің ең жақын адамдарының бірі болған, Шығысты зерттеуші ғұлама ғалым Н.И. Ильминскийге жазған хаттарының бірінде.

Сөйтіп, оқу-ағарту ісіне айрықша мән берген Ыбырай Алтынсарин, адамгершілігі аса мол, пайым-парасаты жетіле түсетін жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне ерекше мән береді.

Сонра Ыбырай 1876 жылы Петербург, Қазан қалаларына барады. Онда ол орыс ағартушыларының тәлімдік-тәрбиелік еңбектеріне, оқыту жүйелеріне айрықша көңіл көзін қадайды. Оларға еліктей отырып, қазақ тілінде оқу құралын жасауға ерекше көңіл бөледі. Сөйтіп, ол 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға ден қояды. Ұлы ағартушының бұл еңбегі 1879 жылы Орынбор қаласында басылып шығады. Ол жайлы өзі де: «... осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы болуын, сонымен қабат

жалпы халықтың оқуына жарайтын кітап бола алу жағын көздедім» — дейді.

Міне сондай игі мақсатты көздеген Ыбырай Алтынсарин, өзінің «Қазақ хрестоматия»сында ең алғаш балаларға арналған өз өлеңдерімен шағын-шағын әңгіме-новеллаларды енгізу жағына ерекше мән береді. Олардың біразын өзі жазса, енді біреулерін сол кезде басылып шыққан орыс оқулықтардан алып, өзінше еркін аударып өз оқулығына кіргізеді. Әрі, қазақ халқының ауыз әдебиеті үлгілерінен де өнімді пайдаланады.

Ағартушы ақын өзінің «Қазақ хрестоматия»сына енгізген өлеңдерінде қазақ жастарын оқуға, өнер үйренуге, білімді болуға шақырады. Ол ақынның «Кел, балалар, оқылық», «Өнер — білім бар жұрттар» деген өлеңдерінде өзінің шынайы шешімін тапқан. Өлең жолдарының әр шумағнда оқудың, өнердің пайдасын қадай айтып, қазақ жастарын білім бұлағынан нәр алуға жұмылдырады. Мал, дәулет, байлық қолдың кірі екендігін де аша түседі.

Сөйтіп Ыбырай Алтынсарин жастарды оқуға, білім алуға шақырса, екінші жағынан өмірдің бар қызығы байлықта емес екендігін ескерте отырып, оқу, өнер үйрену, ғылым-білімге көңіл көзін қадау - халқымыз үшін баға жетпес байлық екенін де еске салады. Сондықтан да ақын өзінің «Өнер — білім бар жұрттар» деген өлеңінде:

*Өнер — білім бар жұрттар
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып, жұмғанша,
Жылдам хабар алғызды.*

деп, терең түйіндеулер жасайды.

Ыбырай келешекке, жастарға үлкен сенім артады. Өз арманын кең өріс алдырып, жан-жақты дамыта алмаса да, ол үміт еткен арманды келешектегі жастар орындайды деген үлкен оймен, болашақ жастарына сенім арта сөйлейді. Мәселен ақын:

*Біз надан болып өсірдік
Иектегі сақалды.
«Өнер — жігіт көркі» деп,
Ескермедік мақалды.
Біз болмасақ, сіз барсыз,
Үміт еткен достарым.
Сіздерге бердім батамды!*

деп, жас ұрпақтарға ерекше сеніммен назар аударады.

Ыбырай Алтынсарин өз өлеңдерінде үстем тап иелерінің әділетсіздігін де, зорлық-зомбылықтарын да, оларға деген өзінің ызакегін де бүкпей ашық айта білген ақын. Оны біз ақынның «Залым төреге», «Әй, жігіттер» деген өлеңдерінен де анық аңғарамыз.

Ақын өлеңдері оның демократиялық, халықтық көзқарастарын жанжжақты аңғарта түседі. Ел арасындағы әлеуметтік теңсіздіктің сырларын терең түсіне білген ақын, таптық қайшылықтың күрес - тартыстары да жуық арада шешіле қоймайтындығында дұрыс аңғарады.

Ыбрай өлеңдерінде табиғаттың тамаша көріністері де өз ерекшеліктерімен тамаша сыр шерткен. Оны біз ақынның «Жаз», «Өзен» атты өлеңдерінен анық аңғарамыз. Өз оқырмандарына табиғаттың әсем көріністерін жан-жақты сипаттау арқылы, жастарды елін, жерін, Отанын сүйе білуге шақырады.

Ақынның бір ерекшелігі табиғатты өлең жолдарына қосқанда, оны жалаң ғана ала салмай, халықтың тыныс-тіршілігімен астастыра, байланыстыра сипаттайды. Оның «Ұшпақтың күн сәулесі жерге түсіп», «Аспаннан рахым күн төнгенде», «Кеш болса, күн қонады таудан асып, шапаққа қызыл алтын нұрын шашып», «Ұйқыдан көзін ашқан жас балаша, жайқалып шыға келер жердің гүлі» деген секілді бейнелі сөздер мен тамаша суреттер, оқырмандарын өз жетегіне үйіре түсетіндігінде дау жоқ.

Ыбырай Алтынсарин тәлімдік-тәрбиелік өлеңдар жазған ақын ғана емес, ол сонымен бірге бір жөн әңгіме, новелла жазған әңгіме жанрының шебері деуге де болады. Өйткені ол, өз әңгімелерінде жастарды еңбек сүйеге, өнерге, оқуға ұмтылуға, Отанын, елін, жұртын қадірлеуге жұмылдыра түсетін прозалық туындылар да жазған.

Ағартушы қаламгердің «Қазақ хрестоматиясы» атты оқулығына енген әңгіме, новеллаларының дені қазақ жастарын ебекке жұмылдіру, өнер-білімге ұмтылдыру, өз Отанын ардақтауға шақыру идеялары аса мол орын алған деуге болады. Тіптен, жастарды жалқаулықтан жиркендіре отырып, надандықты қатты сын астына алады. Жастарды кішібейілділікке үндей отырып, аса жігерлі, талапты болуға шақырады. Ол Ыбырай Алтынсариннің «Өрмекші, құмырысқа, қарлығаш», «Атымтай жомарт «Әке мен бала», «Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшқ Сейтқұл», «Бақша ағаштары», «Мейрімді бала», «Аурудан аяған күштірек» сияқты т.б. көркем туындларында өзінің анық шешімін тапқан.

Оның үстіне, Ыбырай Алтынсаин аса тамаша аудармашы да. Өйткені ол өзінің «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегіне орыс ақын - жазушыларының тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор шығармаларының быразын аударып енгізген. Бұл ретте И. Паульсоннан «Әдеп», «Алтын шеттеуік», «Бір уыс мақта», «Тәкәппаршылық», Л. Толстойдан «Жа-

ман жолдас», «Жаксылыққа жамандық», «Силинчи ханым», «Даньшпан қазы», «Мұнсыз адам», «Үш ұры», К. Ушинскийден «Сауысқан мен қарға», «Түлкі мен ешкі», И.А. Крыловтан «Қайырымды түлкі» сияқты т.б. әңгіме - мысалдар аударғандығын тілге аламыз.

Қорыта айтқанда, қазақ халқын мәдениетке үндей отырып, оқу - ағарту ісіне айрықша мән берген Ыбырай Алтынсарин, қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар аса талантты ағартушы қаламгер, әрі акын, аудармашы, кемел ұлағатты ұстаз да.

АБАЙ ҚҰНАНБАЕВ (1845—1904)

XIX ғасырдың 2-жартысында жасап, қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қасқан аса дарынды ақындардың бірегейі — Абай Құнанбаев. Ол қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, қазақ әдебиеті тарихында сыншыл реализмнің де негізін қалаған ұлы тұлға, ірі философ акын.

Абай (Ибраһим) Құнанбаев 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Абай ауданы, Шыңғыстау етегінде дүниеге икелген. Әкесі Құнанбай кезінде Тобықты руының белгілі шонжарларының бірі болған, ел билеп — болыс, аға сұлтан қызметтерін атқарған. Нәтижеде Абай, ауқатты ортадан шыққан. Тіптен атасы Өскенбай да, арғы атасы Ырғызбай да — өз дәуірінде елге белгілі би болған жандар.

Жастық шағында әжесі Зере мен туған анасы Ұлжаннан ертегілер, аңыз - әңгімелер есітіп өскен Абай, ерте жетіле бастайды. Алғаш ауыл молдасында оқып хат таныған ол, он жасында Семейге оқуға барады. Сөйтіп Абай әуелі Ғабдул-Жаппар, соңынан Ахмет-Риза дегендердің медресесінде оқып, онда араб, парсы тілдерін жете меңгере бастайды. Әсіресе, Шығыстың ұлы ақындары Низами, Сағди, Хафиз, Физули, Науаи шығармаларын оқып, олардан рухани нәр алып сусындай түседі. Сонра, Семейдегі «Приходская школа» мектебіне түсіп, үш айдай орысша оқиды.

Міне, ұлы Абайдың бар алған білімі осы ғана. Бірақ ол, жастайынан-ақ ерекше зейінді де аса зерек болып өмірге келген Абай, ылғида өз бегінше іздене оқып, үйреніп, өзінің білімін жетілдіріп отырған. Әрі, қоғамдық өмірге сын көзімен қарай білген.

Абай он үш жасқа келгенде әкесі оны оқудан шығарып алады да, ел билеу жұмысына баули бастайды. Ондағы мақсаты келешекте өз орнын басқарту. Бірақ бұл Абайға оншалық ұнамайды. Өйткені ел билеу істеріндегі әділетсіздіктерді, зорлық - зомбылықтарды өз көзімен көрген Абай, ел басқару ісінен бас тартады. Нәтижеде, Шығыс және орыс классиктерінің шығармаларынан үлгі-өнеге алады. Сондықтан-

да ақын Шығыс ақындарына еліктей отырып өзінің «Йузи — раушан, көзі — гауһар», «Фзули, Шәмси, Сәйхали», «Әлифби» сияқты т.б. өлеңдерін мазу мүмкіндігіне ие болды. Ол Шығыстың ұлы ақындарын өзіне ұлағатты ұстаз ретінде танып, әдебиет әлеміне еркін ене бастады. Оның үстіне, өз халқының ауыз әдебиеті үлгілерінен, өзіне дейінгі, өзімен тұстас қазақ ақындарының шығармаларына да көңіл көзімен үңіле отырып, бәріне сын көзбен назар аударады. Сөйтіп Абай, қырық жасында ақындыққа ерекше ден қояды.

Нәтижеде қазақ поэзиясын биікке көтеріп, кең тынысты кемел ақын дәрежесіне көтеріледі. Оның поэзиясында үстем тап иелерінің зорлық-зомбылығы, әділетсіздігі кең көрініс табады. Оны біз ақынның «Болыс болдым мінекей» («Күлембайға»), «Мәз болады болысын», «Болды да партия», «Жүрегім менің қырық жамау» сияқты т.б. өлең жолдарынан анық аңғарумен бірге, табиғаттың тамаша сипаттарын «Қыс», «Сұр бұлыт түсі суық қаптайды аспан», «Жазды күн шілде болғанда», «Жазғытұры» секілді т.б. өлеңдерінде өзінің шынайы шешімін табады.

Ақын өз өлеңдерінде әділетсіздікті жеріне жеткізе сынай отырып, ел бірлігін, шынайы адамилықты көкке көтере дәріптейді. Өз кезіндегі қазақ қоғамында болып жатқан ұсқынсыз іс әрекеттерден қатты налиды. Мәселен ақын өзінің «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп басталатын өлеңінде замана тынысын:

*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі мұртың.*

деп, қазақ халқының бас-басына би болған өңкей қиқымдарында сын астына ала түседі. Тіптен ұлы Абай өзінің «Болыс болдым мінекей» деп басталатын өлеңінде өз дәуіріндегі болыс-билердің іс-әрекеттерін де терең танып, оларды да мінеп-шеней түсті. Мәселен ақын:

*Болыс болдым мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта жал
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас иемін шыбындап.*

деп, замана тынысын, замана келбетін әдемі сипаттайды.

Сондай-ақ ақын, өлең сөздің мәні мен мағанасына айрықша тоқталады. Ақынға да тыңдаушыға да аса үлкен жауапкершілік қоя біледі. Мәселен:

*Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қыйыннан қыйыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.*

*Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол-ақынның білімсіз бишарасы.
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.*

дейді ақын шындық бетін шынайы аша түсіп.

Ұлы ақын қаламынан бізге тәлімдік-тәрбиесі аса мол өлендерімен «Әзім әңгімесі», «Масғұт», «Ескендір» сияқты поэмалары, қырық бес кара сөздері жетіп келген.

Кең тынысты кемел ақын өзінің поэмаларын Шығыс халықтарының аңыз-әңгімелері, ертегілері негізінде, дастан етіп жазу мүмкіндігіне ие болады. Онда көтерілген оқиғалар аса шағын, көлемі тым қысқа болғанымен, ақын поэмаларының тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор. Мәселен ақын өзінің «Масғұт» поэмасында Масғұттың ақылы мен биік парасаты, адамгершілігі аса мол адам ретінде, өз оқырмандарына үлгі етеді. Оның үстіне, әйелді ер азаматтар мен терезесі тең, қоғамның бір мүшесі ретінде танып білуге жұмылдыру идеясы да өз жетегіне үйіре түседі. Оны біз поэманың бас кейіпкері Масғұттың көзқарасынан анық аңғарамыз. Мәселен: Ұры тонап жатқан шалды арашалап алған Масғұт, шалмен бірге базарлық алу үшін базарға барады. Сонда шал оған ақ, сары, қызыл жемістерін ұсынған соң:

*Ағын жесең ақылың жаннан асар,
Сары жесең дәулетің судай тасар.
Егерде қызыл жеміс алып жесең,
Ұрғашыда жан болмас сенен қашар.*

деген ойды алға тартады.

Міне сонда Масғұт жемістің қызылын таңдайды. Оның аузына ақын Абай:

*Қызылды жесем, мені әйел сүйер,
Арамдыққа жүрмесем, не жан күйер.
Ұрғашы да көп жан ғой, досым болса,
Деп едім бір пайдасы маған тиер.*

*Еркектің еркек адам болса қасы,
Қатын, шеше, қызы жоқ, кімнің басы.
Хан қаһар, қара кісі қастық қылса,
Сонда ұрғашы болмай ма арашашы?*

деп, терең түйіндеулер жасайды.

Оның үстіне Абай өзінің «Әзім әңгімесі» атты поэмасын Шығыс халықтары арасына кең тараған «Мың бір түн» ертегісінен бір оқиғаны негізге ала отырып, кейбір ел арасында етек жайған алаяқтық пен аярлықты, қулық-сұмдықты сын астына алады. Бірақ, поэма аяқталмай қалғандықтан ақын өз ойын одан әрі тереңдете алмай қалғандығы өкінішті-ақ.

Ал ақынның «Ескендір» атты поэмасы Шығыс халықтары арасында кең тараған Ескендір Зұлқарнайын бейнесін негізге алады. Бұл — Шығыс әдебиетінде кеңінен жырланған тақырып. Еуропада Александр Македонский деген есіммен кең тараған ұлы қолбасының өмірі, тірлік-тыныстары жайлы айтылған аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Ескендір бейнесін ашуды ниет еткен. Оны кезінде Шығыстың жыр дүлдүлдері — Фирдауси, Низами, Жәми, Науаи секілді т.б. ақындар да өз шығармаларына арналы арқау өрісті өзек еткен болатын.

Бірақ Абай Ескендір тақырыбын өзіне дейінгі ақындар жырлаған үлгіде емес, өзінше ой, өзінше пайыммен жан-жақты жырлауға ден қоя білген. Поэмада негізінен әділдік пен жауыздық, қызғаншақтық пен тойымсыздық кең көрініс табумен бірге, онда әділдік пен даналық идеялары тамаша ашыла түскен.

Рас поэмада аңыз желісі сақталғанымен, бірақ ол өмір шындығына бейімдетіліп жырланған. Абай да Шығыс ақындары, оның ішінде Низами жыр еткендей-ақ, өмір шынайылығына айрықша мән береді. Оқиға — әділдік пен жауыздыққа негізделе отырып, олар кейіпкерлердің іс-әрекеттері, мінез-құлықтары арқылы терең ашыла түседі. Поэманың бас бейнесі болған Ескендір, шығармаға негіз бола отырып, ол поэманың аяғында Аристотельдің даналығына дән риза болып кері қайтады.

Аса зерек те зейінді болып өмірге келген Абай, негізінен үш мекептің нәрлі бұлақтарынан сусындап нәр алғандықтан, ұлы ақын дәрежесіне көтеріле алды. Оның бірі — туған әдебиетінің таңдаулы туындылары болса, екіншісі — Шығыс жыр дүлдүлдерінің көркем дүниелері. Ал, үшіншісі — Батыс Еуропа әдебиеті болды.

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысында жасап, қазақ поэзиясын тым биікке асқақтата көтерген ақын Абай, қазақ әдебиетінің төрінен бекем орын алған кемеңгер ақын дәрежесіне көтеріле алды. Өйткені, Абайға дейін қазақ поэзиясында 7, 8 буынды жыр

үлгісінде жазылған өлеңдер мен 11 буынды қара өлең үлгілері, сондай-ақ, жыр үлгісімен қара өлең үлгісі араласа келіп отыратын үш-ақ түрлі өлең үлгілері болатын. Міне оны Абай одан әрі кең өріс алдырып дамытумен бірге, қазақ поэзиясын мән, мазмұн жағынан байытты. Өлеңнің жаңа-жаңа үлгілерін алып кірді. Сөйтіп Абай, қазақ жазба әдебиетінің негізін салумен бірге, қазақ поэзиясын да сыншыл реализмнің де негізін қалаған нағыз сыршыл да шыншыл ақын бола алды. Қазіргі таңда Қазақстанда Абайтану ғылымы да қалыптасты. Оның негізін Мұхтар Омархан ұлы Әуезов қалыптастырды.

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІ ҰЛЫ (1858—1931)

Қазақ әдебиеті тарихының дамуына аса мол үлес қаса білген ақындардың бірі — Шәкәрім Құдайберді ұлы. Ол 1858 жылдың 11 шілдесінде қазіргі Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданына қарасты Шыңғыстау бөктерінде дүниеге келген. Шәкәрімнің әкесі Құдайберді Құнанбайдың бәйбішесі Күнкеден өмірге келген. Әкесі 37 жасында өмірден ерте өтіп кеткендіктен ол, Құнанбайдың тәрбиесінде өсіп, жетімдіктің тауқыметін оншалық тартпай ер жетеді.

Ақын өзінің бір өлеңінде бес жасында ауыл молдасында оқып хат танығандығын ескерте келе, жеті жасынан-ақ өзінің өлең жазуға бейімділігін анық аңғарта бастайды. Әрі, аса зейінді болып өмірге келген Шәкәрім өз бетінше орысша үйренеді. Жастайынан - ақ ғылым мен білімге ерекше мән берген ол, ән салу, домбыра тарту, гармонияда ойнау, саятшылық жасау, сурет салу мәселелеріне ереке мән берген көрінеді. Бірақ, Абай поэзиясына айрықша тәлім алған ол, келе-келе Абай үлгісімен өлеңдер жазып, қазақ поэзиясын биікке көтереді түседі

Ол жиырмаға толғаннан соң үш жыл бойы ел басқарып, болыстық қызмет атқарады. Ол жәйлі ақынның өзі де «Еріксіз жемтік қызмет шоқыдым» «Ар кетіп, айла жамылдым» деген өлеңдерінде ашық айтады. Дегенмен де, ақынның ең алғашқы өлеңдері махаббат, жастық тақырыбы болса, кейін келе әлеуметтік мәні бар өлеңдер жазып, Абай дәстірін одан әрі жалғастыра түседі. Абайдың тілдік мәдениетін, ақындық үлгісін аса мол пайдаланып, оны одан әрі жетілдіре түседі.

Ұлы ақын Абайдың білім-ғылымын үйренумен бірге, ақылын жан-тәнімен тыңдап, өзін кісілікке, шын мәніндегі азаматтыққа жүгіндіреді. Абай сынына әлденеше рет түсіп, шығармашылық жолын, ақындық арынын терең меңгере бастайды. Нәтижеде болашақ ақын Абайша өмір сүріп, Абайша еңбек етуді өзінің басты бағытына айналдырады. Сөйтіп, Абай ықпалымен қалыптаса түскен ақын араб, парсы, орыс, түркі тілдерін оқып үйренуге айрықша көңіл көзін қадайды. Мәселен ол 1905—1906 жылдары ел тану, жер тану ниетімен Араб, Түрік,

Еуропа елдерін аралайды. Меккеде болып, Ыстамбул кітапханасымен де танысады. Міне бұл — Шәкәрімнің өмірді терең тани түсуінде ерекше мәнге ие болады.

Ұлағатты ұстазы Абайдан көп нәрсе ұғынған Шәкәрім, қазақ халқы басынан өткізген тарихи оқиғаларды негізге ала отырып, өзінің «Қалқаман — Мамыр», «Еңлік — Кебек» сияқты лиро-эпикалық дастандарын жазады. Өндірте қалам тебіреніп жүріп әлеуметтік мәні бар, тәлімдік-тәрбиелік өлеңдер жазып, өзінің ақындық арынын жан-жақты таныта түседі. Бұл орайда ақынның «Жастық туралы», «Жастарға», «Арман», «Дүние мен өмір», «Өмір», «Насихат», «Еріншек», «Сөз жазып, өлең өлшемес» сияқты т.б. өлеңдерін атай аламыз.

Бірақ ақын терең ойға шомуға оңашалау жер керек деген ниетпен, 1908 жылы өз елінен жырақтау жердегі, өзі салдырған «Саятқора» деген Шыңғыс тау бөктеріндегі жерге барып, шығармаылық жұмыспен шұғылдана бастайды.

Рас, Шәкәрім 1917 жылы патша үкіметі құлаған кезде, жаңа Кеңес өкіметін дәріптеп «Бастандық туы жарқырап», «Бостандық таңы атты» деген өлеңдерін де жазады.

Шәкәрімнің әдеби мұрасы ас бой. Ол поэзия, проза салаларында өндірте қалам тебіренумен бірге, аударма саласында да, трактат жазу мәселесінде де еселі еңбек етті. Оның бір жөн кітаптары Кеңес дәуіріне дейін жарық көрген болатын.

Бұл орайда ақынның 1912 жылы Семейде жарық көрген «Еңлік — Кебек», «Қалқаман — Мамыр» поэмаларымен бірге, «Мұсылмандық жинағы», «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты еңбектерін атай аламыз. Оның үстіне оның «Айқап» журналы мен «Қазақ» атты газеттерде де бірнеше мақалалары жарыяланған болатын.

Ақын 1988 жылы ақталып, қаламгерлер қатарына қосылып, ақын ретінде танылған соң, оның еңбектері бірнеше рет жарық көру мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі таңда қазақ әдебиеттану ғылымында Шәкәрімтану саласы да өмірге келді.

Шәкәрім негізінен Қазан төңкерісіне дейін-ақ шын мәніндегі сыншыл-реалист ақын ретінде жан-жақты танылған болатын. Ол шын мәніндегі ағартушылық-демократиялық бағыттағы, нағыз реалист ақын дәрежесіне көтеріле алған қаламгер. Ол да ұстазы Абай сияқты Шығыстың ұлы тұлғалары Низами, Хожа Хафиз, Физули, Науаи шығармаларынан рухани нәр алған кемел ақын. Тіптен ол, 1907 жылы Физулидің «Ләйлі — Мәжнүн» дастанын қазақша жырлаған. Оның үстіне ол, өзінің «Шын сырым» атты өлеңінде Шығыс поэзиясынан рухани нәр алғандығын, оны еркін игергендігін мақтан етеді.

Ақын Шығыс ақындары шығармаларынан нәр ала отырып, өзінің «Ақылшы торғай», «Бояушы суыр», «Қашыр мен бөдене», «Қасқыр, түлкі, бөдене» сияқты мысал өлеңдерінен жазу мүмкіндігіне ие болды.

Ақынның «Жастарға», «Өкінішті өмір», «Талап пен ақыл», «Ашу мен ынсап», «Насихат», «Сен ғылымға», «Адам немене», «Піскен мен Шикі», «Шын сырым» сияқты т.б. поэтикалық туындыларында әлеуметтік мәні бар мәселелерді көтере отырып, қазақ жастарын оқуға, өнерге баули түседі. Мәселен ақын өзінің «Жастарға» деген өлеңінде:

*Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берелік,
Бір білімді данышпан жан табалық.*

дей отырып, одан әрі:

*Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!*

*Білімді сол кісіден ізденелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге» делік.*

деп, өмірлік мәні бар мәселелерді әдемі көтереді.

Қорыта айтқанда, Абай дәстүрін кең өріс алдырып, одан әрі дамыта түскен Шәкәрім Құдайберді ұлы, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан ірі ақын, прозашы, әрі тамаша аудармашы ретінде қазақ әдебиеті тарихының төрінен бекем орын алатын ірі тұлға.

МАҒАУИЯ АБАЙ ҰЛЫ (1869—1904)

Мағауия Абайдың келешегінен аса мол үміт күткен перзенттерінің бірі болатын. Сондықтан да Абай алғаш ауыл молдасында оқытып, сауатын ашқан баласы Мағауияны Семейдегі қалалық училищеге оқуға береді. Онда екі-үш жыл оқыған ол, наукастанып қалады да одан әрі оқуын жалғастыра алмай өз еліне оралады.

Ылғида өзіне серік санып, оған үлкен үмітпен айрықша мән бере қараған Абай, көп ретте оның әділдігіне, шыншылдығына ерекше сүйіспеншілікпен назар аударады. Нәтижеде әке жолын қуып өлеңдер шығара бастаған Мағауия, ағасы Әбдірахман дүниеден өткенде оған қатты қайғырып, көңіл күйін білдіріп алғашқы өлеңін шығара-

ды. Кейіншелік, Абайдың ақыл - кеңесімен, әрі берген мағлұматтары негізінде ол өзінің «Еңлік — Кебек», «Медғат — Қасым» атты поэмаларын жазады.

Мағауияның ең көлемді де көркем шығармасының бірі — «Медғат — Қасым» поэмасы деуге болады. Оның негізгі оқиғасы қазақ елінде емес, алыс ел Африка жерінде, Ніл өзені жағалауында болады. Онда құлдар мен құл иеленушілер арасындағы қайшылықтарды, күрес-тартыстарды сипаттайды. Шығармада Мұрат деген бай баю мақсатында Мысыр қаласынан Ніл өзені жағалауына көшіп келеді. Сол байдың Медғат атты бір ұлы, Ғазиза атты бір қызы және Мария есімді асырап алған қызы болады. Бай Мұраттың қоластында көп құлы болады. Олардың ішінде аса батыл, тым ержүрек, әрі қайсар Қасым атты құл да болады. Бір рете ол Мариямен кездейсоқ кездесіп қалады да, бірден оны жақсы көріп қалады. Бірақ, Медғат пен көңілдес болған қыз Қасымды менсінбейді. Бұл әңгіме бай баласының құлағына да жетеді. Содан ол аса қаһарланып, Қасымды насостан атқылаған су астына отырғызып қойып, әбден азап береді. Сонда Қасым ес-түсінен айрылып талып қалады. Соңра Қасым есін жиып алғаннан соң Марияны өлтіріп, қашып кетеді де қарақшылар тобына барып қосылады.

Міне дәл осы арада поэманың оқиғасы бірден үзіледі де, онан соң арадан бірнеше жылдар өткеннен кейінгі оқиғалар дастанға арналы өзек болады. Нәтижеде, бай Мұрат Мысырға қайта көшіп келе жатқанда Қасым олардың жолын тосып, байды өлтіреді де Медғат пен Ғазизаны қолына түсіреді. Бірақ Ғазиза Сәлім деген кедей жігітті жақсы көреді. Дегенмен әкесі оны кедейсініп, қызын бермейтін болған соң ол аңшыларға қосылып кетеді. Бірақ, Қасым қызды алып қашқанымен олардың бірін-бірі сүйетіндігін анық білгеннен соң, оларды бір-біріне қосады. Сөйтіп олар Мұрат байдың мекеніне оралу мүмкіндігіне ие болады.

Романтикалық сарында жазылған дастанда Қасым өзінің тым өжет, асқан қайсарлылығымен, мейлінше кекшілдігімен көзге түседі.

Қорыта айтқанда, Мағауияның «Медғат — Қасым» поэмасы өзінің көтерген мәселесі жағынан да, тақырыбының өміршендігімен де, қазақ әдебиеті тарихында жаналық болды. Романтикалық сарында өмірге келген бұл поэма, оқырмандарды өз жетегіне үйіре түсетін көркем шығарма.

Міне осындай талантты ақын Мағауия, 1904 жылы әкесі Абайдан 40 күн бұрын қайтыс болады. Бірақ ол, өзінің аса ауқымды көркем поэмаларымен қазақ әдебиеті тарихынан өз орнын иелеп, оқырман жұртшылық арасында мәңгі жасай бермек.

АҚАН СЕРІ ҚОРАМСА ҰЛЫ

(1843—1913)

XIX ғасырдың 2-жартысында жасаған аса талантты әнші - ақындардың бірі — Ақан сері Қорамса ұлы. Ол 1843 жылы бұрынғы Көкшетау облысының Айыртау ауданына қарасты Қоскөл деген елді мекенде дүниеге келген. Оның шын есімі — Ақжігіт екен. Тек, әке - шешесі оны жастайынан еркелетіп, Ақан деп атап кеткен көрінеді. Содан ол ел арасында тамылжыта ән шырқап, құмай тазы ұстап, құс салып ерекше серілік жасап жүргендіктен күллі жұртшылық та оның Ақан атына «Сері» сөзін қосып, оны Ақан сері деп атап кеткен екен.

Әкесі оны 13 жасында ескі діни мектепке бергенімен, аса зерек, сергек ойлы Ақан онда көп оқымай, шала сауат молданың сабағына көңлі толмай оқымай кетеді. Бірақ, онан соң Қызылжар қаласындағы Уәли деген молданың медресесінде екі - үш жылдай оқып, сауатын одан әрі жетілдіре түседі.

Жастайынан — ақ ән-жырға аса құмар болған Ақан, 16-17 жасқа келген бетінен-ақ қолына домбыра алып, құйқылжыта ән шырақ, төгілте өлең шығарып халық арасында кеңінен таныла бастайды. Өз маңына әнші, домбырашы, акын, палуан, құсбегі жігіттерді жиып алып, өнер көкгіне өрлей түседі. Тіптен, ит жүгіртіп, құс салып, аң аулап, серілік, салдық жолына түседі. «Қара торғай» атты қыран құсы, «Базарала» есімді құмай тазысы, «Құлагер» деген жүйрік аты болады.

Ақан серінің жастық, бозбалалық шағында жырлаған басты тақырыбы — сүйіспеншілік, достық, махаббат мәселесі болады. Шынайы махаббатта — беріктік пен адалдық, еркіндікті негізге алған өлеңдерді тамылжыта айтып, күллі жұртшылықтың сезім пернесіне нұр құя түседі. Оның «Ақ көйлек», «Жайықтың ақ түлкісі», «Балқадия», «Сырымбет», «Үш тоты» сияқты т.б. ән-өлеңдерінде сұлулықты, інкәрлікті сүйсіне жырлаумен бірге, әйелдердің бас бостандығы мәселесін көтереді.

Сұлулық пен әсемдікті ерекше қадыр тұтқан әнші-акын, Шығыс әдебиетін де жақсы білген. Оның үстіне, мылтық пен мергеншілікті, жүйрік ат пен құмай тазыны айрықша қадір тұтқан Ақан сері, оларды дәріптеп өз өлең жолдарына қасып отырған. Мәселен ақынның «Мылтық пен мергеншілік» атты өлеңінен оның тамаша сурткерлік қасиетін жан-жақты аңғарумен бірге, аңшының қимыл-қозғалысын, психологиясын сәтті бере білгендігінің де куәгері боламыз.

Әсіресе оның «Құлагер» поэмасын бөліп айту қажет. Ылғида жастық көңілмен еркін жүріп, үнемі серілік құрған Ақан, 30 дан аса бере түрлі қайғы-қасіреттерге тап болады. Алғаш өзінің сүйген жары Ұрқия қайтыс болғаннан соң-ақ, арадан көп өтпей қыран құсы Қараторғайы да бір түнде көз жұмады. Оның артынан іле-шала құмай тазысы Базаралы қасқырға салынған құшаланы жеп, ол да

өледі. Міне осылай қайғырып жүрген сәттерінде, 1876 жылы аса жүйрік аты Құлагерден де көз жазады. Өйткені, дәл осы жылы Керейден шыққан бай Нұрмағамбет, Ереймен бойында әкесі Сағынайға күллі жұртты жиып үлкен ас береді. Сол ас бәйгесіне Құлагерін қоспақ болып, үлкен үмітпен барады. Не шара, бақастықтың, бақталастықтың салдарынан бәйгеде бірінші болып келе жатқан Құлагерді, бұрыннан ақынмен өштесіп, дұшпан болып жүрген Батыраш, Қотыраш деген байлардың арамзалық ниетімен Құлагер жолай мерт болады. Міне бұл - Ақан сері үшін төбеден жай түскендей ауыр қайғыға айналады. Содан Ақан елсіз даланы кезіп, тау-тастарды күнретіп «Құлагер» әнін шырқайды.

Оның үстіне, жасы ұлғайып егде тартқан шағында өз басының қайғысына, енді ел қайғысы ұласып, оны күнренте түседі. Өйткені, патша үкіметінің зорлық-зомбылығы нәтижесінде, бұрыннан өздерінің ата қоныстары болған — Сарыкөл, Қоскөлінен де айрылады. Ол ақынның «Бара - бара крестьянға тең болмадық» деген өлеңінде өзінің сәтті шешімін тапқан. Сондай-ақ ақынның «Заман адамы» атты өлеңінде өз заманасындағы болыс-билердің, аулынайлар мен байлардың озбырлық іс-әрекеттерін мінеп-сынай отырып, олардың мінез-құлықтарын жан-жақты аша түседі.

Ақынның «Жүсіп төреге», «Асыл мен жасық», «Жақсы мен жаман» деген өлеңдерінде де өз заманасы алға тартқан өзекті мәселелерді оқырман жұртшылыққа жайып салады. «Жақсы» деп ұнамды, жақсы жандарға айтса, «жаман» деп жөнге жүрмейтін, қырсықтарды сынап-мінейді. Ұнамды ер жігіттерді «Дүбір шықса шыдамайтын шын тұлпарға» балай түседі. Оның «Балқадиша», «Құлагер», «Сырымбет», «Көкжендет», «Маңмаңкер», «Сырғакты» сияқты т.б. әсем әндерімен тамаша өлеңдері күні бүгінге дейін өз мәнін жоғалтқан емес.

Рас, әнші-ақын өмірінің соңғы сәттерінде серілік өмірден бас тартып, оңашалау болуды қалайды. Кезінде жер - суынан айрыла бастаған бай - манаптардан жапа шегіп, зәбір көрген Ақан Сері, қасына жалғыз мылқау баласы Ыбанды ертіп, Қоскөл маңында жасай бастайды. Бірақ, арадан көп өтпей 1913 жылы 70 жасында бақилыққа аттанады.

Қорыта айтқанда, өз кезіндегі әнші-ақындарың аса көрнекті өкілі болған Ақан Сері, қазақ әдебиеті тарихында сүбелі орын иелейтін тума таланттардың бір егейі деуге болады.

ШӘНГЕРЕЙ СЕЙІТКЕРЕЙ ҰЛЫ (1847—1920)

XX ғасырдың 2 жартысы мен XX ғасырдың басында жасап, қазақ жазба әдебиетінің дамуына өзінің сүбелі үлесін қоса түскен ақындардың бірі - Шәңгерей Сейіткерей ұлы. Ол Батыс Қазақстан облыс-

сының Орда ауданына қарасты Жасқұс құмды елді мекенде, 1847 жылы хан ордасында өмірге келеді.

Шәңгерей негізінен Жәңгір ханның небересі. Ақынның өзі де бір өлеңінде: «Алпыс бөлме, жүз есік» көк орданың ішінде дүниеге келдім» деген ойды алға тартады. Дегенмен Шәңгерей 5 жасқа келгенде әкесі Сейіткерей өмірден озады. Бірақ, ауқатты ортада өскендіктен жетімдіктің тауқыметін тартпай еркін өседі.

Өнер мен өлеңге жастайынан-ақ аса құмар болған Шәңгерей, алғаш Ордадағы медресені бітіріп, мұсылманша білім алғаннан соң, Астраханға барып сондағы қалалық училищеде оқып, сауатын одан әрі жетілдіре түседі. Соңра, Орынбордағы Кадет корпусында оқып, орыс тілін сонда үйреніп, орыс әдебиетімен сонда танысады. Бұл - Шәңгерей өмірінде ерекше мәнге ие болады.

Нәтижеде ол Қазіргі Қуйбышев облысына қарасты Самара губерниясында бітімші сот болып қызмет атқарады. Оның бірден-бір мақсаты, асыл арманы — әділдікті қорғау, шындықты іздеу болады. Ол ел арасында болып жатқан қайшылықтарды, зорлық-зомбылықтарды, алдау-арбауды, паракорлықтарды өз көзімен көріп, одан қатты налығандықтан біраз жыл кеңсе жұмысын тастап та кетеді.

Рас, Шәңгерей Сейіткерей ұлы Орда да өзі мектеп ашып, оқу - ағарту жұмысына ерекше мән береді. Сонда бала оқытқан белгілі ақын Ғұмыр Қараш (1876—1921) Шәңгерейді өзіне аға тұтып, жиі-жиі араласып тұрады. Тіптен, ол Шәңгерейге арнап «Жәңгір ханның небересі, сұлтан Шәңгерей Сейіткерей ұлына» атты өзінің толғау өлеңін де жазады. Ол ақынның 1914 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Аға тұлпар» атты жинағында орын алған болатын.

Шәңгерей негізінен әдебиетті, өнер мен ғылымды ерекше бағалаған көзі ашық, көкірегі ояу аса дарынды адам болған. Ол 1911—1913 жылдары қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен Орал қаласында «Қазақстан» атты гезет шығару мәселесі сөз болғанда, оны тікелей қолдап-қуаттаған да Шәңгерей болады. Кейбір деректерде оның сол газетке керекті қаражатты өзі беріп тұрғандығы тілге алынады.

Оның үстіне ол ақын ғана емес, прозалық шығармалар да жазған деседі. Ол «Қара мұрт» деген романмен «Сұрау-жауап» атты әңгіме де жазған көрінеді. Бірақ оның бұл шығармалары, 1917 жылы Көлборсыдағы ата қонысын тастап, аталас төре тұқымдары мекен еткен Ақбақай деген елді мекенге көшіп барғанда жоғалып кеткен деген ойды алға тартады.

Ол бүгінгі күндегі Шығыс Қазақстан облысы Қаратөбе деген ауданға қарасты еді мекен. Ол жерге неліктен көшіп келгендігі жайлы күні бүгінге дейін дерек білмесек те, бұдан оның өмірінің соңғы кездерінде ел арасында болған айтыс-тартыстарға, дау-жанжалдарға араласпай, оқшау, оңашалау өмір сүргісі келгендігін анық аңғарамыз.

Міне осындай игі талан талант иесі болған Шәңгерей Бөкеев, 1920 жылдың қаңтар айында дүние салады. Дегенмен оның біраз өлеңдері, көзі тірісінде 1910 жылы «Шайыр», 1912 жылы «Көкселдір» деген жинақтар да жарық көреді. Оны бастырып шығарған ақын Ғұмыр Қараш болады.

Аса талантты ақын шынайы досты, құрбы құрдасты, ғашық жарды өмірдің берген аса тамаша сиы деп ұғынады да, оны биікке көтере дәріптейді. Мәселен ақын:

*Көлдерге ат ойнатып, құс шүйгенде,
Адамның болса әзілдес құрбылары.
Болғанда жарың сондай, құрбың мұндай,
Бозбала деп біліңіз бағың бары.*

дей отырып, достықты, сыйластықты аса жоғары бағалайды.

Тіптен ол өзінің «Ғылым» атты өлеңінде, ғылым мен білімнің мәніне ерекше тоқтала келіп:

*Оқысаң ғылым қорын білім асар,
Көңілдің кіршік басқан көзін ашар.
Мас болған біліміне кейбірн жастар,
Жерлерге аяқ жетпес аяқ басар.
Апыр-ай, кімге аян бұл жаһанның
Белгісіз ұлылығы — асқар-асқар?!*

дейді ақын ерекше емірене.

Рас, Шәңгерей ақынның бізге жеткен шығармалары оншалық көп болмаса да, өзінің өлеңдерінде өмірлік мәні бар, әлеуметтік мәселелерді дер кезінде көтере білген ақын ретінде, қазақ жазба әдебиеті тарихынан бекем орын иелейтін талант иесі дей аламыз.

XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ ҮЛГІЛЕРІНЕН

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ (1873—1937)

Расында да, 1929 жылдан 60 жыл бойы «халық жауы» атанып, арамыздан әбден ұзап кеткен Ахмет Байтұрсынов, 1988 жылдың 4-қарашасында Қазақстан республикасы Жоғарғы сотының шешімімен ақталып, аса талантты ақын, ғұлама ғылым ретінде тілге алынып, халқымыз арасында кеңінен таныла бастады.

Егер Ахмет Байтұрсыновтың басып өткен өмір жолына, көркем шығармаларына тереңірек үңіліп, көңіл көзін қадай түссек, онда оның тіл білімінің дамуына аса мол үлес қосқан шын мәніндегі аса таланты ғұлама ғалым, тамаша ақын, кемел аудармашы, әрі сыншы, ірі қоғам қайраткері екендігін анық аңғара түсеміз.

Ол 1873 жылдың 28 қаңтарында Торғай уезіне қарасты Тосын болысының Сарытүбек деген елді мекеннің бесінші ауылында дүниеге келген екен. Оның әкесі Байтұрсын Шошақов — қарапайым ғана шаруа адамы болған көрінеді. Белгілі ғалым Рабиға Сыздықова берген мәліметіне қарағанда ол, Арғын руынан шыққан Үмбетей батырдың небересі болған деседі.

Кейбір тарихи деректерге қарағанда Шошақтан – Байтұрсын, Ақтас, Ерғазы, Данияр есімді төрт ұл өмірге келіпті. Оның бәрі де аса батыл, басынан сөз асырмайтын өр мінезді, ер көңілді, тым қайратты да қажырлы, барынша өжет жандар болған көрінеді.

Халық аузында сақталған кейбір әңгімелерге қарағанда, Байтұрсын, жергілікті әкімдер мен шонжарлар мен уезд басшыларының ығына жығыла бермейтін тым қайсар, барынша өжет жандардың бірі болған екен.

Мәселен кезінде ел арасында «Кәрі ояз» атанып кеткен, орыс патшалығының қол шоқпары болған, полковник Яковлев деген озбыр орыс адамы, 1885 жылдың 12-қазанында Жыңғылдың жағалауында отырған Шошақ ауылына келіпті. Ондағы мақсатын ағайынды Ақтас пен Байтұрсынды ұстамақ болып: «Маған Ақтас пен Байтұрсынды тауып бріндер» — деп, ауыл адамдарының басына әңгір таяқ ойната түсіпті.

Міне оған, ешнәрседен тайсалмаған Байтұрсын тікелей қарсы шығып, оны аттан аударып алады. Әбден ұрып-соғып, тіптен басын

жарып, бір топ адамдарымен ауылдан қуып шығады. Нәтижеде, одан бетер тістерін қайрай түскен ат төбеліндей орыс чиновниктері Ырғыз бен Торғайдан патша үкіметінің жазалаушы отрядтардың жібереді. Олар келген беттен-ақ, елдің мал-мүлкін талап, бала-шағалаларын шулатып, ер-азаматтарын ұрып-соғады. Байтұрсын, Ақтасты, Ерғаны ұстап алып т.б. бірнеше ел азаматтарын да қоса ұстап, қолдарын арқасына байлап олармен бірге айдап әкетеді.

Сөйтіп оларды Торғайдағы әскери абақтығы жабады. Әбден ұрып-соғып, таяққа жығып көп азап береді. Өздерінің зорлық-зомбылықтарын жасайды. Нәтижеде, Қазаннан келген округтің әскери соты бірнеше рет сұрау-жауап алып, 1886 жылы Ақтас пен Байтұрсынды, сондай-ақ, тағы басқа бірнеше жігіттерімен қоса 15 жылға соттайды. Қақыған Сібірге жер аударып, сүргін қылады. Міне осы бір жылы Ахмет небәрі 13 жаста болса да, көзі ашық, көкірегі ояу болғандықтан әділетсіздіктің сырларын аңғара бастайды.

Сонра Ахмет 1886 жылы Торғайдығы екі сыныптық орыс-қазақ училищесіне оқуға түсіп, оны 1891 жылы үздік бағалармен аяқтап шығады. Не шара?.. Оқуын бітіргенімен әкесімен ағасы айдауда, абақтыда болғандықтан ол, аса көп қиыншылық көреді. Осы кезде ол өзінің «Туысыма» атты өлеңін жазады. Онда ақын:

*Болармын неғып риза туысыма,
Туыппын таршылықтың уысында.
Шамам жоқ жан-жағыма қол созарлық,
Тар көздің тығылғандай қуысына.*

деп, замана келбетін, дәуір сырын жан-жақты аша түсіп, өз өмірінің аса қиындықта болған тұстарын да ашық тілге алады.

Кейінірек Ахмет Байтұрсынов оқу іздеп Орынбор қаласына барады. Ондағы Ыбырай Алтынсарин салдырған мұғалімдер дайындайтын мектепте оқып, тәлім-тәрбие алады. Онда төрт жыл оқып, оны 1895 бітіріп шығады да өмірге деген көз қарасы одан әрі жетіле түседі.

Ахмет Байтұрсынов өзінің еңбек жолын бала оқыту-ағартушылық жұмыспен бастайды. Нәтижеде, 1895—1909 жылдар аралығында Ақтөбе, Қарқаралы, Қостанай уездеріндегі ауылдық, болыстық мектептерінде мұғалімдік қызмет атқарып, екі сыныптық училищесіне дәріс өтеді. Бұл — ұлы ақын, әрі болашақ ғалым өмірінде елеулі орын иелейді. Өйткені ауыл өмірін, халықтың тұрмыс-тіршілігін өз көзімен көріп, олардың бейқамдығына, ешнәрсеге мән бермейтін жалқаулықтарынан налиды. Маса болып, ізіндай ұшып жүріп, олады ұйқысынан оятпақ болады. Оны біз ақынның «Маса» атты өлеңінен анық аңғарамыз. Міне, осы жылдардың өзінде-ақ Ахмет Байтұрсыновқа «Патша үкіметіне қарсы пікірлер айтып жүр. Патшалық Россияның сая-

сатына қарсы» деген айып тағылып, 1907 жылы Қарқаралы түрмесіне отырғызады. Бірақ, одан айыптайтын ешнәрсе таба алмаған соң, ақыры босатуға мажбүр болады. Оны ақын өз өлең жолында:

*Мал ұрлап, кісі өлтірген жазығым жоқ,
Өкімет өр зорлыққа не дүр шараң...*

дей келіп, одан әрі:

*Тайпалған талай жорға, талай тұлпар,
Тағдырдың кез болып тұр кермесіне.
Солардан жаным-тәнім ардақты емес,
Орынсыз күйзелейін мен несіне.*

деп, паташа өкіметінің озбырлығына налиды. Өз өзіне демеу айтып, өзін сабырға шақырады. Әрі, өзін жігерлендіре түседі.

Онан соң 1909 жылы Семей губернаторы Тройнскийдің жарлығымен тағы да айып тағылып, оны алғаш Қарқаралы түрмесіне қамады. Онан соң Семей түрмесіне отырғызады. Ол сол Семей түрмесінде ешқандау сұраусыз аш-жалаңаш, көп қиындықтар көріп 8 ай жатады. Нәтижеде, Ахмет Байтұрсыновтан титей де айып таба алмағандықтан оны соттай алмайды. Сөйтіп оны 1910 жылдың 21 ақпанында екі жылға ел топырағынан аластатып, жер аударады. Содан 1910 жылдың 9 наурызында Орынборға қайта келген Ахмет Байтұрсынов, 1917 жылдың аяғына дейін сонда болады.

Осы бір жылдары Уфадағы Ғалия медресесінде оқып жүрген бір топ қазақ жастарының ұсыныстарымен ел-елден қаржы жинап, көп еңбек сіңірген Ахмет Байтұрсынов, 1913 жылы тұңғыш рет шыққан «Қазақ» газетінің редакторы болып, 1917 жылдың соңына дейін қызмет атқарады.

Ахмет Байтұрсынов та 1936—1937 жылдың зобалаңы салдырынан, Сталиннің қытымыр саясаты нәтижесінде, 1937 жылдың 8 қазанында екінші рет қайта ұсталып, арадан екі ай өткеннен соң, сол жылдың 8 желтоқсанында «Халық жауы» деген айып тағылып, 64 жасында түрмеде атылады. Сөйтіп есіл ер, халқымыздың ардақты ұлы, ғұлама ақын арамыздан бақилыққа аттанып, бұл пәниден көз жұмады.

Бірақ оның қазақ халқы үшін еткен еңбегі, тіл білімінің дамуына қосқан үлестері, ақындық арыны, ірі қоғам қайраткерлігімен ғұлама ғалымдығы, аударма еңбектері, бүгінгі жастар үшін да үлгі — өнеге. Оның поэтикалық туындыларымен тамаша аудармалары — қазақ әдебиеті тарихының дамуына қосылған үлкен үлес болып саналады. Нәтижеде ол, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан аса талантты ақын, кемел тілші ғалам, тамаша аудармашы, ірі қоғам қайраткері ретінде даралана көзге түскен тарлан таланттарымыздың бір егейі бола алды.

МІРЖАҚЫП ДУЛАТОВ (1885—1935)

XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан жазушының бірі — Міржақып Дулатов. Ол 1885 жылдың 25 қарашасында Торғай облысының Жангелдин ауданына қарасты Қыз-бел елді мекенінде өмірге келеді.

Әкесі Дулат ескіше сауаты бар көзі ашық, көкірегі ояу жан болғандықтан, үлкен баласы Асқарды алғаш мұсылманша, сонынан орысша оқытып сауатын аша түскен болса, онан соң ең кіші баласы болған Міржақыпты да ауыл молдасына беріп оқытады. Арадан екі жыл өткеннен соң Міржақып өз ауылындағы Мұқан Токтыбай дегеннен орысша оқып, одан әрі білімін жетілдіре түседі. Болашақ қаламгер өз бетінше ізденіп, орыс тілін жете меңгере бастайды. Алғаш ауыл мектептерінде сабақ бере жүріп, өзінше ізденіп орыс жазушыларының шығармаларын оқиды. Әрі, өз елінде болып жатқан келеңсіздіктерді, әділетсіздіктерді өз көзімен көріп, қарапай еңбек адамдарының аянышты тағдырына ашынады.

Ауыл мектебінде 6 -7 жыл істеп, өз өмір жолын ағартушылықтан бастаған Міржақып Дулатовтың өмірге деген көзқарастары жан - жақты қалыптаса бастайды. Әрі ол өзінің ақындығын да осы жылдары анық аңғарта тіседі. Нәтижеде ол, 1904 жылы Омбы қаласында өткен қазақ зиялыларының келелі кеңесіне қатысады. Онда Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов секілді т.б. қазақ халқының бір туар азаматтарымен кездесіп, өз ара пікір алысады. Бұл - оның ой - санасының жетіле түсуіне, ұлт жандылығының оянуына үлкен септігін тигізеді.

Оның үстіне, Міржақып Дулатов 1905 жылы Орал қаласында болып өткен бес облыс өкілдерінің съезіне де қатысады. Сонда «Қазақ конституциялық-демократиялық пратиясы» құрылады. Соның мүшелерінің бірі болған Міржақып, съезд делагаты ретінде 1906 жылы Петербургке барады. Онда Х. Досмұхамбетов, С. Лапин, Д. Сұлтанғазин, М. Шоқаев секілді оқыған, ойлы азаматтармен кездесіп, өзара пікір алысады. Сөйтіп олар Петербургте «Серке» атты газетті қазақ тілінде шығару мәселесін алға тартады да, оның 1-санын 1907 жылдың 25 наурызында бастырып шығарады. Міне онда ақынның «Жастарға» деген ең ағашқы өлеңі жарық көреді. Сондай-ақ, сол газеттің 2-санында оның «Біздің мақсатымыз» деген бас мақаласы да жарияланады. Дегенмен ол газетті полиция сақшылары тарапынан қудаланып жауып тастайды. Соңра өз еліне оралған Мыржақып Дулатов, өз халқына, өз еліне айтар ойын 1909 жылы жинақ етіп бастырған «Оян, қазақ!» атты өлең кітабында ашық айтады. Міне бұл жинақ ақын беделін халық арасында ерекше асқақтатып жібереді.

Не амал?... Патша өкіметі тарапынан қуғынға тап болған Міржақып Дулатов, Омбы жақа, Қызылжар қаласына бас сауғалап кетуге мажбүр болады. Арадан көп өтпей оның «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы да тәркіленеді. Сөйтіп, патша жендеттері Міржақып Дулатовтың жұмыс істеуіне мүмкіндіктер бермейді. Дегенмен ол, күн көру мақсатында быраз уақыт жеке адамдарға жалданып, мұғалымдық қызмет атқарады. Нәтижеде, одан Мағжан Жұмабаев та дәріс алу мүмкіндігіне ие болады. Өз уақытын шығармашылық жұмысқа арнаған ол, осы жылдары өндірте қалам тебіrentіп бір жөн өлеңдер жазумен бірге, «Бақытсыз Жамал» атты романын жазу мүмкіндігіне ие болады. Қаламгердің бұл шығармасы 1910 жылы Қазан қаласында жарық көреді. Бұл шығарма қазақ әдебиеті тарихында өмірге келген ең алғашқы роман екендігімен де құнды.

Ол 1911 жылы қазақ ауылдарын аралап, Қызылжардан Семейге барған сәтінде, тағы да оның соңына түскен патша өкіметінің жендеттері ұстап алып, Семей абақтысына жабады. Онда ол бір жарым жылдай отырып, аса көп қиындықтар көреді. Түрмеден шыққан соң ол Орынбор қаласына келеді. Сонда «Қазақ» газетін шығаруға ат салысады. Соңра оның «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы 1911 жылы екінші рет қайта жарық көреді. Оның үстіне Орынборда ақынның 1913 жылы «Азамат», 1915 жылы «Терме» деген өлеңдер жинағы да басылып шығады. Бұл жинақтардан оның ақындық ары - нымен өмірге деген көз қарастарын анық аңғаруға болады. Онда қоғамда болып жатқан әлеуметтік теңсіздіктермен халықтың бейқамдығы өзінің шынайы шешімдерін тапқан.

Сөйтіп Мыржақып Дулатов, ылғида Алаш қазғалысын ұйымдастырып, Алаш партиясын, Алаш Орда үкіметін құруға, Алаш әрмиясын жасақтауға өзінің бар күш қайратын жұмсайды. Дегенмен, жаңа орныға бастаған Кеңес үкіметіне үлкен үміт артып, оған адал қызмет етуден бас тартпайды. Ол 1920 жылы Ташкентке келіп, онда қазақ тілінде шығып тұрған «Ақ жол» газетіне жұмысқа орналасады. Бірақ мұнда ол көп тұрақтай алмайды да, арадан бір жыл өткенен соң Семейге қайта барып, онда облыстық сотта бір жөн қызмет атқарады. Бірақ, оның соңына түскен полицейлер 1922 жыл ұстап алады да, Әлихан Бөкейханов екеуін Орынбор абақтысына қамайды. Дегенмен олардан пәлендей қыңыр іс таба алмағандықтан оларды босатып жібереді.

Орынборда ол қазақтың Халық ағарту институтында, «Еңбекші қазақ» газетінде жұмыс істей бастайды. Онда ол «Есеп құралы», «Қырағат» секілді оқулықтарымен бірге, «Балқия» атты драмалық шығармасын жазады. Сөйтіп ол көркем әдебиет саласында өндірте қалам тебіrentе түскен шағында, мәдениет істеріне белсене араласып жүрген сәттерінде, 1928 жылдың желтоқсан айында ұсталып, бір топ қазақ

халқының оқыған азаматтарымен бірге тұтқындалады. Нәтижеде ол, Балтық бойындағы Соловки тұтқындар лагерінде жатқан шағында қатты науқасқа шалдығып, 1935 жылдың 5-қазанында дүние салады. Дегенмен, арадан 58 жыл өткеннен соң, Тәуелсіздіктің шапағатына орай, халқымыз бен қайта қауышты. Яғни, 1993 жылы жала мен жазықсыз кеткендердің сүйектері туған жеріне әкелініп, қайтадан ақ жуып, аруланып жер қойнына қайта қойылғанда, соның бірі — Міржакып Дулатов болды.

Шындығында да ақын есімін халық арасына кең таратқан көркем шығармасы, оның «Оян, қазақ!» атты өлеңдер жинағы деуге болды. Онда ақын:

*Көзіңді аш, оян қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамас ты,—*

деп, күллі жұртшылықтың сезімін селт еткізіп, қазақ халқын оянуға, серпілуге үндей түседі.

Ол өзінің «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» деген ең алғашқы өлеңінде де, қазақ халқының әлеуметтік жағдайларына талдаулар жасай отырып, әрбір жанды халық тағдырын ойлауға жұмылдыра түседі. Тіптен ол:

*Міржакып, неге отырсың қалам тартпай
Бәйге алмас болғанменен жүйрік шаппай.*

*Шаманды қадири-хал көрсетсеңші,
Байғұс-ау, оянсаңшы қарап жатпай.*

деп, өзін-өзі жігерлендіре түседі.

Ақынның «Қазақ жерлері», «Таршылық халіміз хақында», «Өнермен хасыл болған нәрселер», «Тәртіпті медресе жоқ бұл қазақта», «Насихат гумумия», «Қазақ халқына діни бір уағыз», «Сайлаулар хақында», «Шағым», «Мұн», «Сағыну», «Елім-ай», «Алашқа», «Жас қазақтар», «Зар заман» сияқты т.б. өлеңдерінде сол дәуірдің ұсқынсыз келбетін жан - жақты аша отырып, қазақ халқының еркіндігін, бас бостандығы мен тәуелсіздігін арман етеді. Арман етіп қана қоймай, халықты өз тәуелсіздігін алуға тікелей жұмылдыра түседі. Оның бірден-бір жолы оқып сауат ашуда деп түсінген ақын қазақ жастарын білім алуға, өнерлі болуға үндейді. Қоғамдық өмірде болып жатқан қарама-қайшылықтардың мәнін аша түсуге ұмтылады. Қазақ әйел-қыздарының бас бостандығын аңсап, олардың өз теңіне бару керектігіне ерекше көңіл көзін қадайды. Оны біз аса талантты суреткердің «Бақытсыз Жамал» атты романынан анық аңғарамыз.

Қорыта айтқанда, аса талантты ақын, белгілі прозаик, әрі драматург, тамаша ағартушы, журналист — Міржақып Дулатов, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қосқан белгілі қоғам қайраткері. Оның мақала - очерктері, «Бақытсыз Жамал» романы, ашық хаттары мен тамаша фельетондары, сын мақалалары, драмалық шығармалары — қазақ әдебиеті тарихынан бекем орын иелейтін аса құнды дүниелер. Әсіресе оның, ғұмырнамалық мақала жазу үлгілері — бүгінгі оқырмандар үшін да нәрлі бұлақ бола алатын көркем шығармалар дей аламыз.

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ

(1889—1931)

Қазақ әдебиетін дамытуға үлкен үлес қосқан қаламгерлердің бірі — Жүсіпбек Аймауытов. Ол 1889 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданына қарасты Қызылтау елді мекенінде дүниеге келген. Рас, әкесі Аймауыт жоқ жұқаналау, кедей болғанымен, оның арғы аталары болған Дәндебай, Қуан дегендер ел арасында аса қадірлі, білікті, ауқатты адамдар болған екен. Кейбір деректерде жастайынан-ақ Жүсіпбек арабша хат танып, оқи білумен бірге, ағаштан түйін түйген шебер де болған деседі.

Жүсіпбек 15-16 шағында ешкімнен рұхсат сұрамастан Павлодарға қашып барып, орысша-қазақша екі сыныптық оқуға түседі. Әрі өзі бала оқыта жүріп, өзінше қаражат тауып, оны 1914 жылы бітіріп шығады. Соңра Семей қаласындағы семинарияға оқуға түседі де, оны 1918 жылы бітіреді.

Кейінірек ол Қазақстан Кеңестері құрылтайына делегат болса, енді бірде Оқу комиссариатының алқа мүшесі, «Қазақ тілі» газетімен Ташкенде жарық көрген «Ақ жол» газетінде де жұмыс істейді. Кейінірек Шымкенттегі педагогикалық техникумының директоры болып та қызмет атқарады. Бірақ, 1929 жылы басталған зобалаң салдарынан ол да ұсталып, 1931 жылы халық жауы ретінде атылады.

Ол аса тамаша аудармашы ретінде А.С. Пушкин, Л.Н. Толстой, Н.В. Гоголь, В. Гюго, Г. Мопасан, В. Шекспир шығармаларын аударып, олардың қазақ халқының рухани игілігі, мәдени байлығына айландырады. Оның «Ақ білек», «Күнікейдің жазығы», «Қартқожа» секілді романдары қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын алатын көркем дүниелер. Қаламгердің «Қартқожа» атты романы алғаш рет 1926 жылы Қызылорда да басылып шығады.

Жүсіпбек Аймауытов аса талантты драматург ретінде «Қанапия - Шәрбану», «Рабиға», «Ел қорғаны», «Шернияз» секілді көркем шығармаларымен жан-жақты таныла түседі. Ол өзінің «Қанапия — Шәрба-

ну» драмасын 1917 жылы жазған болса, оның «Ел қорғаны» атты пьесасы 1925 жылы Ташкентте жарық көреді. Онда азамат соғысы жылдарында елдің сергелденге түсуі, бандылар мен ақтардың жасаған зорлық-зомбылықтары көрініс тапса, 1926 жылы Семейда бастырып шығарған «Шернияз» драмалық туындысында ұлт азаттық көтерілісін сипаттайды.

Шернияз үшін туған жері, өскен ортасы, өз елі аса қадірлі. Сондықтан да ол, өз Отаны, өз елі үшін, халқы үшін күреспек болады. Рас, Шернияздың алғаш өзі сүйіп қосылғаны қыр қызы Раушан да тазалық, пәктік, адалдық аса басым болғанымен ол сауатсыз. Көп нәрсені терең түсіне бермейді. Талғам-танымы жетіспегендіктен ақыры онымен ажырасып кетеді. Сөйтіп ол, гимназияны бітірген қала қызы — Жамилаға үйленеді. Ол өте жеңіл жүрісті болғандықтан Шерниязды сүйдім-күйдім деп тисе де, оның көзіне шөп салады. Оның азабын әбден тарыққан Шернияз басын тауға да, тасқа да ұрып жүрген шағында, революция дабыл қағып кең өріс ала түседі. Ол елі үшін, халқы үшін, жаңа өмір үшін күреседі.

Драматург өзінің «Қанапия — Шәрбану» атты драмалық шығармасына 1916 жылғы оқиғаны арналы арқау, өрісті өзек етеді. Онда аса момын, қой аузынан шөп алмайтын шаруа адамы Шатай мен оның әйелі Ұмсынай, жалғыз баласы Ынтықбайды солдаттыққа жіберсе, өлімге жіберетіндей сезініп, өздерінің қолдарындағы бар малдарын сатынып, қарызданып бай құлқынына тығады. Сөйтсе де одан құтқара алмай әбден әлек болады. Тіптен қызы Шәрбану, Сазамбай мен оның барынша адуын бәйбішесі Қалипаның қорлығына көніп, солардың есігінде қызмет атқарады. Олардың езгісінде жүрсе де, олардан титтей де пайда таппайды. Шығармада ескі салт-дәстүрдің құрбаны болған жастар тағдыры аса аянышты сыр шертеді. Шәрбанудің сүйген жары Қанапияның солдаттықтан қайтып келуі, оларға теңдік әпругендей болып, жаңа өмірді, жарқын болашақты қуана қарсы алады.

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына бір жөн өз үлесін қосқан белгілі прозаик, тамаша драматург — Жүсіпбек Аймауытовтың көркем шығармалары, бүгінгі ұрпақтар үшін да тәлімдік-тәрбиелік мәні аса зор көркем дүниелер дей аламыз.

СПАНДИЯР КӨБЕЕВ (1878—1956)

Спандияр Көбеев шын шәніндегі педагог қаламгер. Ол ұстазы Ыбрай Алтынсаринге еліктеп, ағартушылық-ұстаздық жұмысын кең өріс алдырумен бірге, қазақ халқы арасында озық елдер мәдениетін насихаттауда өрен еңбек сіңірген жазушы. Ол 1878 жылдың 1 -

қазанында Торғай облысының Мендіқара ауданында дүниеге келген. Әкесі Көбей — аздап қана мұсылманша хат таныған, барынша шыншыл, өз еңбегі мен ғана күн көрген, қарапайым еңбек адамы болыпты. Анасы Айтбоз да аса зерделі, ауыл адамдары ерекше қадір тұтқан жан болған екен. Ата-анасы оны 9 жасында ескіше оқытатын мектепке береді. Алайда, 1887 жылы Ыбырай Алтынсарин мектебі ашылған соң, ұлы ағартушының тікелей көмегімен сол мектепке барып, оқуын одан әрі жалғастыра түседі. Оны 1892 жылы бітіріп шыққан соң, 1892—1895 жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте оқыса, онан соң - 1895—1897 жылдары Қостанай қаласындағы екі сыныптық орыс - қазақ мектебінде оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. 1898 жылы Қостанайдағы екі жылдық курсті 1901 жылы аяқтаған соң ол, бастауыш мектепте мұғалімдік қызмет атқара бастайды.

Сөйтіп, өзінің өмір жолын оқытушылықтан бастаған Спандияр Көбеев, алғаш өз ауылында, өз аулына жақындау жерлердегі мектептерде орын болмағандықтан, Қостанайға мың шақырымдай келетін Ырғыз уезіндегі Толағай болысына қарайтын Кішіқұм деген жердегі мектепке барып, сонда оқытушы болып орналасады. Бара Ыбырай Алтынсарин әдісімен балаларды орысша оқыта бастайды. Онда А.С. Пушкин, Н.В. Гоголь, А.П. Чехов, И.А. Крылов шығармаларынан нәр бере отырып, И.А. Крылов мысалдарын қазақ тіліне аудару ісімен де шұғылданады. Соңра, 1903—1905 жылдар аралығында Петропавл уезіне қарасты Нілді болыстық мектебінде қызмет атқарады. Осы жылдардың өзінде ақ, И.А.Крыловтың «Көлбақа мен Юпитер», «Иттің достығы», «Қара бұлт», «Маймыл мен көзілдірік», «Аққу, шортан, һәм шаян», «Арыстан мен масалар», «Арыстан мен тышқан», «Жапырақтар мен тамырлар» сияқты мысал өлендерді аудару арқылы, өзі де ақындық әлеміне ден қоя бастайды.

Әсіресе оның 1910 жылы Қазан қаласында «Үлгілі тәржімә», 1912 «Үлгілі бала» атты кітаптарының жарық көруі, ерекше мәнге ие болды. Ол негізінен бастауыш мектептерінде оқитын қазақ балалары үшін оқу құралы ретінде құрастырылған болатын. Онда ол К. Ушинскийдің «Родное слова» атты еңбегіне сүйене отырып құрастырған. Аталмыш еңбегіне К. Ушинскийдің «Екі соқа», «Сауысқан мен қарға», «Түлкі мен теке» шығармаларын ендірсе, Лев Толстойдан «Ат пен есек», «Атасы мен небересі», «Құмырсқа мен көгершін», «Екі жолдас», «Қоян мен көлбақалар» сияқты мысал үлгісіндегі шағын-шағын әңгімелерін ендіреді.

Олардың тәлімдік-тәрбиелік мәні ерекше екендігін терең түсінген Спандияр Көбеев, «Үлгілі бала» атты еңбегіне өзінің де бір жөн төл туындыларын да енгізеді. Бұл ретте оның «Жетімнің өлеңі», «Жетім»,

«Қайыршы» сияқты т.б. өлендерімен бірге, «Жарлы мен бай» әңгімесін атай аламыз.

Міне осындай оның «Үлгілі тәржімә», «Үлгілі бала» атті еңбектерінің басылып шығып, оқырмандарды өз жетегіне үйіре түсуі, оны ерекше шабыттандырып жібереді. Нәтижеде ол, 1911 жылы «Қалың мал» романын жазуға кірісіп, оны 1913 жылы Қазан қаласында бастырып шығарады.

Ал 1910—1919 жылдар аралығында Қостанай облысында оқытушылық қызметтер атқарған Спандияр Көбеев, төңкеріс жылдары «Бақытсыздардың бір күні» атты романын да жазады. Дегемен, денсаулығының нашарлауына байланысты оны аяқтай алмайды. Нәтижеде оның қолжазбасы жоғалып та кетеді. Сөйтіп, бұл роман бізге жетіп келген емес.

Дегенмен, бір өмір бала оқыту жұмысымен шұғылданған қаламгер, жазушылықты да қатар жүргізе отырып, 1951 жылы өзінің «Орындалған арман» атты мемуарлық еңбегін жарялайды. Ол 1954 жылы өңделіп, екінші рет қайта басылып шығады. Онда педагог - жазушының өмір өткелдері, оқытушылық қызметі, өскен ортасы, өз дәуірі сыр шерткен. Шығармада жер дауы, жесір дауы көрініс табумен бірге, 1905 жылдағы орыс қақтығыстарының қазақ халқына тигізген игі ықпалы, 1916 жылғы ұлт-азаттық күресі де өзінің шынайы шешімін тапқан. Онда көрініс тапқан «Қара бақсының хикаясы», «Надандық құрбаны» секілді бөлімдерінде жас қыздің көрген азаптары, ел арасында етек жайған бақсы-бөлгерлердің тыныс-тіршіліктері сын астына алынады. Оның көркем шығармалары ішінде ерекше көз тартып, көңілге қозғау салатын шығармасы «Қалың мал» романы. Онда XX ғасырдың бас кезіндегі халықты отаршылдықтан азат ету, әлеметтік теңдік, әйел-қыздардың бас бостандығы, әменгерлік салттары өзіндік ерекшелігімен өз оқырмандарын өз жетегіне үйіре түседі. Романда көрініс тапқан Ғайша, Қожаш арасындағы махаббат болса, оларға қарсы тұрған ескілік өкілдері — Итбай, Тұрлығұл сияқтылардың әділетсіздіктері, озбырлықтары өз шешімін табады.

Міне осындай XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына бір жөн үлес қасқан белгілі қаламгер Спандияр Көбеев, 1956 жылдың 21-желтоқсанында 78 жасында дүние салады. Бірақ оның ұстаздық еңбектері, көркем шығармалары оқырмандар тарапынан айрықша қастерленіп, ол бізбен бірге жасап біте қайнаса түспек.

СҰЛТАНМАХМҰТ ТОРАЙҒЫРОВ (1893 - 1920)

Не бәрі 27 жас ғұмыр кешсе де, өз соңына тамаша поэтикалық шығармалар қалдырған Сұлтанмахмұт Торайғыров, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан аса талантты ақындар санатына қосылады. Ол 1893 жылдың 28 қазанында Омбы уезінің Шағырай болысына қарасты Қарауыл Шабар аулында өмірге келеді. Әкесі Шокпыт атанып кеткен Әбубәкір аса кедей, тым момын, бірақ барынша ақкөңіл адам болған көрінеді. Кедейліктен жүйкісі тозған Шокпыт, Қарауыл еліндегі асқан бай жездесін паналап, соның малын бағып күн кешеді. Сонда үйленген ол, осы Сұлтанмахмұт пен Бөшен деген екі баласын өмірге әкеледі. Сұлтанмахмұт енді екі жасқа толғанда шешесі дүние салып, жетімдік пен жоқшылықтың тақсіретін көп тартады.

Шокпыт әйелі өлгенен соң балаларын соңына ілестіріп, өзінің туған жері — Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшіп келеді. Ол әкесінің көмегімен 6 жасында хат таниды да, ауылдағы Әлі, Тортай, Мұқан деген ауыл молдаларынан біраз уақыт сабақ алып хат таниды. Олар арасынан Шығыс әдебиетінен хабары бар болған Мұқан молда ғана Сұлтанмахмұттың тым зеректігін танып, әсіресе әдебиетке деген құмарлығын сезініп, өзінің көмек қолын соза бастайды. Сондықтан да ақын өзінің «Секілді өмір қысқа, жарты тұтам» деген өлеңінде:

*Әкемнен «Әліпбиді» үйде оқыдым,
Үйреніп намаз, сабақ жат тоқыдым.
Әлі молда алдында дәл екі жыл
Әр түрлі ескі кітап, бір шоқыдым.
Тортайдан екі жылдай сабақ алдым,
Ол байғұс аяған жоқ ойда барын.
Ғылымның орны бас пен көкіректе,
Бүйір шығып, қампия тоймас қарын.
Ұйықтасам да, көңілім оқуға алаң,
Лепес қып өзі бастан ақын бол деп,
Дуғасын ықласпен берді маған, —*

дейді.

Ол 1908 жылы Баянауылдағы Әбдірахман деген молданың медесесіне түсіп, онда екі-үш жылдай оқып, тәлім-тәрбие алады. Міне осы кезде ол «Дін», «Соқыр сопы», «Орнымыз — медресе оқып жатқан» деген сияқты өлеңдерін шығарады.

Оның үстіне ол, 1911 жылдың қысында Нұрғали деген мұғалімнен дәріс алып, өмірге деген көзқарасы жан-жақты қалыптаса бастайды. Оның көмегімен қазақ, татар тілдерінде шыққын кітаптармен

танысады. Газет, журналдар оқу мүмкіндігіне ие болады. Соңра ол, 1912 жылы Троицк қаласына барып, ондағы Ахун Рахманқұли деген татар молдасының медресесінен дәріс алады. Бірақ онда ұзақ оқи алмайды. Қаражаттан әбден тарығып, тұрар үй таппаған ол, көптеген қиыншылықтарға тап болады да, ауруға шалдығып қалады. Онда қыс бойы ғана оқиды да, жаз шыққан соң Троицк маңындағы бір ауылға барып мұғалімдік қызмет атқарады. Қолы қалт етсе болды өлең жазумен шұғылданады. Сонда қазақ жастарына арнап «Оқып жүрген жастарға» деген алғашқы өлеңін жазады. Іле ақын «Шәкірттерге», «Окуда мақсат не?», «Шығамын тірі болсам, адам болып», «Анау - мынау», «Бір балуанға қарап» секілді т.б. өлеңдерін жазып, өзінің ақындық арынын жан-жақты таныта түседі.

Сұлтанмахмұт 1913 жылы Троицкіге қайтып келеді де, сонда шығып тұрған «Айқап» журналының редакциясына қызметке орналасады. Онда өзінің «Ауырмай есімнен жаңылғаным» атты әңгімесімен «Өлең және айтушылар», «Қазақ тіліндегі өлең кітаптары жайынан» атты мақаласын жарялайды. Әрі, өзінің «Қамар сұлу» романын жазуға кіріседі.

Ол 1914 жылы Баянауылға барып, онда біраз уақыт бала оқыту ісімен айналысады. Ел жастарын оқуға, мәдениетке үндей түседі. Сол үшін «Шоң серіктігі» деген ұйым құрып, оған қаражат жинау мәселесін қолға алады. Өзімен аталас туысы Шорман ауылына барады. Дегенмен Шорман балалары оған көмек қолын созбайды. Міне осы жылдары ақын «Тұрмысқа», «Айт», «Бір адамға» деген т.б. өлеңдерін жазып, шенді шекпен жамылғандарды, үстем тап иелерін сын астына алады.

Оның үстіне Сұлтанмахмұт 1914 жылдың күзінде оқу іздеп Семейге барады. Орысша оқымақ болады. Төменгі дәрежелі оқуға түскісі келмегенімен жоғарғы дәрежелі оқуға түсейін десе білімі жетпей, біраз уақыт торығуға түседі. Осы кезде ол «Ләнет бұлтты шатырлап», «Алты аяқ» деген т.б. өлеңдерін жазады. Ақыры болмаған соң қазіргі Шығыс Қазақстан облысына қарасты Қотанқарағай ауданына жалданып бала оқытуға барады. Онда 1916 жылдың күзіне дейін болады. Онан соң Алтай өңірінен қайтқан ол, сол жылы Томскі қаласына барып оқуға түседі де, оны 1917 жылдың қысында аяқтайды. Дегенмен жоқшылық, жетімшілік салдарынан көп қиыншылықтар көреді. Тіптен өмірден торыққан, әбден қажыған кездерінде де, өз-өзіне тоқтау айтып, кейде көңіл-күйін көтеріп, оптимистік сарында өлеңдер жаза басайды. Оны біз ақынның «Шәкірт ойы» атты өлеңінен анық аңғарамыз.

Сұлтанмахмұт 1918 жылы өзінің туған елі — Баянауылға қайта келеді. Біраз тынығып, дендеген науқасын емдете бастайды. Әрі түрлі саяси-әлеуметтік, философиялық мәні бар кітаптар оқиды. Бір жөн

өлендермен «Кедей», «Адасқан өмір» секілді поэмаларын жазады. Онда «Айтыс» поэмасын жазады, бірақ оны ауыр сырқаттың салдарынан аяқтай алмайды. Ол өзінің «Неге жасаймын?» деген өлеңін жазса, 1919 жылы «Осы да әділдік пе?» деген өлеңінде қоғамдағы әділетсіздікті, тап қайшылығын, зорлық-зомбылықты аша түседі. Бұл ой ақынның «Кедей» атты поэмасында өзінің жан-жақты шешімін таба түскен. Кедейлердің аянышты халі, ауыр тұрмыс-тіршілігі, қалаға жұмысшы болып келгенде де сәудегерлерге алдануы, дін иелерінің келеңсіз тірлік-тыныстары сөз болады.

Ақын шығармаары ішінде ең шоқтығы биік туындысы «Қамар сұлу» романы. Онда қазақ әйелінің теңсіздігін сипаттай отырып, сол дәуірдегі әлеуметтік-қоғамдық шындықтың бетін әдемі ашады. Қамар аса сұлу, ақыл-парасаты мол, сөзге дес бермейтін — шешен, әрі ақын қыз. Ол көптеген ауыл жігіттерінің қолы жетпей жүрген асыл жан. Ол өзіне сүйікті жар ретінде Ахметті тандай біледі. Бірақ онда қалың мал берерлік жағдай жоқ. Ол барынша қырма кедей. Қыз болса ауқатты ортадан шыққан. Сондықтан оны дүниепарас әке - шешелерімен ағалары Ахметке бермек емес. Ол Ахметтен хат алған сәтте-ақ, күні ертең екеуін айырып жіберетінін жақсы біледі. Одан да о дүниелік болуды ойлайды. Өйткені, бай Жорға Нұрым әйелінің тірі кезінде-ақ Қамарды тоқалдыққа алмақ болады. Енді ол әйелі өлгеннен соң тікелей ауыз сала бастайды. Бірақ Қамар оны жек көреді. Ол барынша жиркенішті, қорқау жан. Оның кәрілігін, ұсқынсыздығын бетіне басса да, ол Қамарды алу жолында ешнәрседен қайтпақ емес.

Дегенмен, Қамар қаншалық қарсылық көрсетсе де, ескі әдет-ғұрыптың заңына орай, бай туыстарының зорлауымен Жорға Нұрымға ұзатылады. Қалтаң қажы, Оспан би секілділер Қамбарға зорлық-зомбылық жасайды. Солардың зорлығымен Қамарды Жорға Нұрым бір түнде алып кетеді. Соңра, Қамбар неке кимақ болған молдамен де айтысып, оны да сөзден ұтады.

Сөйтіп ақын, қазақтың феодалдық салтының құрбаны болған Қамбар бейнесін шебер сипаттау арқылы, сол кездегі әйел-қыздардың өз тендеріне қосыла алмайтын бас бостандығы мәселесін көтереді. Соңра ақын қаламынан «Кім жазықты?» роман да өмірге келді. Өлеңмен жазылған бұл романның да қазақ әдебиеті тарихынан алатын орны ерекше. Ондағы негізгі кейіпкерлер — қазақ халқының билеуші топтарының өкілі болған Тасболат бидің ұрпақтары, орта шаруаның өкілі Байбол, ауылдың жас ұрпақтары — Әнуар, Құлтай бейнелері арқылы сол дәуірдің, қоғамдық өмірдің бет бейнесін әдемі ашады. Онан соң ақын өзінің «Адасқан өмір» атты поэмасын жазу мүмкіндігіне ие болады. Бұл поэма негізінен бес бөлімнен тұрады. Онда адам баласының сәбилік шағымен, жігіттік шағын, ұлайған кезімен кәрілік

тұсын, өлген мезгілдерін негізе алып, үлкен бір философиялық түйіндеулер жасайды. Ақын өзінің аталмыш поэмасының соңғы бөлімдерінде «Мен тоқтадым», «Мен кәрі», «Мен өлік» дей отырып, адам өміріндегі әрбір кезеңнің өзіндік ерекшеліктерін тап басып, оның мәні мен мағанасын тым әдемі шешеді. Өз түйіндеулерін, пайым-парасатын ашып береді.

Қорыта айтқанда, не бәрі 27 жас қана ғұмыр кешкен Сұлтан-махмұт Торайғыров, XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтере білген нағыз реалист ақын. Ол аса аз ғұмыр кешсе де, өз соңына аса мол, әрі тамаша поэтикалық көркем шығарма қалдырған ұлы тұлға деуге тұрарлық шынайы талант иесі.

СӘБИТ ДӨНЕНТАЕВ

(1894—1933)

Абайдың реалистік дәстүрін берік ұстанып, оны өзінше дамыта түскен ас талантты адамдардың Сәбит Дөнентаев, нағыз ағартушылық-демократиялық бағыттағы қазақ әдебиетінің ірі өкілдерінің бірі. Ол 1894 жылы Семей губерниясына қарасты Кереку уезі, Ақсу болысының төртінші аулында дүниеге келген. Жастық шағында ауыл молдасынан хат танып, сауат аша түскен Сәбит, 1907—1908 жылдары Маралды елі мекенінде Нұрғали деген молдадан төте оқу әдісімен сабақ алады. Соңра, 1911—1912 жылдары Павлодар қаласындағы Қасымжан дегеннің медесесінде оқып, өз білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Абай шығармаларынан рухани нәр алып, татар әдебиетімен де кеңірек танысады. Оның үстіне «Айқап» журналын үзбей оқып, өз сауатын одан әрі жетілдіре түседі. Содан ақындық әлемге ене бастаған Сәбит Дөнентаев, өзінің ең алғашқы «Қиялым» деген өлеңін 1913 жылы «Айқап» журналында жарялау мүмкіндігіне ие болады. Нәтижеде, оның өлеңдері мен публицистикалық мақалалары «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жиі-жиі жариялана бастайды. Бұл ақынды ерекше шабыттандыра түседі. Ақынның ең алғашқы «Уақ-түйек» атты өлеңдер жинағы 1915 жылы Уфа қаласында басылып шығады. Бұл оны ерекше қанаттандырып, шабыттандырып, бойына қуат береді. Ол өзінің «Биік тау», «Менің жайым», «Заман кімдікі», «Қазақтарға қарап», «Бірлік», «Ақыл», «Талап», «Тіл мен көңіл», «Ой» сияқты т.б. өлеңдерінде қазақ елінің артта қалуын, ел бірлігін, талапты болуын аңсай отырып, әлеуметтік мәні бар мәселелерді қозғайды.

Ол «Уақ-түйек» атты өлеңдер жинағына өзінің бір жөн мысал өлеңдерін де ендірген болатын. Оның үстіне ол, И.А. Крылов, А. Тоқай мысал өлеңдерінен тәлім ала отырып, оқырман жұртшылыққа гибрат боларлық «Ұры мен баласы», «Ауырған арыстан», «Екі теке»,

«Көзі тоймайтын ит» секілді мысалдарын жазып, оқрман жұртшылықтың сезім пернесіне нұр себе түседі.

Рас, Сәбит Дөнентаев әйелдер тағдыры, бас бостандығына да арнап бірнеше өлеңдер жазды. Бұл ретте оның поэмаға жүк болатындай шығармасы болған «Жәмила қыз» атты туындысын бөліп айту керек. Онда жас Жамила қыздың аянышты тағдыры, қатігез әке — Төкіштің малпарастығы, дүниеқоңыздығы жан-жақты сыр шертумен бірге, қызды алмақ болған Берденнің ынсапсыздығы өзінің шынайы шешімін тапқан. Қатыны өлген Бекіш Жәмила қызға ауыз салады. Әкесі оны кәрі деп менсінбейді емес, малы жоқ — кедей деп, бай Төкіш қызын оған бергісі келмейді.

Сәбит Дөнентаевта, 1916 жылдың маусым жарлығына ілінбеу үшін Екібастұз кеніне барып жұмыс істейді. Онда қазақ аулының жай күйін, қоғамдағы әділетсіздікті көрсету үшін өзінің «Екібастұз» атты өлеңін жазады. Дегенмен, елдегі әкімдердің қудалауына байланысты ол, бәрібір майданның қара жұмысына алынады да, 1917 жылғы патша жарлығына орай еліне қайтып келеді. Ол 1917 жылдағы буржуазиялық-демократиялық революция мен патшаның тақтан құлауын ақын қуана қарсы алады. Оны біз ақынның «Бостандық» атты өлеңінен анық аңғарамыз. Ол 1919—1920 жылдары Семей, Павлодар облыстарында кеңсе жұмыстарында қызмет атқарады. Ал 1924 жылы Семейге келіп, ондағы «Қазақ тілі» атты газеттің редакциясына орналасады.

Сәбит Дөнентаев — шын мәніндегі нағыз сатирик ақын. Қоғамдық өмірде кездесетін қыңыр-қисық істердің бәрін өзінің уытты да улы тілімен түйреп, әр түрлі топ өкілдерінің типтік бейнесін жасай білген талант иесі. Бұл орайда оның «Ой, жалған-ай», «Дәуітбек», «Жәкең молда», «Құсайынның арманы», «Ақ жорға шығыпты», «Мұқан мен Серікте», «Нағиманың өкпесі», «Қаржаубайдың ашуы», «Сүлейменнің нануы» сияқты т.б. сатиралық шығармаларын атай аламыз.

Ол 1930—1931 жылдар аралығында Павлодар өңіріне барып, Бесқарағай ауданына қарасты мектепте мұғалімдік қызмет атқарса, 1932 жылы қайта Семейге келіп, онда шығып тұрған «Социалистік Шығыс» атты газетте бөлім меңреушісі болып қызмет атқарады. Дегенмен ол, Абай үлгісімен «Жүрекке», «Атылғандарға», «Ерікті Айша» атты т.б. поэтикалық шығармаларын жазса, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынов, Спандияр Көбеев мысалдары негізінде «Бозторғай», «Сұңқар мен қарғалар», «Шошқа мен саудагер» секілді мысал өлеңдерін жазып, ақындық арынын жан-жақты таныта түседі.

Міне осындай, әбден кемеліне келіп, жемісті еңбек етіп жүрген шағында, 1933 жылдың 23 мамырында Семей қаласында 39 жасында дүниеден салады. Өзі дүниеден өтсе де, өз соңына бір өмір өлмейтін

мұра қалдырған Сәбит Дөнентаев, бүгінгі оқырмандармен де бірге жасап, біте қайнаса түспек.

Қорыта айтқанда, өзінің аса қысқа да нұсқа өлеңнің шын шебері бола білген Сәбит Дөнентаев, XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті дамуында өзіндік үлесі бар тарлант талантарымыздың бірі екендігінде дау жоқ.

МАҒЖАН ЖҰМБАЕВ

(1893—1938)

1988 жылдың 28 желтоқсанына дейін, 60 жылға жуық «Халық жауы» деп ат қойылып, айдар тағылып келген жыр дүлдүлдерінің бірі — Мағжан Жұмабаев болатын. Ол 1893 жылдың 25 маусымында қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданына қарасты, бүгінгі таңда өз атымен аталатын елді мекенде дәулетті, беделді жан-ұяда дүниеге келеді.

Мағжан 1903 жылға дейін ауыл мұғалімі болған Ахметден Аханов деген башқұрт жігітінен дәріс алып сауат ашса, 1905 жылы Қызылжар қаласындағы медреседе, онан соң Уфа қаласындағы Ғалия медресесінде оқып, тәлім-тәрбие алып жетіле бастайды.

Ал 1913—1917 жылдар аралығында Омбы қаласындағы мұғалімдер дайындайтын семинарияда оқыса, 1924—1926 жылдары Мәскеудегі Әдебиет институтында дәріс тындап, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Реті келгенде бір ескерте кетерлік жәйт, ел болысы болған әкесі - Бекен, баласы Мағжанның жан-жақты білім алуына оншалық мән бермейді. Қайта оның білім алып жетіле түсуіне қарсы шығып, оны ауыл молдасы етуге бар күшін салады. Тіптен әкесі оның оқуына қарсы шығып, көп тосқауыл да жасайды. Оны ақын өзінің 1920 жылы жазған «Жан сөзі» атты өлеңінде ашық айтады.

Дегенмен оның Ғалия медресесінде оқып, онда ол Сәлімгерей Жантурин мен, сондай-ақ татардың классик жазушысы, «Қазақ қызы» атты романның авторы Ғалымжан Ибрагимов, Ахмет Байтұрсынов, Мыржақып Дулатов сияқты асыл азаматтардан сабақ алып, дәріс тындауы оны ерекше қанаттандырып жібереді. Оның үстіне, Сәкен Сейфуллин, Мұхаметжан Сералин, Жүсіпбек Аймауытов, Біләл Сүлейов секілді т.б. қазақ халқының біртума өрен ой иелерімен танысып, қоян-қолтық араласуы, оның өмірге деген көзқарасын кең өріс өріс алдыруда ерекше мәнге ие болды. Нәтижеде, қоғамдық - саяси көзқарасы жан-жақты қалыптасып, патриархалдық-феодалдық қоғамның кері кету сырларының мәнін жете түсіне бастайды.

Әрі, қоғамдағы экономикалық өзгерістердің сырын терең аңғарып, орыстың іргелі мәдениетіне ден қоя түсуді басты ниет етеді. Тіптен, патшалық Россия царизмінің жергілікті халықтардың шұрайлы

жерлерін отарлау саясатын жүргізудегі озбырлығына да көңіл аударма бастайды. Сөйтіп, бұхара-бұртана халықтардың азып-тозу себептерін де жете түсінеді. Сондықтан да ол өзінің «Қазақтың кешегі күй» деген өлеңінде терең байлам жасайды. Зорлық-зомбылық көріп, зәбір-жапа шеккен кедейлер халіне ашынады. Оны біз ақынның «Шын сорлы» атты өлеңінен анық аңғарамыз.

Мағжан Жұмабаев өлеңдерінде әйел тағдыры, олардың бас бостандығы, әйел теңдігі ерекше сыр шерткен. Олардың аянышты жағдайы, қорлығы жан-жақты өзінің шынайы шешімін тапқан. Бұл ретте оның «Жас келін», «Жас қыз», «Тілегім» секілді өлеңдерін тілге аламыз. Мәселен ол:

*Қазақта сорлы ұрғашы,
Ерден теңдік көрмей ме?
Тиылып, құрғап көз жасы,
Бірге дәурен сүрмей ме?*

деп, қыз-келіншектердің басындағы ауыр трагедиялық жағдайды жан-жақты аша түседі.

Ақын өлеңдерінде табиғаттың тамаша тылысым сырлары, әсем көріністері де өзіндік ерекшеліктерімен аса биік серпінді әуенмен сыр шерткен. Оны біз ақынның «Жазғытұрым» атты өлеңінен анық аңғару мүмкіндігіне ие боламыз.

Иә, Мағжан Жұмабаев әдебиет майданына 1911 жылы, 14 жасында кіріп келгенімен, оның тырнақ алды тұнық ойы болған «Шолпан» атты өлеңдер жинағы 1912 жылы Қазан қаласында жарық көреді. Міне бұл жинақ ақын арыны мен биік тұлғасын жұртшылыққа айқын аңғарта бастайды.

Содан қазақ жастары Мағжан Жұмабаев айналасына жиналып, оның абройы асқақтап, үні күннен-күнге кең өріс ала түседі. Оның үстіне ол, сол жылдары Омбы класында жарық көрген «Бірлік» атты қолжазба журналды өзі ұйымдастырып, оның редакторы да болады. Әрі, өлеңдері «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде жиі-жиі жарияланып, жыр сүйер оқырмандар тарапынан айрықша құрметке бөлене түседі.

Жасыратыны жоқ Мағжан Жұмабаев та 1917 жылғы Қазан төңкерісін үлкен қуанышпен сүйсіне қарсы алады. Міне осы тұста «Алаш» партиясы құрылып, оның құрылтайы да шақырылады. Оған жер-жерлерден делегаттар сайланады. Міне осы жылы Мағжан Ақмола облыстық халық ағарту бөлімі мүшелігіне кіреді де, «Алаш» партиясының Құрылтай жиналысында депутаттыққа кандидат болып тіркеледі. Әрі, қазақ мектептері үшін оқу құралын жасау комиссиясының мүшесі болып та тағайындалады.

Соңра, Өкімет билігі большевиктер қолына тигеннен соң «Алаш» партиясын таратып жібереді. Сөйтіп, 1919 жылдың 4 көкегінде Бүкіл

Одақтық Атқару Комитеті «Алаш» басшыларына кешірім жасайды. Міне осы кезде Мағжан Жұмабаев Ақмола губерниясында шығатын «Бостандық туы» атты газеттің редакторы болып қызмет атқарады.

Ол 1922 жылы Орынбор қаласында өзінің «Педагогика» атты оқулығын бастырып шығарады. Бұл еңбек қазақ халқы тарихындағы ең алғашқы педагогика саласында жазылған оқулық ретінде ерекше мәнге ие. Онан соң ақынның 1922 жылы Қазан қаласында екінші рет «Өлеңдер» жинағы басылып шығады. Міне осы жылы белгілі қоғам қайраткері, әрі сыншы-ғалым Нәзір Төреқұловтың шақыруымен Мағжан Ташкентке келеді. Келген соң Ташкенттегі Түркістан Компартиясы Орталық комитетінің органы болған «Ақ жол» газетінің жұмысына белсене қатысады. Нәтижеде, 1923 жылы Сұлтанбек Қожановтың тікелей көмегімен, әрі «Алғы сөзі» мен үшінші «Өлеңдер» жинағын Ташкентте бастырып шығады. Сөйтіп Мағжан Жұмабаев 1922—1924 жылдары Ташкентте болып, туысқан өзбек халқының өмірімен әдет-ғұрыптарымен, әрі бір жөн өзбек ақын - жазушыларымен танысып, достық қарым-қатынаста, шығармшылық байланыста болады. Бұл орайда Абдірауф Фитрат, Бекбуди, Шолпан, Хамит Әлімжан сияқты т.б. өзбек қаламгерлерімен болған достық байланыстарын тілге аламыз. Оның үстіне, Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Ақ жол», «Жас қайрат» секілді газеттер де өзінің өлеңдерін де жиы - жиы жарылап, ақындық арынын жан-жақты таныта бастайды.

Ол 1920—1927 жылдар аралығында айрықша өнімді қалам тебіренгіп, өз оқырмандарын жетегіне үйіре түседі. Әрі, аударма жұмысымен де кеңірек шұғылданып, педагогикалық қызметке де қызу араласады. Нәтижеде ол, 1923—1926 жылдар аралығында «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту», «Педагогика», «Бала тәрбиелеу жолдары», «Сауатты бол» сияқты т.б. тәлімдік-тәрбиелік мәнге ие еңбектерін жарылау мүмкіндігіне ие болады.

Иә, әбден ақын ретінде танылып, оқырмандар тарапынан айрықша құрметке бөлене түскен Мағжан Жұмабаев, Ташкентте «Батыр - Баян» атты поэмасымен бірге, «Түркістан», «Сыр» секілді жыр циклдерін жазса, 1923 жылы өзінің «Бастауыш мектепте ана тілі» атты оқулығын бастырып шығарады. Тіптен ол, Ташкентте жүрген жылдарында Ақсан сері, Базар жырау және Әбубәкір Дибәев жайлы да талай-талай мақалалар жазып, «Шолпан», «Сана» журналдары мен «Ақ жол», «Жас қайрат» газеттерінде жарылайды.

Оның үстіне, Ташкенттегі қазақ-қырғыз оқу бөлімі комиссиясының мүшесі ретінде де қыруар қызметтер атқарады. Міне осындай жан-жақты дарын иесі, ірі тұлға, тамаша ақын, кең тынысты кемел аудармашы, қоғам қайраткері Мағжан Жұмабаев, кезінде «күн көсем» атанған Сталиннің зобалаң саясаты нәтижесінде «Халық жауы» ата-

нып, небәрі 45 жасында, 1938 жылы арамыздан ерте кетті. Бірақ оның әдебиет майданында еткен еңбектері, ақындық арыны, қоғамдық қайраткерлігі күн өткен сайын жарқырап, халқымыз арасында кемел тұлғасымен ылғида биіктей бермек. Оның өзі өлсе де, нәрлі поэзиясы мен тамаша аудармалары, тәлімдік-тәрбиелік еңбектері, XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихында үлкен орын алады.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН (1894—1938)

XX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына аса зор үлес қосқан және оның негізін қалаушылардың бірі болған ірі тұлға — Сәкен Сейфуллин. Ол 1894 жылы бұрынғы Ақмолла уәлияті, Ақмола уезіне қарайтын Нілді болысының бірінші ауылында дүниеге келген. Бұл қазіргі тандағы Қарағанды обласына қарасты Жаңа арқа ауданы.

Сәкен Сейфуллиннің жастық-балалық шақтары жұпар иісі аңқыған Сарыарқаның мидай жазық даласында, тып-тынық Нұра, Есіл өзендерінің жағалауында, анадайдан көз тартып, көңілді көтере түсетін Аба, Ор тауларының етектерінде өтеді.

Жастайынан-ақ аса дарынды, тым зерек, алғыр ойлы болып өмірге келген Сәкенді әкесі Сейфолла, ардақты анасы Жамал, оның есімін Садуақас деп қойса да, оны еркелете Сәкен деп атап кеткен екен. Көне көз қарттардың айтуына қарағанда ол мөп-мөлдір қара көзді, ат жақты, қыр мұрынды, қап-қара толқындана түскен бұйра шашты, аса сымбатты жан болған екен.

Оның үстіне, сөзге дес бермейтін шешен, тамаша домбырашы, саятшы-аңшы әкесінің қайраттылығы мен бір бет өжеттілігі, Сәкенге ерекше ықпал еткен көрінеді. Балалық шағынан-ақ анасы Жамалдан аңыз-әңгімелер, ертегілер тындап жетіле түскен Сәкен, алғаш ауыл молдасынан арапша хат таниды. Бірақ, жастайынан-ақ аса зерек, тым зейінді болып өмірге келген Сәкен, ауыл молдасынан алған сабақтарынан қанағаттанбайды. Соңра әкесі оны орысша үйренсін деген ниетпен, 1905 жылы Нілді (Успенский) мыс зауытындағы орыс-қазақ мектебіне оқуға жібереді. Онда Сәкен небәрі үш ақ жыл оқиды.

Сонда, небәрі 9 жаста болған Сәкен ол жерге барғаннан соң бір орстың үйінде тұрып, оның сиырын бағады. Отын жағып, суын тасып, қыруар қызметтерін атқара жүріп, орысша үйренеді. Екі жыл бойы Нілді зауытының орыс мектебінде оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Онан соң Сәкен 1908—1913 жылдар аралығында Ақмоладағы «Приходская школа» деген мектепте оқып, өмірге деген көз қарасы қалыптаса бастайды. Соңра, 1913—1916 жылдары Омбы қаласын-

да болып, сондағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі. Жаңа өмір, жаңа қоғамға үлкен сеніммен қарай бастайды. Дегенмен, 1918 жылдың маусым айында контрреволюцияшылар Ақмола қаласында Кеңес үкіметін құлатады. Міне сонда Сәкен бірнеше жігіттермен тұтқынға алынады. Қол-аяғына кісен салып, Ақмола түрмесінде бірақ уақыт ұстап, онан соң Сарыарқаның жұландаған сары аязында Петропавл қаласына дейін жаяу айдайды. Сөйтіп Сәкен Колган түрмелерімен атаман Анелковтың азапты вагондарында қатты қиналады. Міне, оған да мойымаған ақын:

*Қажыма ер көңілім, бәрі де өтер,
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.
Қара түн басып тұрса алды-артыңда,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер!*

деп өзін-өзі жұбата түседі.

Қанша қиындықтар көрсе де, Кеңес үкіметіне адал қызмет етуді басты ниет етеді. Одан әрі кең өріс алдыра бастайды. Сөйтіп Сәкен Сейфуллин Омбы семинариясын бітіргеннен кейін Ақмола уезінде оқытушы болып қызмет атқарады. Міне осы кезде, яғни 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісі бұрық ете түседі. Оны өз көзімен көрген Сәкен, солардың арасында жүріп өз шығармаларымен күллі жұртшылықты күреске шарлай бастайды.

Рас, өз шығармашылығын Нілді зауытында жүрген шағында - ақ, бірен-саран бір қақпай қалжын, әзіл-оспақ өлеңдермен бастаған Сәкен Сейфуллин, өзінше іздене түсіп ауыз әдебиеті үлгілерінен ерекше рухани нәр алады. Тіптен, Абай өлеңдеріне айрықша ден қойып, одан көп нәрсе ұғынады. Ақындықтың терең сырларына үңіле түседі. Әрі, орыс және Европа классиктерінің шығармаларына көңіл көзін жан-жақты қадай бастайды. «Айқап» журналында өзінің бір жөн өлеңдерімен сын мақалаларын бастырады. Міне бұл ақын шабытына шабыт қосып, оны қанаттандыра түседі.

Сөйтіп, 20 жастағы Сәкен Сейфуллин 1914 жылы өзінің тырнақ алды туындысы болған «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағын Қазан қаласында бастырады. Оның үстіне ол, өзінің еңбек жолын Бұғылы деген елді мекенде мұғалім болудан бастайды. Сәкенге де күллі жұртшылықты дүрліктірген 1916 жылғы ұлт азаттық көтерілісі мен 1917 жылғы Қазан төңкерісі ерекше әсер етеді.

Бірнеше өлеңдер жазып халық арасына таныла бастаған Сәкен Сейфуллин, патша тағынан құлаған соң Ақмола қаласына келеді. Өмірдің кескілескен күрес-тартыстары нәтижесінде, қоғамда болып жатқан әділетсіздіктер мен төңкөрістерді өз көзімен көрген Сәкен Сейфуллин тез жетілед. Әр түрлі қызметтер атқара жүріп, өз шығармаларында әйел тендігі, халықтың бас бостандығы, дін иелерінің ұсқын-

сыздық іс-әрекеттерін өлең жолдарына қоса отырып, қарапайым еңбек адамдарының мұңын мұндап, жырын жырлайды. Тіптен ол өзінің 1915—1916 жалдары жазып, кейіншелік өзінің «Асау тұлпар» атты жинағына енгізген кейбір өлеңдерінде өзі өскен ортаға, қоғамға деген наразылғын, отаршылдық пен феодалдық қоғамның мешеулігінен көп қыспақ көрген қазақ халқының аянышты халіне жаны аши үн қатады. Ондағы «Түс», «Қазақ сабағы», «Оқымаған қазақ», «Інішегіме» сияқты т.б. өлеңдерінде жетім-жесірді, жарлы-жақыбайларды аяндар дей отырып, өнер-білімге, оқуға, сауат ашуға шақырады.

Әрі ол, 1917 жылы өзінің «Бақыт жолында» атты драмалық шығармасын жазады да, оны 1918 жылы Ақмола сахнасына қойдыру мүмкіндігіне ие болады.

Міне осы кезеңде Кеңес өкіметіне шын беріліп, адал қызмет етіп жүрген, күрескер ақын Сәкен Сейфуллинды, бір топ азаматтармен бірге Кочак түрмесіне қамайды. Онда аяқ қолына кісін салынып, әбден ашықтырып, ұрып-соғады. Қол-аяғын кісеген бойда алғаш жет ай бойы Ақмола түрмесінде ұстап, Сарыарқаның сақырлаған аясында Петропавел қаласына дейін жаяу айдайды. Сөйтіп, Колчак түрмелерімен атаман Анненковтың азапты вагонында 9 ай бойында көп азап шегеді. Осы бір қиын-қыстай сәттерінде өзіне-өзі жұбаныш айтып:

*Қажыма, ер көңілім, бәрі де өтер,
Сан азап бір күнгідей болмай кетер.
Қара түн басы тұрса алды-артыңды,
Жарқырап ататын таң әлі-ақ жетер.—*

деп, өзіне-өзі жігер бере түседі.

Тіптен ақын, ауыр күйзеліске түсіп, қамығып, қайғырған сәттерін тілге ала келіп, бостандықты ту ғып биік ұстай біледі. Мәселен олң

*Ғашығым менің — бостандық,
Келші алдыма, жарқылдап.
Отырмын күзет қамауда
Дұшпаннан тәнім жеңілді,
Жеңе алмас бірақ еш пенде
Асау еркін көңілді. —*

деп, терең түйіндеу жасайды.

Тек, 1919 жылдың наурызында ғана кейбір достарының көмегімен Дүйсенбі Әси ұлы деген жалған есіммен Омбы түрмесінен әрең қашып шығады. Нәтижеде 444 шақырым жол жүріп, әбден қиналып, азып - тозып Түркістанға жетеді де, онан соң Әулиеатаға, бүгінгі таңдағы Тараз қаласына барады.

Сәкен Сейфуллин 1920 жылы Қазақ Автономиялы республикасы болып құрылғанда, Ақмола қаласына қайтып келеді де, Қазақстан Орталық Атқару Комитеті төрағасының орынбасары, президиум мүшесі болады. Әрі, Жер-су комиссиясының төрағасы болып та қызмет атқарады. Оның үстіне, 1922 жылдың қазан айында болып өткен Кеңестердің 3-съезінде Қазақстан Комиссарлар Кеңесінің де төрағасы болып сайланады. Тіптен ол, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің мүшесі ретінде, КСРО көлемінде шешілетін аса күрделі саяси, әлеуметтік, шаруашылық мәселелерін талқылайтын жиындарға да, 1922—1925 жылдар аралығында жиі-жиі қатысып отырған. Ол «Еңбекші қазақ», қазіргі «Егемен Қазақстан», «Әдебиет майданы», бүгінгі таңда шығып тұрған «Жұлдыз» секілді гезет - журналдың редакторы болып та қызмет істейді. Осы тұста Сәкен Сейфуллин, яғни 1922 жылы «Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағымен «Бакыт жолы», «Қызыл сұңқарлар» секілді драмалық шығармаларын жарылайды. Сондай-ақ, 1927 жылы «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романы мен «Еңбек шарт — жалшылар қорғаны» деген өлең - очеркі мен 1928 жылы «Жер қазғандар» повесін, «Тұрмыс толқынында» өлеңдер мен поэмалар жинағын, 1929 жылы «Көкшетау» поэмасын жарыялау мүмкіндігіне ие болады.

Оның үстіне, 1925—1937 жылдар аралығында Жазушылар одағында, т.б. орындарда қызметтер атқара жүріп, 1932 жылы әдебиетіміз тарихы жайлы «Қазақ әдебиеті», 1933 жылы «Альбатрос», 1934 жылы «Қызыл ат», 1935 жылы «Социалистан» атты поэмаларымен өлеңдер жинағын бастырса, «Айша», «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» секілді повесть, әңгіме, очерктер-ін жазып, өзінің ақындық арыны мен көркем прозадағы талантын да жан-жақты таныта түседі.

Не шара, Кеңес өкіметі тұсындағы коммунистік партияның қытымыр саясатының салдарынан кемел ақын, тамаша прозаик, мықты драматург, ірі қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллин, 1938 жылы 44 жасында «халық жауы» ретінде атылып, пұл пәниден көз жұмып, жарық дүниемен қоштасады. Бірақ аса талантты ақынның поэтикалық шығармаларымен прозалары, драмалық туындылары, сын мақалалары қазақ әдебиеті тарихында айрықша орын иелейді.

Рас, Сәкен Сейфуллин әдебиет майданына 1914 жылы өзінің «Өткен күндер» атты өлеңдер жинағымен кіріп, келеді де проза драматургия, сын жанрларында өнімді қалам тебіреніп, қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосады.

Не бәрі 20 жастағы балаң ақынның алғашқы жыр жинағында, патша отаршылдығы мен қазақ халқының қараңғылығы, жоқшылық пен орынсыз үстемдік, озбырлық мәселелері сыр шертумен бірге, жастарды оқуға, білімге шақыру идеялары ақынның «Қазақ сабағы», «Жетімге», «Надан бай», «Мұра», «Інішегіме», «Түс»,

«Кім басшы аға халыққа» деген өлеңдерінде жан-жақты сыр шертеді.

Сондай-ақ ақынның 1922 жылы Орынбор қаласында жарық көрген «Асау тұлпар», «Домбыра» (1924), «Экспресс» (1926) атты өлеңдер жинағында, қазақ поэзиясында алғаш рет жаңа бағыт, тамаша шешімдер әкелді. Табиғатты әсем көріністерін тамылжыта жыр жолдарына қосып, өз оқырмандарын айрықша сепінете түсті. Оны біз ақынның «Айт күні», «Жайлауға көшу», «Жайлауда қымыз ішу», «Далада» секілді өлеңдерінен анық аңғарамыз.

Кеңес үкіметінің болашағы үлкен сеніммен назар аударған Сәкен Сейфуллин өзінің «Кел жігіттер», «Жолдастар», «Жас қазақ марсельесасы», «Кімде кімнің таскын судай қайраты», «Біз секілді өлеңдерінде, халықты ынтымақ-бірлікке шақырып, күрескерлік рухын айрықша таныта түседі. Мәселен ақын:

*Азамат, сестеніп көзіңді аса, жүрме бос,
Ұран сал, алға бас, бірігіп тізе қос.
Қызыл ту — шылауың, қорғаның,
Тізе қос, тізе қос, тізе қос!*

*Ту ұстап дұшпанға барайық,
Теңдіктің ұранын салайық!..*

*деп, атой сала бастайды.
Адал өзінің «Сыр сандық» атты өлеңінде:*

*Сыр сандықты ашып қара,
Ашып қара, сырласым!
Сым пернесін басып қара,
Басып қара жырласын!*

дейді.

Ақынның «Асау тұлпар» өлеңдер жинағын негізінен үш жүйеге бөліп назар аударуға болады. Оның біріншісі — Қазан төңкерісіне дейін жазған махаббат, сүйіспеншілік, бір сөзбен айтқанда ғашытық жырлары, табиғат лирикалары, сондай-ақ, әр түрлі аудармаларымен пародиялары деуге болады. Міне ол ақынның «Сәулем», «Көңіл», «Жазғы түнде», «Далада», «Өткен күн» сияқты т.б. өлеңдерінде көрініс тапқан.

Сәкеннің 1917 жылдың 9 наурызында жазған «Асығып тез аттандық» атты өлеңін ерекше атап өту қажат. Өйткені ол ақын шығармашылығындағы үлкен бетбұрыс болды. Онда ақын әлеуметтік мәселелерді қара түнге, зеңгір тауға, қызыл шокқа, қызыл шапаққа баламалай отырып, романтикалық әуенде, тым асқақ пафрспен тама-

ша жырлайды. Ал ол өзінің сол жылы жазған «Кел, жігіттер» өлеңінде де символды суреттеу, романтикалық толғау сарынында емес, жастарды тікелей күреске шақырады.

Сондай-ақ, ақынның 1919 жылы жазған «Жас қазақ марсельезасы», «Бабаларыма», «Біздің жақта», «Шөлде», «Тау үшінде», «Қашқынның ауылы» сияқты т.б. өлеңдерінде түңілу сарындары жоқ, қайта кең даланы, батыр жігітпен сұлу қызды, туған жерді, бастандық пен еркіндікті аса жоғары пафоспен жырлап, ерекше дәріптейді. Оның үстіне, ақынның 1921 жылы жазған «Қызыл ерлер», «Біз» сияқты өлеңдерімен, 1922 жылы жазған «Кімде-кімнің тасқын судай қайраты», «Жолдастар», «Аспанда», «Маржан», «Біздің тұрмыс-экспрес» сияқты т.б. өлеңдерінде жаңа заманды, жарқын болашақты өмірене жырлайды.

Ақынның 1924 жылы жарық көрген «Дамбыра» өлеңдер жинағында өзінің ақындық дарынын жан-жақты аша түскен. Оның «Біздің сәуле», «Біздің ұлан», «Жас қазақ», «Жеткіншегім, тартынба», «Сәрсен», «Бұлшық ет» сияқты т.б. өлеңдерінде жаңа бағыттағы саналы азаматтардың аса қайратты қасиеттерін, алға қайған жаңа мұраттарын, сұлу мүсіндерін жан-жақты аша түседі.

Орайы келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, Сәкеннің 1923 жылы жазған «Аспанға ұш», «Автомовиль», «Самұрық», 1924 жылы жазған «Қызыл жұлдыз», «Жел қайықта» секілді т.б. өлеңдерінде революциялық өзгеріс дәуірінің шындығын аша сипаттайды. Оның үстіне, 1926 жылы Қызылорда да бастырып шығарған «Экспрес» атты өлеңдр жинағынан табиғат, көңіл күй лирикаларының тамаша үлгілерін аңғарамыз. Мәселен ол өзінің «Күзді күнгі дала», «Қара жер» өлеңдерінде туған жерін, күз көріністерін тамсана жыр жолдарына қосса, «Орман», «Міне көл» секілді өлеңдерінде шалқыған көлді, ну орманды шебер сипаттап, табиғаттың тамаша көріністерін сипаттайды.

Ақынның 1927 жылы жазған «Отараба терезесінен», «Тұрмыс толқынында», «Баспахана», «Тізушілер», 1929 жылы жазған «Сырлаушылар жыры», «Тоқу фабрикасында», 1930 жылы жазған «Қалаушылар жыры» секілді т.б. өлеңдерінде еңбек адамдарының еңбектегі ерлігімен бірлігін жырлайды.

Алғаш поэзияда өзінің ақындық жолын шағын-шағын лирикалық өлеңдерден бастаған ақын, 30 жылдардан бастап кең тынысты кемел поэмалар жазып, өзінің ақындық арынын кең өріс алдыра түсті. Бұл ретте оның «Көкшетау» (1929), «Альбатрос» (1933), «Қызыл ат» (1934) поэмаларын ерекше атай аламыз.

Сәкеннің «Көкшетау» поэмасы негізінен 4 бөлім, 47 тараудан тұрады. Бұл поэма — бір ырғақ пен ұзын сонарға құрылған шығарма емес, ерекше шабытпен жазылған көркем дүние. Онда қосалқы эпи-

зод, кері шегініс, авторлық қосымшалар да жоқтың қасы. Қалмақ қызының басына түскен трагедиялық жағдаймен Адақ арасындағы шынай махаббат, қыз шарттары, жұмбағы кез келген оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Поэмадағы «Бурабай», «Кенесары үнгірі», «Оқжетпес», «Жұмбақтас» сипаттары, Көкшетау көріністері еріксіз өн бойынды шымырлатып, еріксіз еліттіре түседі.

Елі шабылып, біреулердің олжасына түскен қыз тағдырын ақын былайша сипаттайды.

*Сол қыздың он жетіге келген жасы,
Оралған аш беліне қолаң шашы.
Қап қара Қарлығаштың қанатындай,
Иілген ақ маңдайда екі қасы.*

*Аш аң жүз ақ шабақтап атқан таңдай,
Аш белі көк шыбықша майысқандай.
Үзілген қызғалтақтай өңі солғын,
Қабырдың көрсең аяп қайысқандай.*

*Секілді қолға түскен бала киік,
Мергеннің әлсіреткен оғы тиіп.
Күйікпен қасіретін жасыра алмай,
Кеп тұрды хан алдына басын иіп.*

дейді ақын.

Ақынның асқан талант иесі екендігін Көкшетаудың көркін сипаттаған мына жолдарында аңғаруға болады. Мәселен:

*Сексен көл Көкшетаудың саясында,
Әр қайсы алтын кесе аясында.
Ауасы дертке дауа, жұпар иісі,
Көкірек қанша жұтса тоясың ба.*

*Мөп-мәлдір Бурабайдың суы күміс,
Көргенде шаршаған жан алар тыныс.
Мінбелеп қоршалған шымылдықтай,
Қарағай, қайық менен қалың жыныс.*

деп, Көкшетаудың әсем келбетін аса сәтті сипаттайды.

Ақын өзінің «Альбатрос» поэмасын 1932 жылы жазып, 1933 жылы бастырып шығарады. Ол әр түрлі көлемдегі 21 тараудан тұрады. Ең қасқысы 2 шумақтан тұрса, ең ұзыны 14 шумқты құрайды. Онда патша өкіметі құлағанымен, әлі де отаршылықтың тоқтай қоймайтынын шынайы сезіммен әдемі жеткізе білген. Жаңа өмір

үшін талай майдандарды күреске ер азаматтарды — Альбатросқа балайды.

Сәкен проза саласында да өндірте қалам тебіреніп, қазақ прозасын биікке көтерген қаламгер. Оның «Жұбту» атты шағын лирикалық әңгімесімен «Бандыны қуған Хамит» секілді оқыс оқиғалы новелласынан бастап, 1928 жылы жарық көрген «Жер қазғандар» хикаясына дейін кемел шығармалар деуге болады. Рас ол өзінің «Айша» әңгімесін 1922 жылы жазып, 1935 жылы екінші рет өңдейді. Бұл оның аса тартымды жазылған кемел прозасы. Ол 1917 жылдың өзінде-ақ «Жұбату» атты қысқа әңгімесінде әйелдердің азаттығын негіз етсе, «Біздің тұрмыс», «Сол жылдарда» сияқты әңгімелерінде қазақ ауылының тамаша көріністерін, той, жиын, дәм беру, палуандар күресін, ат жарысын, кедейлер жағдайын арналы өзек етеді. Оның прозалары ішінде шоқтығы аса биік шығармасы «Тар жол, тайғақ кешу» атты ғұмырнамалық көркем дүниесі. Оның алғашқы бөлімдері 1922 жылдан бастап «Қызыл Қазақстан» журналында басылған болса, ол тұңғыш рет 1927 жылы кітап болып басылып шығады. Дегенмен оны қаламгер 1936 жылы қайта қарап, өңдейді. Ол негізінен халықтың күрес шежіресі деуге болады. Өзінің көзбен көрген, тікелей араласқан оқиғаларын да негіз ете отырып, Кеңес дәуіріндегі күрес-тартыстарды сипаттайды.

Қорыта айтқанда, поэзия, проза және драматургия жанрларында өндірте қалам тебіреніп, өз соңына тамаша көркем шығармалар қалдырған, сын саласында да бір жөн еңбек еткен Сәкен Сейфуллин, қазақ әдебиеті тарихынан үлкен орын алатын шын мәніндегі тарлан талант.

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИН (1894—1934)

XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихында үлкен орын иелейтін, алыптар тобының ірі өкілдерінің бірі — Бейімбет Майлин. Ол 1894 жылы бұрынғы Торғай облысының Қостанай уезіне қарасты Дамбар болысының Ақтөбе деген елі мекенінде дүниеге келген. Екі жасында әкесі Жармағамбет дүниеден өткен соң, бір байдың сауыншысы болып жүрген анасының қолында тәрбиеленеді. Жеті жаста сол байдың малын бағып, отынын тасып аса көп қиындықтар көреді. Жетімшілік пен жоқшылықтың ауыр азабын көп татқан Бейімбет ерте есейе бастайды.

Кейбір деректерде әкесі ескі хисса-дастандарды көп білетін, өзі де аздап өлеңдер шығаратын көзі ашық, көкірегі ояу жан болғандығы тілге алынады. Соның игі әсері болса керек, Бейімбет те тым жас кезінен бастап-ақ өлең шығара білген көрінеді.

Бейімбет алғаш өз аулындағы молладан хат танып, сауат ашқан болса, бай есігінде жүрген шағында, сол бай үйінде тұратын Әбдірахман Сатыпалдин деген татар молдасынан сабақ алады. Онан соң 1910—1912 жылдары көрші ауылдағы Әбдірахман Арғынбаев деген адамның медресесінде оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Сондай-ақ ол 1913—1914 жылдары Троицкідегі «Уазифа» атты мектепті бітіргеннен соң, Уфа қаласындағы «Медресе — Ғалия»-да оқу мүмкіндігіне ие болады. Сонда ол «Садақ» атты қолжазба журналын шығару жұмысына ерекше араласып, оның редакторы, әрі белсенді авторларының бірі болады. Нәтижеде, оның «Мұсылмандық белгісі» атты ең алғашқы өлеңі 1913 жылы «Садақ» журналдында бастырып шығарады. Сондай-ақ, 1914 жылы сол журналдың үш санында өзінің «Шұғаның белгісі» атты прозалық шығармасын бастырады. Оның үстіне, сол медреседе оқып жүрген шағында Ғалымжан Ибрагимов, Мәжит Ғафури деген татар қаламгерлерімен танысып, өзімен бірге оқыған башқұрт ақыны Сайфи Құдашпен тым жақын қарым - қатынаста болады. Ғалия медресесінде оқып жүрген шағында Л.Н. Толстой, Н.В. Гоголь, А.П. Чехов, М. Горький шығармаларымен де танысып, орыс әдебиетінен рухани нәр ала түседі.

Дегенмен ол денсаулығының нашарлап кетуіне орай, әрі жоқшылықтың салдарынан «Ғалияда» өз оқуын аяқтай алмай, 1915 жылы емделмек болып Троицкіге барады. Оны ақын өзінің «Мұқтаждық» атты өлеңінде:

*Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой,
Талапкерге қарсы тұзақ құрдың ғой.
Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,
Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой.—*

деп, ашына жыр жолдарына қосады.

Троицкіде ол «Айқап» журналында қызмет атқарып жүрген Мұхамеджан Сералин, Сұлтанмахмұт Торайғыровпен танысып, достық қарым-қатынас жасайды. Сол журналда талай өлеңдерін бастырады. Соңра 1916—1919 жылдар аралығында өз елінде болып, шығармашылық жұмыспен бірге, ауыл баларына сабақ беріп, біраз уақыт оқытушылық қызмет те атқарады.

Бейімбет Майлин 1916 жылғы патшаның маусым жарлығына халық наразылық білдіріп, көтеріліс жасаған шақта, оларға сәтті сапар тілеп, 1916 жылғы патша үкіметінің июнь жарлығына орай өзінің «Қанды тұман» атты өлеңін жазады. Онда ақын халықты бірге күреске шарлай отырып, болыс-билерден сактануға жұмылдыра түседі. Мәселен ақын:

*Ойбай-ау, қайдасыңдар? Аттаныңдар!
Бері кел, шашау шықпа, топтаныңдар!*

*Қапыда, мылтығы боп жайратпасын.
Болыстан әсіресе сақтаныңдар. —*

дейді ақын жұртшылыққа ой тастай.

Онан соң іле 1917 жылы «Қазаққа» деген өлеңін жазып, ондан

*Келді теңдік, туды теңдік басыңа,
Қатын, еркек, кәрі менен жасыңа.
Туысқанды, құрдастықты асыға
Алалықты араңдағы жой, қазақ...
Іздегенің өзі келді алдыңа...
Зарлағаның бекер босқа қалдыма?*

дей отырып, жаңа заманды, жарқын болашақты қуана қарсы алды.

Ол 1919—1921 жылдары өз ауылынаа барып, кеңсе жұмыстарына араласады. Бірақ ол 1922 жылы Сәкен Сейфуллиннің шақырумен Орынборға барып, сондағы баспа сөз орындарында жұмыс істеп, өзінің шығармашылық жұысын кең өріс алдыра түседі.

1923 жылы ол Қостанайға барып, ондағы «Ауыл» газетін шығаруға көмек қол созып, сол газет редакторының орынбасары, әрі хатшысы болып қызмет атқарады. Онда бір жөн сықақ әңгімелерімен новеллаларын, сондай-ақ «Раушан-коммунист» атты әңгімесін жарялайды. Оның үстіне ол, 1925 жылы Өлкелік комитеттің шақырумен Қызылордаға барып, баспасөз жұмыстарымен шұғылдана бастайды.

Сөйтіп ақын, 1923—1937 жылдар аралығында алғаш 1923 жылы өз өлеңдерін «Бейімбет өлеңдері» деген атпен бастырып шығарған болса, «Шұғаның белгісі», «Раушан коммунист», «Он жылда», «Асулардан асқанда», «Сойқанды содырлар», «Кесінділер», «Майдан», «Алыптарды аралағанда», «Азамат Азаматы», «Мырқымбай» сияқты т.б. көркем шығармаларын жазып, көркем әдебиеттің көк жиегінен көріне бастайды.

Ал, 1934—1937 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болып қызмет атқарады.

Міне осындай өз халқы, Отаны үшін адал қызмет атқарып жүрген Бейімбет Майлин де, Кеңес үкіметінің қытымыр саясаты салдарынан «халық жауы» ретінде ұсталып, 1938 жылы 44 жасында өмірден озады.

Бейімбет Майлин аса талантты ақын, тамаша прозашы, кемел драматург ретінде, XX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына ерекше үлес қоса білген шынайы талант иесі. Оның поэзиясына тереңірек үңілер болсақ, екі жәйтке анық қаныға түскендей боламыз. Ол **біріншіден**, өз тұсындағы қазақ кедейлерінің тыныс-тіршілігін, ауыр жағдайын аса кең, тым терең жырлаған қаламгер болса, **екіншіден** ол кедейлердің мінез құлқын типтік тұрғыдан шебер сипаттаған ақын, әрі тамаша

прозаик. Оны біз қаламгердің Мырқымбай бейнесінен анық аңғара аламыз. Ол өзінің «Кедейге» деген өлеңінің өзінде-ақ:

*Сенің зарың — зарлайтыным өмірге,
Сенің арың — арлайтыным өмірде.*

дей отырып, оны өзінің көркем шығармаларына арналы арқауы, өрісті өзегі ете білді.

Ақын өзінің 1915 жылы жазған «Жазғы қалып», «Ауылда», «Садықбай» сияқты т.б. өлеңдерінде жаздың тамаша келбетімен, надан жанның үйден үйге барып, тамақ үшін құр құлқынның құлы болған жандарды, адамдарды жік-жікке бөліп, партия құрып жүретін аяқтарды мінеп-шенейді. Сондай-ақ ол өзінің «Мұқтаждық», «Байлыққа», «Қарын», «Мұсылмандық белгісі» секілді т.б. өлеңдерінде де өмірлік мәні бар мәселелерді дөп басып, тамаша сипаттайды.

Ақын өзінің «Разия қыз» атты поэмасынан соң, 1927 жылы «Сағындық» атты поэмада жазады. Онда Байбол деген кедейдің таңқа танау, беті бұжыр, жымсық көз, кара баласы — Сағындықтың байдың малын баққан аянышты сыр шертеді. Ол Айжан деген қызға үйленеді. Қостандыққа жетеді. Досына хат жазып, әйелдер жайлы сыр шерте келіп:

*Бай қызы деп құр кемітпей,
Қану керек сырына.
Сыры бөлек, түрі бөлек,
Жыры байдың жыры ма?..*

*Әйел күн ғой, әйел жүр ғой,
Тепкісінде әлдінің.
Шыны әйелде тілек бар ғой,
Иесі еркі еді, ал, мұның. —*

деп, әйел-қыздардың тағдырына ашына үн қатады.

Орайы келгенде ерекше ескерте кетерлік жәйт, Мырқымбай бейнесі қазақ әдебиеті тарихында Бейімбетке дейін бірде-бір ақын-жазушылардың шығармашылығына өрісті өзек болған емес. Мырқымбай негізінен кедей табынан шыққан жиындық тұлға. Кеңес үкіметі орнықпай тұрған кезде болыс пен байдың тепкісінде, езгісінде жүрген Мырқымай, енді оның кеудесіне ар, намыс оты оянып, өмірдің күрестартыс екендігін тәп-тәуір ұғынғанымен оның мәнін жете түсінбейді. Сол арқылы Бейімбет адамдар арасындағы алауыздықты, жетесіздікті әдемі жеткізе беледі. Сондықтан да ақын кейін келе «Бер, Мырқымбай қолынды» деген өлеңін де жазу мүмкін-дігіне ие болады. Ақынның «Қашқан келіншек», «Маржан», «Разия қыз», «Зәйкүл» сияқты

т.б. өлеңдерінде әйел теңдігі, олардың бас бостандығы мәселелерін ерекше сезіммен шынайы сипаттайды.

Бейімбет Майлиннің сүйіспеншілік тақырыбында жазған поэмаларының ішінде, оның 1919 жылы жазған «Рәзия қыз», 1933 жылы жазған «Маржан» поэмаларын бөліп айту лазым. Оның үстіне, 1922 жылы жазған «Өтірікке бәйге», 1923 жылы жазған «Хан күйеуі» секілді қиял-ғажайып, аңыздар негізінде жазылған поэмалары да өзінің көкемдік ерекшелігімен көзге түсерлік дара туындылары деуге болады. Тіптен оның, аса үлкен әлеуметтік мәселелерді көтеретін «Кемпірдің ертегісі», «Бөліс» (1927) сияқты т.б поэмалары қазақ поэзиясында өзіндік орны бар көркем шығармалар екендігімен де ерекшеленеді.

Ақын поэзиясында әйел тақырыбы, махабат лирикасы ерекше орын иелеген. Бұл ретте оның «Зәуре», «Ажар», «Ұмытпаспын», «Наздан ару», «Жас жүрегім уға толған», «Біздің келін», «Ұлжан», «Жігіт пен қыз», «Ақсуаттың жанында», «Ақ саусақ» сияқты т.б. өлеңдерін тілге аламыз. Мәселен ол өзінің «Қашқын келіншек» атты өлеңінен

*Қорлығым жоқ көрмеген,
Жайым бар ма өлмеген...
Жылап сұлу айтса да,
Әкесі бұған сенбаған.
— Күйеуі байдың баласы,
Әкесі елдің ағасы.
Бүлдіріп жүрген бәрін де,
Жұрттан шыққан сен!*

деп, қазақ қыз-келіншектерінің қайғылы халін өзіндік ерекшеліктерімен әдемі жеткізе түседі.

Ақынның юморы мен аса өткір сатирасы қазақ поэзиясында ерекше орын иелейді. Бұл орында оның бір ғана «Ыбраймыз, Ыбыраймыз» көркем шығармасын тілге алу жеткілікті.

Бейімбет Майлин драматургия саласында да өнтірте қалам тебіrentкен ірі драматург. Қаламгердің «Шұға», «Жалбыр»ынан басқа да он бір пьесасы, өзінің көтерген мәселелерінің ауқымдылығымен де, жазылу шеберлігі жағынан да, тіптен жанрлық сипаты тұрғысынан да көз тартып, көңілге ұялай түсетін кемел дүниелер. Бұл орайда оның «Ауыл мектебі», «Жасырын жиылыс», «Шаншар молда», «Қос қақпан», «Келін мен шешей» секілді т.б. бір перделі скетчтерін тілге алсақ, онан соң көп актілі драмалары мен комедиялары болған «Амангелді», «Біздің жігіттер», «Көзілдірік», «Талтаңбайдың тәртібі», «Майдан» сияқты көркем драмалық шығармаларын ерекше сүйіспеншілікпен атай аламыз.

Ал аса талантты суреткердің проза саласындағы аса тамаша шығармалары арасынан «Майдан», «Шұғаның белгісі» көркем дүниелерін бөліп айтқан болар едік. Ол өзінің «Шұғаның белгісі» прозалық туындысын 1914—1915 жылдары жазып, оны «Садақ» атты қолжазба журналда бастырып шығады. Бұдан басқа да қаламгердің «Раушан - коммунист» повестімен «Азамат — Азаматович» атты романы да баршылық.

Қорыта айтқанда, XX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына үлкен үлес қосқан Бейімбет Майлин, поэзия, проза, драматургия жанларында өнімді қалам тебіреніп, қазақ әдебиетін биікке көтерген шынайы талант иесі. Сондықтан да ақын шығармашылығы қазақ әдебиеті тарихындағы биік бір белес деуге тұрарлық көркем дүниелер.

ІЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ (1894—1938)

XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын иелейтін аса талантты сөз зергерлерінің бірі — Ілияс Жансүгіров. Ол 1894 жылы қазіргі Талдықорған облысына қарасты Ақсу ауданында дүниеге келген. Оның әкесі Жансүгір халық ауыз әдебиетін жетік білген, аса әңгімешіл, әрі құйқылжыта күй тарта білетін тамаша домбырашы болған екен. Оның үстіне, он саусағынан өнер тамған ұста адам болған көрінеді. Бірақ Ілияс, анадан төрт жасында етре жетім қалса да әкесі оның тәрбиесіне айрықа мән беріп, жетімсіретпей еркелете өсіріпті.

Бұрыннан-ақ құт-береке дарыған, өзіндік ақындық мектебі бар, батырлар мекені болған Жетісу өңірінде өскен Ілияс Жансүгіров, жастайынан-ақ ән мен жырды, күмбірлеген күй тыңдап, олардың өзіндік ерекшеліктерін ұғынып ерте жетіле бастайды. Әсіресе ол, Базар жырау мен Шернияздың, Біржан мен Ақан серінің, Әсет пен Рысжанның, Шөже мен Кемпірбайдың, Жанақ пен Түбектің айтыстарын ауыл адамдарына оқып беріп, өзі де олардан рухани нәр алып жетіле бастайды.

Жастайынан-ақ аса дарынды туған Ілияс, алғаш әкесінен хат таниды. Онан соң ауыл молдасында оқып, сауатын тәп-тәуір ашқаннан кейін, біраз уақыт Қарағаш деген елді мекендегі татар мектебінде оқып, әр түрлі пәндерден дәріс алады. Ал 1920 жылы Алматыға келіп, ондағы үш айлық мұғалімдек күрсті ғана бітіреді. Онан соң Ташкенттегі Қазақ ағарту институтінің жанындағы қысқа мерзімдік курста бес - алты ай ғана оқиды. Әрі, Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған «Жас қайрат» газетінде корректор болыпта жұмыс істейді. Бірақ, денсаулығының нашарлауына орай сол жылы еліне қайтып кетеді.

Міне сөйтіп, Ілияс Жансүгіровтың алған білімі тым аз болса да, ауыз әдебиеті үлгілерінен ерекше нәр алады да, Абай поэзиясынан айрықша көңіл көзін қадайды. Одан рухани сусындап, поэзия әлеміне еркін кіріп келе бастайды. Аулында болған той жиындардан ән, күй, хисса-дастандар естіген ол, әдебиет табалдырығын еркін аттап басады. Сөйтіп, қазақ поэзиясында еркін самғай қанат қағып, ылғида биіктен көрінеді.

Ташкенттен еліне оралған Ілияс Жансүгіров, өз ауылында біраз уақыт болып, онда бала оқыту ісімен айналысады. Оның Қазақ ағарту институтында, Жетісудағы Қосшы комитетінің губерниялық оқу бөлімінде, «Тілші» газетінің редакциясында қызмет етуі, оны барған оны сайын ширата түседі. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинауы да оны қанаттандырып жібереді. Нәтежеде, өзінің ақындық жолын 1915 жылдан бастаған болашақ ақынның алғашқы өлеңдері «Әйел теңдігі», «Жаңа мектеп» секілді журналдарымен «Кедей еркі», «Тілші», «Лениншіл жас» газеттерінде жиі-жиі жариялана бастайды.

Ақын өзінің өлеңдерін Абайға еліктей отырып, Абайша жырлауға деп қоя бастайды. Мәселен: «Алдымда» атты өлеңінде:

*Сен не дейсің, не дейсің?
Тілің тәтті жайымысың.*

десе, «Қалпымыз» атты өлеңінде.

*Ақыл-ой, талап, ар, намыс,
Біздің елден жүр шалыс...*

дейді ақын.

Ілиястың 1927 жылы «Беташар» деген үгіттік-насихаттық өлеңі жарық көрген болса, оның тұңғыш кітап, тұнық ойы 1928 жылы «Сағанақ» деген атпен кітап болып басылып шығады. Нәтижеде ол, 1927—1937 жылдар аралығында поэзия, проза, драматургия жанрларында өндірте қалам тебіrentіп, сын және аударма саласында да ауқымды еңбек етеді. Бұл ретте оның тамаша лирикалық шығармаларымен бірге, «Дала», «Күй», «Күйші», «Құларгер» поэмаларын, сондай-ақ «Жолдастар» атты романын, «Кек», «Түрксіб», «Исатай - Махамбет» секілде драмалық шығармаларын қуанышпен тілге аламыз. Бірақ ол өзінің «Мақпал», «Көбік шашқан», «Исатай» атты поэмаларын бітіре алмаған болса, «Рүстем қырғыны», «Байқал» секілді поэмаларын қайта қарап, иін қандыруға мұршасы да келмеді. Оның үстіне, өзінің «Кәмпеске», «Мәйек», «Жаңа туған», «Жорық» сияқты тың тақырыпқа жазған поэмаларында бітіре алмай, өмірден өкінішпен өтіп кетеді.

Ақын өзінің «Дала» поэмасының «Кіріспесінде»:

*Жүрегім, жырым сенікі.
Кеңесті далам, кең далам.
Тудым, өстім, есейдім.
Ен далам — анам, мен балаң.*

дей отырып, қазақ халқының басынан өткізген талай-талай тарихи оқиғалардың бетін әдемі ашып, ел анасы болған кең даланы суреттей отырып, қазақ елінің ру, хандық дәуірлерінен бастап, кеңес дәуіріндегі Қазақстанның он жылдығына дейінгі тарихи оқиғаларды тілге тиек етеді.

Аса талантты ақынның «Дала», «Күй», «Құлагер», «Күйші» сияқты т.б. поэмаларымен лирикалық көркем шығармалары қазақ әдебиетінің дамуына қосқан сүбелі үлесі дей аламыз. Мәселен: Күйшіні Қарашаш сұлу хан Кенеден сұрап алғанда, Кене хан оған:

*Осы ма сұрағаның, Қарашашым!
Қаласа қалағанын алсын, алсын!
Үйсіннің ерулігі болар бізге,
Бергенім басы бүтін байлап басын. —*

дейді. Онан соң ханша қолында торға түскендей тұтқын болған күйші:

*Адамның азат басы дәулет екен,
Өзінде ердің еркі сәулет екен.
Қақпасын хан Кененің келіп бастым,
Құрылған маған арнап нәубет екен.
Баласы Абылайдың Кене ме екен?
Сорыма Құдай айдап келген екен.
Нашарың қанын сорып, жанын жеген,
Хан емес, қара қабан деген екен.*

дегізеді.

Рас, ақынның «Күйші» поэмасы шын мәніндегі реалистік шығарма, әрі онда романтикалық сарында анық байқалады. Мәселен:

*Апырмау жел боп неге жаралмадым,
Қасына кісі болып бара алмадым.
Жыбырлап ертелі-кеш аймалақтап,
Бетінен сүймес пе еді самалдарым.*

дейді ақын.

Сағанайдың асында мерт болған Құлагерін Ақан Сері жақтай түсіп:

*Не болды-ай, бай-бай саған Құлагерім,
Суалдың сорлы иеңнің бұлағы едің.
Тірегі көңілімнің, байтерегім,
Бұл жерде қалайынша құлап едің!*

деп, емірене, еңреп үн катады.

Терең білімге ие болмаса, әдебиет әлемінде ерекше самғай қанат қағып, биіктеу мүмкін еместігіне көзі жеткен Илияс Жансүгіров, Мәскеудегі Журналистика институтына барып түседі де, оны 1928 жылы бітіріп шығады. Соңра, «Еңбекші қазақ» газеті редакциясында қызмет атқара жүріп, қазақ баспасөзінің қалыптасуына өз үлесін қосады. Ал 1934—1935 жылдары Қазақстан көркем әдебиет баспасында поэзия бөлімінің меңгерушісі болады. 1934 жылы Мәскеуде өткен КСРО Жазушыларының 1 съезінде сөз сөйлеп, өзінің аса арындылығын жан-жақты аңғарта бастайды.

Алғаш әдебиет майданына акын ретінде кіріп келген Илияс Жансүгіров, өз қатарлары сияқты проза, драматургия жанрларында да қалам тебіrentті. Алғаш әңгіме, очерк жазумен бірге, өзінің «Жолдас-тар» атты романының бірінші кітабында бастырып шығарды. Әрі ол, «Кек»(1931), «Турксиб»(1934), «Исатай — Махамбет» (1936) секілді драмалық шығармалар жазып та, қазақ прозасы мен драматургиясын дамытуға өз үлесін қоса біледі. Оның «Қойшы мен аэроплан», «Баты-рақ», «Жедел жәрдем» сияқты т.б. әңгімелерімен бірге, «Төрт жолдың торабы», «Шоқпардың шоқтығында» секілді көркем өчерктері де бар-шылық.

Илияс Жансүгіров ХХ ғасырдың 20-жылдарының бас кезінде - ак, өзінің сатиралық шығармаларымен көзге түсе бастайды. Бұл орай-да ақынның «Таңқыбай», «Матай», «Сақа». «Балгер», «Жа-жа», «Салпаң құлақ», «Ағын» сияқты бүркеншік атпен жазған сатиралық шығарма-ларын атай аламыз. Мәселен акын «Ит-ай», «Жарқымбай», «Ұяның ұясы, қожаның дорбасы», «Өк, көк өгіз», «Белсенділерге» сияқты т.б. сатиралық шығармаларында өз дәуіріндегі келенсіздіктерді сын са-дағмен әдемі түйрей түседі. Мәселен акын:

*Мықыныңды мықшитқан,
Мынауың не белінде?
Ұлтершек пе, үйрек пе?
Тіккен бе өзін теріге?
Құдағи байғұс құнттатып,
Жіберген шығар келінге.*

деп, сын астына ала түседі.

Сөйтіп, кезінде қазақ поэзиясының Құлагері атанған Илияс Жансүгіров та, Сталиндік қытымыр саясаттың қыспағына ілігіп, «ха-

лық жауы» ретінде репрессияға тап толып, абақтыға жабылып, аса көп қиындықтар көріп, 1938 жылы 44 жасында өмірден озады.

Бірақ оның аса тамаша поэзиялары мен кемел прозалары, драмалық шығармалары мен сын мақалалары, XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихында ерекше орын иелейтін құнды дүниелер.

ЖАМБЫЛ ЖАБАЕВ

(1846—1945)

Жыр алыбы Жамбыл Жабаев 1846 жылы қақыған қыстың ақпан айында, Ыстыбай ауылы үдере көшіп жатқан шақта, Жамбыл тауының баурайында дүниеге келіпті. Ыстыбай Жабайдың әкесі. Оның небересі Жамбыл тауының етегінде туылғандықтан оның есімін «Жамбыл» деп қояды. Оның арғы аталары ауқатты, дәулетті болғанымен, өз әкесі Жапа қырма кедей болған екен. Нәтижеде Жамбыл жоқшылықтың тауқыметін көп тартып, жастық шағында байлардың малын бағып, көп уақытын қой соңында өткізген көрінеді.

Бірақ әкесі оны оқытпақ болып, ауыл молдасына береді. Жаратылысынан аса пысық, зерек болған Жамбыл Жабаев дүмше молдадан сабақ алуды ұнатпайды. Оның орнына ән мен өнерге құмартып, ауылдың жиын-тойларына барып, өлең айтып өзінің ақындығын таныта түседі. Сондықтан да ақын өзінің «Шағым» атты өлеңінде:

*Оқымаймын молдадан,
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа.
Жем дәметкен дорбадан.
Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзынға боздаған. —*

деп, кейбір шала сауат, дүмше молдаларды сын астына алады.

Сөйтіп, ел аралап жарамаздан айтып жүрген Жамбыл, бір рет белгілі ақын Сүйінбай аулына барып қалады. Жас — балаң ақынның айтқан сөздері тарлан ақын Сүйінбайға қатты ұнайды. Сонда Сүйінбай ақын Жамбылды үйіне шақырып алады да, өзі бата бере түсіп: «...Балам, өз өлеңінді шығар. Бірақ оны жұрт жаттап алатын, ешкім ұмытпайтын болсын. Сенің өлеңің жеке адамдардың көңілін көтеріп, солардың сүйініп отыратын өлеңі болмасын, бүкіл халықтың сүйіп тыңдайтын өлеңі болсын» — деп, Жамбылға бағыт-бағдарлар берген екен. Бұл — болашық балаң ақынды ерекше қанаттандырып жібереді. Сол үшін да Жамбыл Жабаев өз өлең жолдарында:

*Менің пірім — Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай. —*

деп, аса талантты ақын Сүйінбайды ерекше құрметпен тілге алған болатын.

Жастайынан-ақ, халық ауыз әдебиеті үлгілерінен рухани нәр алып, жаттап өскен, құйма құлақ Жамбыл, барған сайын биіктеп, халықтың мұңын мұндап, жырын жырлай бастайды. Халық көкейіндегі арман-мұраттарды дөп басып, оларды ынтымақ-бірлікке, татулыққа, пәктік пен адалдыққа шақырады. Үстем тап иелерінің берекесіздіктерін, зорлық-зомбылықтарын бетіне басып, нағыз халықшыл ақын дәрежесіне көтеріледі.

Орайы келгенде ерекше айта кетерлік жәйт, Жамбыл Жабаевтің айтыстары, қазақ айтыс өнері тарихында ерекше орын алады. Оны біз ақынның Құланаяқ Құлмамбет, Сарыбас, Досмағамбет, Майкөт, Бақтыбай, Сары, Бөлтірік, Айкүміс, Шашубай, Бөлектің қызы сияқтылармен болған айтыстарынан анық аңғарамыз. Әсіресе Жамбыл Жабаев белгілі ақын Құлмамбетпен айтысу барысында ерекше көзге түседі. Мәселен ақын:

*Жақсылық жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан бізді көрген сескенеді.
Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлмамбет,
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді. —*

дей отырып, одан әрі:

*Батыр Сарық, Сұранишы жаудан өлген,
Халық үшін шәйіт болып, жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не?
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Мақтанған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңеректің төрт бұрышын жалмап өлген.*

деп Жамбыл, Құлмамбетті сөзден ұстайды.

Нәтижеде Жамбыл Жабаев ХІХ ғасырдың 70—80 жылдарында-ақ ақын ретінде қалптасып, биіктен көрініп, ақын ретінде жан-жақты таныла түседі. Мәселен ол, патша династиясының 300 жылдығына орай Алматы қаласында көрме ұйымдастырылғанда, жағымпазданған қазақ байлары мен билері ақ үй тігіп, қымбат дүниелерін қойып, жасауларын жайғанда, оларды сынайды.

Бұл жағымпаздықты жақтырмаған Жамбыл өзінің «Өстепкеде» деген өлеңінде оларды қатты сын астына алады. Оның үстіне, 1916 жылғы патшаның маусым жарлығына орай, майданның қара жұмысына жарлы-жақыбайлардан жігіттер алуына тікелей қарсы шығып, үгіт-насихат істерді мінеп-шенейді. Мәселен Жамбыл жағымпазданған, жандайшап байларды өзінің «Өстепкеде» деген өлеңінде былайша сынайды:

*Үйсін, найман саңлағы,
Өстепкеге жиылдың.
Жолдың үшін шаңдағы,
Алматыға қйылдың.
Желді күнгі қамыстай,
Жапырылып иілдің.
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім.
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сиыңның.
Қор болмаймын өлгенше,
Өлеңіме сиындым.*

дейді ақын емірене үн қатып.

Жамбыл өзінің «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» деген өлеңдерін патшаның зілді бұйрықтарын сын астына ала отырып, халық мұңын жырлағандығын анық аңғармыз.

Рас, Жамбыл Жабаев ХХ ғасырдың 20-жылдарында өмірге белсене араласып, жаңалықтың жаршысы болды да, жаңа өмірді жарқын болашақты жыр жолдарына қоса түсті. Нәтижеде ақын 1924 жылы «Қазақстан тойына» атты өлеңін қағаз бетіне түсіртсе, 1927 жылы «Замана ағымы» атты ұзақ толғау өлеңін шығарды.

Ол 1929 жылы жаңа ұйымдасқан колхозға мүше болып кіреді де, өмірінің соңғы сағаттарына дейін Алматы облысына қарасты Жамбыл ауданындағы өз атымен аталатын колхозда жасайды.

Жамбыл Жабаев 1936 жылы Алматыда өткен хлық өнерпаздарының республикалық слетіне қатынасып, ақындар жарысына түсіп, оза шауып бәйге алады. Соңра, сол жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігіне де қатысады. Онда ақын өзінің «Халықтың сәлемі», «Дастархан жыры» секілді өлеңін төгілте жырлап, жиылған жұртшылықтың алғысына бөленеді. Күллі мәскеуліктер дән риза болады.

Жамбыл 1937 жылы грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің 750 жылдығына орай Тбилиси қаласында болып, та-

ғыда өзінің ақындық арынын жан-жақты таныта түседі. Ол жерде Шота Руставели жайлы, Отан туралы жыр шумақтарын ағыза отырып «Кавказ», «Ақынға», «Кавказға сәлсем», «Өмір жыры» секілді жыр шумақтарын төге жөнеледі.

Сондай-ақ, 1938 жылдың мамыр айында Жамбыл Жабаевтің ақындық қызметінің 75 жылдығына орай Алматы да үлкен жиын өтеді. Оған Кеңес Одағындағы жыр дүлдүлдері қатысып, өздерінің ақынға деген ыстық илтипаттарын білдіреді. Сонда бұл салтанатты жиынға Өзбекстан өңірінен Ғафур Ғұлам бастаған жыр алыптары - Ергеш Жұманбұлбұл ұлы, Мақсуд Шайх-заде, Миртемир секілді өзбек ақындары қатысып, ұлы ақынды мерей тойымен құттықтайды.

Сол жиында Ергеш Жұманбұлбұл ұлы ақынға арнап, құттықтау жырын төге келе «Алпамыс» дастанынан үзінділер айтады. Оның үстіне, осы мерекеге орай Ғафур Ғұлам «Жамбыл», Хамит Әлімжан «Жамбыл», Мамарасул Бабаев «Домбыра тілімен», Кәрім Ахмади «Жамбыл» секілді өлеңдерін жазып, поэзия алыбын өздерінің жыр жолдарына қосады.

1946 жылы Жамбыл Жабаевтің 100 жылдығына орай Қазақтанның астанасы Алматыда үлкен мереке өтеді. Оғанда Өзбекстаннан Айбек, Ғафур Ғұлам, Ұйғын, Миртемир, Мақсуд Шайх-заде секілді аса талантты ақындар қатысады. Сонда ақын қабыры басына барып зиярат етеді. Сонда Махсуд Шайх-заде өзінің «Жамбыл» атты арнау өлеңін оқиды. Мәселен ол:

*Жамбыл бір теңздей шалқыған айдыны,
Жамбылсыз домбыра күйсіз де қайғылы.
Жамбыл бір теңіздей толқыны тулаған,
Ұлы жыр онсыз бір толқындап тұмаған.*

деп оның ұлылығын, кемеңгерлігін жыр жолдарына қосады.

Міне осындай ұлы дарын 1945 жылдың 22 маусымында, 100 гаяқ басқан шағында бұл пәниден көз жұмады. Бірақ ол өзінің тамаша жыр-толғауларымен, айтыстарымен, тамаша дастандарымен бізбен бірге жасап, біте қайнаса бермек.

Расында да, Жамбыл Жабаев өлең-жырға балалық шағынан құмар болып, той-жиындарды өлең-жыр айтып, «ақын бала» атанып кетеді де, келе-келе шын мәніндегі жыр дүлдүліне айналады. Мәселен ол 15-16 жасында-ақ «Шағым» атты өлеңін шығарып, онда құр құлқынын ойлайтын топас, дүмше молданы сын астына алады. Оның үстіне ол өзінің «Кедей» атты өлеңінде аш-жалаңаш жүріп, жоқшылықтың тауқыметін көп тартқан кедейлер халіне налиды. Әділет, теңдік жоқтығына ашынады.

Ақын өзінің «Тарас» атты өлеңінде украин ақыны Тарас Шевченконың айдауда жүрген, тұтқында өткен өмірін, бостандықты,

тендікті аңсаған ой-түйіндерін айтумен бірге, оған деген өзінің ыстық ықласын, достық бейілін білдіреді. Сондай-ақ ақынның екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында шығарған «Екі дүние айкасты», «Қамал бұзған қаһарман», «Отан әмірі», «Лениградтық өрендерім» өлеңдерінде халықты Отан қорғауға, өз Отанын қастерлеп сүйе білуге жұмылдырса, «Асқар тау», «Қызыл тіл», «Қыран құс», «Айдын шалқар көл», «Көкорай шалғын» сияқты өлеңдерінде өмірдегі әлеуметтік мәселелері жан-жақты көтереді.

Ақынның тапқак, толғау түрінде шығарған «Алатау», «Бесік жыры», «Жаз», «Күз», «Көктем даңқы», «Май», «Шын жүректен» секілді жыр шумақтар да өзінің көңіл күйін, табиғаттың тамаша тылысым сырларын шабыттана жырлайды. Оның үстіне жыр алыбының «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр», «Көрұғлы», «Бақ, дәулет, ақыл» сияқты дастандары да қазақ әдебиетінің даму тарыхында өзіндік орны бар көркем шығармалар.

Қорыта айтқанда, екі ғасыр шындығын өз көзімен көрген жыр алыбы Жамбыл Жабаев поэзиясы, айтыстары қазақ әдебиеті тарыхында ерекше орын иелейтін, аса ауқымды, мәні мен мағанасы тым терең жырлар екендігінде дау жоқ.

СӘБИТ МҰҚАНОВ

(1900—1973)

XX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосқан шынайы талант иелерінің бірі — Сәбит Мұқанов. Ол Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Преснов ауданының елді мекенінде 1900 жылы өмірге келген. Жеті жасында әкесі Мұқаннан, сегіз жасында анадан жетім қалған Сәбит Мұқанов, Мұстафа есімді ағасының қолында қалып, соның тәрбиесінде біраз уақыт болады. Сөйтіп, жетімдіктің тауқыметік көп тартқан болашақ қаламгер, әркім-әркімнің есігінде жүріп отынын тасиды, суын әкеліп, байлардың қойын, жылқысын бағады. Нәтижеде, тапқаны тамағына жетпей, мұқтаждықтың ауыр азабын көп тартады. Өзбетінше ұмтылып, ауыл молдасынан хат тани басағаннан-ақ, ел арасына тараған хисса-дастандарды оқып, ауыз әдебиеті үлгілерінен сусындай түседі. Сонра ел арасына кеңінен тараған «Зарқұм», «Сал-сал», «Жүсіп — Зылиха», «Ләйлі — Мәжнүн», «Сейфул — Мәлік», «Бадүғұл — Жамал», «Алпамыс», «Ер Тарғын» сияқты ауыз әдебиеті үлгілерін, хисса-дастандарды, ертегілер мен аңыз-әңгімелерді құмарта тындап, өз бетінше оқып үйренеді. Әсіресе оған Абай, Абдулла Тоқай өлеңдері ерекше әсер етеді. Сөйтіп ол, әдебиет табалдырығын еркін аттап баса түседі.

Алғаш ол Омбы қаласына барып, ондағы мұғалімдер дайындайтын оқуға түседі де, онан соң 1922 жылы Орынбордағы жұмысшылар

факультетінде оқиды. Сәбит Мұқанов алғаш 1917—1918 жылдар аралығында өзінің «Көңілім»(1917), «Зарығу»(1918), «Жалшының жары», «Шығар күн», «Жұмаштың өлімі» «Жоқшылыққа»(1918) сияқты т.б. шағын-шағын лирикалық өлеңдерімен көзге түсе бастайды. Өз - өзіне күш-қуат тілеген ақын өз өлең жолдарында былай дейді:

*Қой, сен бүйтіп қамықпа,
Ілгері ұмтыл, талап ет.
Шығуға айдай жарыққа
Қайраттанып боп өжсет. —*

дей отырып, одан әрі:

*Менің өмірім күрестің нағыз іші,
Сыналатын заман бұл ердің күші.
Қазір маған қызықтың керегі жоқ,
Көңілдің күрес қана қуанышы. —*

дейді ақын.

Ол 1926 жылы сол рабфакті бітіріп шыққаннан соң, өзінің «Батырақ», «Октябрь өткелдері», «Сұлушаш» деген поэмаларын жазып, халық арасында ақын ретінде кеңінен таныла түседі. Ақын Сұлушаштың пайым-парасатын, көркін, адамгершілік қасиеттерін былайша сипаттайды. Мәселен ол:

*Қаламмен жалғыз сызық тартқандай боп,
Қиылды қара пүліш қиғаш қасы.
Қарақат көз, қыр мұрын, ұзын кірпік,
Тістері меруерттің тізген тасы.
Бетінен нұры бөртіп, қаны толған,
Толқыған сұлу айдай кесер басы...*

дейді.

Сәбит Мұқанов 1926—1928 жылдары «Еңбекші қазақ», бүгінгі таңдағы «Егемен Қазақстан» газетінде, т.б. да баспа орындарында қызмет атқара жүріп, өзінің ақындық арынын жан-жақты таныта бастайды. Жиырманыншы жылдар да әр түрлі тақырыптарда ұсақ өлеңдер жазумен бірге, «Тұлпар жорығы», «Жетім қыз күйі», «Батырақ», «Октябрь өткелдері», «Балбөпе», «Қанды көл», «Құланның құны» сияқты поэмаларын жазып, аса талантты ақын екендігін жан - жақты таныта түседі.

Онан соң Петербург университетінде, Мәскеудегі қызыл профессура институтында оқып, оны 1935 жылы аяқтайды. Міне осы кезде ол өзінің «Ақ аю», «Майға сәлем», «Колхозды ауыл осындай», «Күрес күндерінде», «Алтын астық» деген поэмаларымен бірге «Темір тас»

романын жазып, өзінің аса талантты ақын, прозашы екендігін де ерекше аңғарта бастайды.

Сәбең 1935 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінің редакторы болып қызмет атқарса, 1937 жылы Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болады.

Сәбит Мұқанов аса талантты ақын ғана емес, тамаша прозаик те. Ол 1928 жылы «Адасқандар», 1938 жылы өзінің «Жұмбақ жалау» атты романын, 1940 жылы «Менің мектептерім», 1941 жылы «Балуан Шолақ» көркем шығармаларын жазу мүмкіндігіне ие болады. Кейіншелік «Жұмбақ жалау» атты романын «Ботакөз» деген атпен қайта өңдеп, әбден ширатып оқырмандар жұртшылыққа ұсынады. Бұл роман — қаламгердің ғана емес, бүкіл қазақ әдебиетінің ірі табысының бірі болды.

Сәбит Мұқанов 1943—1951 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы қызметін атқара жіріп, өзінің «Сырдария», «Тыңда туған байлық», «Мөлдір махаббат» секілді романдарымен «Шоқан Уәлиханов» пьесасын жазса, арадан көп өтпей, ертеректе жазған «Өмір мектебі» атты ғұмырнамалық шығармасының жалғасы ретінде «Есею жылдары» деген өмірбаяндық романымен «Алыптың адымдары», «Туған жердің тыңында», «Адам атаның шокқысында» сияқты очерктерін жазу мүмкіндігіне ие болады.

Сәбең шын мәніндегі белгілі қоғам қайраткері, академик жазушы. Ол 1947—1963 жылдар аралығында Жоғарғы Кеңестің әлденеше рет депутаты болды. Әсіресе, көркем әдебиетке қосқан үлестері үшін екі рет Еңбек Қызыл Ту орденін алған болса, 1960 жылы 60 жасқа толуына орай Ленин орденімен де нағрағталған болатын.

Міне осындай қазақ поэзиясы мен прозасына, драматургиясымен әдебиет сынының дамуына өзінің бір жөн үлесін қосқан тарлан талант — Сәбит Мұқанов 1973 жылы 73 жасында бұл пәниден көз жұмды.

Ол әдебиет майданына 1919 жылы жазған «Бостандық» атты өлеңімен кіріп келеді де, өмірінің соңғы сағаттарына дейін проза, поэзия, драматургия жанрларында өндірте қалам тебіреніп, қазақ әдебиетін биікке көтерді. Ол 20 жылдары «Кедей баласы», «Шоқпыттың шаруасы», «Жолы жоқтар біздің жолға қосылсын», «Қазақстан», «Сүт зауытында», «Егістік», «Балқаш», «Конвейр» секілді өлеңдерін жазып, өзінің ақындық арынын жан-жақты таныта түседі. Ақынның 1933 жылы жазған «Майға сәлем» поэмасы қазақ поэзиясы тарихында ерекше мәнге ие көркем шығармаға айналды.

Сәбит Мұқанов екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында «Мен де аттандым майданға», «Гвардеец бауырларға», «Фашизмнің ажалы» секілді т.б. өлеңдерін жазып, оқырмандарды Отан сүйгіштікке баули түсті.

Ақын поэмаларының ішінде аса шоқтығы биік шығармасы — «Сұлушаш» поэмасы деуге болады. Ақынның бұл көркем шығармасы негізінен реалистік поэма. Рас, оның негізгі қаһармандары ойдан шығарылған болса да, өмірден алынған таза жанды, пәк сезімді, ыстық қанды жандар.

Сәбең 20 жылдардың соңына таяу проза саласында өндірте қалам тебіrentіп, алғаш рет 1928 жылы өзінің «Адасқандар» романын бастырып шығарады. Соңра оқырмандардың, сын зерттеушілердің пікірлеріне орай, романды қайта қарап, өндеп, 1959 жылы «Мөлдір махабат» деген атпен қайта бастырып шығарады. Ол 1962 жылы орыс тіліне аударылып, «Светлая любовь» деген атпен жарық көреді.

Қаламгер 1938 жылы «Жұмбақ жалау» деген романын бастырса, кейіншелік оқырман жұртшылықтың еркертүлеріне орай, қайта өндеп, толықтырып «Ботакөз» деген атпен жариялайды. Бұл көркем шығарманы оқырман жұртшылық ерекше ыстық ықласпен қуана қарсы алды.

Сәбит Мұқанов тамаша драматург ретінде де қазақ драматургиясының дамуына аса мол үлес қоса білген қаламгер. Бұл орайда оның «Сәкен Сейфуллин», «Шоқан Уәлиханов» секілді драмалық шығармаларын бөліп айтуға болады. Рас, қаламгер алғаш рет ұлы ғалымға арнап 1944 жылы өзінің «Ариадана жібі» деген пьесасын жазған болса, «Шоқан Уәлиханов» атты драмалық шығармасын 1954 жылы театр сахнасында қойдыру мүмкіндігіне ие болады.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті әлемінде проза, поэзия, драматургия жанрларында өнімді қалам тебіrentіп, қазақ әдеби сынының дамуына да бір жөн үлес қосқан Сәбит Мұқанов, XX ғасыр қазақ әдебиетінің ұлы тұлғаларының біріне айналған кең тынысты, кемел суреткерлерден.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ

(1897—1961)

XX ғасыр қазақ әдебиетін әлемдік деңгейде биікке көтерген кең тынысты, кемел суреткер — Мұхтар Омархан ұлы Әуезов болды. Сондықтан да кезінде орыстың тақты жазушысы Николай Погодин: «Әуезов Қазақстан үшін екінші Абай, біз үшін Шығыстың Шолоховы» десе, Француздің әйгілі қаламгері Луи Арагон: «...осы заманның аса ұлы ақындарының бірі» — деген болатын.

Мұхтар Әуезов 1897 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданына қарасты, Бөрілі деген елді мекенде дүниеге келген. Әкесі Омархан да, атасы Әуез де ескіше хат таныған сауатты адам болғандықтан, бала тәрбиесіне немқұрайлы қарамай, Мұхтардың оқуына айрықша көңіл бөлген көрінеді. Нәтижеде, Мұхтарды жас-

тайынан-ақ ауыл мектебіне берсе де, алғашқы сауатын атасы Әуездің үйретуімен арабша хат танудан бастайды. Кейінірек, небере ағасы Қасымбек оны 1908 жылы Семей қаласына арнайы апарып, ондағы орыс мектебіне оқуға береді. Соңра Мұхтар Әуезов бес жыл Семейдегі қалалық училищеде, төрт жыл мұғалімдік семинарияда оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Мұхәң 1917 жылы Семейдагі мұғалімдік семинарияда оқып жүрген шағында, яғни студенттік кезінде-ақ, қазақ халық ауыз әдебиеті негізінде «Еңлік — Кебек» атты драмалық шығармасын жазып, 20 жасында әдебиет әлеміне драматург ретінде кіріп келеді. Әрі, «Еңлік — Кебек» драмалық шығармасын сол жылы Абайдың сүйген жары Әйгерім отауында сахналастырып, өзі суфлерлік жасайды.

Қаламгер өзінің «Еңлік — Кебек» атты драмалық шығармасынан соң, бір жөн әңгіме, повесть, пьесалар жазып, өзінің аса талантты суреткер екендігін жан-жақты таныта түседі. Бұл ретте болашақ ұлы қаламгердің «Қорғансыздың күні», «Ескілік көлеңкесінде», «Барым-та», «Қыр әңгімелері», «Жетім», «Қыр суреттері», «Қараш-Қараш», «Қаралы сұлу» сияқты т.б. прозалық туындыларымен 1926 жылы жазған «Қаракөз», «Бәйбіше-тоқал» секілді драмалық шығармаларын тілге аламыз.

Мұхәң 1919 жылы мұғалімдік семинарияны бітіргеннен соң, Семей губерниялық Атқару Комитетінде ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарады да, онан соң оның төрағасы болады. Осы кезде ол, яғни 1920 жылы өзінің «Қорғансыздың күні» атты тамаша әңгімесін жазып, қаламгер ретінде жүргізілікті өз жетегіне үйіре бастайды.

Мұхәң 1922 жылы Орынбор қаласында Қазақ Оталық Атқару комитетінде жауапты қызмет атқарады. Бірақ онда Мұхәң: «Алашорда адамдарының астыртын жел беруімен коммунистік партия сапына өткен» деген сияқты сыпсың сөздер белең ала бастаған соң, лауазымды қызметінен, саясаттан бас тартып, сол жылдың қараша айында Ташкентке келеді. Келе Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің (қазіргі ТашМҰУ) еркін тындаушы-студенті болып, көркем әдебиеттің терең сырларына жан-жақты үңіле бастайды. Әрі, қаламгерлігін одан әрі шыңдай түсіп, Шығыс әдебиетінің нәрлі бұлақтарына көңіл көзін қадайды.

Мұхәң 1922—1923 жылдары Ташкентте қазақ тілінде шығып тұрған «Сәуле», «Сана», «Шолпан», «Еңбек» сияқты журналдар мен «Ақ жол», «Жас қайрат», «Жас алаш» секілді газеттер жұмысын жандандыра түсуге көмек қол соза жүріп, оларда өзінің «Түнгі ауыл», «Қысты күнгі далада», «Кешкі дөң басында», «Сыбанның моласында», «Қысқы түн», «Сөніп жану», «Текшенің баурайында» секілді т.б. көркем туындыларын бастырып, әдебиет майданына еркін ене бастайды.

Сөйтіп Мұхан Ташкентте «Сана» журналының редакторы болған Халил Досмұхаммедов, ақын Мағжан Жұмабаев, Қалмахан Оспанов, Токтабаев, Тынышбаевтармен етене араласа жүріп, көркем әдебиеттің көкжиегінен көріне түседі.

Кең тынысты қаламгердің 1917 жылы жазған «Адамшылық негізі — әйел», «Мәдениетке қай кәсіп жуық», «Оқу әдісі», 1918 жылы жазған «Ғылым тілі» сияқты мақалаларында, қоғамдық өмірде әйелдің алатын орнына ерекше мән береді. Әрі, оқу-ағарту істеріне, ғылыммен мәдениеттің маңызына айрықша көңіл көзін қадай бастайды. Оның үстіне Мұханның, 1923 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінде, қырғыз халқының «Манас» эпосы жайлы пікір қозғап, өз ойларын сабақтаулары да, күллі жұртшылықті өз жетегіне үйіре түседі.

1923 жылы Мұхан Петербург университетіне барып, оқуын одан әрі жалғастыра түседі. Бірақ, 1924 жылы Семей губерниялық Аққару комитетінің шақыруымен өз еліне оралып, Семейдегі қазақ педагогикалық техникумында студент жастарға сабақ береді. Сол жылдың қысында Мұқан бастауымен Семейде Абайдың өмірден озғанына 20 жыл толуына орай жиын еткізіледі.

Қаламгердің 20-жылдары қаламынан дүниеге келген бір топ шығармалары ішінен «Барымта», «Жетім», «Ескілік көлеңкесінде», «Қорғансыздың күні», «Жундық», «Кім кінәлі» сияқты т.б. көркем туындыларын ерекше тілге аламыз. Осы кездің өзінде-ақ Мұхан, драматургия, сын-зерттеу, аударма салаларында да еслі еңбек ете бастайды. Бұл орайда болашақ ұлы суреткердің 1923 жылы дүниеге келген «Бәйбіше-тоқал» драмасымен «Қобланды батыр», «Қазақ әдебиетінің тарихы» секілді зерттеу мақаларымен профессор Ю.Вагнерден аударған «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер» атты аударма еебегін сол жылы Ташкентте бастырып шығарғандығын тілге алу лазым.

Ұлы суреткер 1921 жылы «Қорғансыздың күні» әңгімесін жазған болса, 1926 жылы «Қаракөз» трагедиясын, 1928 жылы «Қилы заман» повестін жазып, проза, драматургия жанрларында өнімді қалам тебіреніп, шын мәніндегі аса талантты қаламгер екіндігін XX ғасырдың 50 жылдардың соңына таяу әлемдік деңгейде жан-жақты таныта алды.

Сөйтіп, әдебиет әлеміне XX ғасырдың 20-жылдардың бас кезінде еркін ене бастаған Мұхан, онан соң «Қараш-Қараш оқиғасы», 1928 жылы «Қилы заман» повестерін жазып, өзінің аса тамаша прозаик екендігін аңғарта бастайды.

Мұхтар Әуезов 1928 жылы Петербург университетін бітіргеннен соң, сол жылдың тамыз айында Ташкентке келеді. Қыркүйек айынан бастап Ташкенттегі Орман шаруашылығы техникумында қазақ

әдебиетінен сабақ өтеді. Соңра, 1929 жылы Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің Туркология кафедрасының аспирантурасына түсіп, онда 1930 жылдың қазан айына дейін болады.

Мұхқан ХХ ғасырдың 30-жылдардың орта шенінен бастап драмалық шығармалар жазу ісіне ерекше көңіл бөле бастайды. Нәтижеде ол, 1934 жылы өзінің «Айман — Шолпан», «Түнгі сарын» драмалық шығармасын, онан соң «Бекет», «Ақ қайын» (Ө. Тәжібаевпен бірге), «Тартыс», «Тастүлек», «Алма бағында», 1938 жылы «Шегарада», 1945 жылы «Қаракыпшақ Қобланды» атты пьесаларын жазу мүмкіндігіне ие болды.

Оның үстіне Мұхқан, сол жылдары сол замана тақырыбына да ойысып, ауыл адамдарының өмірін, еңбек адамдарының тамаша бейнелерінде өз прозасына арналы арқау, өрісті өзек ете бастайды. Бұл орайда қаламгердің «Бүркітші», «Шатқалаң», «Іздер», «Үш күн» «Құм мен Асқар», «Бүркітші», «Білекке — білек» секілді т.б. әңгімелерін тілге аламыз.

Мұхтар Әуезовты әлемдік деңгейде танытқан көркем шығармасы «Абай жолы» роман-эпопеясы. Ұлы суреткер осы шығармасын жазуға дейін, осы көркем дүниесінің бастау бұлағы ретінде, 1934 жылы өзінің «Татьянаның қырдағы әні» атты әңгімесін жазған болса, 1939 жылы белгілі орыс жазушысы Леонид Соболевпен бірге «Абай» трагедиясын жазған болатын. Міне бұл — «Абай жолы» роман-эпопеясына барудағы алғашқы еңбектері деуге болады.

Нәтижеде ұлы Мұхтар Әуезов «Абай» романының 1-кітабын 1942 жылы, 2-кітабын 1947 жылы бастырып шығады. Бұл екі кітап та орыс тіліне аударылып, бүкілодақтық оқырман жұртшылығы тарапынан ерекше сүйіспеншілікпен қарсы алынады. Сондықтан да, аса көрнекті орыс жазушысы А.Фадеев 1949 жылы Париж қаласында сөйлеген сөзінде аса жоғары баға бере келіп: «...қазақ әдебиеті «Абай» секілді романдары арқылы жер жүзілік мәні бар әдебиетке айналды» — деген болатын.

Ұлы суреткер өзінің осы екі кітабы үшін 1949 жылы Мемлекеттік сыйлықтың иегері болды. Соңра қаламгер бұл романының үшінші кітабын «Ақын аға», «Абай жолы» деген атпен 1947, 1949 жылдары екі рет бастырып шығарса, төртінші кітабын 1956 жылы «Абай жолы» деген атпен күллі оқырман жұртшылыққа ұсынады. Міне сөйтіп, 20 жыл бойы мағлұматтар жинап, 25 жыл жазған. Сөйтіп, 35 жыл өмірін арнаған төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» роман-эпопеясы үшін ұлы қаламгер, 1959 жылы Лениндік сыйлықтың иегері бола алды.

Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясында ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы қазақ қоғамында кең өріс алған күрестартистар, жер дауы, жесір дауы, барымта, үстем тап иелерінің зорлық-зомбылықтары, кедейлердің аянышты тұрмыс-тіршіліктері кең

көрініс табумен бірге, кемеңгер ақын Абайдың ақындық арыны, азаматтық тұлғасы өзінің тамша шешімін тапқан.

Сөйтіп, 30 жыл қалам тебіrentкен, төрт кітаптан тұратын «Абай жолы» тетралогиясы, қазақ әдебиеті тарихында ғана емес, Орта Азия әдебиеті тарихында да тұңғыш өмірге келген роман-эпопея. Сондықтан да, Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясы, бүгінгі таңда қаламгерлердің бірден-бір шеберлік мектебіне айналды.

Мұхтар Әуезов өмірінің соңғы сәттерінде өзінің «Өскен өркен» атты романын жазу мүмкіндігіне ие болды. Бірақ, кең тынысты кемел суреткер бұл шығармасын аяқтай алмай, 1961 жылдың маусымында 64 жасында өмірден озды.

Қорыта айтқанда, ұлы суреткер өзінің прозалық, драмалық, сын - зерттеу еңбектерімен, кең тынысты кемел аудармаларымен қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосты. Нәтижеде, дархан дарын, ғұлама ғалым бүкіл саналы өмірін, күш қайратын ұлы Отанына қалтықсыз қызмет ете жүріп, Қазақстанда Абайтану ғылымының негізін салды. Қазақ әдебиетін ерекше бір серпінді әуенмен әлемдік деңгейде тым биікке көтерді.

ҒАБИТ МҮСРЕПОВ

(1902—1985)

XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің кең өріс ала түсуінде еселі еңбек етіп, аса мол сүбелі үлесін қосқан, белгілі сөз зергерлерінің бірі — Ғабит Махмұт ұлы Мүсрепов. Ол 1902 жылдың 22-наурызында Солтүстік Қазақстан облысы, бүгінгі таңдағы Жамбыл ауданына қарасты елді мекенде, кедей шаруа жанұясында дүниеге келеді. Алғаш ауылда оқып, аздап сауат ашқаннан соң ол, 14 жасында Серғали деген жұмысшы нағашысының көмек қол созуымен, Обаған деген жерде орналасқан екі сыныпты орыс мектебіне оқуға барып сонда оқиды. Ол мектепте XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиетінің дамуына бір жөн үлес қосқан қаламгер Бекет Өтетілеуовтен, орыс тілі мен әдебиетінен сабақ алады.

Ғабит Мүсреповтың әдебиетке деген ерекше зейінін байқаған ол, Пресногорьковтағы жоғарғы бастауыш училищесіне барып оқуына көмек қолын созады. Онда Ғабен А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Н.В. Гоголь, М. Горький, Джек Лондон сияқты ұлы тұлғалардың шығармаларымен танысып, әдебиет әлеміне еркін кіріп келе бастайды. Нәтижеде, училищені бітіргеннен соң ол, 1923—1926 жылдары Орынбордағы жұмысшылар факультетіне оқуға түсіп, сонда тәлім-тәрбие алады.

Қаламгер өзінің тырнақ алды туындысы болған «Тулаған толқында» атты тұңғыш кітабын 1928 жылы бастырып шығарады. Сон-

дай-ақ ол, 1930-жылдар да Қазақстан Өлкелік комитетінде, Қазақстан оқу-ағарту Халық комиссариатында, республикалық баспа орындарында әр түрлі қызметтер атқарады. Соңра, «Социалистік Қазақстан», «Қазақ әдебиеті» газеттерімен «Ара» журналының бас редакторы бола жүріп, шығармашылық жұмысын одан әрі жалғастыра түседі.

Ал, 1956—1966 жылдар аралығында Қазақстан Жазушылар одағын басқарады. Дегенмен ол, өмірінің соңғы сағаттарына дейін Қазақстан Орталық Комитетінің мүшесі, Жоғарғы Кеңестің әлденеше рет депутаты, республика Ғылым Академиясының академигі болды.

Ғабит Мүсрепов 1974 жылы көркем әдебиетке қосқан сүбелі үлестері үшін, Кеңес дәуіріндегі ең жоғарғы сыйлық — Еңбек ері деген атақ алу мүмкіндігіне ие болды.

Рас ол, әдебиет әлеміне алғаш рет 1928 жылы өзінің «Тулаған толқында» атты прозалық шығармасымен кіріп келеді де, проза, драматургия, аударма салаларында өндірте қалам тебіреніп, қазақ әдебиетінің дамуына аса мол үлес қосып, әсіресе қазақ прозасын тым биікке көтереді.

Қаламгер өзінің «Тулаған толқында» атты повестінен соң «Қос шалқар», «Көк үйдегі көршілер», «Бір адым кейін, екі адым ілгері», «Алғашқы адамдар» секілді әңгіме, повестерін жазып, нағыз прозаның хас шебіріне айнала бастады.

Ғабет Мүсрепов — қазақ прозасы мен драматургиясын дамытыға айрықша үлес қосумен бірге, әңгіме жанрының шын шебері ретінде ерекше бағаланған ұлы суреткер. Оның 1929 жылы өмірге келген «Көк үйдегі көршілер», 1930 жылы жазылған «Күсен», 1932 жылы жазған «Бір адым кейін, екі адым ілгері», «Қос шалқар», 1933 жылы «Шұғыла», 1934 жылы жазған «Талпақ танау» сияқты т.б. шығармалары қазақ әңгімелері арасында даралана көзге түскен тамаша көркем туындылары деуге болады.

Рас Ғабит Мүсрепов 1933 жылы М. Горькийдің «Адамның анасы», «Өлімді женген ана» секілді әңгімелерін қазақ тіліне аударған соң, соның негізінде ол ана тақырыбына ерекше мән бере түседі. Нәтижеде ол «Ананың анасы», «Ананың арашасы», «Ашынған ана» секілді әңгімелерін жазып, оларды 1934 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарады. Оның үстіне, екінші дүниежүзілік сағыс жылдарында тағы да ана тақырыбына қайта ойысып, өзінің «Ер ана» (1942), «Ақлима» (1944) секілді әйгілі әңгімелерін жазады.

Аса талантты суреткердің прозалық шығармалары арасында «Қазақ солдатты» романының алатын орны ерекше. Алғаш бұл шығармасын 1945 жылы «Қазақ батыры» деген атпен повесть ретінде жариялаған болса, 1950 жылы қайта қарап, өңдеп, толықтырып «Қазақ солдатты» деген атпен роман етіп бастырады. Онда екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі Кеңес жауангерлерінің Отан қорғау жолындағы

ерлік күрестерін, ынтымақ-бірлігін, неміс фашисттеріне деген қарсы күрестерін аса тартымды сипаттаған. Оның үстіне Ғабит Мүсрепов 1950 жылы өзінің «Амангелді» пьесасын жазып, онда 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының өршіген драмалық сипатын жан-жақты аша түседі.

Мұнан соң қаламгер 1953 жылы өзінің «Оянған өлке» атты кең тынысты кемел романын оқырман жұртшылыққа ұсынса, 1966 жылы «Кездеспей кеткен бір бейне» атты қара сөзбен жазылған поэмасын жазып, оқырман жұртшылықты ерекше серпінтті. Онда Еркебұлан есімімен сыр шерткен Сәкен Сейфуллиннің өмірі, күрес-тартыстары арналы арқау, өрісті өзек болған. Оның үстіне ол, өзінің «Оянған өлке» атты романындағы негізгі оқиғалар мен күрес-тартыстарды негізге ала отырып, 1984 жылы «Жат қолында» атты екінші кітабын да жариялайды.

Рас, Ғабит Мүсрепов 60-жылдары «Айгүл қойшының бір күні», «Әмина» атты әңгімелерін де жазып, қазақ әңгіме жанрын дамытуға өзінің аса мол үлесін қоса түсті.

Ғабит Мүсірепов қазақ драматургиясының дамуына өзінің сүбелі үлесін қоса білген аса талантты драматург. Оның қаламынан 1934 жылы «Қыз Жібек», «Аманкелді» атты пьесалары, қазақ халық ауыз әдебиеті үлгісі негізінде өмірге келген болса, онан соң ол 1939 жылы «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» драмалық шығармасын жазады. Бұл да қазақ халық ауыз әдебиетінде ерекше орын алған «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» ғашықтың жыры негізінде жазылған көркем шығарма. Соңра қаламгер 1941 жылы өзінің «Ақан сері — Ақтоқты» драмалық шығармасында жазады. Онда XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген әнші-ақын, композитор Ақан серінің трагедиялық халін арналы арқау етеді. Бұл — тарихи тақырыпта жазылған шығарма.

Аса талантты суреткер 1950—1960 жылдары «Автобиографиялық әңгіме», «Өмір жорығы», «Сөз жоқ, соның іздері», «Айгүл қойшының бір күні», «Қаз қалпы», «Италия сапарынан» сияқты т.б. әңгімелерімен «Кездеспей кеткен бір бейне» повестін оқырман жұртшылыққа ұсыну мүмкіндігіне ие болды.

Кең тынысты кемел сөз зергерінің «Қазақ солдаты», «Оянған өлке» романдары «Кездеспей кеткен бір бейне», «Ұлпан» секілді прозалық туындылары қазақ әдебиеті тарихынан сүбелі орын иелейтін аса тартымды көркем шығармалары. Аса талантты суреткердің «Қазақ солдаты» романында екінші дүние жүзілік сұрапыл соғыс жылдарындағы совет жауангерлерінің Отан қорғау жолындағы ерлік күрестері өзінің тамаша көрінісін жан-жақты таба түскен. Романда көрініс тапқан солдаттар мен қырағы офицерлер бейнесі, оқырмандарды өзіне тарта түседі. Бұл ретте Қайрош Сарталиев пен Сәмед Абдуллаевті, Василий Гришин мен Мирошникті, Володия Толстов

пен Семен Зонин есімдерін ерекше сүйіспеншілікпен тілге аламыз. Оның үстіне, қаламгердің «Оянған өлке» романында негізінен адам тағдыры сөз болады. Онда көрініс тапқан сан алуан адам тағдыры, өзара күрес-тартыстары шынайы сыр шерткен. Романда сипатталған Жұман мен Игілік, Ушаков пен Рязанов, сондай-ақ, Бұланбай мен Сүгірәлі, Лиза, Әндірей, Шило сияқты адамдардың қарым-қатынастары романда өте қызықты оқиғалар негізінде өз шешімдерін таба түскен.

Қорыта айтқанда, қазақ прозасы мен драматургиясын биікке көтеріп, аударма саласында да еселі еңбек еткен Ғабит Мүсрепов, көркем әдебиеттің нағыз хас шеберіне, ана тілінің ерен жүйрігі, жұпар иісі аңқыған сөз зергері дәрежесіне көтерілді. Не амал?... Осындай ұлы тұлға, кеменгер қаламгер 1985 жылы 83 жасында өмірден өтті. Бірақ ол, өзінің кең тынысты кемел көркем шығармаларымен қазақ әдебиеті тарихы төрінен бекем орын иелеген аса талантты, тұғыры биік тұлға ретінде халқымыз арасында мәңгі жасай бермек.

ФАБИДЕН МҰСТАФИН (1902—1985)

XX ғасыр қазақ әдебиетінің дамуына өзінің сүбелі үлесін қоса білген қаламгерлердің бірі — Ғабиден Мұстафин. Ол 1902 жылы Қарағанды облысының Тельман ауданында, осы күнгі Теміртау қаласына жақындау жердегі Жауыр тау, Нұра өзені жағалауындығы Сарытөбе деген елді мекенде дүниеге келген.

Алғаш ауыл молдасында оқып хат таныған Ғабиден, 1916 жылы Спасск зауытында іс жүргізуші-тәбілші болып қызмет атқарады. Сонда Мұқымның Жүсібі деген кісіден дәріс алады. Онан соң сол зауыттағы орыс-қазақ мектебінде оқып, білімін одан әрі жетілдіре түседі.

Ол 1925 жылы сол кездегі Қазақстанның астанасы болған Қызылорда қаласына оқу іздеп барады. Бірақ онда оқуға түсе алмайды. Дегенмен шығармашылық жұмыс пен шұғылдана жүріп, өзінің ең алғашқы тырнақ алды туындысы болған «Сәрсен мен Боқаш» атты әңгімесін 1927 жылы «Жыл құсы» атты альманақта жариялау мүмкіндігіне ие болады. Онан соң 1929 жылы «Ер Шойын» атты әңгімелер жинағын Қызылорда қаласында бастырып шығарады. Онда бай жылқышысы Шойынның таптық сезімінің оянуы, сөйтіп оның Күржік байға қарсы күрес жүргізулері сыр шетсе, қаламгердің «Қашқын» атты әңгімесінде Қуат пен оның әкесі кісі есінде жүріп, әбден қорлық көреді. Ауыр бейнет, қытымыр байдың тепкісінде жүрген Шабанның аяғы сынады. Оның үстіне бай оны әбден сабап көзін де шығарады. Бұл қорлықты, зорлық-зомбылықты көрген Қуат қатты ашуға мініп байды сабайды. Осы шиеленіс нәтижесінде Қуат жер

аударылады. Ол күзетшілерді де ұрып жығып қашып кетеді. Сол күннен бастап ол «Қашқын Қуат» атанады. Тек ол, қазан төңкерісінен соң ғана өз еліне оралып, бақытты тұрмыс кеше бастайды. Жаңа өмір, жарқын болашақта өз дегеніне жетеді.

Ғабиден Мұстафин 1930 жылы өзінің туған елі — Қарағандыға қайта оралады. Бір шама уақыт өдірісте жұмысшы болып қызмет атқарады. Онан соң 1933 жылы Новосибирск қаласында жаңадан ашылған «Қызыл ту» газетінің редакциясына барып, онда 1938 жылға дейін жұмыс істейді.

Әсіресе оған баспасөзде жұмыс істеуі үлкен шеберлік метебіне айланады. Сөйтіп ол Алматы қаласына келеді. Бұған дейін бір жөн әңгіме, очерктер жазып, жұртшылық көзіне жазушы ретінде танылып қалған болатын. Енді ол түгелдей шығармашылық жұмысқа ден қоя бастайды. Сөйтіп ол алғаш рет өзінің «Өмір не өлім» деген романын жазып, оны 1940 жылы жеке кітап етіп бастырып шығарады. Міне ол Ғабиден Мұстафинді аса талантты қаламгер екендігін таныта түседі де, екінші дүние жүзілік соғыс кезінде «Шығанақ» атты романын жазып, оны 1945 жылы бастырып шығарады. Онда тарыдан аса мол өнім алып, дүние жүзілік рекорд жасаған Шығанақ Берсиевтің еңбек жолын арналы өзек етеді.

Рас, романның алғашқы бөлімдерінде колхоздастыру кезеңдеріндегі қиыншылықтар, егер атап айтар болсақ, 1928—1930 жылдардағы оқиғалар өзінің шынайы шешімін таба түскен. Әсіресе, Олжабек қайғы-қасіретіне байланысты, Ойыл өңірін суландыру жәйттері, Шығанақ ұсынған жаңа-жаңа тәсілдер оқырмандарды өз жетегіне үйіре түседі. Сөйтіп, қазақ еңбекшілерінің еңбектегі ерлігімен олардың әлеуметтік мәселелерін көтереді. Онда қаламгер Шығанақтың еңбектегі табысын жалаң әңгіме етпейді. Қазақ еңбекшілерінің еңбектегі бірлігі мен еңбек жолындағы ізденістерін, адам мен табиғат арасындағы күрестің жемісін жан-жақты сипаттайды.

Сонра, үздіксіз шығармашылыққа ден қойған Ғабиден Мұстафин өзінің «Тұтқын», «Керуен», «Күлмеген адам», «Құлаған күз» секілді әңгімелерін жазады. Сондай-ақ, қазақ еліндегі колхоз құрылысының жаңа кезеңінен сыр шертетін «Миллионер» повестін 1948 жылы жазса, 1952 жылы өндіріс тақырыбында «Қарағанды» романын, сондай-ақ 1960 жылы «Дауылдан кейін», 1963 «Көз көрген» атты роман-повестерін жазып, қазақ прозасының дамуына өзінің аса мол үлесін қоса түседі.

Қаламгердің «Дауылдан кейін» романы жазушы шығармашылығында ғана емес, жалпы қазақ әдебиеті тарихында елеулі орын иелейтін көркем дүние. Онда қазан төңкерісінен кейінгі қазақ аулының тірлік тыныстары, әділетсіздікке бой көтере білген Аман сияқты азаматтардың жетіле түсу сырлары өзінің шынайы шешімін тапқан.

Аман соңына ілесе шыққан жарлы-жақыбай өкілдері болған - Тоқабай, Избасар, Таймас, Танакөз секілді кедейлер — жаңалық жаршысы, жаңа өмірдің тұтқалары болуды арман етеді. Үстем тап өкілі болған — Шәкен мырзаның зорлық — зомбылығына қарсы күресе біледі. Ондағы Малқар болыс, тегі мықты Мақаш, Жақып, жаңа ұрпақ өкілдері — Сайлаубек, нағыз ұлтшыл Ермекбай, Жандос бейнелері өз ерекшеліктерімен әдемі көрініс тапқан.

Сондықтан да қаламгердің «Дауылдан кейін», «Қарағанды» романдарымен «Миллионер» повесті қазақ әдебиетінің елеулі табысы ретінде танылып, оларды оқырман жұртшылық ерекше сүйіспеншілікпен қуана қарсы алды. Оның «Көз көрген» гұмырнамалық шығармасында өзі көріп, көкейге түйгендерін, басып өткен өмір жолдарын оқырман жұртшылыққа ұсынған. Жазушының бұл шығармасында оқырмандар жылы қабылдады.

Қорыта айтқанда, Ғабиден Мұстафин XX ғасыр қазақ прозасын дамытуға аса мол үлесін қосқан шынайы талант иесі. Ол 1985 жылы 83 жасында бұл пәниден көз жұмса да, оның көркем прозасы — бізбен бірге жасай бермек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сөйтіп, қазақ әдебиеті тарихының бастау бұлақтары, қайнар көздері ретінде, VI—XIV ғасыр аралығындағы ежелгі жазба деректермен тасқа қашап жазылған Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған жайындағы жәдігерліктерді негізге ала отырып, «Оғыз дәуіріндегі әдебиет» (IX—X), «Ислам дәуіріндегі әдебиет» (X—XII), «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет» (XIII—XIV) туралы пікір жүргізу мүмкіндігіне ие болдық.

Оның үстіне, әдебиетіміз тарихында ерекше орны бар, біздің заманамыздан бұрынғы Сақ, Ғұн, Үйсін (VII ғ. — б.з. IV ғ.) дәуірлерінде өмірге келген «Алып — Ер Тона», «Тарғытай», «Тұмар патшайымы» («Томарис»), «Ширак батыр», «Сақ патшайымы Зарина сұлу», «Мөде батыр» сияқты т.б. жыр-дастандармен аңыз-әңгімелер, «Түркі қағанаты дәуіріндегі» (V—VIII ғғ.) «Көк бөрі» аңыздары өз алдына ой бөліп, жеке-жеке тоқталатын көркем дүниелер.

Міне мұның бәрі — жалпы түркі халықтарына тән — ортақ әдеби-мәдени мұралар. Дегенмен де, «Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің» тамаша үлгілері болған «Махаббат нама», «Қисса Жүсіп», «Жұм-жұма», «Хұсрау уа Шыран», «Гулистан би-т-турки» секілді түркі халықтарына ортақ әрі қазақ әдебиетінің де нәрлі бұлақтары, қайнар көздері болған көркем шығармаларды арнайы талдаулар жасау мүмкіндігі болмады.

Бірақ, бұлар жайлы Немат Келімбетовтың «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» (1986), Мырзатай Жолдасбековтың «Асыл арналар» (1990), Алма Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиет» (1999) сияқты т.б. еңбектер де аса мол мағлұматтар келтіріліп, жүйелі зерттеулер жүргізілген.

Рас, VI—XV ғасыр аралығындағы «Ежелгі дәуір әдебиеті» негізінен — «VI—IX ғасыр», «X—XII ғасыр», «XIII—XV ғасыр» аралығындағы әдебиет» делініп, үш жүйеге бөлініп назар аударылды.

Ал, XV—XVIII ғасыр аралығындағы «Жыраулар поэзиясы», немесе «Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет» үлгілерінен де Естерек ұлы Шобан, Көтеш Райымбек ұлы, Шал Күлеке ұлы секілді жыраулар поэзиясын талдауға да көңіл көзін қадай алмадық. Міне бұлар да

қазақ әдебиеті тарихының дамуына өз үлестерін қоса түскен жыр дүлдүлдері деуге болады.

Сондай-ақ, XIX ғасыр әдебиетінің ірі сандақтары болған Жанак, Түбек, Марабай, Шөже, Орынбай, Арыстанбай, Нұрым жырау, Кемпірбай, Қашаған, Базар жырау, Ораз молда, Нұржан, Кете Жүсіп, Сүйінбай, Құлыншак, Шернияз Алмажан Азамат қызы, Шортанбай Қанай ұлы секілді т.б. халық ақындарының шығармашылығына да арнайы тоқталып, талдаулар жасай алмадық.

Дегенмен олар жөнінде 1982 жылы Қазақстан республикасы Академиясының «Ғылым» баспасында жарық көрген «XV—XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясы», 1983 жылы басылып шыққан «Ерте дәуірдегі қазақ әдебиеті» (XV—XVIII), 1988 жылы басылған «XIX ғасырдағы қазақ ақындары» атты еңбектермен бірге, Қажым Жұмалиев, Бейсенбай Кенжебаев, Ханғали Сүйіншәлиев, Мұхтар Мағауин сияқты т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулерінен қаныға түсеміз.

Рас, «XIX ғасырдағы ағартушылық-демократиялық бағыттағы әдебиеттің» тандаулы өкілдері болған — Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайберді ұлы, күрескер ақын Махамбет Өтемісов сияқты т.б. ұлы тұлғалардың өмірімен шығармашылығына ой ой көзін қадай отырып, бір жөн талдаулар жүргізу мүмкіндігіне ие болдық.

Ал, «XX ғасыр қазақ әдебиеті» дамуына өлшеусіз үлес қосқан кейбір ұлы тұлғалардың шығармашылығына, өміріне мән бергенімізбен, Әбділдә Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Иса Байзақов, Жұмағали Сайин, Дихан Әбілев, Ғали Орманов, Өтебай Тұрманжанов, Жұбан Молдағалиев, Ғафу Қайырбеков сияқты т.б. ақын - жазушылардың еңбегіне тоқтала алмадық.

Олар «XX ғасыр қазақ әдебиеті тарихында» өз орны бар кең тынысты, кемел қаламгерлер. Өйткені олар, Кеңес дәуіріндегі әдебиеттің поэзия, проза және драматургия жанрларында өндірте қалам тебіренгіп, көркем әдебиеттің көк жиегінен бекем орын алған тарлан таланттар.

Рас, 73 жыл жасап келмекке кеткен Кеңес үкіметі дәуірінде қазақ әдебиетінің барлық жанрлары айрықша дамып, әдебиетіміз әлемдік деңгейге көтеріле алды. Бұл орайда дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына қосылған Мұхтар Омархан ұлы Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпопеясын ерекше қуанышпен тілге аламыз.

Кеңес дәуірінде көркем әдебиеттің барлық жанры кең өріс алып, айрықша дамыды. Поэзия, проза, драматургия жанрларымен бірге әдебиет сыны, әдебиеттану ғылымы дамып, өзіндік ерекшеліктерімен жан-жақты танылды. Сыншылар легі әдебиет майданына еркін еніп, әдебиеттану ғылымының кең өріс алуына өздерінің сүбелі үлестерін қосты. Сөйтіп, сыншылар жасағы жетіліп, әдебиет зерттеушілері өмірге

келді. Бұл орайда Мұхтар Әуезов, Қажым Жұмалиев, Есмағамбет Ысмаилов, Бейсенбай Кенжебаев, Мұхаметжан Қаратаев, Темірғали Нұртазин, Зәки Ахметов, Серік Қарабаев, Зейнолла Қабдолов, Ханғали Сүйіншәлиев, Рахманқұл Бердібаев, Мүсілім Базарбаев, Айқын Нұрқатов, Манап Хасенов, Қалижан Нұрмаханов, Мұхтар Мағауин, Рымғали Нұрғалиев, Мекемтас Мырзахметов, Сағат Әшімбаев, Дандай Ысқақов, Сейіт Қасқабасов, Керімбек Сыздықов сияқты т.б. зиялы зерттеушілер есімін ерекше атаймыз

Рас, қазақ әдебиеті бүгінгі — Тәуелсіздік танында да дамып, өзіндік ерекшеліктерімен жан-жақты таныла түсуде. Бұл ретте, дәл қазіргі шақта өндірте қалам тебірентіп жүрген Әбіш Кекілбаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Дулат Исабеков, Ақұштап Бактыгереева, Марфуға Айтхожина, Нұрлан Оразалин, Мұхтар Шаханов, Қалихан Ысқақов, Темірхан Медетбеков, Әнеш Сариев, Әкім Тарази, Сәбит Досанов сияқты т.б. ақын-жазушылар есімін құрметпен тілге алу мүмкіндігіне ие боламыз.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиеті өзінің даму, өсу, есею эволюциясын жылдар, ғасырлар өткен сайын жан-жақты аңғартумен бірге, әр дәуірдің өзіндік ерекшеліктерін де терең танытып, өз дәуірінің өмір шындығын кең, әрі шынайы сипаттап, ылғида биіктен көріне түскендігін анық байқатты. Әсіресе, XX ғасыр әдебиеті тым асқақтап, аса биікке қол созғандығын көркем әдебиетіміздің барлық жанырларынан анық аңғару мүмкіндігіне ие болдық. Сөйтіп, бүгінгі таңда қазақ әдебиеті нағыз көп қырлы, алуан сырлы нағыз професенал әдебиет дәрежесіне көтерілді.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

VI— IX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ

Тарихи әлеуметтік жағдай	7
Ежелгі әдеби жәдігерліктер	9
Қорқыт ата	12
Оғыз-нама	14
Әбу-Насыр әл-Фараби	16

X— XII ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ

Қожа Ахмет Яссауи	21
Жүсіп Баласағұни	23
Махмұт Қашқари	30
Ахмед Иүгінеки	35

XIII— XIV ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ

Тарихи-әлеуметтік жағдай	40
Рабұғазы шығармашылығы	41
«Қыпшақ тілінің сөздігі» жайлы бірер сөз 43	
Хорезмидың ақындығы	45
Құтбтың ақындық әлемі	48
Сайф Сараи	51
Тарихи тақырыпқа жазылған көркем шежірелер	54
Захирдин Мұхаммед Бабыр	57
«Бабыр-нама»	60

XV—XVIII ҒАСЫР ӘДЕБИЕТИ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Асан қайғы	62
Қазтуған жырау	67
Шөлгез жырау	69
Доспамбет жырау	74
Жиёмбет жырау	76
Ақтанберді жырау	80
Үмбетей жырау	82
Тәтікара жырау	87
Бұхар жырау	89

XIX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Махамбет Өтеміс ұлы	94
Шокан Уәлиханов	100
Ыбырай Алтынсарин	103
Абай Құнанбаев	107
Шәкәрім Құдайберді ұлы	111
Мағауия Абай ұлы	113
Ақан сері Қорамса ұлы	115
Шәңгерей Сейіткерей ұлы	116

XX ҒАСЫР ӘДЕБИЕТІ ҮЛГІЛЕРІНЕН

Ахмет Байтұрсынов	119
Мыржакып Дулатов	122
Жүсіпбек Аймауытов	125
Спандияр Көбеев	126
Сұлтанмахмұт Торайғыров	129
Сәбит Дөнентаев	132
Мағжан Жұмабаев	134
Сәкен Сейфуллин	137
Бейімбет Майлин	144
Ілияс Жансүгіров	149
Жамбыл Жабаев	153
Сәбит Мұқанов	157
Мұхтар Әуезов	160
Ғабит Мүсрепов	164
Ғабиден Мұстафин	167
Қорытынды	170

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ
ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТІРЛІГІ

Қалдыбек СЕЙДАНОВ

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ
ТАРИХЫ**

(Көмекші оқу құралы)

Редакторы *А. Буксинбаева*
Көркем редакторы *Х. Мехмонов*
Корректоры *Л. Қожақұлова*
Компьютерде беттеген *Г. Жақсыбайқызы*

Басуға рұқсат етілді 9.04.2008 ж. Пішімі $60 \times 90^{1/16}$.
Офсеттік әдіспен басылды. Кеглі 10 шпонды.
«Таймс» гарнитурасы. Офсеттік басылым.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №